



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2(5) 2011



БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. — Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары; **Төлеубекова Р.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, бас редактордың орынбасары; **Сейсенбаева Ж.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ оқу үдерісін жетілдіру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, жауапты редактор; **Айтбаев Ө.А.** — Халықаралық "Қазақтілі" қоғамының президенті, Тіл білімі институты ғылыми-терминологиялық орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор; **Айталы А.** — Қазақ заң гуманитарлық университетінің әлеуметтік психологиялық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, профессор; **Әлмұхамбетов Б.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ көркем сурет-графика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық Білім академиясының академигі; **Беркімбаева Ш.К.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Баймырзаев Қ.М.** — Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор; **Бөлеев Қ.** — Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының "Педагогика және этнопедагогика" кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Бейсенова Ә.С.** — Абай ат. ҚазҰПУ-нің «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі; **Бейсенбаева А.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Берікханова А.Е.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Ғаббасов С.** — жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Есім Ғ.** — ҚР сенат депутаты, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Жарықбаев Қ.К.** — Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, профессор; **Қирабаев С.С.** — М.Әуезов ат. Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абай ат. ҚазҰПУ ректор кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қасқабасов С.А.** — М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қазмағанбетов А.Ғ.** — Х.Досмұхаммедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Қыдырәлиев Д.** — ҚР Президент Әкімшілігінің сарапшысы, философия ғылымдарының докторы; **Қозыбаев І.М.** — ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет Комитетінің төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Қалиев С.Қ.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик; **Қойгелдиев М.Қ.** — Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Ізгілеуова С.Д.** — Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы; **Керімов Л.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ педагогика кафедрасының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Колумбаева Ш.Ж.** — педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының профессоры; **Мырзахметов М.** — Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы "Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының" директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Мұтанов Ғ.М.** — әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** — философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ мәдени-антропология кафедрасының профессоры, Әлеуметтік академиясының академигі, Халықаралық акмиологиялық академиясының академигі; **Нәрібаев К.Н.** — Абай атындағы ҚазҰПУ Ректорының кеңесшісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Сарыбеков М.Н.** — ҚР Білім және ғылым вице-министрі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Сманов Б.Ө.** — Абай атындағы ҚазҰПУ-дің әкімшілік басқармасының бастығы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Саңғылбаев О.С.** — Абай атындағы ҚазҰПУ "Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының" кафедра меңгерушісі, психология ғылымдарының докторы, профессор міндетін атқарушы; **Табылдиев Ә.Т.** — әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Түрікпенов Ж.** — Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ Гуманитарлық академиясының академигі; **Шолпанқұлова Г.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Сейтова Ж.М.** — жауапты хатшы.



ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
почетный член НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. — директор НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, профессор, Заслуженный работник высшей школы РК, первый заместитель главного редактора; **Толеубекова Р.К.** — зав. кафедрой "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор, заместитель главного редактора; **Сейсенбаева Ж.А.** — руководитель отдела исследования, разработки и совершенствования уровней образовательного процесса и их содержания НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, кандидат филологических наук, ответственный редактор; **Айтбаев О.А.** — президент международного сообщества "Қазақ тілі", главный научный сотрудник Научно-терминологического центра института языкового образования, доктор филологических наук, профессор; **Айталы А.** — профессор кафедры социально-психологических дисциплин Казахского юридического гуманитарного университета, доктор философских наук, профессор; **Альмухамбетов Б.А.** — декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор, академик Академии Образования им. Ы. Алтынсарина; **Беркимбаева Ш.К.** — ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, кандидат педагогических наук, доцент; **Баймырзаев К.М.** — ректор Костанайского государственного педагогического института, доктор географических наук, профессор; **Болеев К.** — зав. кафедрой "Педагогика и этнопедагогика" Таразского Государственного Педагогического Института, доктор педагогических наук, профессор; **Бейсенова А.С.** — зав. кафедрой «Научно-методический центр по географии и экологии», доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК; **Бейсенбаева А.А.** — профессор кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Берикханова А.Е.** — доцент кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук, доцент; **Габбасов С.** — писатель, Заслуженный работник здравоохранения СССР, доктор медицинских и педагогических наук, профессор; **Есим Г.** — депутат сената РК, доктор философских наук, профессор, академик НАН РК; **Жарыкбаев К.К.** — директор Центра этнопсихологии и этнопедагогики имени Т.Т. Тажибаева, доктор педагогических наук, доктор психологических наук, профессор; **Кирабаев С.С.** — советник ректора КазНПУ им. Абая, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Каскабасов С.А.** — директор Института литературы и искусства имени М. Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Казмаганбетов А.Г.** — ректор Атырауского государственного университета имени Х. Досмухаммедова, доктор педагогических наук, профессор; **Кыдыралиев Д.** — эксперт администрации Президента, доктор философских наук; **Козыбаев И.М.** — председатель Комитета культуры Министерства культуры и информации РК, доктор исторических наук, профессор; **Калиев С.К.** — профессор кафедры "Общей педагогики" Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор, академик; **Койгелдиев М.К.** — зав. кафедрой гуманитарных специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, доктор исторических наук, профессор; **Кусаинов А.** — зав. кафедрой "Педагогика и психология" Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор; **Керимов Л.К.** — зав. кафедрой "Педагогика" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Изтилеуова С.Д.** — ведущий научный сотрудник НИЦ Абаеведения КазНПУ имени Абая, доктор филологических наук; **Колумбаева Ш.Ж.** — профессор кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Мырзахметов М.** — директор НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, доктор филологических наук, профессор; **Мутанов Г.М.** — ректор Казахского Национального Университета имени аль-Фараби, доктор технических наук, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** — профессор кафедры "Культурной антропологии" КазНУ им. Аль-Фараби, доктор философских наук, академик Социальной академии, академик Академии Международной акмнологии; **Нарибаев К.Н.** — советник ректора КазНПУ им. Абая, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК; **Сарыбеков М.Н.** — вице-министр образования и науки РК, доктор педагогических наук, профессор; **Сманов Б.О.** — начальник административного управления КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Сангылбаев О.С.** — зав. кафедрой "Общей и прикладной психологии" КазНПУ им. Абая, доктор психологических наук, и.о. профессора; **Табылдиев А.Т.** — профессор КазНУ им. аль-Фараби, доктор педагогических наук; **Туркпенов Ж.** — профессор кафедры педагогических специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук, академик Академии гуманитарных наук; **Шолпанкулова Г.К.** — доцент кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Сентова Ж.М.** — ответственный секретарь.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
dear member of NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. — the director of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, candidate of technical science, the professor, the deserved worker of the higher school of RK, the first deputy of the editor-in-chief; **Toleubekova R.K.** — the university chair of «National education» of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the second deputy of the editor-in-chief; **Seysenbaeva Zh.A.** — the chief of department development of educational process of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor; **Aytbaev O.A.** — the president of the international community «Қазақ тілі», the main scientific employee of the Scientifically-terminological centre of Institute of language education, the doctor of philology, the professor; **Aytaly A.** — the professor of chair of socially-psychological disciplines of the Kazakh Law Humanitarian University, the doctor of philosophy; **Almukhambetov B.A.** — the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of National Knowledge Academy named after Y.Altynsarina; **Berkimbaeva Sh.K.** — rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences, the associate professor; **Baymyrzaev K.M.** — the rector of Kostanaysk State Pedagogical Institute, the doctor of geographical sciences, the professor; **Boleev K.** — the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor; **Beysenova A.S.** — the chair of sub department «the Scientifically-methodical centre on geography and ecology», the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Beysenbaeva A.A.** — professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Berikhanova A.E.** — the associate professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Gabbasov C.** — the writer, the deserved worker of public health services SSSR, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor; **Esim G.** — the deputy of senate of RK, the doctor of philosophic sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Zharykbaev K.K.** — the director of the ethnopsychology and ethnopedagogics center named after Tazhibaeva T.T., the doctor of pedagogical sciences, the doctor of psychological sciences, the professor; **Kirabaev S.S.** — the chancellor adviser of KazNPU named after Abai, the mail scientist of the Literature Institute named after M. Auezov, professor of the chair "Kazakh literature" of KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the academician of NAS RK; **Kaskabasov S.A.** — the director of Literature Institute named after M. Auezov, the academician of NAS RK, the doctor of philology science, the professor; **Kazmaganbetov A.G.** — the rector of Atyrausk State University named after H.Dosmuhammedova, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kydyraliev D.** — the expert of Presidential Administration, the doctor of philosophy; **Kozybaev I.M.** — the chairman of Culture committee of the Ministry of culture and information RK, the doctor of historical sciences, the professor; **Kaliev S.K.** — the professor of the chair "General pedagogic" of Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor, academic; **Koygeldiev M.K.** — the university chair of humanitarian specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of historical sciences, the professor; **Kusainov A.** — the university chair of "Pedagogics and psychology" of the Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kerimov L.K.** — university chair of "Pedagogics" KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical science, professor; **Iztileuova S.D.** — the chief scientific collaborator of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philological sciences; **Kolumbaeva Sh.Zh.** — professor of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Myrzakhmetov M.** — the director of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the professor; **Mutanov G.M.** — the rector of the Kazakh National University named after al-Farabi, the doctor of technical science, the professor; **Moldabekov Zh.Zh.** — the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi; **Naribaev K.N.** — rector adviser of KazNPU named after Abai, the doctor of economics, the professor, the academician of NAS RK; **Sarybekov M.N.** — the vice-minister of education and science of RK, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Smanov B.U.** — the director of administration of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Sangylbaev O.S.** — the university chair of the "General and applied psychology" of KazNPU named after Abai, the doctor of psychological sciences, the acting professor; **Tabyldiev A.T.** — the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNU named after Al-Farabi; **Turikpenov Zh.** — the professor of chair of pedagogical specialties in the Institute of magistracy and doctoral PhD candidacy of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences, the academician of Academy of the humanities; **Sholpankulova G.K.** — the associate professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Seitova Zh.M.** — the executive secretary.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж кәулігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011



**Әрбір адам бала кезінен «Қазақстан - менің
Отаным, оның мен үшін жауапты екені
сияқты, мен де ол үшін жауаптымын» деген
қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей
болғаны жөн**

*Н.Ә.Назарбаев
«Ой бөлістім халқыммен», 108-беттен,
- Алматы: «Мектеп», 2006. - 248 б.*

К.Н.Нәрібаев –
экономика ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА академигі,
Абай атындағы ҚазҰПУ Ректорының кеңесшісі

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒАСЫ

Тәрбие жұмысында жастарды ұлтымыздың ұлы тұлғаларымен таныстыру жақсы дәстүрге айналуы тиіс. Сол тұлғалардың бірі және бірегейі — аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы. Қайталанбас қаһарман қолбасшы, біртуар баһадүр батыр, ұлағатты ұстаз, терең психолог, әскери саладағы көрнекті ғалым, екі тілде тең жазатын керемет жазушы, соғыс туралы көркем әдебиеттің негізін қалаушысы. Ең бастысы, қазақ тілі мен мәдениетінің үлкен жанашыры, ұлтын ерекше сүйген, халқының ар мен намысын арқалаған абзал азамат. Егер де, біз Баукеңнің осы қадірлі қасиеттерін жастарға таныта білсек, ел арасында дәріптей білсек, тәрбиенің ең ұтымды түрі осы болмақ.

Бауыржан Момышұлы — Кеңес одағы мен партияның идеологиясы билік құрып, ұлттық сана жаншылып тұрған кездерде ұлт мәселелерін көтеріп, ұлтшыл атанған азамат. Ұлттық сезімді, рухани дүниені ол отбасында жүріп бойына сіңірді. Бұл тұрғыда Имаш атасының, Қызтумас әжесінің, Момыш әкесі мен Разия шешесінің, туған-туыстарының тәрбиелік әсерін өзінің «Ұшқан ұя» кітабында жақсылап тұрып жазады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» деген халық мақалы түгелімен Баукеңнің өмірінің өзегі десе де болады.

Дүниеге жаңа келген нәресте Бауыржанға Имаш атасының берген батасы қабыл болып, тұла бойына толығымен дарыды:

Алатаудың қыраны мол еді –
Қырағы болсын құлыным.
Қойнауы суға мол еді –

Бұлағы болсын құлыным.
Елінің тірегі зор еді –
Шырағы болсын құлыным.
Ата тілегі оң еді –
Құмары болсын, құлыным.
Бұл жер батырлар төрі еді –
Сыңары болсын құлыным.

Бауыржан өз өмірінде осы ата тілегінің бәрін түгел іске асырды десек те болады.

Жастайынан үлкенді сыйлап, құрмет тұтып, сәлем беруге үйренген Бауыржан, ағайын-туыстардың ара қатынасын, халқымыздың салт-дәстүрлерін көзімен көріп, көңіліне тоқып өседі. Атасы Имаш ауыл ақсақалы, данагөй адам болса, әкесі өлең шығаратын, рухани қазынасы мол, әділдікті, тазалықты сүйетін, оған қоса молдалығы бар азамат еді. Ал, әжесі Қызтумас аңыз-әңгімелерді көп білетін кісі екен. Бауыржан сол әжесінің ертегілерін, әлдилеген әндерін есітіп өскен бала. Кейін осы кездерін еске алып, қазіргі ана-әжелерге көңілі толмай былай деп айтқаны бар: «Ертексіз өскен бала — рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең болып қалмаса деп қорқамын».

Халқымыздың ұлттық дәстүрін, салт-санасын, әдет-ғұрпын ерекше сыйлаған Баукең «Ұшқан ұя» кітабында солардың барлық түрлерін (шілдехана, бесікке бөлеу, тұсау кесу, сүндетке отырғызу, атқа міну, келін түсіру, қыз ұзату т.б.) керемет көркемдікпен баяндаған. Қыз



ҰЛТТЫҚ НАМЫС

ұзату және үйленуге байланысты барлық салт-дәстүрді өзінің Үбиан әпкесінің ұзатылуына байланысты жан-жақты сипаттайды. Үбианның өз елімен, ағайын-туыстарымен қоштасу салты, сыңсу, жұбату жырлары, келін болып түскен ауылдағы жар-жар, беташар, той бастар үлгілері түгел келтірілген.

Бауыржан қазақтың салт-дәстүрлерінің ерекше түрі ұлттық ойындарға да кең көңіл бөлген. Қыз қуу, бәйге, көкпар, жамбы ату, күрес, алтыбақан сияқты ойындарды қастерлеген. Жоғарыда аталған кітабында Баукең былай деп жазады: «Көкпар, бәйге, аударыспақ батылдыққа, ептілікке, бұлшық етті шынықтырып, құмарлықты оятар, ары мен атағы үшін өлімге бас тігуге дейін баратын дәстүрлі ұлттық ойындар. Бұл ойындардың игілікті екендігіне ешқандай күдік болмауы тиіс».

Бауыржан Момышұлы — өзінің ұлттық рухын өмір бойын шыңдап өткен адам. Осы жолда оның ұстазы болған Алаштың арыстары болатын. Тұрар Рысқұловпен бірнеше мәрте кездескен, әңгімелерін есітіп, ақылын тыңдаған. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтың еңбектерін түгелдей оқыған, ал көбісін жатқа айтатын болған. Баукеңнің Тәңірберген Отарбаев дейтін ұстазы — Жүсіпбекпен өте жақын араласып дос болған адам. Сол мұғалімі арқылы Жүсіпбек туралы, оның шығармалары жөнінде өте көп мәлімет алған. Бауыржанның рухани және саяси бағыт-бағдары осы Алаш көсемдерінің ұстанған жолымен, ой-пікірлерімен, ұлттық идеяларымен қалыптасты десек қателеспейміз.

Бауыржан Момышұлының «Соғыс психологиясы» деген еңбегі Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика», Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» деген кітаптарының сарынымен жазылған, осы кітаптардың идеялық және логикалық

жалғасы десек те болады.

Бауыржан Момышұлы – күрделі тұлға, ол кісінің әрбір қыры мен сырын ашудың өзі үлкен еңбек. Жазушылығы жөнінде көп айтудың қажеті жоқ шығар, оны өзінің қайталанбас шығармаларымен дәлелдеп кетті емес пе. Баукеңнің жазушылығы оның соғыстан кейінгі екінші ерлігі деп халқы бекер айтпаса керек. Жазып қалдырған еңбектері 30 томнан асатын түрі бар деп жүруші ек, сөйтсек Тараз қаласында ашылған орталық Баукеңнің басылған, басылмаған еңбектерін жинақтай отырып, 45 том дайындапты. Ал, барлық еңбектерін түгел жинаса 100 томға жететін түрі бар.

Ал, осы еңбектерінің ішінде ұлттық рух пен нәрге толы Бауыржанның мақал-мәтелдері, нақыл сөздері – бір төбе. Олар баспасөз бетінде жеке бөлініп жарияланып та жүр. Бірнеше газеттерде қазақ тілінде «Батырдан қалған өсиет», «Баукеңнің қанатты сөздері», «Сөз маржандары» және т.б. аттармен басылып шықты. Орыс тілінде Ф.Оразбекова мен А.Шаухановтың жинаған нақыл сөздері «Глубокий след тулпара. Бауыржан Момышулы: личность, воин, мудрец» деген атпен 2006 жылы Алматыда жеке кітап болып жарық көрді.

Қанатты сөздер жайдан-жай тумайды және оны айтып қалдыру кім болса соның қолынан келе бермейді. Ол үшін ғұлама, терең ойшыл, үлкен философ, ақынжанды және өз басы күнделікті күйкілжің өмірден жоғары тұратын ірі тұлға болу керек. Баукең – міне, сондай адам. Ол кісінің нақылдары сан алуан тақырыпқа арналған: соғыс және бейбіт өмір, тәртіп пен тәрбие, парыз бен қарыз, тіл мен әдебиет, салт пен дәстүр, тағы сол сияқты болып жалғаса береді. Айтылған сөздерінің көбісі өз тағдырына байланысты. Мысалы: «Мен запастағы полковникпін, бірақ отставкадағы азамат емеспін, соңғы демім біткенше халқыма қызмет етемін» деген сөздің өзі не тұрады. Бұл ол кісінің өмірінің негізгі қағидасы

емес пе, қаншама игілікті істер атқарып кетті бұл өмірде.

«Отан үшін отқа түс – күймейсің», «Тізе бүгіп тірі жүргенше, тік тұрып өлген артық», т.с.с. өз өмірінің кредосы ретінде қорытып шығарған нақыл сөздері көп. Соғыста 207 рет шабуылға шығып, бірнеше рет жараланып тірі қалғаны, өмір бойы ешкімге бас имей, тек өз ар-намысының ғана құлы болғаны, халқының қамын ойлап, болашағы үшін күресіп өткені, өмірдегі өзі арқалаған ауыр жүгін, қоғам алдындағы өз парызын терең түсінгені – осының бәрі Бәукең шығарған қанатты сөздердің қайнар бұлағы. «Мен өмір бойы парыз сезіміне бой алдырып, жалғыз соған ғана бағынып келдім», - дейді ағамыз өз өмір жолдары туралы. Ал, осы «парыз» деген түсініктің өзіне отыздан аса анықтама беріп, оларды қанатты сөздердің қатарына қосты. Бәукеңнің нақыл сөздеріне айналған оның басынан кешкен жайттары ғана емес, өмірден көріп білгені, көкірек көңіліне түйгені, жүрегіне ұялағаны, қоғамға, болашаққа деген ой-пікірлері. Ал бұл ойларды жинақтап, мақал-мәтел деңгейіне дейін көтеріп, болашаққа өсиет ретінде жазып қалдыру тек Бауыржан Момышұлы сияқты талантты тұлғаның ғана қолынан келетін іс.

Бауыржанның баталары өзінше бөлек әңгіме. Бата беру халқымыздың ежелден келе жатқан қасиетті дәстүрлерінің бірі. Ақ тілек айту, жылы пейіл – ықылас білдіру, шын жүрегінен шыққан лебізді жеткізу – ата-бабаларымыздың өсиетнамасы, адамгершілік аманаты. «Бата – сөздің анасы», «Атаңнан бота қалмаса да, бата қалсын» – деген сөздер тегін емес. Бәукең батаның қадір-қасиетін білген, мән-маңызын терең түсінген адам. Сондықтан, бұрынғы ескі баталарды қайталамай, осы заман ауқымына сай, өмірдің өзекті мәселелерін қоса отырып, өз жанынан шығарған баталары ел ішінде кең тарап кеткен. Солардан аз ғана үзінді келтірейік:

Е, жаратушы жасаған!
Тілегімізді қабыл ет.
Иманымызды кәміл ет.
Дозақтағы оттан сақта.
Қаңғыған оқтан сақта.
Парақор соттан сақта.

* * *

Несібе кесер кесірден сақта.
Некесіз бала табатын,
Жолы лас жесірден сақта.

* * *

Әкімінде шапағат жоқ,
Молдасында шариғат жоқ,
Байларында салауат жоқ,
Кедейінде қанағат жоқ,
Үлкенінде ұлағат жоқ,
Кішісінде инабат жоқ,
Адамында ар-ұят жоқ
Қоғамнан сақта!

Осыны айтып келеді де, ары қарай барша еліне бақ пен бақыт тілейді, ынтымақырыс тілейді, сонымен қатар, бар ұрпаққа ар-намыс тілейді. Міне, Бәукеңнің кеменгерлігі осында.

Бауыржан Момышұлының өз халқын жақсы көретін, оның тарихын, салт-дәстүрін керемет жақсы білетін, тілін аса қадірлейтін азамат екені белгілі. Ол ол ма, биліктегілер үшін еліміздегі №1 «ұлтшыл» болған да осы кісі. Бәукеңнің ана тілімізге қамқорлығы ерекше болған. Осыдан 67 жыл бұрын сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Мұхаметжан Әбдіхалықовқа жазған тіл туралы хатының бас жағында былай дейді: «Алматыға келгелі орталық «Социалистік Қазақстан» газетін оқып, кейбір кейінгі кезде басылған қазақ тіліндегі кітаптарды желе-жорта қарап шығып, күннен-күнге ұлғайып, шым-шытырық болған «тіл шұбарлығын» көзбен көре, құлақпен ести отырып, дәтім шыдамай жазайын деп отырғаным тіл мәселелері туралы».

Өзі тіл маманы болмаса да, ұлтқа жаны ашығаны сонша, тілдің, оның ішінде ана тіліміздің, қоғамдағы орнын, күнделікті өмірдегі мәні мен маңызын ма-

ҰЛТТЫҚ НАМЫС

ман ғалымның деңгейінен бірде кемітпей таратып айтқан. Оған осы хаттағы мына сөздері куә: «Ежелден, атам заманнан тіл – елдің мәдениет, әдебиеті өсіп-өніп, отбасындағы үй тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел-жұрттың, жалпы мәдениеттің арнаулы құралы, ғылымның атаулы саласы екені сөзсіз... Тілсізді айуан дейді. Тілі кедей елді – мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды. Тіл – адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан, тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми әдебиетін, өнеркәсібі, мәдениетін, қоғамның құрылысын, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелді мөлшері (Мерило)».

Осылай тілдің маңызын, қоғамдағы ойнайтын рөлін дөп басып дәлелдеп бергеннен кейін тілден айырылудың қандай қасірет екенін ескерте кетеді. Ана тілінен ажыраған ел азып-тозып, бытырап жоғалып кетеді, тарих қойнауынан ғайып болады дейді Баукең.

Қазақ тілінің өте бай, мықты тіл екенін де сөз етіп, айтып кетеді.

Осы хатта айтылған ой-пікірлері, ұсыныстары осы күнге дейін маңызын жоғалтпапты. Хатының соңында арнайы бөліп айтқан ұсыныстарының бір-екеуін ғана келтірейік:

1) «Аяқ асты елеусіз болып кеткен қазақыландыру мәселесін алдымен қазақтардың өздерін, тіл жөнінен тәртіптеуден бастап, барлық үкімет, кеңсе, ғылым, оқу, өндіріс, өнеркәсіп орындарында қайтадан әділдікпен көтеріліп қолға алынуы жөн».

2) «Тиісті оқу орындарында қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ тарихы міндетті сабақ болу керек»...

Міне, біздің бүгін іске асырамыз деп әлек болып жүрген мәселеміз де осы емес пе? Ал, бұл ойды Баукең 1944 жылдың басында айтқан екен.

Сонымен, ірі тұлға, даңқты батырымыз, аса көрнекті жазушы Бауыржан

Момышұлының ұлттық тәрбие барысында пайдалануға ұсынатын мұрасы өте бай. Бірақ, олар жүйеленбей, жинақталмай, шашырап жатыр. Осы олқылықтың орнын толтыруымыз қажет.

Ол үшін ең алдымен бөліп жармай, жұлмаламай толыққанды «Бауыржантану» ілімін қалыптастыруымыз қажет. Арнайы жасалған бағдарламаларда Баукеңнің өмірі, әскери қызметі, соғыстағы ерліктері, жазушылық еңбегі, негізгі шығармаларының түйіні, қоғамдағы алатын орны мен халқының берген бағасы түгел көрсетілуі тиіс. Бұл бағдарлама қаһарман Момышұлының болмысын, ішкі рухани бай дүниесін толығымен ашатындай болу керек. Ал, Баукеңді дәріптеу барысында «Бауыржантану» бағдарламасының әр түрлі деңгейдегі бірнеше варианттары болғаны абзал. Бастауыш және орта мектеп оқушыларының жас ерекшеліктері ескерілгені жөн. Жоғары оқу орындарына кеңірек варианты ұсынылсын. Ал, әскери ұйымдар мен әскери оқу орындарында міндетті түрде оқылатын арнайы пән кіргізілсін.

Әскери жағын айтар болсақ, ол кісі әскери ғылымның бірнеше саласын, соғыс тактикасы мен әскери ережелерді қалыптастырумен қатар, ұлттық тұрғыдан алғашқы болып әскери патриоттық тәрбиенің негізін салған ғалым адам. «Соғыс психологиясы», «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап» сияқты еңбектерінде осы патриоттық тәрбиенің мәселелері кеңінен қамтылған.

Осы бай мұраларды ғылыми тұрғыдан зерттеп, әскери саламызда қолданып, жас әскерлерді тәрбиелеуде пайдалана алсақ ұтарымыз көп болар еді. Бірнеше шет елдерде Б.Момышұлының әскери қағидалары бойынша дәріс оқылатын көрінеді. Ал, біздің өз Отанымызда әскери саламыздың басшылары Баукеңнің бұл еңбектерінен тіпті хабарсыз екен. Қолда барда алтынның қадірі жоқ деген осы да.

Барлық оқу орындарында «Бау-

ыржан оқуларын» ұйымдастырып, өткізуді тұрақты дәстүрге айналдыруға тырысайық. Оның үстіне жалпы халыққа, әсіресе, жастарға арнап интернет жүйесінде Бәукең туралы сайт ашу керек. Бұл Б.Момышұлы жөнінде хабардар болайық деп мәлімет іздеген көпшіліктің қолын ұзартар еді.

Осы бағыттағы тағы бір игілікті іс – ол Алматы қаласында Бауыржан Момышұлының жеке мұражайын ашу. Бәукең бұған лайықты тұлға. Алыстан атақтыларды іздеп әуре болмай-ақ, қолымызда барды неге қадірлемейміз. Жас кезінде елімізді шапқан жаумен алысып, қан майданда айтусыз ерлік көрсетіп, кейін қайталанбас талантты шығармаларымен өзіне-өзі ескерткіш қойған, соңғы демі біткенше өзінің саналы өмірін әділетсіздікпен, жағымпаздықпен, көзбояушылықпен, ұлтсыздықпен аянбай күресуге жұмсаған айбатты азаматымызды, бүкіл әлем бас иіп мойындаған баһадүр батырымызды неге тиісті

деңгейде дәріптемей жүрміз? Жастарға, келешек ұрпаққа үлгі етер Бауыржан Момышұлынан артық кім керек?

Сонымен қатар, әскерилердің ерлігін марапаттайтын Бауыржан Момышұлы атындағы арнайы орден бекітілсе артық болмас еді. Осы орденді омырауына таққан қазақ әскерлерінің патриоттық сезімі өте жоғары деңгейде болатынына және олар Отан үшін қандай да болса ерлікке баратынына күмән келтіруге болмас. Ендеше, патриоттық тәрбиенің осы түрін тиімді пайдаланып, осы ұсынысты неге іске асырмаймыз?

Қорыта айтқанда, ұлтымызға ұран болған Бауыржандай алып тұлғаны жастарымызға жан-жақты, тереңірек таныстыра білейік. Бәукеңнің өмірі, халқына жасаған қызметі, ұлттық рухы, артына қалдырған рухани мұрасы тәрбие жұмысында таптырмайтын орасан зор байлық, соны дұрыс және тиімді пайдалана білейік.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бауыржан Момышұлының 30 томдық шығармашылық жинағы. – Алматы: «Өнер», 2010.
2. Нұршайықов Ә. «Ақиқат пен аңыз», – Алматы: «Жазушы», 2009.
3. «Аты аңызға айналған», – Алматы: «Тоғанай Т», 2010.
4. «Жұлдыздар отбасы» журналының «Аңыз адам сериясы», №9, 2010 ж, Алматы.

Резюме

В статье описывается личность Бауыржана Момышулы как национального героя, его богатый духовный мир, любовь к своему народу, его истории, культуре, языку и литературе. Рекомендуется использовать личностные качества Б.Момышулы для духовного и патриотического воспитания молодежи.

Summary

In this article Baurzhan Momyshuly's personality is described as a national hero, his rich spiritual world, love to his people, his history, culture, language and literature. It is recommended to use Momyshuly's personal qualities for spiritual and patriotic upbringing of youth.



САЛТ-ДӘСТҮР

С.Ғаббасов –
Медицина және Педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, жазушы-дәрігер, фантаст,
Махамбет сыйлығының лауреаты

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ АЛУАН ТҮРЛІ ТАҒЫЛЫМДАРЫМЕН ҮШТАСЫП, УАҚЫТ ТЕЗІМЕН ШЫҢДАЛҒАН ДӘСТҮР-САЛТТАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Жалпы, адамзат қауымы өзінің қоғамдық дамуының әр кезеңдерінде, тәлімі мен тәртібі үшін пайдаланған тәрбие тәсілдерін жетілдірумен қоса, тұрақты заңдылықтарға айналдырған дәстүр-салттарының түрлері де жетіп жатыр. Олар: халықтық - тайпалық - рулық болып дәстүрдің ортақ үлгілерін көрсетумен бірге, отбасылық және туысқандық ережелер арқылы оны аса үлкен нақтылыққа дейін жіктей де алған. Осыған орай, дәстүр-салттың жақсысы да, жаманы да, ескісі де, жаңасы да бар екені, сонау әлім-сақтан бері қарай жалғасып жатыр. Сондықтан да, халық педагогикасы мен психологиясын ғылыми пән ретінде жүргізгенде, оның осы диалектикалық көріністерін аса шебер пайдаланған жөн. Олай болса, жалпы дәстүр дегеніміздің өзі не? Ең әуелі, осыған жауап іздеп көрелік.

Ата-баба дәстүрі. Ежелден белгілі әмбебап түсіндірме сөздіктерде: "Дәстүр дегеніміз – жалпы ұлт па, ұлыс па, қауым болып қабылдаған тәртіптің түрлері мен қоғамдық ережелердің жиынтығы" – дейтін анықтама береді. Былайша айтқанда, кез-келген елдің дәстүр-салттары, өз замандарындағы адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін, сол елдің Ата заңдары десек те артық емес.

Осыған орай, сан ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра жасаған, Қазақ халқының да, өзіне тән өркениеттері мен басқаға ұқсамас

ұлттық дәстүр-салттары бар. Олардың әр түрлі тұрмыс-тіршіліктерге байланысты қолданылған сипаттары да толып жатыр. Оның түрлерін жеке-жеке санамалап шығу, тіпті де мүмкін емес. Олай етудің қажеттілігі де шамалы?! Сондықтан, тек халықтық тәлім-тәрбиемізге ерекше әсері бар дәстүрлерді ғана саралап және оны **үш сала топқа** бөліп, ғылыми жүйелеп қарастыруды жөн көрдік. Оның үстіне осы үш сала дәстүрлер тобы қазақтың халық педагогикасының ұлттық ерекшеліктерін де және оның өзгелерден келетін көшірмелерге көне де бермейтін **тектілігін** де қалыптастырады. Ендеше, осынау үш сала топқа көңіл аударалық:

1. Халқымыздың тегін сақтауды және Ата дәстүріміз болып саналатын **"Жеті атаға дейін қыз алыспау"** салтына мән береміз.

2. Еш халыққа ұқсамайтын өз ерекшелігі бар **"туысқандық"** дәстүр.

3. Шаңырақ көтеруге әзірлік және **"Отбасын құру"** заңдылықтары.

Осы айтылған дәстүр-салттарымыздың үш сала тобының бір-бірімен өзара тығыз байланыстылығы да, басқа ешбір елдің салттарында кездеспейтін, тек өзімізге ғана тән аса құнды ұлттық ерекшеліктеріміз болып табылады. Мұның ең басты себебі, Ата дәстүріміз болып табылатын **"Жеті атаға дейін қыз алыспау"** салтының құдіретінде жатса, оның үстіне, бұл дәстүрдің басқа халықтарда жоқ екендігін де анық етіп айтатын мезгіл жеткен сияқты.

**1. «Жеті атаға дейін қыз алыспау»
деген не?**

Қазақ халқының Ата дәстүрі болып саналатын "Жеті атаға дейін қыз алыспау" салтының бүкіл ділімізге /менталитет/ тигізер әсері бөлек. Халқымыздың тәлімі мен тәрбиесінде ерекше орны бар. Ежелден келе жатқан ескі жұртымыз бұл дәстүрді, сонау Қорқыт пен Фараби замандарынан қалыптастыра бастаған екен. Ендеше, еліміз бұл дәстүрді ұстанғанына да он екі /12/ ғасырдай уақыт өтіпті. Сонда, осыншама ерекшелеп Ата дәстүрге балап отырған – бұл "жеті атаға дейін қыз алыспау" дәстүрінің құндылығы неде? Оның өміршендігін нендей қасиеттерімен түсіндіруге болады?..

Осы сауалдарға ғылыми дәлелденген негіздерде жауап беру үшін, ең әуелі салыстырмалы түрде, кешегі XIX ғасырдың бастапқы кезінде аса үлкен жаңалық ретінде танылған Дарвинизм ілімін еске алуға тура келеді. Бұдан да анығырақ етіп айтқанда, осы ілімнің ең ұлы жаңалығы болып табылатын "табиғи сұрыптау" мен "Ата дәстүріміздің" тікелей тамырласып жатқанын ашып айтқан жөн. Оның үстіне, бұл дәстүр заты мен тегі басқа елдер түгіл, туыстас болып келетін Түркі халықтарында да қолданылмайды екен.

Дарвиннің аты шулы "табиғи сұрыптау" дейтін Ұлы жаңалығын Қазақ халқы он екі ғасыр бұрын өзінің тіршілік салтындағы ең аяулы дәстүріне айналдырып үлгеріпті. Бұл не деген сөз? – десек, Адам баласы қазір дәнді дақылдарды, малды қалай сұрыптауды, олардың тұқымдарын қайтіп асылдандыруды біледі, бірақ, ол өзінің болашақ ұрпағының табиғи сұрыпталуы тікелей осы "жеті атаға дейін қыз алыспау" салтымен байланысты екенін көп жағдайларда түсіне бермейді. Адамзат әзірге өз тегіне өзі түкірумен келеді?! Міне, бұған таңданбасқа, таңырқай

тұрып, ойланбасқа бола ма? Халқымыз осынау ұзақ жылдарда мың өліп, мың тіріле жүріп, Ата дәстүріне балаған бұл салтын көзінің қарашығындай сақтаумен қоса, еш бұлжытай ұстанғандығының да дәлелі көп. Мәселен, иісі қазақ жұртына белгілі Шәкәрімнің "Қалқаман – Мамыр" дастанының мазмұны да, осы дәстүрді бұзғандардың тағдыры болатын. Ұрпағының келешегі үшін халық бүгінгі аяулысына да кешірім ете алмағанын баяндайды. Өйткені, тегінді бұзар жамандықтан бетер, лаңның жоқ екендігін олар түсінген тәрізді.

2. Туыскандық дәстүр

Қазақ елі өзінің осы Ата дәстүрінің арқасында басқа халықтардың туыскандық дәстүрлері – қарға адым болса, былайша айтқанда, немерелерден аспай-ақ үйлене беретіндіктерін ескерсек, қазақтың жеті атасына дейінгі ұрпақтары қандарын араластыруға болмайтын туыстары ретінде саналады. Олай болса, халқымыздың туыскандық дәстүрі тікелей "жеті атаға дейін қыз алыспау" дәстүрінен шығып тұр. Осының бірден-бір дәлеліндей: - "Жеті атасын білген ұл, жеті ру елдің қамын ойлайды" дейтін мақал өзінің құндылығын осы күнге дейін сақтап келді. Туыскандық дәстүрлерге жататын Ата жұрт – Нағашы жұрт – Қайын жұрттардың да жеті буынға дейін есептелетінін есте ұстаған жөн. Ендеше, анау бір күлкілі әзілде айтылатын: "Ғарышқа ұшқан қазақ, Айдан да өзінің туысын іздейді" дейтін сөз бекер айтылмаса керек.

3. Отбасылық дәстүр.

Шаңырақ көтеріп, отбасын құру – күллі адамзаттық дәстүр екені белгілі. Бірақ, жер бетінде қаншама халық болса, бұл дәстүрдің сипаттары да соншама мол, алуан түрлі ерекшеліктерімен ауысып

САЛТ-ДӘСТҮР

жататыны да өмір шындығы. Өйткені, әр халық өзінің семья құру қуаныштарын ата-баба дәстүрлеріне лайықтап, өзге жұртқа ұқсатпай өздерінше қызықтауға тырысады. Басқа жұртқа ұқсамаудың төркіні, олардың ғасырлар бойы қалыптастырған тұрмыс-салттарындағы ерекшеліктері мен өзіндік психологияларында жатса керек.

Қазақ халқы да ежелден келе жатқан дәстүрінің үлгісімен, атап айтқанда, "жеті атаға дейін қыз алыспау" салтына орай, құдандаласу жолымен шешуге тырысатыны анық. Бірақ, қазіргі өмір ағымдарына байланысты және ұзақ жылдар басқа елдің отарлауында болғандықтан, халқымыздың тәрбиетағылымдарында аса ауыр өзгерістердің бар екендігін айтқан жөн. Олай болса, сол Ата дәстүрлеріміздің бүгінгі көріністері қандай? Олардың несі қалып, нендей өзгерістерге ұшырады?

Егер ағымыздан жарылып адалдығын айтатын болсақ, бодандықпен қалыптасып қалған жат дәстүрлердің үстемдік алып тұрғанын несіне жасырамыз?! Тұрмысымызға орнығып алған арақ ішіп, карта ойнау, шылым шегіп, наша тарту тәрізді жексұрын кадеттер, тіпті онан басқа да, адамның ақыл-есі мен кісілік тектеріне құрт түсіретін құмарлықтардан да ұрпағымыз азып, халқымыздың генефоны тозып бара жатқанын ел болып ойланатын мезгіл жетті. Жаңағы сырттан келген дәстүрлердің әсерімен уланып дертке шалдыққан ұрықтан ұрпағымыздың бір парасы – анасының құрсағында өліп жатса, екінші парасы қол-аяқтары сал болып, ессіз күйде туып жатса, үшінші парасы дені сау туды десек те, зерде мен зейіндері сапасыз екені, бүгінгі өмір-тіршілігіміздің шындығы. Міне осындай, қазіргі отбасы салтындағы тікелей келешек ұрпағымызға байланысты мәселені сөз еткенде, тағы да сыңар езу біржақтылыққа ден қойып,

жоғарыда айтылған ауыр дерттерді тек сыртқы ортаның бұзылуынан ғана көру, айналамыздағы экологиялық лаңдардың әсері деу, тіпті де өмір шындығы емес?! Әрине, адам тіршілігіне экологиялық зардаптың әсері көп. Сөйтсе де, қазіргі асқынып тұрған ұрпағымыздың дерті, ең әуелі ұрық тазалығын сақтауға тырыспайтын, бүгінгі отбасындағы халықтық дәстүріміздің бұзылуынан екені анық. Ал, жалпы халқымыздың тегін қадағалау, тіпті, арың ашынасындай тым қағаберістеу қалып, жүйелі түрде бүгінгі білім ошақтарында оқытылмайтыны бәрімізге де аян. Сондықтан да, бұл жайында тарата айттып, кеңірек толғануды жөн көрдік.

4. Халықтың тегі.

Жұмыр жердің үстінде тіршілік ететін неше мыңдаған халық бар. Солардың барлығы да, өздерінің тегін білуге халықтық генефонын қалыптастыратын, табиғи күш-қуаттың негізін түсінуге тырысады. Өйткені, өз тегінің қайнар көзін білген халық қана өмір-тіршілігіндегі қиыншылықтардан жасқанбай, теңдесі жоқ аса күрделі мақсаттарға қол соза алады. Ендеше, кез-келген халықтың тегін қалай анықтауға болады? Жалпы, халықтық тек дегеніміз не? Бұл мақсатты орындау үшін ең әуелі, кез-келген халықтың **үш таған** қасиеттерін білген жөн. Олар :

1. Халықтың – Ата дәстүрі.
2. Халықтың – Сөз өнері.
3. Халықтың – Ой өрнектері.

Міне, осындай үш таған қасиеттерін ажырата анықтап алғаннан кейін ғана, сол зерделей зерттеп отырған халықтың тегіне сыналай суыртпақтап, ой жүгіртуге мүмкіндік туады. Өйткені, халықтық тек бүкіл адамзат қауымының да, іштей түлейтін қуаттарының қайнар көзі болып табылады. Ал енді, әңгіменің арқауын нақты деректермен дәлелдеп,

өз халқымыздың тектік сипаттарына бұрсақ, ең әуелі бірінші таған жайына аз-кем тоқталудан бастамақпыз.

Бұл жайында жоғарыда бірсыпыра сөз қозғаған едік.

Ата дәстүр. (1-ші Таған) Енді соған сілтеме жасай отырып, соңғы ғасырлардағы отарлау саясатының теріс ықпалдарына тоқталу қажет сияқты. Әсіресе, кешегі дінімізден бездіріп, ділімізді тоздыруға айналған "қызыл империя" – өзінің мақсатты идеологиясымен, жұртымыздың ерекшеліктерін түп-тамырымен құртып жіберуге аз-ақ қалған еді. Бұл апаттан құтқарған сол империяның іштей ыдырап құлауы болатын. Біздің Ата дәстүріміз "жеті атаға дейін қыз алыспау" – адам баласының тегін асылдандырар құбылыс екенін біле тұра, мектептерде дарвинизм ілімін жан-жақты талдай жүргізіп жатса да, одан 12 ғасырдай бұрын бір халықтың дәстүріне айналып, тұрмысына сіңген, осынау аса маңызды ғылыми жаңалықтың табиғи мысалын ашып-жарып айтуға дәттері шыдамады. Өйткені, бұл – дүниені дүр сілкіндірген жаңа ғылым. Генетика ілімінің де алтын қазығы болып саналатын адамдық текті асылдандыратын құдірет еді. Сондықтан да, біздер бұл құбылысты халықтың тегін анықтайтын ең негізгі таған ретінде ұсынып отырмыз. Оның мысалдарын биология, зоология, ботаника пәндерінен көптеп келтіруге болады. Оны оқушылардың өздеріне тапсырамыз.

Ал енді, халықтың тегін анықтайтын екінші тағанды ата-бабамыз: **Сөз өнері. (2-ші Таған)** "Өнер алды – қызыл тіл" деп түсінген. Тіл өнерінің құдіретін – басқа еш өнермен теңдестірмеген. Сондықтан да, халқымыз әр сөзінің мәні мен мәнеріне ерекше көңіл аударып, шешен де мағыналы сөйлеуді үнемі жетілдіріп отырған. Сөз қадірін түсінбейтіндерге "тексіз неме" – деп, ауыр болса да ашық айтудан жасқанбаған. Ендеше, осы

айтылған тұжырымдардың жанды мысалдары ретінде, өзіміздің күнделікті қолданып жүрген сөздеріміздегі образдылықтың табиғи мәнін ашып көрелік. Мәселен, тас – тау – жер – күн – кен – мұнай – тіс – темірқазық – деп, түбірі тұтас сөздерді айта берсе толып жатыр. Байқасаңыздар, осы сөздердің әрқайсысында да тек терең логикаға ғана бағынған, заттардың аса құнды мазмұндары бар. Енді, осы сөздердің біреуін ғана алып, оның табиғи мазмұны мен мәніне талдау жасалық.

Мысалы, аспанның солтүстік етегінде бір орнынан қозғалмай тұратын жұлдызды жұртымыз ежелден бері «Темірқазық» деп атайтыны белгілі. Ал, осы атауға сол жұлдыздың бүкіл космологиялық мәні мен мазмұнын сыйдырғанына қалайша таңырқамассың?! Оның атауын я алтын, я күміс пен қола демей, тек Темірқазық атандыруында ғажайып терең сыр жатқан жоқ па? Осыған өздеріңіз де ой жүгіртіп байқаңыздаршы? Бүгінгі космология ілімінің дәлелдеп отырғанындай, Темірқазық жұлдызы уақытқа да, кеңістікке де өз ықпалын тигізіп, бір орында тұруы қаққан қазықпен салыстырылса, ал оның жер беті түгіл бүкіл күн жүйесіндегі магниттілікті, тек өзіне қарата байлап қоятын қасиеті жалғыз-ақ Темірге тән сипат екені белгілі. Мінеки, осынау таңғажайып күрделі құбылысты бір ғана сөзге сыйдырып, халқымыз әлімсақтан бері қарай қолданып келеді. Өйткені, ұланбайтақ даланы мекен еткен көшпенділер барар жеріне атқан оқтай төте жүріп, бағытынан жаңылып, ада-су дегенді білмеген. Себебі, олар бүкіл аспанды компас ретінде, ал Темірқазық жұлдызын – соның магнитті тіліндей пайдаланған. Далалықтарға аспан ашық болса, жеті қараңғы түнінде қорқынышты емес. Жалпы, аспан шырақтарымен қазақ халқы өзінше тілдесіп, өздерінше түйген ойлары көп. Әрине, бұл өз алдына жеке



САЛТ-ДӘСТҮР

әңгіме?! Болашақта халқымыз рухани игілігі мол, осынау мәдени байлықтарын да игеретіндігіне сенім мол.

Ой өрнегі. Халық өзінің тегін аңғартар ой-өрнектерін ұрпағына қалдырған да, тіршілік тәлімдерін тұжырымдама ретінде түйіп тастап отырған. Мұндай ой түйіндері мақал-мәтелге де, не пәлсапалық ой толғауларға да ұқсамайтын болған. Тіпті, кейбір елдерде де, күрмеуі күрделі толғамды тұжырымдар айтыла да бермейді. Мысалы, өзге жұрттарда кездесе бермейтін тек қазақ халқының сөз саптауларында ғана айтылатын мынандай тұжырымдар бар. "Алып анадан – туады" немесе "Он сегіз мың ғаламды бір тарының қауызына сыйдырған", я болмаса "Көз – қорқақ, қол – батыр", тағы да "Малым – жанымның садағасы, Жаным – арымның садағасы" – дейтін аса терең түйінді ұғымдарды айта берсе толып жатыр. Оның үстіне, осы тектес ой өрнектерін бір естісең қайыра ұмытылмайтыны да, оның түйіп айтқан түсініктерінің өміршендіктерін байқатса керек. Ендеше, осынау айтылған тұжырымдардың ішкі мәніне ой жүгіртіп көрелік.

Мәселен, "Он сегіз мың ғаламды бір тарының қауызына сыйдырған" – дейтін тұжырымның мәні мен мазмұны нендей күрделі күрмеулерді меңзеп тұр? Халық даналығы ұрпағына не айтқысы келеді? Алайда, осы тұжырымның ішкі түйіндерін тарата шешіп, айтылмақшы ойдың логикалық жүйесін аша келе, оның меңзеп отырған құбылыстарына таңдай қағып таңырқамау тіпті де мүмкін емес. Мұндағы бейнелеп айтылатын "бір тарының қауызы" дегені, адам ұрығының дәні ғой. Шынында да, оның көлемі тарыдан кіші болмаса, тіпті де үлкен емес! Міне, осы ұрықтық клетка бірте-бірте дами жетіліп, ана құрсағындағы тоғыз айдың ішінде бүкіл жер бетінде тіршілік ететін "он сегіз мың ғаламның" түрі мен сипаттарын қайталап қана қоймай, оған

кеткен 500 миллион жылды да тоғыз-ақ айға сыйдырып отыр. Бұл әрине, тек табиғат шебердің ғана қолынан келер құдірет екені белгілі. Ал, осы тылсымның түйінін бір ауыз сөзге сыйдырып айтудың өзі де, ата-бабамыздың негізіне тартқан тектілігі емей не?! Ары қарай өздеріңіз де тереңдете берулеріңізге болады.

Олай болса, осынау Ана құрсағындағы тоғыз ай адам ғұмырының ең ұзақ мерзімі болумен қоса, адам тәрбиесінің де тегінен тарта тамыр алатын бастауының өзі екенін түсінетін уақыт жетті. Осы кезге дейін мұны ұрпақ тәрбиесінде ескермей келуіміз ендігі жерде кешіруге келмейтін күнә екенін ашық айтқан жөн. Оның үстіне, бұл – ата-баба өсиеті ғой.

Ал, келесі сөз еткелі отырған екінші тұжырымдама тіпті, бүкіл бір халықтың әлеуметтік сипаты мен психологиясына ықпал еткенін толып жатқан өмірлік деректермен дәлелдеуге болады. Оны халық даналығы қысқаша "Көз – қорқақ, қол – батыр" – деп, ұрпақтарына өсиет қалдырыпты. Өзінің өткен тарихтарында мың өліп мың тірілген Қазақ халқы, осы тұжырымды қаншама қайталады десеңізші?! Тіпті, бет қаратпас замана дауылдарынан елімізді аман-есен алып шыққан да, осынау рухы биік ой өрнегінің құдіреті екенін алаштың әрбір азаматы біледі. Сөз орайына қарай айтсақ, Жандары қысылып тіршілігі тұйыққа тірелгенде: - "Ой-й бәле-е-ай, көз – қорқақ, қол – батыр емес пе еді" – деп, қай қазақтың баласы айтпайды екен.

Осы тектес мысалды, бірақ өздерінше айтқан ой өрнегінің әсерін Қытай халқының ойшыл демократы Сунь-Ят-Сеннің де еңбегінен кездестіреміз. Ол тікелей өзінің өмір тәжірибесінен келтіріп: - "Тіршілік айдынында – адам психологиясымен шендесе де, теңдесе де алар күш жоқ! Әсіресе, психиканың қатпарларына сіңісіп кеткен тұжырымдар, бүкіл бір халықтың жігері мен еркін би-

леумен қоса, оны өз дегеніне көндірмей қоймайды екен. Мысалы, Қытай халқының психологиясына сіңген "Ұғу – оңай, істеу – қиын" – дейтін Конфуцийдің тұжырымдамасымен ондаған жылдар бойы үзіліссіз күрес жүргізуге тура келді. Тіпті, бұл тұжырымды партиямыздың бағдарламасына керісінше жазып "Ұғу – қиын, істеу – оңай" – деп, ғылыми негіздермен дәлелдеп, ұзақ уақыт үгіт жүргізілді. Себебі, ескі тұжырымға бой алдырып қалған жұрт, нақтылы іс-әрекеттерге бірден кірісіп кете алмай, жаңа іске тайсақтай беретінін көзімізбен көрдік. Сондықтан да, бұл жайында оларға түсіндіргенде, көбінесе тұрмыста кездесетін қарапайым мысалдарға жүгінуге мәжбүр болдық. Мәселен, нанның құрамында не бар екенін білмесек те, оны ойланбай-ақ жей беретіндігімізді түсіндірдік. Міне, осындай дәлелдермен, керісінше айтылған жаңа тұжырымдаманы өмірге енгізуге әрекеттендік. Халық санасындағы ескі өсиетнамалардың қуат-күші осындай" – деп, ойын қорытындылайды. /Сунь-Ятсен, Избр.произ., М. 1985/.

Түйін. Халықтың тегі мен ділін анықтауға көмектесетін дәстүр-салты, сөз өнері, ой өрнегі тәрізді үш таған қасиеттерін зерделеу арқылы, кез-келген халықтың генефонындағы ерекшеліктерді танып білуге болады екен. Ең әуелі, мұндай білім қай халықтың болмасын өзі үшін керек. Себебі, тегі мен ділін түсінген халықтың ұрпағы қандай қиыншылықтарға да төзе біліп, өзінің алдына қойған мақсаттарына жетпей қоймайды. Мұның өзі түптеп келгенде, адам тәрбиесі мен тағылымы – ата-баба зердесімен тығыз байланысты екенін аңғартса керек. Ендеше, осы айтылған үш таған қасиеттер өмір-тіршілігіміздің қазіргі жағдайында, нендей өзгерістерге ұшырап отыр десек? Бүгінгі ұрпақ, олардың мәні мен маңызына түсінбейтіндіктен мүлдем

жойылып кетпесе де, тым көмескіленіп бара жатқаны шындық. Бодандықтың бұйдасына маталып, өзінің ұлттық тарихы мен халықтық тағылымынан мүлдем айрылып қала жаздаған жұртымыз, бірте-бірте мәңгүрттен бастағанын несіне жасырамыз? Осы айтқанымыздың айқын мысалындай, өзінің ана тілін түсінбейтін дүбәра топ, ұлтымыздың 40 пайызын құрап отырса, бұларға елінің дәстүр-салты да ой өрнегі түгіл, сөз өнері де ешқандай қажеті жоқ тәрізденіп көрінеді. Олар қателесті екен деп, халық өзінің келешек ұрпағының тағдырына тіпті де бейтарап қарай алмайды. Сондықтан да, халқының ғасырлар бойы жасаған рухани байлықтарын түсінетін егде буынның алдындағы парызы, халық педагогикасының өткенін жандырып, өркенін орнына келтіруі керек. Егер де, ұлтымыздың діліне төнген бұл қатерді ата-баба тағылымдарын білетін осы буын жөндемесе, бүгінгі өмірімізде орын алып отырған керағар мәселелер онан бетер асқынып кетпек. Ендеше, халқымыздың алдында тұрған ауыр да асыл міндеті осы?! Мұны жөндеу үшін қарабайырлыққа салынбай, тек тәрбие тәсілдерін ғылыми жүйеде жүргізгенде ғана, бұл қиыншылықтан да құтыларымызға сенім мол.


Егемендігімізді алған алғашқы жылдардың өзі-ақ, ұлттық тарихымызды игеруде орасан үлкен жетістіктерге жеткенімізді көрсетіп отыр. Оның үстіне, ата-бабамыз айтатын "Атың бар да жер таны – желіп жүріп, асың бар да ел таны – беріп жүріп" дейтін даналығының сәті түсіп тұрғандай, дүние жүзі халықтарымен қоян-қолтық тікелей араласа бастадық. Осының бір мысалындай, 1994 жылдың Сәуір айында Жапон еліне ресми сапармен барып келген тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың ой-тұжырымы: "Мені таңқалдырған екі нәрсе болды. Біріншісі, Жапон еліндегі ерекше үздік дамып

отырған ғылыми техникалық прогрестің жеделдігі болса, екіншісі, соншама берік те, бүтін, қаймағы бұзылмаған халық дәстүрінің көздің қарашығындай сақталуы" – деп, аса өткір көрегендікпен қорытындылаған еді. Қай Елде де әуелі

халықтық тағылымдарына негізделген Рухани өркендері салтанат құрмай, тек саясаткерлік пен экономикалық әдістердің берер жетістіктері көрнекті де көркем бола алмайды.

Автор в статье рассматривает вековой опыт предков по сохранению национального генофонда.

The author considers the age-old experience of ancestors to preserve the national gene pool.





Қ.Бөлеев –
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ ұлттық білім беру академиясының академигі,
Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының
“Педагогика және этнопедагогика” кафедрасының меңгерушісі

ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақ мектептерінің оқушыларына ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары мен міндеттері еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында ерекше атап көрсетілген. Әсіресе, Елбасының 2004 жылдың наурыз айындағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Халыққа жолдауында: «Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады. Келешекте мұғалім мамандығы ең беделді мамандықтардың бірі болуы керек. Әрине, мұғалімнің өзі де уақыт талабына сәйкес болуы міндетті» делінген.

Бұл айтылғанның педагогикалық мәні мынада:

Бәсекелестік — қашанда дамудың басты құралы, ал қабілеттілік кез келген іс-әрекеттің тиімді шешілуіне икемділік. Бұдан Қазақстан, оның экономикасы мен халқы бәсекеге қабілетті болу үшін ұлттың бәсекеге қабілетті болуы керек, ол қабілет ұлттың білімділік деңгейімен айқындалады. Ал, ұлттың (қазақтың) білімділік деңгейі жоғары болу үшін мектептің жаңа типін құру және жаңа формациядағы педагог даярлау қажет.

Жаңа типті мектеп – ол ұлттық мектеп, ал жаңа формациядағы педагог тек педагогикалық жоғары оқу орнында ғана даярланады. Сондықтан да, Президенттің ұсынысымен Қазақстанда бес педагогтік

жаңа институт ашылды, соның бірі біздің Таразда ашылған мемлекеттік педагогикалық институты.

Ұлттың білімділік деңгейі жоғары болу үшін, дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, Қазақстанда жаңа типті қазақ ұлттық мектебін құру қажеттігі туындап отыр.

«Ұлттық мектеп қандай болу керек?» деген проблеманы дүниежүзінің белгілі ағартушылары мен ғалым-педагогтары Я.А.Коменский, Дж.Локк, И.Г.Песталоцци, Ф.А.Дистервег, К.Д.Ушинский, В.Я.Стоюнин, С.И.Гессен, В.Н.Сорока-Росинский әрқайсылары өз ұлттарының ерекшеліктеріне қарай ұлттық мектеп құрудың ғылыми негіздерін жасаған.

Орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский өзінің «Орыс мектебін орыс мектебі қылу қажеттігі туралы» деген мақаласында сол кездегі орыс мектебінің кемшіліктерін сынай келе, былай депті: «Швейцария, Германия, Англия мен Америкада білім 3 түрге бөлінеді: қажетті, пайдалы, ұнамды. Соның ішінде ұлттық білімнің негізіне қажетті білім алынады. Қажетті білім баланың жанына, ең алдымен, негіз болып ұялануы тиіс. Әр адамда сондай қажетті білім болып табылатын өз тілінде оқи білу, жаза білу, санай білу, өз дінінің негізі мен Отанын білу...». Сондай-ақ, ол: «Мектеп ұлттық болып аталуы үшін ұлттық психология және тарихқа негізделуі және қоғамдық қажеттілікпен санасуы шарт. Ұлттық мектеп құруда отбасының құрылымын, түрін, экономикалық, климаттық жағдайларды ескеру және орыс мектебін шетелдіктер емес, орыстар басқаруын қадағалау қажет» деп санаған, ал орыс ғалымы В.Я.Стоюнин ұлттық орыс мектебі туралы былай деп жазыпты: «Мектептің «жансыз», «дәрменсіз» болуының басты себебі, мектептің ұлты мен дербестігінің жоқтығында. Мектептің бағыты сол ұлттың мінезі мен жалпы бағытына тәуелді болуы тиіс». Ал, В.Н.Сорока-Росинский ұлттық мек-

теп болу үшін: «Білім мен тәрбиенің негізі міндетті түрде ұлттық болуы тиіс» десе, С.И.Гессен: «Егер білім беру жүйесі ғылымдық, көркемдік және ұлттық адамгершілік талаптарға сай келсе, сонда ғана ол шынайы ұлттық болып есептелуі керек» деп оны толықтыра түседі.

Міне, осындай орыс ғалымдарының зерттеулері негізінде Ресейде орыс ұлттық мектебі құрылған. Қазіргі орыс мектептері сол мектептің жалғасы, сондықтан ұлттық ерекшеліктері толық сақталған. Орыс халқының ұлттық санасы, намысы, дүниетанымы сол мектепте дамып қалыптасқан.

Сонда, ұлттық мектеп дегеніміз қандай мектеп? Онда оқытылатын білім мазмұны қандай болу керек? – деген сұрақтар туындайды.

Ұлттық мектепте ғана ұлттық білім жүйесі жүзеге асырылады.

Ұлттық білім деп білім мазмұнындағы ұлттық дүниетанымды, ал ұлттық дүниетаным – ұлттық болмыс көрінісі, саяси, адамгершілік, эстетикалық діни наным-сенім, тәрбие, тарихи сана, басқа да дәстүрлі мәдени-рухани көзқарастар жүйесі. Сонда қазақ мектебіндегі ұлттық білім мазмұнын барлық оқу пәндерінде ұлттық құндылықтарымыз – Ана тілін, Ата тарихын, Төл мәдениетін, Ұлттық салт-дәстүрлерін жүйелі оқыту құрайды.

Сонымен, бүгінгі таңда Қазақстанда білім беру саласындағы ең басты проблема қазақ ұлттық мектебін құру. Өйткені, еліміздің болашағы мен тағдыры ұлы ағартушы-педагог Мағжан Жұмабаев айтқандай: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуында, мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі».

Қазақ ұлттық мектебін құрудың негізі сан ғасырлар бойы қалыптасқан халқымыздың ұлттық тәлім-тәрбие мұрасы болуы тиіс. Қазақ ұлттық мектебін құру туралы ой-пікірлер бірқатар ғалым-педагогтарымыздың еңбектерінде қарастырылған, ол зерттеуді қажет ететін

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

проблема.

Сұрақ: «Қазақ ұлттық мектебі не үшін қажет?». Қазақ ұлттық мектебінің қажеттілігі – қазір елімізде орын алып отырған иммунопсихологиялық проблемаларды: ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлерінде көздерінен қанды жас ағып, жылап отырған әжелер мен аталар, шылым шегуге, ішкілік пен нашакорлыққа салынған жастар, қылмыстың қаулауы, сыбайлас-жемкорлық, жұмыссыздық, жезөкшелік, қазақ мектептерінің жабылуы, мектептегі оқу-тәрбие жұмысының нашарлауы, мұғалімдер беделінің төмендеуі, оларға қамқорлықтың жасалынбауы, тәртіпсіз ұл мен қыз, ата-аналардың тәрбие жұмысымен айналыспауы, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы екендігі, ал сол мектептерде ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, өнерлі, ақылды, еңбекқор, иманжүзді, сұлу да сымбатты, ұлтжанды болып өсетіндігінде. Сондықтан да, ұлттық тәрбие – еліміздің болашағы.

«Қазақтың ұлттық мектебі қандай болу керек, онда ұлттық тәрбие қалай жүргізілуі керек?» деген проблемаларға нақты жауапты қазақ халқының ұлы педагогтары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов еңбектерінен табуға болады. Солардың еңбектерінде қазақтың ұлттық мектебінің нобайы жасалынған. Онда қазақтың ұлттық мектебінің мақсаты, міндеттері, ұлттық мектепте білім беру мазмұны, ұлттық тәрбиенің нәтижесі анықталған. Мысалы, М.Дулатов қазақ ұлттық мектебінің мақсаты: «...жалғыз кұрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге ұлттық тәрбиені қоса беру», Ж.Аймауытов: «Тәрбиенің негізгі мақсаты мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу», қазақ ұлттық

мектебінің міндеттерін М.Жұмабаев: «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», ал М.Дулатов: «...балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухын сіңіріп, ана тілін үйретіп шығару»; қазақтың ұлттық мектебінде білім беру мазмұнын А.Байтұрсынов: «Оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс», Ж.Аймауытов: «Әдебиетті, тарихты және географияны біріктіріп, яғни интеграциялап «Біздің Отан» деген атпен оқыту қажет», М.Дулатов: «...оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғаттан жазылуы», ұлттық тәрбиенің нәтижесін М.Дулатов: «...алған тәрбиенің әсерлі, күшті, сенімді болуы... Мұндай балалар мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды, ...қайда болса тіршілігінде, қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып калады...», ал мұғалімнің ұлтжанды және білімді болуы туралы М.Жұмабаев: «...әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесі мен таныс болуға тиіс» десе, А.Байтұрсынов: «...ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім», Ж.Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек» деген.

Еліміз егемендік алуымен қоғамның мектепке қатынасы өзгеріп, қазақтың ұлттық мектебін жасау туралы педагогикалық ақпарат беттерінде өте бағалы әр түрлі ой-пікірлер айтыла бастады. Мысалы, ғалым-педагогтарымыз Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, Ж.Наурызбай, Т.Әлсатов, Ә.Табылдиев, т.б. қазақтың ұлттық мектебін жасау, онда ұлттық тәрбие беру проблемаларын жан-жақты зерттеп, қомақты-қомақты монографияларын, оқулықтарын, оқу құралдарын, әдістемелік құралдарын

жарыққа шығарды.

1991 жылдан осы уақытқа дейін қазақ этнопедагогикасынан Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің «Қазақ тәлім-тәрбиесі», солар құрастырған екі кітаптан тұратын «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы» мен «Антология педагогической мысли Казахстана», С.Қалиев, М.Оразаева, М.Смайлованың «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», С.Ұзақбаеваның «Тамыры терең тәрбие», М.Әлімбаевтың «Халық – ғажап тәлімгер», Ж.Наурызбайдың «Ұлттық мектептің ұлы мұраты», М.Тілеужановтың «Халық тағылымы», М.Балтабаевтың «Казахская традиционная художественная культура в системе образования», Ә.Табылдыевтің «Халық тағылымы» мен «Қазақ этнопедагогикасы», К.Қожахметованың «Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі» және т.б. еңбектер соған дәлел.

Ұлттық мектеп жасауға, онда ұлттық тәрбие беруге мемлекет тарапынан бірнеше тұжырымдамалар шығарылды. Олар: «Қазақстан Республикасы әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы ортаарнаулы білім тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептерінің білім мазмұнының тұжырымдамасы», «Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы», «Тіл туралы», Қазақстан Республикасының заңы т.б. Сонымен қатар, ұлттық тәрбие беруді іске асыру үшін бірнеше авторлық бағдарламалармен қазақ мектептері жұмыс істеуде: М.Құрсабаевтың «Атамекен», З.Ахметованың «Кәусар бұлақ», Ә.Садуақасовтың «Дәстүр» және т.б.

Жоғарыда айтылған қазақ этнопедагогикасы ғылымының жетістіктерін, мемлекеттік құжаттар

мен бағдарламаларды, қазақтың ұлттық мектептерін жасауды және оларды ұлттық тәрбие беруді іс жүзіне асыратын мектеп мұғалімдері. Өкінішке орай, олар ұлттық тәрбие беруге педагогтік жоғары оқу орындарында дайындықтан өтпеген, коммунистік тәрбие беруге даярланған. Осы себептен қазір қазақ мектептерінде оқушыларға ұлттық тәрбие беру талапқа сай жүргізілмеуде. Бұл кедергіден өтудің жолы мектеп мұғалімдерінің мамандықтарын арттырушы барлық облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындаудан өткізу қажет. Оны шешудің жолы сол институттарда курстар ұйымдастыру. Ондай тәжірибелер баршылық. Мысалы, барлық облыстық институттарда этнопедагогикадан курстар ашылып, мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге сапалары әр түрлі бағдарламалармен қайта даярлауда. Дегенмен, соңғы жылдары мұғалімдерді этнопедагогикалық дайындау нашарлап кетті. Егер де осы мәселені жандандырмасақ, мектепте ұлттық тәрбие беру жүзеге аспайды. Содан келіп жоғарыда айтылған иммунопсихологиялық құбылыстар елімізде кеңінен орын алары сөзсіз.

Сонымен, жоғарыда айтылған ғалым-педагогтардың ой-пікірлері мен көзқарастары, мемлекеттік құжаттар, озық іс-тәжірибелер бойынша мынандай тұжырым жасауға болады: «Қазақтың ұлттық мектебі» деп халқымыздың Ана тілін, Ататарихын, Төлмәдениетін, Ұлттық салт-дәстүрлерін жүйелі оқытатын мектепті айтамыз, ал ол мектептің басты белгісі – қазақтың ұлттық рухы болуы шарт. Мұнымен қатар, ол мектептің оқулықтары мен оқу құралдары төлтума болуы тиіс. «Төлтума» деген сөздің мәні оқулық пен оқу құралдарының авторлары баланы сүйетін және мектепті жақсы білетін, тәжірибелі, шебер, ұлтжанды қазақ мұғалімдері мен ғалымдары болуы тиіс.



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Сонда ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның Ана тілін, Ата тарихын, Төл мәдениетін, Ұлттық салт-дәстүрлерін меңгеру арқылы ұлттық сана-сезімінің, намысының, мінез-кұлқының, дүниетанымының дамып, қалыптасуын айтамыз.

Біздің жалпы білім беретін қазақ мектептерін көпжылдық зерттеуіміз, оқушыларға ұлттық тәрбие беру жайы әлі өте төмен деңгейде екенін, Кеңестік дәуірде Қазақстанда қазақ ұлттық мектебі болмағаны, қазір де ондай мектеп жоқ, мектептеріміз қазақ орта мектебі деп аталғанымен, ондағы оқу-тәрбие жұмыстарының жоғары сыныптардағы оқу бағдарламалары, оқу және әдістемелік құралдары ұлттық тәрбиенің ерекшеліктерімен санаспаған орыс тіліндегі аудармасы арқылы жүзеге асырылуда, ал мектеп мұғалімдері мен болашақ мұғалімдер педагогтік жоғары оқу орындарында оқушыларға ұлттық

тәрбие беруге айтарлықтай даярланбауда екендігін көрсетті.

Біздің ғылыми жетекшілігімізбен Тараз қаласындағы Б.Момышұлы атындағы №5 қазақ классикалық гимназиясында 1992 жылдан бастап «Қазақ халық педагогикасы мен психологиясының озық дәстүрлерін оқу-тәрбие ісіне ендіру» және 2002 жылдан Ш.Смаханұлы атындағы №44 қазақ орта мектебінде оқушыларға қазақ этнопедагогикасының материалдарын пайдаланып, ұлттық тәрбие беру жүйесін жасау бойынша педагогикалық эксперимент жүргізілуде.

Мақсатымыз қазақ ұлттық мектебін құру. Сол мектептердегі оқушылардың ұлттық тәрбиелілік деңгейлерінің аралық және қорытынды нәтижелерін талдау арқылы олардың ұлттық санасы, намысы, мінез-кұлқы және дүниетанымы біршама жақсы қалыптаса бастағанын анықтадық.

ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. – Алматы: «Рауан», 1995.
2. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы. – Алматы: «Ғылым», 2001.
3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: «Білім», 2003.
4. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие (Қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие). – Алматы: «Білім», 1995.

Резюме

В статье автор поднимает вопрос, и делает акцент на роли теоретических принципов национального воспитания, о необходимости и важности национальных школ. Указывает пути воспитания.

Summary

In article the author brings up a question, and places emphasis on a role of theoretical principles of national education, about necessity and importance of national schools. Specifies education ways.



С.Қалиұлы –
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, академик, Қазақ Мемлекеттік
Қыздар педагогикалық университеті

ЭТНОСТЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КЕМШІЛІКТЕРДІ ЖОЮДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Еліміздің егемендік алуымен байланысты этностардың шығу тегін зерттеп білу, этномәдениеттің бұрыны мен бүгінін және оның келер болашағын зерттеу мәселесі шұғыл қолға алына бастады. Осымен байланысты, соңғы 20 жылда этномәдениет жөнінде ондаған докторлық, жүзден астам кандидаттық диссертациялар жазылды.

Адам баласы ұжымдаса тіршілік етуге бейім тұрады. Сондықтан, оған әлеуметтік бірлестік деп те, этностық бірлестік деп те қарауға тура келеді.

Шын мәнісінде, этностардың белгілі бір территорияда қоныстануы (ата қонысының болуы), екінші — бір тілде сөйлеп, бір территорияда тіршілік етуі, үшінші — сол халықтың тұрмыстық заңдары, әдет-ғұрып бірлігі, төртінші — шаруашылық кәсіби бірлігі, яғни ата кәсібінің болуы, бесінші — халықтардың бірыңғай халықтық шежіресінің болуы заңды құбылыс.

Осы бес белгінің бірі сақталмаса, ол халық жер бетінде ұлт болып өмір сүру құқығына ие бола алмайтынын дәлелдей келіп, Л.Н.Гумилев: «Этнос дегеніміз – жер бетіндегі белгілі бір тіршілік аймағы мен әлеуметтік ортаның бірлігінде жатқан салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық кәсібі, мінез-құлқы, тілі, мәдени мұрасы бір халықтар тобы» деген анықтама береді. Біз осы анықтаманы басшылыққа аламыз.

Этностардың бір-бірінен этногенездік айырмашылықтары олардың нәсіліне, тіліне, дініне, біліміне байланысты емес. Мінез-құлқы мен жер бедерінің табиғатына үйренуіне (икемделуіне) байланысты деп қарауға тура келеді. Мысалы, Солтүстік мұзды мұхит жағалауындағы ұлттар мен

ұлыстардың салқын қанды болуы, олардың балық аулап, бұғы өсіріп, ет жеп тіршілік етуі, ал оның керісінше Оңтүстік Африка халықтарының ыстық қанды болып кетуі және субтропикалық өсімдіктермен қоректенуі географиялық-климаттық жағдайға байланысты ерекшелік.

Этностардың мінез-құлқы заман өткен сайын біртіндеп жаңарып, өзгеріп отырады. Ол мінез-құлықтың экономикалық, шаруашылық салаға бағынышты екендігін көрсетеді. Мысалы, 18-19 ғасырлардағы қазақтардың мінез-құлықтары мен бүгінгі қазақтардың мінез-құлқы бір емес. 18-19 ғасырларда қазақ ауылындағы патриархалдық шаруашылық оларды жайбарақаттыққа үйретіп қалыптастырды. Ал, бүгінгі ғылыми-техникалық прогресс, нарықтық арпалыс өмір мінез-құлықтағы шапшаңдықты, қарбаластықты үйір етті.

Ұлттық мінез-құлық жергілікті халықтың кәсібіне қарай бейімделеді. Мысалы, Моңғол қазақтары мен Иран, Түркия қазақтарының немесе Өзбекстан қазақтары мен Ресей қазақтарының мінез-құлқы бір емес. Яғни, жергілікті халықтың кәсіби психологиясының әсерінен сол халықпен бірге тіршілік ететін диаспораның мінез-құлқы да соларға икемделе өзгереді. Мәселен, Қытай қазақтарында үнемшілдік қасиеті, Моңғол қазақтарында майда тілділік пен діншілдік қасиеттер басым болып келеді. Оны жергілікті халықтардың тұрмыс-тіршілік әсерінен деуге тура келеді. Қазақтың «кімнің жерін жерлесен, соның суын сула» деген мақалына сай психологиялық өзгерісті байқауға болады. Яғни, бұл ұлттық мінез-құлықтың әлеуметтік-экономикалық, ұлтаралық

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

қарым-қатынасқа бағыныштылығын дәлелдейді.

Этнос мүшелерінің мінез-құлық құрылымының бірізділігі (бірыңғайлығы) қарым-қатынас нормаларына негізделген. Олар: 1) жеке адам мен ұжымның арақатынасына бағынышты; 2) жеке адамдардың өзара қарым-қатынасына бағынышты; 3) этникалық топтардың арақатынасына негізделеді; 4) этностар (ұлттар) мен этникалық топтар арасындағы қарым-қатынасқа құрылады.

Бір этностың басқаша тұрмыстық нормамен өзара байланысқа түсуіне екінші этнос өкілдері жатсына қарайды. Оны «өрескелдік», «сөкеттік» деп айыптайды. Мысалы, ертедегі афиналықтар скифтердің үйінің жоқтығын, ал өздерінің мейрамдарда есі кеткенше ішкеніне (маскүнемдігіне) ызалана сөгетін болған. Ал, римдіктер еврейлердің баласын сүндетке отырғызуын жаратылысқа қарсылық әрекет деп айыптаған. Палестинаны жаулап алған рыцарлар арабтардың көп қатын алуын сөлекеттік деп санама, ал арабтар француз әйелдерінің бетін ашық ұстауын келеңсіз санаған. Еврейлер римдіктердің шошқа етін жегені үшін жек көрген.

Этнография және этика ғылымдары мұндай сөлекеттерді жеңе отырып, этникалық мінез-құлықты байқаудың және қалыптастырудың бірыңғай принциптік жүйесін енгізді. Оны көпшілік халыққа ортақ этикалық (моральдық) мінез-құлық ережелері деп атайды.

Заман өзгерген сайын қарым-қатынас нормалары да өзгеріп, заман талабына сай мазмұны да, формасы да жаңарып отырады. Мысалы, өзбектердің әйелдерінің пәрәнжі жамылуы немесе қазақтардың барымтасы мен анттасуы бүгінде ескірген, тұрмыста қолданудан қалған. Ал, оның есесіне ерлі-зайыптылардың алтын, күміс тойлары немесе төлқұжат тапсыру, зейнеткерлікке шығарып салу, көршілерді шақырып жаңа үйге кіру (новоселье) жиын-тойлары жаңа заман тудырған салт-дәстүрлер.

Этнос мүшелерінің шыққан тегі – жеке

адамдардың өзінің сол этнос мүшесі екенін қабылдауымен анықталады. Мәселен, 1979 жылы санақ бойынша Дон бойындағы Ростов қаласында тұратын гректер өз балаларын ұлты орыс деп жаздырған. Себебі, Россияда туып, орыс мектебінде оқып, орысша ойлап, сөйлегендіктен. Олардың психологиялық бет-бейнесі соңғы 250 жылда мүлде орыстанып кетті. Немесе әкесі қазақ, шешесі орыс, болмаса әкесі кәріс, шешесі орыс отбасының балаларын 1984 жылғы санақ бойынша ұлтын орыс деп жаздырған.

Бұл мысалдар адамның белгілі бір этносқа қатысын анықтау сезімге негізделетінін көрсетеді. Ал, адамның сезімі оның өзіндік ойлау және мінез-құлық ерекшеліктерін білдіреді, ол тіл арқылы көрініс тауып айналасындағыларға білінеді. Сезім мен тілдің бірлігі этносты анықтауда шешуші рөл атқарады.

Адамның бір этносқа тән қасиеті оның бойына сәби кезінен ана сүтімен, ата-анасының қарым-қатынасы, мінез-құлқы, іс-әрекеті арқылы дарып қалыптасады. Бүгінде Қазақстандағы 3,5 мың орыс тілді мектептерде оқитын оқушылардың 55-60 пайызы қазақ балалары. Олардың басымы көпшілігі ана тілін білмейді. Орысша сөйлеп, орысша тілі шыққандар. Олардың ана тілі орыс тілі болып кеткен. Олай болса, олардан «Ұлтың кім?» десе, «білмеймін» деп немесе «орыспын» деп жауап берсе таңқалмаңыз. Бұған, әрине, ең алдымен отбасы, әке-шешелері кінәлі. Себебі, олардың ата-аналарының өздері балаларымен орысша сөйлеседі. Олардың тілі, психологиясы мүлде орыстанып, ұлттық ерекшеліктерден айырылғандар.

Бала тәрбиесінде отбасы жүйесінің рөлі тым үлкен. Отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы, бір-біріне көзқарасы, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы жүйенің элементтері болып есептеледі. Ал, отбасылық жүйе этностық жүйенің қайталанатын атрибуты болып саналады. Этностық топтар күнделікті тұрмысындағы, әдет-ғұрпындағы, мінез-құлқындағы,

көзқарасындағы айырмашылықтары арқылы ерекшеленеді. Олай болса, «этнос» дегеніміз белгілі бір жүйеге негізделген топ – ұжым екен.

Бізге ұлттық менталитетті қалыптастыруда осы кемшіліктерді жою үшін не істеу керек деген сұрақ туындайды. Менің пікірімше, ол үшін мына ішараларды іске асыру қажет.

1) Балабақшадан, отбасынан бастап баланы ұлттық мәдениет құшағында тәрбиелеуге зер салу керек. Қазақша мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату, санамақ, жұмбақ, ертегі айтқызу, қазақша ән салу, домбыра тарту, би билеу, спорттық ойын түрлеріне үйрету мәселесін әр ата-ана, балабақша, бастауыш мектеп қызметкерлері бірлесе қолға алуы керек;

2) Әр мектеп, әр балабақша ғимараттары ұлттық ою-өрнек нақыштарымен әшекейленуі керек. Әр балабақшада, әр мектепте ұлттық этнографиялық мұражай ашу керек. Тарих, әдебиет, сурет т.б. гуманитарлық пәндер сабақтары осы мұражайда өткізілуі керек.

3) Бүгінгі студент жастардың, мұғалімдердің жаппай шалбар киюі етек алды. Осы болмас үшін оқушылардың формасына конкурс жариялап, өзгеріс енгізсе, костюмдерге ұлттық орнамент өрнектерін салса бала бойында ұлттық мақтаныш сезім оянар еді.

4) Тіпті, мұғалімдерге де ұлттық орнаментте киім үлгісін ұсынса артық болмас еді. Ол балалардың ұстаздарға еліктеуін туғызады. Мәселен, патшалы Ресей кезінде гимназист, сценарист мұғалімдердің арнайы формасы болған.

5) Бастауыш мектептен бастап 8-ші сыныпқа дейін әдеп пәнін енгізу қажет. Мысалы, Жапонияда 1-6 сыныптарда арнайы әдеп пәні өткізіледі. 9-12 сыныпта ұлт мәдениетін факультатив ретінде өткізсе, оқушылардың ұлттық мақтаныш сезімін оятуға ықпалы тиері сөзсіз. Қыз сыны, жігіт сұлтаны байқауларын жыл сайын әр мектепте өткізіп отыруды дәстүрге айналдыру керек.

6) Мектептегі тәрбие ісі мұғалімдермен ата-аналардың бірлескен еңбегіне байланысты. Біздің бүгінгі ата-аналарымыз ұлттық мәдениеттен мақұрым орысша өскендер, ұлттық салт-дәстүрді жетік білмейді. Олар, тіпті, үйінде балаларымен орысша сөйлеседі. Осы болмас үшін ата-аналардың университеттерін ұйымдастырып, оларды этномәдениеттен хабардар ету керек. Сөйтіп, ата-аналардың бойында ұлттық намысты ояту қажет.

7) Тәрбиенің негізі тілге келіп тіреледі. Қазақ тілінің 20 жыл бойы бір орыннан жылжымауы тіл жөніндегі саясаттың дұрыс еместігінен. Біз, ең алдымен, қазақтардың қазақша сөйлесуін, мемлекеттік тілге құрметпен қарауына зер салуымыз керек. Президентіміз қазақ қазақпен қазақша сөйлессін десе де, біршама студент жастардың көшеде, қоғамдық орындарда бір-бірімен орысша сөйлесуі дағдыға айналып кеткен. Қазақтарға қазақша сөйлеспесе қоғамдық пікір туғызу, тіпті салық салуға дейін шара қолдану артық болмас еді.

Сондай-ақ, қазақша жақсы сөйлей білетін, ұлттық дәстүрді қадір тұтқан басқа ұлт өкілдерін көтермелеп, қосымша еңбекақы төлеуді енгізсе де артық болмас еді.

8) ХХІ ғасырдың жастар арасын кең жайлаған індеттің бірі – нашақорлық, темекі мен алкогольге үйірлік. Осыдан келіп қоғамда бүгінде дағдылы құбылысқа айналған өктемдік, зорлық-зомбылық, гомосексуалистік сөлекеттік әрекеттер жиі көрініс табады.

Қазақстандағы салауатты өмір салтын қалыптастыру ұлттық орталығының бас директоры Сәуле Әлкейқызы Диханбаеваның «Айқын» газетіне берген сұхбатында денсаулық мәселесіне байланысты бірнеше фактілер келтірілген. Атап айтар болсақ, Дүниежүзі денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша жыл сайын 2,5 млн. адам мезгілсіз өлімге ұшырайды екен. Оның басты себебі, араққұмарлық болса керек. Қазақстанда осы дертпен 249 мың адам диспансерлік есепте тұрады (Бұл



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

тек көмек сұрап келгендер ғана дейді). Осылардың әрбір он екісі әйелдер көрінеді. Қазақстан тұрғындарының 34 пайызы ішімдікке үйір. Солардың басым үлесін 30-49 жас аралығындағылар иеленеді. Олар 46,8 пайызды құрайды. 15-18 жас аралығындағылардың үлесі — 21,3 пайыз, 11-12 жас аралығындағы оқушылар – 9,4 пайыз алкогольдік ішімдікке үйір дегенді келтірген.

Сәуле Диханбаева дәл қазір салауатты өмір салтын насихаттауға бүкіл қоғам болып күресуге шақыра келіп, бүгінде Республика көлемінде денсаулық сақтаумен байланысты бірталай жобалардың жүзеге асырылып жатқанын сөз еткен. Олар «Дені сау қалалар», «Денсаулықты жақсартуға лайықталған мектеп», «Дені сау жұмыс орындары» т.б.

Темекімен, ішімдікпен, наркоманиямен күресте оқу-ағарту, денсаулық сақтау, мәдениет орындары құқық қорғау орындарымен, жергілікті әкімшілікпен бірлесе жұмыла және үздіксіз күрес жүргізгенде ғана іс оң нәтиже береді дегенді айтады. «Қызға қырық үйден тыйым» дегенді айта келіп, әңгіменің аяғы жастар арасындағы тәрбиені күшейтуге саяды. Бұл мәселе бүгінде мектеп мұғалімдері мен ата-аналардың, университет ұстаздарының басты міндеті болып отыр.

9) Біз теледидарда ұлт мәдениетін үнемі насихаттауға, әр оқу жылдарында жыл сайын ұлттық өнер фестивалін, ұлттық салт-дәстүрлер жөнінде пікірсайыстарын өткізіп отыруға зер салуымыз керек. Ол үшін жоғары басқару орындарының арнайы жарлығы шығарылуы тиіс.

10) Тәрбие ісінің бүкіл қоғамда бетімен кетуі, қоғамда жауыздық пен өктемдіктің етек алуы, сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесінде мемлекет тарапынан үлкен

бетбұрыс жасау қажет. Ол үшін заңдарды күшейту және ол заңдардың мүлтіксіз орындалуын күнделікті қадағалау қажет.

Адам қорықпаса заңды мойындамайды. Заң күшіне енбесе, оның орындауына қатаң бақылау қоймаса, ол заң аяқ асты болады.

Заман өзгерген сайын заңның өзгеруі, қатай түсуі қажет.

Жаңа заманға сай ұстаздар даярлауда Сіздердің университет ұжымының көптеген жаңа бастамаларға мұрындық болып, 2010 жылды «Тәрбие жылы» деп жариялағандарыңызға, әсіресе, «ұлттық тәрбие» мәселесіне ерекше көңіл бөліп, зер салып, біраз игілікті істер атқарып отырғандарыңызға қуаныш білдіргім келеді. Бастаған істеріңіз сәтті болсын! Сіздер оқытып, тәрбиелеп шығарған ұстаздар мектептің шынайы шамшырағы, жүрегі болсын!

Сөзімді қорыта келіп, аса ұлтжанды, қайраткер азамат ақын М.Шаханов төрт ана жайын сөз еткен өлеңінің үш шумағын сіздердің естеріңізге сала кеткім келеді.

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала!

Әр адамда өз анасынан басқа да Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада Болу керек Құдыретті төрт ана!

Туған жері – түп қазығы, айбыны

Туған тілі – сатылмайтын байлығы

Туған дәстүр, салт-санасы тірегі

Қадамына шуақ шашар үнемі

Және туған **тарихы** – ғасырлардың үні еді.

Төрт анаға әнін жалғай алмаған

Пенделердің басы қайда қалмаған.

Төрт анасын қорғамаған халықтың

Ешқашанда бақ-жұлдызы жанбаған.

Құрметті әріптестер! М.Шаханов айтқандай, осы құдіретті төрт ананы құрметтеп өтейік, ағайын!

Резюме

Автор дает характеристику этносу. Поднимет проблему казахского этнического менталитета.

Summary

The author gives a description of ethnicity. Raise the issue of the Kazakh ethnic mentality.

Л.К.Керімов –
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
педагогика кафедрасының меңгерушісі

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ОҚУШЫ-ЖАСТАР АҚЫЛ-ПАРАСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ИДЕЯСЫ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІ

Елімізде ұлттық тәлім-тәрбиенің стратегиялық даму бағыты Қазақстан Республикасының Конституциясы, Білім туралы Заңы, Тұңғыш Президентіміздің халқына әр жылдағы Жолдаулары мен «Қазақстан – 2030» бағдарламасында нақтыланған. Аталған құжаттардың негізінде жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің тұжырымдамаларында көрсетілгендей алдына қойған мақсаты – қоғамның барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі кезде оқушы-жастарға ұлттық білім мен тәрбие беруге қоғамның ынтызарлығы мен өз Отанына деген сүйіспеншілік көлемі арта түсуде. Оған дәлел Республикамыздағы қазақ мектептерінде мемлекет құраушы халықтың 67%-ның балалары қазақша оқиды. Соның негізінде елімізде білімі мен тәрбиенің өзінің даму тарихы, рухани-мәдени дәстүрлерге, жергілікті халықтың тарихи-мәдени тәжірибесіне негізделіп жас ұрпақтың санасына ұлттық рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру барысында Отан, отбасы, ана тілі, туған жер табиғаты, халқы, оның тарихы, діні, мәдениеті т.б. ұғымдарды сіндіруге бет-бұрыс жасай бастады.

Осы орайда айта кетуге керек, Кеңес Одағы кезінде жастарды жалпыадамзаттық, интернационалдық құндылықтарға баулу барысында, олардың мінез-құлықтары мен жүріс-тұрыстарында өз ұлттық тағылымына, яғни тілі мен мәдениетіне немқұрайлықпен қарау көзқарастарын қалыптастыруға бейімдеді. Сол себептен де жастардың арасында рухани азғындау

көзге көріне бастады. Қой аузынан шөп алмайтын ұяты мол ел арасында құқық нормаларын ұстамайтын, басбұзар, арақ-шарапқа әуестік, анаша тарту сияқты, ұсқынсыз, жағымсыз әдеттерге кейбір жастар бой алдырған болатын.

Ендігі кезекте елбасшымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстанның ХХІ ғасырындағы басты даму бағдарын белгілеген стратегиялық жоспарында халықтың рухани жаңаруына ерекше назар аударған. Ол құжатта: «Адамдардың ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді. Бірақ, мемлекет өзгерістер үдерісінде объективті тенденцияларды түсіндіру, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен және де бастысы өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен қабілетті. Адамдардың жаңа дүниетанымы қалыптасқанша ондаған жылдар қажет болды» деген тұжырымы гуманитарлық ғылымдарға, оның ішіндегі психология, педагогика салаларына теориялық-әдіснамалық негіз болып отыр. Екіншіден, әр халықтың өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы заңдылық. Егеменді мемлекетіміздің жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімдерін, әдет-ғұрыптарын ықылым замандардан бүгінгі күнге дейінгі ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу – қазіргі күннің ең өзекті мәселесі.

Осы тұрғыдан біздер ұлы бабамыз, қазақ даласының перзенті Әбу Насыр әл-Фараби (870-950 жж.) ғұлама ғалым, ойшыл, философ, шығыс елдерінде тұңғыш педагогикалық жүйе жасаған ағартушы, оқымысты, өзінің көптеген

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

елдерге танылған педагогикалық еңбектерінде тұлғаны тәрбиелеу туралы, оған қойылатын талаптар жайында өте құнды пікір, ойларын қалдырған болатын. Ғұламаның педагогикалық ойларының ішіндегі ұлттық тәрбиеге байланысты идеясын талдауды жөн көрдік. Әр ұлттың ғалымдары Әбу Насырдың өмірі мен шығармаларын орта ғасырдың өзінде зерттей бастаған, олардың қатарында араб және парсы тілдерінде жазған Ан-Надим (Х ғ), Әл-Байваки (Х ғ), Ибн Саид әл-Кифти (ХІІІ ғ), Хаджи Халифа (1657 ж.), латын тілінде жазған Венике (1484 ж), Камерариус (1688 ж.) тағы басқаларды жатқызамыз. Ол шығармаларын араб тілінде жазып, олар сол кезде Мысыр, Шам, Бағдад, Басра, Куфа қалаларында өнердің үлкен орталықтарында жарияланып, халыққа таныс болған.

Әл-Фарабидің педагогикалық идеялары ертедегі түркілердің педагогикалық ой-пікірлері, алғашқы педагогикалық ескерткіштері тікелей халық өмірінің, халықтық педагогика мәдениетінің ықпалымен пайда болғанын көрсетеді. Ғылымның көрнекті өкілдері, орта ғасыр мәдениет қайраткерлері – жерлестеріміз жинақтаған аса бай тәрбие тәжірибесін есепке алмауы мүмкін емес болатын. Орта Азия ойшылдары «Әл-Фараби трактаттарынан» бастап, «Түркі тіліндегі Гүлістанға» дейінгі педагогикалық ой-даналығына үздіксіз назар аудару байқалады. Бұл өзара байланыс Х-ХІҮ ғ.ғ. шығармаларының маңызды белгілері болып табылады. Осы орайда, әл-Фарабидің философиялық, әлеуметтік ой-тұжырымдары өзінен кейінгі дәуірдегі ойшыл философтар мен қаламгерлердің шығармаларынан өзінің дәстүрлі жалғасын тапты. Мәселен, әл-Фараби өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келіп, оны «потенциалды интеллект», «актуальды интеллект», «жүре келе дарыған

интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фараби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллектің өзі жүре келе, есітіп, көріп барып қана дамитынын ескертеді. Әл-Фарабидің интеллект жөніндегі осы философиялық ой-тұжырымы одан әрі шәкірттері арқылы жалғасын тапқан.

Ғұлама ғалым әл-Фараби өзінің «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету жолдары», «Музыканың ұлы кітабы» т.б. трактаттарының басымы көпшілігі халықты, жас ұрпақты тәрбиелеу, білім беру, ағарту мәселелеріне арналған. Әл-Фарабидің педагогикалық көзқарастары, оның шығармалары Шығыс, Европа педагогикасына ықпалы өте зор болған.

Платон мен Аристотельдің философиялық тұжырымдарынан педагогикалық идеяларды шығарып алуға болатын сияқты, әл-Фарабидің философиялық ойларынан педагогикалық әдіснамаларды және теорияларды іріктеп алуға болады. Оның тұжырымдамалық ойларына байланысты педагогикалық идеялары азаматтық гуманистік немесе саяси философияның құрамына енетін ғылым деп айтуға болады.

Әл-Фарабидың пікірінше педагогика ғылымы болашақ жас ұрпақтың ерік-күйін, ниетін белгілі бағытқа бағыттап, әр жақты тәрбие құралдары мен әдістері арқылы басқарып отыру, өзін-өзі тәрбиелеуге ниеттендіретін басқару өнері деп санаған. Ал, басқарушы адам-педагог, ұстаз, тәлімгер деген ұғымдарды әл-Фарабидің педагогикалық жүйесіндегі басты ұстанар тетігі – философиялық-этикалық категориясын құрайды. Бұл категория әрбір толық адамды бақытқа жеткізетін, оның мәні-мағынасын ашатын мұраты. Бақытқа жетудің негізі – философия, яғни ғылыми білімдер арқылы дүниедегі әдемілікті, адалдықты, тазалықты,

мейірімділікті, қанағат тұту, мұратқа талпыну, қиыншылықты жеңе білу, ақыл-ойын жетілдіру, әрбір іс-әрекетті жүректе ұялату, дамыту әрекеттері жатады. Осы пікірді әл-Фарабидің сөзімен айтқанда: «Біз бақытқа тек әдемілік пен тазалықты бойға сіңіру арқылы жетеміз, ал ондай кемел тазалық пен әдемілік философия өнері арқылы келетіндіктен біз бақытқа нақ философия негізінде ғана жетеміз» деп түйіндейді.

Әл-Фарабидің философиялық жүйесінде тәрбие мен тәлім, білім мәселелері бір-бірімен диалектикалық бірлікте болғандығын байқаймыз. Өйткені, философия нағыз білімпаздың, өнерпаздың және кемеңгерліктің жиынтығы, сондықтан барлық ғылым, білім, өнердің жеткен жетістіктері философия ұғымына, мазмұнына жатқызылады.

Мәселен, әл-Фараби де Аристотель сияқты адамды қоғамдық жан деп есептеген, өзінің этикалық, педагогикалық және гуманистік көзқарастарында аталған қағиданы әдіснамалық негіз ретінде дәлелдеген.

Әл-Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында адамдардың бір-бірімен өзара бірлестікте болып, өзара көмектесіп қолұштарын берсе, бірлесіп еңбек етіп жеткен жетістіктерінің жемісін бөліссе, толыққанды адамдардың нобайы шығып, олар өздерінің балаларын кең бақыттылыққа тәрбиелеген болар еді. Міне, сондықтан бір-біріне көмек беріп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп ортақтасатын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады» деген пікір қосады.

Қоғамды кемелдендіру – бақытқа жетудің алғашқы басты шарты, тек кемелденген қоғамда ғана адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жете алады. Педагогикалық қағида тұрғысынан адамды бақытқа жеткізетін негізгі құрал мінез-

құлық пен ақыл-парасат, адамгершілік пен интеллектуалдық күш-қуат тәрбиенің мән-мағынасын құрайды. Әл-Фарабидің пікірі бойынша «Біз жақсы мінез-құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде солардың арқасында міндетті түрде бақытқа жетеміз. Бұл екеуі бар кезде, бірлікте болғанда ғана біздің іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біздер шын мәнінде қадірменді, қайырымды, инабатты адам боламыз» деп санаған.

Әл-Фарабидің педагогикалық идеясының маңыздылығы – адамның еркі мен талап-тілегінің сипатына мән береді. Оларға тиісті жағдай туғанда адамның жақсы қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік туып, мақсаты мен іс-жүзіне асырудың құралдарын ұстаздарының басшылығымен сұрыптап алып өзін-өзі тәрбиелеуге бағдар алады. Осындай адамгершілікті сипаттарды тәрбиелеу кездейсоқтықтан келмейді, қайта саналы түрде таңдап алған бағыт-бағдарлары жаттығу, машықтану, күнделікті әдеттерін жетілдіру қажеттіліктеріне байланысты болмақ.

Ерік пен тілек адамның сезімталдығымен, рухани қажеттіліктерді таңдай білумен мінезделіп, ерік-күшімен күнделікті тәрбиемен келетін сапа-қасиеттер біртіндеп мінез-құлықтарына сіңісіп, болашақ адамгершілік белгісіне айналады.

Әл-Фараби өзінің саяси-педагогикалық трактаттарында адамдардың, қала тұрғындарының мінез-құлықтары мен ақыл парасаттарын тәрбиелеуде қайырымды қала, мемлекеттерге, олардың басшыларына барген кеңесінде: «Тұрғындар бір-бірімен шынайы көмекке бірігіп, шынайы бақытқа жетуді көздегенде қала қайырымды қала, халқы қайырымды адамдар болғанда ғана, олар бақытқа жетеді. Егер дәл осылай бақытқа жету жолында барлық халық бір-біріне қалтқысыз көмектесетін болса, онда бүкіл дүние жүзі қайырымды мекен болар еді» деген ой



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

тербетеді. Негізінен, әл-Фараби адамзатты болашақ бақытқа жеткізудегі оның ұстаған ұстанымы—халықтар достығы, бейбітшілік қатынаста өмір сүру, адамдарды бір-бірімен байланыстыратын дәнекерлік тұтқа — адамгершілік құндылықтар. Сондықтан, адамдар өзара тату-тәтті бейбітшілік рухта тәрбиеленгенде ғана бақытты болатындығын айтқан.

Әл-Фараби педагогиканың мақсат, мұраты жайлы ұсынған гумандық идеясының мәні зор. «Біздің міндет, мақсатымыз — бақытты, толық толыққан адамды тәрбиелеу. Бақыт адамның материалдық және рухани игіліктерді өзіндік мақсатқа тұтыну ғана емес және тек өзіне ғана тән өмір рақатын көруде емес. Әрбір тұлғаның бақыты және мұраты — жаңа өмірдің күйбең тіршілігінде өз орнын табу жолында жасампаз рухани күш-қуаттарын бір арнаға тоғыстырып жетістіктерге жете білуін толықтай жобалай білуінде, соны іске асыруда сезімталдық пен қажеттілігіне сенім білдіріп, өзін-өзі ұйымдастыра білуі тиіс» деген. Ғұлама ойшыл философиялық ой-толғамында әрбір адамға өзінше жеке-жеке бақытқа жеткізетін жолдарды іздестіреді. Бұл жолдардың тоғысқан түйісі ретінде ол толық құнды теориялық білім мен қастерлі адамгершілік, олар әрбір жас ұрпақтың бейім-қабілеттеріне қарай жан-жақты гармониялық тұрғыдан қалыптасып дамуын ойластырады. Әл-Фараби оның басты жолы белгілі бір жобамең жүйелі жүргізілетін тәрбиелеу мен оқыту деп дәлелдейді.

Сонымен, әл-Фарабидің философиясындағы педагогикалық идеяларының ұстаған ұстанымы-кемелденген тәлім-тәрбиелі, білім-парасатты зиялы адамның идеялық үлгісін жасағандығын белгілі педагог А.Көбесов «Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі» деген оқу құралында дәл көрсете білген. Әл-Фараби мемлекет басшысының «Сегіз қырлы бір сырлы» болудың шарттарын

анықтап, әрқайсысына жеке-жеке сипаттама берген. Мысалы, ол табиғи бейім-қабілеті бар жасөспірім өсе келе кемеңгер әмірші болуы үшін және өкіметті басқара білуі үшін, жас кезінен қалай тәрбиелеу керектігін азаматтық философияны негізге алатын педагогиканың басты міндеті деп санаған. Табиғи қабілеті бар баланың туа біткен және балалық шағынан бастап ақылмен тәрбиеленген, жоспарлы мақсатпен дамытатын он екі қасиеттерді саралайды.

Ғұламаның тұжырымдық қағидаларында: «Ешқандай жанға бағынбайтын басшы адам, өзінің бойында туа біткен он екі қасиеттерді дамыта тәрбиелеп отыра, оларды бір-бірімен ұштастырып жетілдіріп отыруы тиіс. Біріншіден, адамның әрбір ағзалары салауатты мінсіз болып, әрқайсысы өз қызметтерін жақсы атқарып, әр жағдайлар туғанда тез бейімделгіш болуы тиіс. Сонда ғана ол адам бір іс атқармақ болса, бір мүшесінің жәрдемімен істі тез арада атқарып тастайды. Екіншіден, әмір табиғи туа біткен қасиетіне қарай өзіне жүктелген міндеттерді түсініп, тыңдаған ақыл-кеңестерді ұғына білетін әрбір ойды есіне ұстап, қажетті сәтте пайдалана білетін және істің жай-жапсарын түсініп орынды тапсырмалар бере білетін: өзі түсінген, көрген, білген, естіген және аңғарған нәрселер мен әрекеттерді есіне сақтап, дер кезінде іске қосатын аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт. Үшіншіден, алғыр ойлы, өткір сөз иесі және ойындағы түйген пікірін анық айта білетін тілмар, шешен адам болуы шарт. Төртіншіден, өнер-білімге құмар, ақыл-ойын ұштап отыратын көреген, алыстан ойлайтын, әрбір істің шешімін таба білетін, ішіп-жемге, ішімдік ішуге, сыр-сұхбат құруға қанағат тұтатын, жаратылысынан ойынсауыққа құмар емес, нәпсі-ләззатқа жирене қарайтын адам болуы шарт. Бесіншіден, қанағат танытатын шындық пен шыншыл, адамдарды қолдап, өтірікшіл, су жұқпас

суайттарды жек көру қажет. Алтыншыдан, жаны асқақ және ар-намысын жоғары қоятын адам болуы шарт. Жетіншіден, оның жан-дүниесі пасық істердің барлығынан жоғары тұрып, тумасынан игі істерге ынтазарлық көрсетіп, тиянақты орындап отыруы шарт. Сегізіншіден, дир-хем, динар атаулыға, жалған дүниенің көз қызықтырар нәрселеріне (атрибуттарына) жиіркенішпен қарау шарт. Тоғызыншыдан, тумасынан әділеттілік пен әділеттілерді қолдап, әділетсіздік пен озбырлықты және бұл қасиеттердің иелерін жек көріп, жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділдікке баулап әділетсіздіктен зардап шеккен адамдарға көмектесіп, жұрттың барлығына өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп отыруы шарт. Оныншыдан, әділ бола отыра қыңырлық көрсетпеу, әділеттілік алдында теріс, қияс мінез жасап қарыспау керек, бірақ әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлдем рақымсыз болу шарт. Он біріншіден, мемлекет басшысы өзі қажет деп тапқан жағдайда бастамақ ісін жүзеге асырғанша шешімпаздық көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы тиіс. Он екіншіден, дін қандай сенімді, көзқарасты қуаттамасын оның негізгі нысанасы, мақсаты адамды шынайы бақытқа жеткізу жолына қызмет жасауы шарт» - деп, мемлекет әміршісінің мінез-құлқындағы адамгершілікті құндылықтарға мінездеме берген. Аталып өткен адамгершілік қасиеттердің барлығы бір адамның бойынан табылуы тиіс. Бірақ жаратылысынан осындай қасиеттер дарыған адамдарды өте сирек кездестіреміз. Әл-Фарабидің нақтылай айтпақшы ойы: қайырымды қаладан сегіз қырлы, бір сырлы кемел адам табылса және оның мінез-құлқында жоғарыда аталып өткен шарттардың алғашқы алтауы немесе бесеуі болса, онда қиялдану қабілеті жағынан алдына жан салдырмаса, ол осы қаланың (мемлекеттің) адамдарын бақытқа жеткізетін айбынды

басшысы болмақ...» деген философиялық, этикалық, педагогикалық жағынан мәні зор адамгершілік қасиеттердің мазмұнын ашып береді.

Әл-Фарабидің педагогикалық идеялары жастарға оқыту мен тәрбие беруде ерекше мазмұндылығымен, біртұтас байланыстылығымен сипатталады. «Оқыту арқылы адамдар мен халықтарға теориялық және практикалық білімдер беріп қайырымдылыққа, қанағаттылыққа бағыттап отыру әдіс-тәсілдерімен іс жүзіне асырамыз. Оқыту, сөйлесу, әңгімелесу халықты белгілі іс-әрекеттер арқылы әдет-дағдыларын қалыптастырамыз» деген ойын жазады.

Әл-Фарабидің топшылауынша оқу-философияның негіздерін, теориялық білімдерді еркін меңгеру, әлеуметтік-саяси көзқарастарын қалыптастыруға қызмет жасаса, ал тәрбие – ол ұстаздың, тәлімгердің адамның белгілі мақсатқа негізделген адамгершілік мінез-құлық, әдет-дағдыларын қалыптастыруға ниеттелген іс-әрекеттерін дамытады. Қайсыбір адам болмасын өзінің мінез-құлқына аса қадірлі абзал қасиеттерді қалыптастырсам екен деп қиялданады. Бірақ адам адамгершілік қасиеттердің түп-тамырына дейін сана-сезімі жетпеуі мүмкін немесе тәжірибесіздіктен арнаулы әдіс-тәсілдермен, амалдармен дамыта алмауы ғажап емес. Сол себептен уақытын өткізіп алып, қажетсінген қасиеттерді тәрбиелей алмай, абзал адамгершілік қасиеттердің орнына жағымсыз пасық қылықтардың пайда болуы мүмкін. Сондықтан жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беруде тәрбиелі ұстаздар мен тәлімгерлерді дайындауымыз қажет. Олар өз ісіне шын берілген адамдар болса, жастарды тәрбиелеуде көп нәтижелерге жеткен болар едік. Әрбір дара адамдардың (индивид) түрліше қасиеттері болмақ. Бақытты қалыптасуына байланысты, оның бойындағы нышандарды танып-білу кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Бұл үшін кемел ұстаз және

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

ақылғөй тәрбиеші керек. Адамдардың мінез-құлқы әр түрлі болғандықтан, бір адамға шамалы ғана ықпал жасап, өзінің жүріс-тұрысын бағдарлап басшылық алуына көмек берілгенде өз жеке басын алып жүре алады. Басқа бір адамдар ұзақ басшылықты қажет тұтады. Бірақ екеуіне де кейде орынды бағыт-бағдарын бағдарлап басшылық жасағанымен ұзақ мерзімге дейін сырттай итермелеп жаңа іс-әрекеттерге қажеттіліктерін жандандырып отыру керек. Өйткені, жақсы тәрбиеге үйреткенімен және берілген ақыл-кеңестің барлығын орындай бермейді. Бұл адамдардың көпшіліктеріне тән нәрсе. Сондықтан, адамдар осылардың бәрін үйрететін, басшылық жасайтын, адамның жан дүниесін түсінетін тәрбиеші ұстаздарға зәруміз» деген пікір қосады.

Әл-Фараби жастарды тәрбиелеуде бірінші орынға мінез-құлық тәрбиесін қойып, ол адамдарды шынайы бақытқа жеткізетін педагогикалық категория ретінде мінездеме берген. Ғұлама кең мағынадағы тәрбие ауқымына еңбек, дене, эстетика, ақыл-ой, гуманистік елжандылық, рухани, адамгершілік т.б. тәлім-тәрбиенің түрлерін жатқызады. Осы тәрбие жүйелері кемелденген адамдарды қалыптастыруға тірек болатындығына назар аударған.

Ғұлама адамның мінез-құлқын тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, құралдарын белгілеуде Аристотельдің тұжырымдамасын басшылыққа алған. Мысалы, ол адамдағы жастайынан қалыптасқан мінез-құлық қасиеттері туғаннан берілген нышан емес, қайта күнделікті жаттығудан, әдеттенуден, машықтанудан тәрбиеленген нәтиже деген қағиданы ұстанып, бұл педагогикалық идеяны одан әрі дамытты.

Бабамыз адамдағы жақсы мінез-құлықтарды қалыптастыруға және өзін-өзі, одан әрі жетілдіруде ерік-күйіне, қайрат-жігеріне көп мән берген. Өйткені, сезім мен рухани қажеттілік пен парасат,

мұқтаждықтар бірлікте болмай бір-біріне қарама-қайшылықта болса, мәселелерді шешудің басты жолы-сана арқылы, яғни ерік және ақылының бірлігінде белгілі бір қорытынды шешімге келуге итермелейді. Мұндай жақсы ниет, атқарылған оңды іс-шаралар келе-келе адамның әдет-дағдысына, іргелі қасиетіне айналып, адам жан-жақты тәрбиесі жақсы мінез-құлықты жан деп айтуға себепші болады.

Әл-Фарабидің жоғарыда айтылғандай педагогикалық идеяларының түйіндей нәрі, оның «Бақытқа жету жолдарында» айтылғандай: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші, бұлар адамшылық қасиеттер болып саналады. Екеуі де бірдей бір адамның бойынан табылса, оның әрбір іс-әрекетінен, айналысындағы адамдармен қарым-қатынасынан абзалдықты, кемелдікті көреміз. Осы екі қасиеттің арқасында ізгілікті және қайырымды адам болып, оның өмірі қызықты, қайырымды, еңбексүйгіштік мінез-құлқы адамдар арасында құрметке бөленіп отырады...», – деп қорытындылайды.

Аталған трактатында ғұлама мінез-құлықтағы кемшіліктерді жөнге салу әдісінің мән-мағынасын ашады. Адамгершілікті мінез-құлық әр адамның адами іс-әрекеті мен жүріс-тұрыстарының белгілі талаптан аспай, шама-шарқынша орындалып жатады. «Жаман мінез-құлық рухани кесел. Бұл кеселді жоюдың жолы тән кеселін емдеген сияқты дәрігердің тәсіліне жүгінген жөн. Ең алдымен, бойымыздағы жаман мінез-құлықты зерттеп, себеп-салдарын білуіміз тиіс. Содан кейін, жоспарлы ұйымдастырылған тәрбие арқылы теріс мінез-құлықты жоюдың әдіс-тәсілдерімен адамды қаруландыру керек. Адам бойындағы жаман қылықты қайта тәрбиелеуде өзін қатыстырылып, әдеттенуге ынталандырып басшылық жасау қажет».

Әл-Фарабидің «бақытқа жету жолы» атты трактатында жасөспірімдерді қайырымдылыққа, қанағаттылыққа,

жомарттылыққа, батырлыққа, шешендікке, достыққа т.б. сияқты қасиеттерге тәрбиелеу жолын айтады. Мәселен, тапқан қаражатыңды үнемдей білу, орынды жұмсау жомарттылыққа апарады. Шектен тыс үнемшіл болу, ақшаны кем жұмсау сараңдыққа бейімдейді.

Достық қарым-қатынас адамгершілік қасиет, басқа адаммен әңгімелесу, сырласу, мінез-құлқын түзеуде адамға ләззат әкеледі, ал достыққа тарлық жасау — тәкәппарлыққа әкеледі. Ғұламаның философиялық-педагогикалық шығармаларында әдемілік, әсемдік пен үйлесімдік, гармония сезімдерін тәрбиелеуге ерекше мән берген. Сондықтан, оның жастарға музыкалық білім беру, тәрбие туралы айтқан ой-пікірлері, түйіндеген қорытындылары «Музыканыңұлықтабында» жинақталған. Әл-Фараби жастарға эстетикалық тәрбие беруде поэзия, бейнелеу өнері, мәнерлеп оқу, жазу, арқылы оларды көркемдікке баулиды. «Көркем жазу, жазудың кемелділігінің жемісі, ал адам бұл әрекетті кемел меңгеріп, оны мағынасына сай орындай алатын әдетке жеткенде ғана жүзеге асады» деген.

Әл-Фарабидің пікірі бойынша тәрбиеші және тәрбиеленушінің денсаулығы мықты болуын қадағалап отыру керек. Өйткені, кісіні жан-жақты қалыптастыруда дене тәрбиесі негізгі фактор болып саналады. «Адам тәнінің кемелдігі — ол денсаулық, егер денсаулық болмаса, оны жетілдіріп, емделу қажет. Ал егер денсаулық болса, оны сақтай білу парыз». Еңбек, еңбексүйгіштік тек өзінен-өзі келмейді, тынымсыз еңбек жасау керек, ол бақытқа әкелетін ізгі қасиет, мысалы «байсалды, бірқалыпты еңбек адамға нәр беріп, күш-қуатын арттырады» деп жазды.

Ұлы Даладағы біздің даңқты ата-бабаларымыздың бойында асқақ рух, мызғымас бірлік, қоршаған ортаға тез бейімделгіш, алғырлық қасиеттер. Сол замандардан сақталған деректер-

ге сүйене отырып Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде гуманитарлық пәндерді оқыту үдерісінде және тәрбие жұмыстарында болашақ педагогтарға ұлттық намыс, ар-ұят, жауапкершілік, сөзде тұру, адалдық, әдептілік, ізеттілік т.б. адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға барлық мүмкіндіктерін жұмылдыруға кірісті.

Сонымен, педагогикалық университеттегі студенттердің сана-сезімдерін оятудағы ұлттық білім мен тәрбие беруде қазіргі кезде алдына қойған басты мақсатты — ерікті, шығармашыл, белсенді, өзін-өзі дамытатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Ұлттық тәрбие бағдарламасының алдына қойған негізгі міндет — болашақ ұстаздардың тарихи-мәдени мұраларға танымдық қызығушылықтарын арттырып, олардың саналары мен мінез-құлықтарына жалпыадамзаттық рухани құндылықтар мен ұлттық тәлім-тәрбиенің құндылықтарын қалыптастыруға ерекше назар аудару. Екінші бір міндеті — әрбір болашақ мамандардың жаңаша ойлау әдет-дағдыларын қалыптастыру. Соның ішінде жеке тұлға мәдениеті, яғни болашақ ұстаздардың өзара қарым-қатынастар және ұлтаралық қатынастар мәдениеттерін дамыту. Үшінші міндет — студенттерді дүниежүзілік классикалық педагогикалық ой-пікірлері және идеяларымен таныстырып, олардың жас ұрпақты тәрбиелеуде халықтардың тәрбиелеу, оқыту және білім беру мәселелеріне қосқан үлестеріне, жетістіктеріне жан-жақты талдау жүргізіп таныстыру. Төртінші міндет — болашақ мамандардың намыс, жауапкершілік, еңбексүйгіштік, сөзде тұру, бейім-қабілет, елжандылық сана-сезімдерін дамытып, басқа ұлт, ұлыстармен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.

Педагогикалық университетте жаңадан ашылған «Ұлттық тәрбие» кафедрасында ұлттық тәрбиенің мазмұндарын ұйымдастырып жүргізудің

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

тұжырымдамалық негізі болып жеке тұлғаның:

- ұлттық сана-сезім, мақтанышын қалыптастыру, рухани мәдениетін көтеру;
- азаматтылығын және ұлтжандылығын, өз Отанына, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге сыйластығын тәрбиелеу;
- рухани, шығармашылық, адамгершілік қатынастарын дамыту мен салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- республиканың әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени өміріне қатысуын қамтамасыз ету;
- республикадағы әрбір ұлт өкілдерінің өсіп-өркендеуіне жағдайлар жасау т.б. саналады.

Ұлтымызды ғұмырбойы тұтастандырып келген, болашаққа топтасқан күйінде қалпын сақтап, жаугершілік заманда қиын-қыстауда ұжымдасып тілін, жерін, суын және Отанын сақтауға тұғырлық негіз болған ұлы тұғырдың бірі – ана тіліміз. Ана тілі жастардың рухани байлықтарын мінез-құлықтарында, жүріс-тұрыстарында өздіктерінен тәрбиелеп білуге себепші болатын басты фактор. Сондықтан, бүгінгі таңда ана тілін білу әрбір қазақтың парасаттылық және ұлттық қажеттілігіне айналып келеді және соған мемлекет тарапынан қазақ тілін дамытуға жағдай жасауда. Ол қадірменді шараларды іс жүзінде асыруда Республикамыздағы жоғары оқу орындары атсалысуда. Ана тілін дамытуға педагогикалық университетте барлық мүмкіндік жасалуда, іс-қағаздар, құжаттарды қазақ тілінде дайындауда.

Ұлттық тұтастығымызды, өзіндік болмыс-бітімімізді сақтаудың тағы бір тұғыры – ұлттық тарихы және қазақ халқының мәдениеті, еліміздегі бүкіл мәдениеттерді біріктіруші міндетін атқаруда. Қазақ мәдениетіне күмәнмен қарайтын зерттеушілер баршылық. Олардың күмәндерін сейілтетін ұйымшылдықпен атқарылып жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасының атқарар

жүгі зор. Соның ішінде қазақ эпостары, өнер, сәндік қолданбалы өнер, ұлттық музыка, би т.б. мәдени салалардың жиынтығы жастардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен бейім-қабілеттерін қалыптастыруға себепші болатын ұлттық тәрбие мазмұндарының мүмкіндіктері ерекше. Біздер философия, көрсем-сурет факультеттердің оқытушы-профессорлар құрамына болашақ мамандардың бойларына ұлттық мәдениетті тәрбиелеуге жұмылдыруға тапсырма беріп отырмыз. Сонда ғана, біздер жаһандану заманында әлемдік қауымдастық құрамындағы өзіндік болмыс бітімімізді, төл дүниетанымымызды сақтап қаламыз.

Болашақ мамандардың рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудегі іргелі тұғыр – ұлттық салт-дәстүр. Өмір-салты дегеніміз – әрбір қоғамның әлеуметтік топтардың белгілі бір өмір сүру, табиғи ұлттық ерекшеліктеріне байланысты. Бұл ұғым қоғамның, оның топтарының өздеріне тән жұмысы, тұрмыс жағдайы, мәдениетінің дамуы, қызметі, отбасындағы және тұрмыстағы қарым-қатынас ерекшеліктеріне байланысты. Бұл ұғым қоғамның, оның топтарының өздеріне тән жұмысы, тұрмыс жағдайы, мәдениетінің дамуы, қызметі, отбасындағы және тұрмыстағы қарым-қатынас ерекшеліктері, болашақ мамандардың бірлік формалары, материалдық және рухани байлығы, бос уақытын нәтижелі пайдалану іс-әрекеттерінен тұрады.

Болашақ мамандардың өзін-өзі тәрбиелеуде ерекше орын алатын тұғыр өзін-өзі тану (әдептану). Жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеуге өзара жеке тұлғаның түсіністік сана-сезімдерін қалыптастыруда адамдар арасындағы қатынастар ізгілікті бір-бірін сыйлау құрметтеріне ие болады. Себебі, интеллектуалдық биік шын-дарын игеру өзін-өзі танудың, әлем мен адамға деген өзіндік көзқарасты қалыптастырудың шарты болып табы-

лады. Өзіндік ой қисыны, фактілер мен құбылыстардан ой қорытындысын жасай білуге дағдыландырып, дербес өзінше еркін жұмыс істеу қажеттілігін тудырып отыр. Адам мәдениет әлемімен сұхбатқа түсу үдерісінде өзгелердің пікірлерін өзінше игеріп қана қоймай, сонымен бірге өз көзқарастарын да білдіреді. Бұл оның өзін-өзі тұлға ретінде қайта өзгертуге, өзгелерді де өзгертуге ықпал жасайды.

Ұлттық тәрбиенің келесі тұғыры – дін, оның болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеудегі

маңызы зор. Өйткені, олар ислам дінінің тарихын білсе, жастарымыздың басқа кереғар секталардың ықпалына түспеуге мүмкіндік береді.

Сонымен, ұлттық тәрбиенің негізгі көздеген мақсаты – бай тарихи тәжірибеге сүйене отырып, жас ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, отбасы, ауыл-аймақтың, елдің ар-намысын қорғауға тағы басқа ізгі қасиеттерге баулу, яғни жеке тұлғаның белсенді бет-бағдарын қалыптастыруға ықпал жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Оқушыларға жалпыадамзаттық және ұлттық тәрбие берудің моделі. – Алматы, 2003.
2. Волков Г.Н. «Этнопедагогика». – Москва, 1999.
3. Жарықбаев Қ.Б. «Этнопедагогикалық – ұлт тәрбиесінің өзегі». – Алматы, 2005.
4. Габбасов С. «Халық педагогикасының негіздері». – Алматы, 1995.
5. Пірәлиев С.Ж., Керімов К.Л. «Таным және студент». – Алматы, 2007.

Резюме

В статье рассматривается проблема формирования духовно-нравственных чувств у молодого поколения средствами национального воспитания.

Summary

This article is considered the problem of forming the esthetic sense in the young generation with the help of the national education.

Е.Мұханғалиев –
тарихшы

ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІ ЖАҢҒЫРТУ

Адам тумысынан адамгершілік қасиетке ие болып тумайды, ол адам бойына тәрбие арқылы дариды. Ендеше, адамның жақсы не жаман болып өсуі тәрбиеге байланысты екен. Сондықтан да, ата-ана үшін, қоғам үшін жақсы адам тәрбиелеп өсіру басты міндет. Бірақ та, бұл айтуға оңай болғанмен оны іске асыру өте қиын, себебі уақыт, орта, заман адамға өз әсерін тигізеді. Яғни, бізге ең алдымен адам қандай қоғамда, қандай өмір салты-

мен өмір сүретінін жақсы білуіміз керек екен.

Қазақ халқы соңғы ғасырларда тәрбиенің екі түрін басынан өткерді деуге болады. Оның біріншісі, Қазан төңкерісіне дейінгі ұлттық тәлім-тәрбие болса, екіншісі, төңкерістен кейінгі коммунистік тәрбие. Қазір біз осы екі үлгіні бір-бірімен салыстыру арқылы: қайсысының қандай артықшылығы болғанын білуімізге мүмкіншілігіміз бар.



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Қазақтың ұлттық тәрбиесі негізінде Ислам дінінің қағидаларына негізделген имандылық жолы болатын, сондықтан да олар рухани құндылықтарды материалдық құндылықтан жоғары қойған. Оған қазақтың «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» немесе «Жарлы болсаң да, арлы бол» деген мақал-мәтелдері дәлел. Ал, коммунистік тәрбие болса, олар атеистік саясат жүргізіп дінді «бас қатыратын апиын» деп, коммунизмнің негізгі принципін «әркімнің қабілетіне қарай, әркімнің қажетіне қарай» немесе «сананы болмыс билейді» деген ұрандармен, материалдық құндылықты рухани құндылықтан жоғары қойып келді. Соның кесірінен адамдар құдайға да сенбей, заңды да сыйламай, өмірдегі басты мақсат – тірлікте ішіп-жеп, бұл дүниенің рахатын көріп қалу деп ұқты. Мұндай тәрбие, ақыр аяғында адамдарды имандылық жолынан тайдырып, моралдық азғындыққа алып келді.

Коммунистер адамдарды тапқа бөліп, оларды бір-біріне қарсы қойды. Кедейшілікті мақтап, байлықты даттап, адамдар қалай еңбек етсе де, жалақыны бәріне бірдей төлеп, адамдардың жұмыс істеуіне деген ынтасын жойды. Бұл ақыр аяғында қоғамның құлдырауына киліктіріп, коммунистік алып империя өз-өзінен ыдырап тынды. Коммунистік тәрбиенің басты мақсаты – адамдарды жеке адамгершілік қасиетінен айырып, айтқанға көніп, айдағанға жүретін тобырға айналдыру еді. Олардың негізгі саясаты алып империяның мүддесін қорғай отырып, сол арқылы бүкіл дүние жүзіне өзінің үстемдігін орнату болды. Олардың идеялық-саяси, патриоттық, интернационалдық, атеистік, этикалық, эстетикалық, құқықтық, дүниетанымдық тәрбиесінің бәрі саяси мақсатқа бағытталған болатын.

Біз саяси тәуелсіздігімізді алғаннан бері ұлттық тәрбие жөнінде аз айтылып,

аз жазылып жүрген жоқ. Бірақ балалар бақшасында, орта және жоғары оқу орындарында білім, тәрбие жұмысы сол бұрынғы Кеңес заманы кезіндегі жүйемен жүргізілуде. Ондағы бір үлкен қателік, жастарға білім беру (ол қандай білім екені өз алдына бөлек әңгіме) бірінші кезекке қойылады да, тәрбие жұмысына онша көңіл бөлінбейді. Соның кесірінен жасөспірімдер мектеп қабырғасынан темекі тарту, арақ ішу, нашақорлық сияқты теріс қылықтарға үйір болып, оның аяғы ұрлық жасау, адам тонау, әйелдерді зорлау сияқты қылмыс жасаумен, ең соңында түрмеге түсумен аяқталады. Мұндай тәрбие алған жастардың бойынан патриоттық сезім, ата-анасына деген құрмет, адамдарға деген ізгі ниетті табу қиын. Бүгінгі күні біз жастарымызды ұлттық үрдісте тәрбиелеп жатырмыз деп айта алмаймыз. Қайта керісінше, ақпарат құралдарының әсерімен батыстың «Көпшілік мәдениеті» деген ешқандай эстетикалық, этикалық, дүниетанымдық мәні жоқ алдамшы ән-күйге, ойын-сауыққа әуейіленіп, өзінің ұлттық рухани мәдениетінен қол үзіп барады. Бұдан әрі мұндай жағдайға төзуге болмайды. Сондықтан да, біз бодандықтан құтылып, тәуелсіздігімізді алған егеменді ел ретінде, Отанымыздың болашақ қожасы – жасөспірімдерді дұрыс тәрбиелеп, сапалы білім беріп, жан-жақты дамыған, саналы азамат болып өсуіне жағдай жасауға тиіспіз. Бұл – біздің міндетіміз. Ол үшін халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесіне сүйене отырып және осы мәселе жөнінде адамзат баласының қол жеткізген табыстарын басшылыққа алып, қазіргі заман талабына сай, жаңа өмір салтымызды орнатуымыз керек.

Біз ұлттық идеологиямызды өмір салтынан, оның ішінде тәлім-тәрбиеден бастауға тиіспіз. Ол үшін көп созбай, елімізде «Салауатты өмір салты» қоғамын құрып, сол арқылы адамдарды, соның ішінде жастарды ұлттық руха-

ни мәдениетке үйретіп, халық арасында ағарту жұмысын жүргізу қажет.

Әрине, біз қазір ХХІ ғасырда тәуелсіз мемлекетімізде өмір сүріп отырғандықтан, бізге өткен ғасырлардың өмір салты жарамайды. Біз тек солардың ішінен ұлттық мүддемізге сай келетін асылдарын тандап алып, жаңа өмір салтымызды құруымыз керек. Жаңа өмір салтымызда ұстанатын басты қағида: жанұяда сүйіспеншілік, ұжымда сыйластық, ал қоғамда заңның үстемдік етуі. Сонда ғана адамдар арасында түсінушілік, әлеуметтік ортада әділеттілік, қоғамда тыныштық болмақ.

Жастарды әдептілікке баулу

Әдептілік – адамгершіліктің басты белгісі, оның бірінші шарты. Ол имандылыққа, ар-ұятқа байланысты. Қазақта “жақсы адам”, “жаман адам” деген ұғым бар. Жақсы адам – мәдениетті, кішіпейіл, сыпайы, ал жаман адам – арыс, дөрекі, менменшіл деген мағынаны білдіреді. “Әдептің не екенін, әдепсіз адамды көргенде білерсің” дейді дана халық.

Әдеп сақтау, ол қоғам мүшелерін атабабадан қалған, бұрыннан қалыптасқан әдептілік ережелерін бұзбауға міндеттейді. Әдепті бұзған адамға қауым мүшелері кінә тағып, оған моральдық талап қоюға құқылы, себебі, әдепті сақтау – әлеуметтік дәстүріміздің негізі, халқымыздың ғасырлар бойы тәжірибе арқылы жиған қадір-қасиетінің өлшемі.

Адам болмысынан жүз пайыз жақсы не жаман болып жаратылмайды. Олар күнделікті өмірде көру, есту, сезу арқылы олардың санасы қалыптасып, дүниетанымы, өмірге көзқарасы, мінез-құлқы пайда болады. Осы қасиеттер арқылы адамның ішкі жан дүниесі бір жүйеге келіп, оның өмірдегі құндылықтары, идеалы, нанымы қалыптасады. Яғни, әрбір адам әдепті, не әдепсіз болып тумайды, оған отба-

сы, балабақша, мектеп, қоршаған орта, қоғамдық институттар әсер етеді.

Қазақ халқында бұрын ресми қабылданған Конституция немесе Заңдар кодексі, болмаса қылмыс жасаған адамдарды жауып қоятын түрмесі болған жоқ. Бірақ та, қоғамдық тәртіпті бұзушылық қазіргі кезге қарағанда әлдеқайда аз болды. Оның себебі, адамдарды жас кезінен дәстүрлі әдепке тәрбиелеу өте жақсы жолға қойылды. Адам үшін ар-ұятты сақтау, намысшыл болу әр адамның адамгершілік қасиеті болып саналды. Қазақ халқын осындай әдет-ғұрыпқа тәрбиелеуде мұсылман дінінің атқарған рөлі өте зор болды. Мысалы, Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың хадисінде былай делінген: “...Әдетте ынсап, рахым, әдеп болмаса, адамның өзге хайуаннан артықшылығы болмас еді. ... Әдеп – діннің жаршысы. Әдепті кісінде ұят бар, ұяты бар кісінде иман бар”, – дейді. Яғни, әдептілік адамның ар-ұятына, имандылығына байланысты екен.

Адамдарды атам заманнан бері толғандырып келе жатқан басты мәселе, ол – адамдар қалай дұрыс өмір сүруі керек деген сұрақ. Бұл, әрине, тәрбиеге байланысты. Егер де жастарға дұрыс тәрбие беріп, оларға ерте бастан жақсылық деген не, жамандық деген не, адамдардың өзара қарым-қатынасы қандай болуы керек, адам өзінің іс-әрекетінде қандай идеяларды басшылыққа алуы керектігін ерте түсіндіре білсек, сол құрлы тәрбиенің жемісті болары анық.

Игілікті іс-әрекеттер көп қайталанып әдетке айналса, ол адам өміріне сіңісіп, тұрмыста қалыптасып, бара-бара әдет-ғұрыпқа айналады.

Адамдардың күнделікті өмірі өзара сан-салалы байланыстар мен қарым-қатынастарға толы. Әркез адамға әуелі ой келеді, сосын ол сөз арқылы айтылып, әрекет арқылы іске асып отырады. Егер де осы байланыстарды талдап, саралар болсақ, олар адамдардың

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

әр түрлі жағдайларда өзін-өзі ұстауы, мінез-құлық пен іс-әрекет қағидаларын сақтау тәртібіне, яғни, әдепті болуға баулиды. Біз атеистік қоғамда өмір сүргенде адамгершілік қасиет қаншалықты құнсызданып, адамдардың моральдық азғындыққа қалай түскенін көзіміз көрді. Сол кездегі солақай идеологияның зардабын осы кезге дейін тартып келеміз. Оның себебі, қазіргі билік басындағы саяси элитамыздың көбі интернационалдық рухта тәрбиеленген, ұлттық санасынан, мәдениетінен, тілінен, мақұрым қалған, былайша айтқанда, мәңгүрттер. Олар өздерінің қарақан басының қамы үшін сол бұрынғы Кеңес заманындағы идеология, сол кездегі өмірге көзқарас, дүниетаным баяғыша қала бергенін қалайды. Егер де қазақ халқының бодандық дәуірде жоғалтқан ұлттық құндылықтары қайта қалпына келтірілетін болса, оларға және олардың балаларына қазақтың мәдениетін, тілін, дәстүрін үйренуге тура келеді. Сол себепті, олар қазір билік қолында тұрғанда, бар күш-жігерімен қазақтың төл мәдениетінің дамуына кедергі келтіруге тырысады. Бірақ та, түптің түбінде әділеттілік жеңетіні сөзсіз, оған бірнеше объективтік себептер бар.

Біріншіден, Қазақстан тәуелсіз мемлекет, сондықтан да қазақ халқымен бір мезгілде тәуелсіздік алған басқа халықтар өздерінің ұлттық мәдениетін дамытуда қандай жетістіктерге қол жеткізгенін көргеннен кейін, қазақ халқы да сондай болуға ұмтылады.

Екіншіден, тоталитарлық дәуірде қазақ халқының мәдениетінің құлдырауына демографиялық жағдай себеп болса, қазір қазақтардың саны Қазақстанда көбейіп келеді.

Үшіншіден, бұрын қазақтар ауылдық жерде тұрып, қала мәдениетінен шет қалып келсе, енді алдағы уақытта урбанизациялануға байланысты қазақтар қалаға шоғырланып, жаңа өмір салтын қалыптастырып, ұлттық мәдениетін

дамытуға қолайлы жағдай тұмақ. Сол себепті, қазіргі саяси элита қанша қарсылық көрсетсе де, олардың бұл ниеті сәтсіздікке ұшырайтыны анық.

Біз болашақ ұрпағымыздың әдепті азамат болып өсуі үшін не істеуіміз керек? Әрине, әдептілік – күнделікті өмір салтымыздағы тәлім-тәрбиенің жемісі. Сондықтан да, біз күнделікті өмір салтымызды дұрыс қалыптастыра білуге тиістіміз. Ол үшін “өмір салты” деген сөздің мәні мен мағынасын жақсы ұғынып, дұрыс түсіне білуіміз керек. Егер де әрбір ересек адам күнделікті өмірде әдептілік сақтап, әдепсіз қылықтардан аулақ болуға тырысса, оларды көріп өскен жастар да солардан үлгі алуға ұмтылары сөзсіз.

Сол себепті, жастарымыз әдепті азамат болып өсуі үшін оларды дұрыс тәрбиелей білуіміз керек, ал тәрбиенің отбасынан басталатыны белгілі. Олай болса, әрбір отбасы күнделікті тұрмыста салауатты өмір сүруге тиіс.

Бұрын қазақтың отбасы мүшелерінің әдепті болып өсуіне сол әулеттің жасы үлкен ақсақалы жауапты болған. Егер де отбасы мүшелерінің бірі әдепсіз қылық істесе немесе қылмыс жасаса, ол тек сол отбасына емес, оның бүкіл ауылдастарына және аталас, рулас елге салынған қара таңба болып саналған. Сол себепті, әрбір адамның әдепті болып, отбасына, туысқандарына, ауылдастарына жаманат келтірмеуі үшін жастардың тәлім-тәрбиесіне бүкіл ауыл-аймақ болып атсалысқан. Жастардың ата-анасын, туған-туысқандарын, ауылдың ақсақалдарын сыйлап, көрген жерде сәлем беруі әрбір жастың міндеті болатын. Егер де жасы үлкен ақсақалға жастар бірінші болып сәлем беріп, дұрыстап амандаспаса, оны “тәрбие көрмеген көргенсіз” деп сөккен. Ал, қазақ үшін “көргенсіз” сөзі намысқа тиетін, өліммен тең сөз болып саналады.

Қазақ халқы тәрбиені адамның жасына, жынысына, туыстық қатынасына байланысты ата салты, ене салты, әке салты,

жігіт салты, қыз-келін салты деп бірнеше категорияларға бөлген және олардың өздеріне лайықты міндеттері болған. Мысалы, ата салтына – бата беру, ақыл айту, билік жүргізу, енші беру, ат қою; ене салтына – отбасылық, тәлімгерлік, ақ босаға, ісмерлік, алтын қазық; әке салтына – мұрагерлік, отағасылық, кәсіпкерлік, еңбекқорлық, кәдегерлік; жігіт салтына – сарбаздық, атбегілік, құсбегілік, салсерілік, өнерпаздық; қыз-келіншек салтына – инабаттылық, сұлулық, ақ босаға, талбесік, іскерлік. Қазақтың өмір салтында әрбір адам өзінің қоғамдағы әлеуметтік рөлін осындай тәсілдермен атқаруға тиіс болған. Мұның бәрі жастар үшін ғибадат, тәжірибе, үлгі болып табылады.

Қазіргі кезде мектептерде әдептану пәні оқытылып жүр және оны этика сөзінің баламасы ретінде түсіндіреді. Бірақ та, бұл шындыққа онша келіңкіремейді, себебі, этика сөзі ежелгі гректің “этос” – салт, мінез-құлық деген мағынаны білдіреді. Этика – ғылым ретінде адамдардың қоғамдағы моральдық сапасын зерттейді. Ал, қазақтың әдептілік сөзі бұл – көреген, тәртіпті, кішіпейіл деген мағынада, яғни орыстың – вежливый, тактичный деген сөздерінің баламасы ретінде айтылады. Сол себепті, халықаралық термин сөз болып кеткен этика сөзін аудармай-ақ, өз орнында қолданғанымыз дұрыс.

Қалай дегенмен де, адамның әдепті болуы бірінші кезекте оның өзіне, яғни, оның нанымына, сеніміне, дүниетанымына байланысты. Адамның әдепті болуы үшін оның ар-ұяты, намысы болуға тиіс, ал ар-ұят бұл адамға туа бітетін биологиялық қасиет деуге болады. Өмірде бір отбасында тәрбиеленген ағайынды адамдардың өсе келе санасының, мінезінің, әдетінің әр түрлі болып қалыптасуы – осының дәлелі.

Сонымен, әдептілік адамның адамгершілік қасиетінің басты белгісі екен, олай болса әрбір саналы, әрі өзін сыйлай білетін адам әдепті болуға ұмтылуы

– табиғи қажеттілік. Оның үстіне оны қоршаған орта, ол өмір сүретін қоғам, оның тәрбиеленген отбасы да адамнан әдептілікті талап етеді. Бірақ та, әдепсіз адамды әркез кездестіруге болады, сол себепті адамды әдептілікке тәрбиелеу еш уақытта қоғамның күн тәртібінен түсіп көрген жоқ. Оның себебі, дүниеге келген жаңа ұрпақ өзінің өскен ортасынан рухани тәрбие алып, соған бейімделіп өседі. Олай болса, біз болашақ ұрпағымызды әдепті, кішіпейіл, қайырымды адам етіп, тәрбиелеуіміз үшін қазірден салауатты өмір салты қоғамын орнатуға тиіспіз.

Ізгілік – адамгершіліктің салдары

Адам ұғымында ізгілік және зұлымдық деген түсінік бар. Егер де, ізгілікті – қайырымдылық, мейірімділік, қамқорлық деп түсінсек, зұлымдық осы ұғымға қарама-қарсы зорлық, қастық, жауыздық болып саналады. Осы айтылған қасиеттердің бәрі де адамның бойынан табылады. Алла-Тағала адам баласын пенде етіп жаратқанда, оның бойына қарама-қайшылықтарды бірге жаратқан. Және адамның мінез-құлқын да толық жетілдірмеген. Сол себепті, адам мінезінің жағымды-жағымсыз жақтары болуы мүмкін. Адам саналы тіршілік иесі ретінде жағымсыз әдеттерді жеңіп, жағымды әдеттерге ұмтылуы керек. Бірақ, мұны іске асыру оңай шаруа емес. Себебі, осы жағымды немесе жағымсыз әдеттер сол адамның өз бойынан, яғни, оның санасынан, ниетінен, мінезінен табылады. Адамның бойында жақсы әдеттерді қалыптастыру үшін оған жас кезінен ненің жақсы, ненің жаман екенін, айыра білетіндей етіп, дұрыс тәрбие беру ата-ананың, оқу орындарының, қоғамның міндеті.

Жастарды тәрбиелегенде оған өне бойы сөз жүзінде уағыз айту жеткіліксіз. Бала тәрбиесінің көбін күнделікті өмір салтынан көру, есту, сезу арқылы өзінің

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

бойына сіңіріп отырады. Сол арқылы оның дүниетанымы, өмірге көзқарасы, моральдық құндылықтары қалыптасады. Егер де ол күнделікті өмірде өз ортасынан жақсы істер мен қылықтарды көрсе, соған еліктейді. Ал, жаман әдеттерді көрсе және тәрбиешісінің айтқан сөздері мен оның істеген ісі бір-біріне қайшы келсе, оның көңілінде сенімсіздік қалыптасып, мінезінде екіжүзділік пайда болады. Сол себепті, үлкендер жастарға құр уағыз айтып қоймай, “мың естігеннен бір көрген артық” дегендей жақсы әдеттерді өздерінің күнделікті іс-әрекеттерімен үлгі-өнеге ретінде көрсетіп отырулары қажет. Ол үшін әрбір адам салауатты өмір сүруге тиіс. Сонда ғана бүкіл қоғам салауаттанып, адамдарға өмір сүру жеңілірек болады.

Біз әлі күнге дейін салауатты өмір салтының шын мәніндегі мағынасын дұрыс түсініп, дұрыс ұға алмай келеміз. Қазіргі ресми айтылып жүрген, “салауатты өмір салты” сөзі бұл тек денсаулыққа байланысты. Ал, шын мәнісінде салауатты сөзінің ұғымы кең мағынада жеке адамнан бастап, бүкіл қоғамның ой-санасын, мінез-құлқын, іс-әрекетін жан-жақты қамтитын парасатты ұғым. Оны дұрыс түсіну үшін қоғамдық ғылымдардың барлық саласын терең зерттеп, оның әрқайсысының адам өмірінде атқаратын рөлін жақсы білу керек.

Адамдарды ізгілікке тәрбиелеу – мұсылман дінінің басты қағидасы. Құран-Кәрімнің аяттары, Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымыздың хадистері бастан-аяқ адамдарды имандылыққа, әдептілікке, ізеттелікке шақырады. Мысалы, Құран-Кәрімнің Бақара сүресінің 177-аятында: “Ізгілік деген тек жүздеріңді шығысқа не батысқа қаратып, құлшылық ету ғана емес. Ол Аллаға, қиямет-қайымға, періштелерге, кітапқа, пайғамбарларға сену, иман келтіру. Сонан соң олардың кім екеніне қарамастан, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, мүсәпір

жолаушыға, қайыршыға және құлдарды азат етуге шын ниеттерімен көмегін аямағандар, намаз оқу, зекет беру, уәдеде тұру, кедейлікке, кемтарлыққа және (Құдай үшін) күреске шыдау, міне, осылар нағыз ізгілік. Тақуа деп, міне, осындайларды айтады” делінген.

Егер де біз Құран сөзін Құдай сөзі деп сенсек және әр уақытта осы аятта айтылған қағидаларды орындап жүруге тырыссақ, біздер Құдай алдындағы адамның адамгершілік парызының тең жартысын орындаған болар едік. Ал, егер де Құранда алты мыңнан аса аят бар екенін және барлық аяттардың негізгі мақсаты адамдарды имандылыққа тәрбиелеу екенін ескерсек, онда діннің адам баласын тәрбиелеуде атқаратын рөлінің қаншалықты зор екеніне біздің көзіміз анық жетеді. Олай болса, бұрынғы қазақтардың адамгершілікті жоғары бағалап, жастарды әдептілікке тәрбиелеуде зор табыстарға жетуінің сыры осы ислам дінінің әсері деп білу керек.

Кеңес заманында коммунистік идеологияның атеистік саясатының салдарынан адамдар діннен қол үзіп, оның негізгі қағидаларының мәнін дұрыс түсіне алмайтын халге жетті. Енді қазір дінге бостандық берілгеннен кейін көп адамдар дінге сенудің мәні құдайға құлшылық етіп, намаз оқып, ораза ұстап, садақа беру екен деп түсінеді. Бірақ та діннің шын мәнісі жоғарыдағы аятта айтылғандай, Алла-Тағалаға шын жүректен иман келтіріп, басқа кемтар мүгедек адамдарға шама-шарқынша қайырымдылық жасау. Әрине, әрбір адам еңбек етіп өзіне, отбасына, қоғамға пайда келтіруі керек. Бірақ та, кейбір адамдар түрлі себептермен ауруға ұшырап, мүгедек болып қалуы немесе жас сәбилердің жетім қалуы, болмаса кәрі адамдар асыраушысы болмай, мұқтаждыққа ұшырауы мүмкін. Міне, осындай адамдарға қол ұшын беріп, жағдайы келгенінше көмектесу дені сау, еңбек ететін, табысы бар адамдардың па-

рызы.

Бұрынғы қазақ қоғамында жетім балалар немесе қарттар үйі болмаған, қазіргідей көше кезіп қайыр сұраушылар да өте аз болған. Оның себебі, қазақтар мұсылман қағидасымен өмір сүріп, өздерінің отбасына, ата-анасына, туған-туысқандарына көмектесіп, оларды әркез қамқорлыққа алып отырған. Осындай имандылықтың арқасында қылмыс жасаушылар, соның ішінде нашақорлық, маскүнемдік, жезөкшелік дегендер атымен болмаған.

Әрине, адамның адамға ізгілік жасауы, бұл – адамгершіліктің белгісі, ал адамгершілігі жоғары адам, ол иманды адам. Имандылық адамның санасы арқылы оның ар-намысын оятып, оның жүрегінде мейірімділік отын тұтатады. Яғни, әр адам өзінің бойындағы имандылық қасиетті сақтап, оны әрі қарай жетілдіру бұл әрбір адамның өмірдегі алдына қойған мақсаты болуға тиіс.

Егер де адамдардың бәрі осыны жақсы түсініп және соған жетуге құлшыныс білдірсе, жер бетінде әділеттілік орнап, салауатты өмір салтының салтанат құруы арманнан ақиқатқа айналған болар еді. Олай болса, негізгі мақсат адамды имандылыққа тәрбиелеу болмақ және мұнда бірінші кезекте мұсылман дінінің атқаратын рөлі өте зор. Егер де жеке адамнан бастап, бүкіл қоғам осы қағидаға сүйеніп, соны алға мақсат етіп қойса, көп жетістіктерге қол жеткізуге болады.

Қазір елімізде жыл сайын мешіттер көбейіп және оған баратын адамдардың да саны артып келеді, соның ішінде жастар да көптеп баруда. Тек бір кемшілігі, сонда уағыз айтып, адамдарды имандылыққа тәрбиелейтін молдалардың сауатының аздығы. Олардың көбінің айтатыны бүгінгі күнделікті өмірге онша келіңкіремейтін, айтыла-айтыла догмаға айналып кеткен схолостикалық әңгімелер. Қазіргі кезде адамдардың көбі жоғары білімді, сондықтан да, оларды жәй ертегіге ұқсас

әңгімелермен иландыру қиын.

Қазақ халқының рухани мәдениеті, соның ішінде салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ырым-жоралары осының бәрі ислам дінінің қағидаларымен біте қайнасып жатыр. Сол себепті, біз өмір салтымызды қазіргі заманымызға лайық етіп, қайта жаңғыртқымыз келсе, ислам дінінің қағидаларын қазіргі өмір шындығына сай жақындатып, оны догмаға айналдырмай, ұлттық рухта қабылдауымыз керек.

Біз егер адамдарды имандылыққа, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелегіміз келсе, оны тек мұсылман діні арқылы ғана іске асыруға болады. Себебі, қандай мәдениет болмасын, ол тек діннің негізінде өркендей алады, ал ислам дінінің уағыздары бұл адамды адамгершілікке тәрбиелейтін әділ дін.

Егер де өткен адамзат тарихына көз жүгіртетін болсақ, одан біз адамдардың бұрынғы тағылық қалыптан біртіндеп арылып, олардың кемелденіп, жетілу үстінде екенін көреміз. Соның арқасында адамдардың зұлымдық іс-әрекеттері азайып, оның орнына ізгілік істері көбеюде. Бұл адамзат баласының біртіндеп эволюциялық жолмен даму үстінде екенін көрсетеді.

Себебі, қазіргі кезде жаһандану дәуірінің салдарынан мемлекеттер мен халықтардың арасындағы интеграциялық процесс жылдан-жылға артып, байланыспен қатынас дамып, адам құқығы мен демократия идеясы адамдардың санасын билеп, бірте-бірте зұлымдықтың орнына ізгілік салтанат құруда. Осы процесс бұдан әрі жалғаса берсе, түптің түбінде адамзат баласы қазіргідей түрлі ұлтқа, нәсілге, дінге, тілге, мәдениетке бөлінбей, бір ортақ салауатты өмір салтымен өмір сүрері анық.

Қазірдің өзінде өркениетті елдердің көбінде өзінің экономикалық, қаржылық мүмкіндігіне қарай мүгедектерге, қарттарға, жетім балаларға көп көңіл бөлініп, олардың жағдайына

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

көмектесуде.

Кейбір дамыған мемлекеттер басқа елдерге немесе халықтарға қайырымдылық және гуманитарлық көмек көрсетуде. Мұндай игі істерге мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдар да атсалысып, өзінің мол үлесін қосып келеді. Азаматтардың басқа әлсіз, қорғансыз адамдардың қайғысына ортақтасып, қиын жағдайларда оларға қол ұшын беруі, бұл адамдардың адамгершілік қасиеттерінің жетіліп, өркениетке аяқ басқанын көрсетеді.

Әрине, адамдардың бәрі бірдей емес, кейбір адамдар өзінің рухани қажеттілігінен гөрі материалдық және тән қажеттілігін бірінші қатарға қояды. Олардың бар мақсаты дәмді тамақ ішіп, жақсы киініп, материалдық молшылықта өмір сүргенді қалайды. Бірақ та, адам толыққанды өмір сүруі үшін ол өзінің ішкі жан дүниесінің қажеттілігін ойлап, рухани бай болуға ұмтылуы керек.

Адамның адамгершілігінің жоғары болуы, оның ақылы мен мінезіне байланысты. Адамның бойындағы даналық, зеректік, естілік оған оқу білім арқылы дарыса, мінездегі жақсы әдеттер тәжірибе арқылы келеді. Әділетті іс істеу арқылы – әділ, саналы іс істеу арқылы саналы, ерлік іс істеу арқылы ер болып қалыптасады.

Адамның ар-ұяты онан әр уақытта ізгілікті іс істеп, зұлымдыққа қарсы тұрып, өзінің абыройы мен намысын қорғауды талап етеді. Бірақ та кейбір жағдайда оның нәпсісі жеңіп, зұлымдық жасауға мәжбүрлеп, оны күнәға батырады. Сол себепті, адамды тәрбиелегенде, оның рухының жоғары, әрі мықты болуына баса көңіл бөлуіміз керек.

Үлкенді сыйлау – өзіңді сыйлау

Үлкендер дегеніміз пайғамбар жасына жеткен ақсақалды аталар мен ақ шашты әжелер. Олардың өмірде көргені мен түйгені көп, күнделікті тұрмыста мол тәжірибе жинаған дана адамдар.

Үлкендер бұрын сол байлықтарын өткен ата-бабалардан қалған мұра ретінде келер ұрпаққа, яғни немерелері мен шөберелеріне аманат етіп беріп отырған. Ертеде ауыл ақсақалдарының қазақ қоғамында атқаратын рөлі өте жоғары болған. Олар өздерінің отбасынан бастап, әулеті мен руына басшылық жасап, күнделікті өмір салтында әдет-ғұрыптар мен ырым-жоралардың уақытында дұрыс орындалуын қадағалап отырған. Ауыл жастарын тәрбиелеуді негізінен үлкендер атқарған. Олар жастардан қоғамымызда ғасырлар бойы қалыптасып, дамып келген ұлттық салт-дәстүрімізді мүлтіксіз орындап отыруды талап еткен. Жастар оны жазылмаған Заң ретінде қабылдаған, сол себепті, ол кезде имандылық пен қайырымдылық және ізгілік қазіргі кезден әлдеқайда жоғары болған.

Адамзат қоғамында бір уақытта бірнеше ұрпақтың өкілдері өмір сүреді, сол себепті олардың арасындағы өзара қатынас қандай да бір жүйеге келтірілген Заңдылыққа бағынуға тиіс, оны қазақ қоғамында салт-дәстүр деп атаған. Осы салт-дәстүр бойынша үлкендер жастарға өзінің өмір тәжірибесінен үлгі-өнеге көрсетіп, оларға дұрыс өмір сүрудің қыр-сырларын үйрететін болған. Қазақ қауымында ауыл ақсақалдары өздерінен кейінгі ұрпақтарына шежіре айтып, шыққан тегінен мағлұматтар беріп, жеті атасын үйретіп отырған.

Қоғамдағы әрбір әлеуметтік топтың өзінің атқаратын міндеті бар. Егер де ауыл ақсақалдары жастарды имандылыққа баулып, ақыл айтып, батасын беріп отырса, орта жастағы жігіт ағалары жастарға мал бағуды, жер өңдеуді, аң аулауды үйреткен. Ал, ақ шашты аналар болса, қыз-келіншектерге инабаттылық, әдептілік, ізеттілік туралы тәлім-тәрбие беріп, оларды үй шаруасына, қол өнеріне, былайша айтқанда – ою-өрнек салуға, кесте тоқуға, жүннен, теріден түрлі киім-кешек тігіп, тұрмысқа қажетті бұйымдарды жасауға

баулыған.

Ата ардақты тұлға. “Әкеден ұл туса игі, ата жолын қуса игі” деп, халық ұрпаққа атаның мұрасын жалғастыруды уағыздаған. Ата ұрпағының қайырымды, мейірімді, іскер болуын тілеп, соған қамқорлық жасап, өнеге көрсеткен. Ата-бабаларымыз болашақ жастарға иманды, инабатты, ізетті болып өсуі үшін өсиет айтып, бата беріп, тілек тілеген.

Қазақ халқының салты бойынша ата-бабасының айтқан өсиеттерін ардақтап, оны ерекше құрметпен есте сақтау әдетке айналған. Үлкендерді қадірлеп, оларға бірінші болып сәлем беру, қариялармен ақылдасу, үйге келген қарт кісіні төрге шығару, қарт адамдарға сыбаға сақтап, сый-сияпатын көрсету, олардың бата-сын алу, үлкен адамдарға қамқорлық жасау халқымыздың салтқа айналған дәстүрлерінің бірі.

«Жауынмен жер көгерер, батамен ел көгерер» деген қазақтың мақалы бар. Яғни, бата дегеніміз адамдарға жақсылық тілеп, олардың алға қойған мақсат-мұратына жетуі үшін айтылатын адал ниет. Сол себепті, алдына үлкен мақсат қойған кейбір жастар қариялардан бата алуды өзіне міндет санаған. Халық ұғымында бата киелі сөз болып есептеледі және оны жастарға жадында сақтап әр уақытта еске алып отыруды міндеттейді. Бата алудың, бата сұраудың, бата қылудың өзіне тән көп рәсімдері бар. Мысалы, дастархан басында, ас соңында қариялар сол үй иесінің сый-құрметіне ризашылығын білдіріп, дастарханға бата беруіне болады.

Ата-бабамыздың арттағы ұрпағына ақыл-парасатымен, сөзімен, ісімен үлгі-өнеге етіп қалдырған мұрасын қастерлеп, әркез олардың аруағын сыйлап отыру қазіргі ұрпақ үшін міндет. Біздің салт-дәстүріміз бірнеше ғасырға созылған бодандықтың зардабынан ұлттық қасиетін әлсіретіп, сырттан күшпен таңылған басқа мәдениеттің ықпалына беріліп, үлкен өзгеріске ұшырады. Енді

қазір егемендігімізді алып, өз алдымызға тәуелсіз ел болғаннан кейін, сол бұрынғы салт-дәстүрімізді қалпына келтіріп, ұлттық өмір салтымызды орнату біздің парызымыз.

Әрине уақыт өткен сайын заман өзгеріп, бұрынғы салт-дәстүріміздің кейбірі қазіргі уақыт талабына сай келмеуі мүмкін. Сондықтан да, біз қазақтың бұрынғы өмір салтын терең зерттеп, оның ішінен қазіргі заманға сай асылдарын тандап алып, күнделікті өмірімізге батыл ендіруіміз керек.

Біз жоғарыда қазақтың дербес ел болып өзінің төл өмір салтымен, өмір сүріп тұрғандағы қалыптасқан салт-дәстүрі туралы сөз қозғадық. Мұның бәрі Ресейге отар болмай тұрғандағы қазақ қоғамындағы әдет-ғұрыптар болатын. Ресейге бодан болғаннан кейін, әсіресе Кеңес заманында қазақтарды бұрынғы көшпелі өмір салтынан айырып, отырықшылыққа және кеңшармен ұжымшарға ұйымдастыруына байланысты қазақтың өмірі көп өзгеріске ұшырады. Оның үстіне коммунистік идеология қазақтың бұрынғы өмір салтын, ескінің сарқыншағы деп, оны жоққа шығарып, советтік өмір салтымен өмір сүруге үгіттеді. Осындай объективті және субъективті жағдайларға байланысты халқымыздың ұлттық санасы тоқсан градусқа өзгеріп, көп адамдарымыз, соның ішінде жастарымыз мәнгүрттікке ұшырады.

Енді қазіргі ұлттық менталитетімізге көз жүгіртсек, бұрынғы қазақтың үлкенді сыйлау дәстүрінен ештеңе қалмады деуге болады. Оның басты себебі, жастарымызға ұлттық тәрбие бере алмауымыз және күнделікті өмір салтымыздың ұлттық мән-мазмұнын жоғалтып, орыстың болмаса батыстың өмір салтына көзсіз еліктеуіміз.

Қазір көп адамдар Батыс елдерін мәдениеті жоғары дамыған, экономикасы қарқындап өскен, құқықтық мемлекет



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

құрған өркениетті ел, ал Шығыс елдері болса барлық жағынан артта қалған, сондықтан да Батыс елдерінен үлгі алып, солардың қатарына қосылуымыз керек деп ойлайды. Бір қарағанда, олардың да уәжі дұрыс сияқты. Бірақ та мәселеге тереңірек үңілсек, шындықтың басқаша екеніне көзіміз жетеді. Өмірде материалдық және рухани құндылық деген ұғым бар. Егер де материалдық құндылықты алып қарасақ, Батыстың ол жөнінен көп нәрсеге қол жеткізгені тарихи шындық. Соның арқасында адамдардың тұрмысы жақсарып, фәни дүниедегі өмірдің рахатын көріп жүр деуге болады. Бірақ та, батыстың бір кемшілігі материалдық құндылыққа көп көңіл бөліп, рухани құндылықты әлсіретіп алды. Ал шығыс елдері болса, тарихи даму барысында әр түрлі себептермен материалдық байлықты жасауда батыс елдерінен көп кейін қалды. Оның ең басты себебі, бұл елдердің бірнеше ғасырлар бойы батыс елдерінің отары болып, басында билігінің болмауы.

Қазір бұл елдер саяси тәуелсіздігін алғаннан кейін өздерінің экономикасын дамытуға күш салып жатыр және кейбір шығыс елдері осы жолда айтарлықтай табысқа қол жеткізуде. Бірақ та, батыс елдері оларды бұрынғыдай өздеріне қажетті шикізат өндіретін аймақ етіп қалдыру үшін олардың дамуына түрлі айла-шарғылармен кедергі келтіріп бағуда.

Шығыс елдері болса, материалдық

байлықты жасауда батыстан кейін қалса да, рухани құндылықтарын сақтап, өздерінің дәстүрлі мәдениетімен өмір сүруде. Дәстүрлі мәдениеттің бір артықшылығы сол, олар рухани құндылықты материалдық құндылықтан жоғары қояды. Қазақтардың бұрынғы үлкендерді сыйлап, оларға қамқорлық көрсетуі осы дәстүрлі мәдениетке жатады. Егер де біз осы дәстүрімізді жаңғыртып, оны қазіргі жастарымыздың санасына жеткізе білсек, олар имандылыққа бет бұрып, адамгершілік қасиеттері жетілген болар еді. Адам адам болып жаратылғаннан кейін оның адамгершілік қасиетті қадірлеп, оны бәрінен де жоғары қоюы әр адамның парызы. Оның үстіне қазақтың «Өгіздің басына түскен күн, бұзаудың да басына келеді» дегендей адамдардың қартайып, күш-қуатының азайып, басқаларға күнінің түсетіні табиғи заңдылық. Сондықтан да, әрбір адам өзінің ертеңін ойлап, бұл дүниедегі ең басты құндылық – ол адамдардың бірін-бірі сыйлап, құрмет көрсетуі екенін әр уақытта естен шығармағаны дұрыс.


Қазақ халқы өзінің тәуелсіздігін жаңадан алып, өзінің ұлттық рухани мәдениетін өркендетуге енді-енді аяқ басып келеді. Рухани мәдениет, бұл күнделікті өмір салты арқылы қалыптасады. Сол себепті, біз ең әуелі болашақта қандай өмір салтымен өмір сүретінімізді ойлап, соның жаңа үлгісін жасауымыз керек. Ол өмір салты меніңше «Салауатты өмір салты» болуға тиіс.

Резюме

Автор статьи сравнивает методы воспитания советского и современного периодов.

Summary

Author of the article compares the methods of education of the Soviet and early modern periods.



Т.Қ.Әуелғазина –
саяси ғылымдарының докторы,
Магистратура және PhD докторантура институтының
«Саясаттану және әлеуметтік-экономикалық
пәндер» кафедрасының профессоры, Абай атындағы ҚазҰПУ

ОТБАСЫ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ӨЗЕГІ

Адам – қоғамның ажырамас бөлшегі. Ал, отбасы – қоғамдық құрылымның алғашқы ұясы болып табылады. Іс жүзінде отбасы қоғамдық іс-тәжірибе сұраныстарына сәйкес бала тәрбиесін жүзеге асыратын ең алғашқы ұжым. Ата-ана мен отбасының өзге мүшелері қоғамның мақсат-мүддесі мен қажеттіліктерін, құндылықтары мен бағыт-бағдарын білдіретін белгілі бір әлеуметтік топқа жатады. Адам баласы тәрбиенің ең алғашқы бастауын өз отбасында сезінеді. Әрине, адамды отбасынан тыс қоғамдық орта да тәрбиелейтіні рас, алайда ата-ананың жан дүниесінің ізгі ниеті мен баласына арнаған махаббаты ерекше. Адам баласы туғанда өзге тірі организмдерге қарағанда өте әлсіз әрі нәзік болып келеді. Соған орай, ата-анасы баласының адам болып жетілуі үшін бағып-қағып, қамқорлық жасап, өсіп-дамуына жәрдемдеседі. Бұл туралы көрнекті қазақ ақыны, көптеген педагогикалық еңбектердің авторы М.Жұмабаев былай деп атап көрсеткен: «Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағып, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал, адам баласы туғанда іңгәлаған айқайы мол бір кесек ет. Ақылы-есі жоқ. Мінекей, адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса баяу өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни, оған тәрбие қылмай болмайды» [1]. Осылайша, бізге адам баласының дүниеге ақ қағаздай таза, қоршаған ортада болып жатқан түрлі құбылыстардан хабарсыз болып туатыны

мәлім. Адам нақтылы бір табиғи және әлеуметтік ортада өмір сүріп, жетіледі. Яғни, ол – қоғамдық дамудың нәтижесі болып табылады.

Отбасы адам өмірінде маңызды әлеуметтік қызметті орындап, оны тәрбиелі де тәлімді етіп қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Өз кезегінде қазақ халқының ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған ұлттық тәрбие тағылымының орны ерекше. Халқымыздың «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсете отырып, парасаттылық танытуы қай ұлтты болсын таң қалдырады. Сондықтан, бүгінгі таңда өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан халықтық тәрбиенің озық та өнегелі дәстүрлерін сіңірсек нұр үстіне нұр болар еді.

Сонымен, бала тәрбиесінде отбасының орны ерекше. Оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Отбасының негізгі қызметі баланы өмірге келтіру ғана емес, оның бойына көне заманнан келе жатқан ұлттық тәрбиенің әдеп-тағылымдарын қабылдату мен аға ұрпақтың тәжірибесін сіңіру, қоғамға пайдалы жеке тұлға етіп тәрбиелеу болып табылады. Ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы – үлкен тәрбие мектебі. Осылайша, адамға тән адами сапа-қасиеттерді қалыптастырып, дамыту ең алдымен отбасынан бастау алады. Бұл ретте «Халқым ел болам десең, бесігінді түзе» деп қазақ халқының ұлы жазушысы М.Әуезов айтып кеткендей, отбасындағы тәрбиенің бесік жырынан нәр алуының маңызы айрықша. Осыған орай әр ата-



ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

ананың баласына ертегі, аңыз, әңгіме, жыр-дастандарды айту арқылы, оның ойлау, қиялдау, тыңдай білушілік пен армандау қабілетін ұштай білуі аса зор мәнге ие екендігі даусыз жайт.

Бала мінез-құлқының негізін қалыптастыруда, оның бойына адамгершілік сезімін, инабаттылық, әділеттілік, шыншылдық тәрізді адамдық абзал қасиеттерді егуде отбасы ең алғашқы және басты рөлді атқарады. Нақ осы жағымды қасиеттерді жас ұрпақтың бойына дарыту, ең алдымен, отбасындағы тәрбие арқылы жүзеге асатыны белгілі. Осымен байланысты «Тәрбие – табалдырықтан басталады», «Тәрбие – тәлімнен» деген нақылдардың өзі өмірден алынған шындық. Жас ұрпақтың жадына адамгершілік сезімін дарыту отбасында ең алдымен ата-анасының ыстық махаббаты мен мейірімінен, шынайы қамқорлығынан басталады. Яғни, адамға, қоршаған ортаға, Отанға деген қымбат қасиет бала жүрегінде отбасы, ошақ қасында бүршік атып, бұтағын жаяды. Сондықтан да мұны «Отан отбасынан басталады» деп түйіндейді халық даналығы. Ал, бала кезінде ата-ана немесе тәрбиеші тарапынан жылылық, бауырмалдық, жанашырлық сияқты сезімдерді көріп өспеген баланың кейін мейірімді азамат болып өсуі екіталай. Көбінесе мұндай балалар бойынан қайырымсыздық, қатыгездік, тұйықтық тәрізді жағымсыз қылықтарды көруге болады. Осымен байланысты ата-аналар мен отбасының өзге ересек мүшелері баланы өзімшілдік, қыңырлық, жағымпаздық, қатыгездік, жекебасының мүддесін жоғары қоюшылық сияқты және т.б. келеңсіз мінез түрлерінен қашықтатумен айналысады. Себебі, бала бойындағы жат қылықтардың алдын алмаса, болашақта ондай адамның Отан үшін, халқының қамы үшін адал қызмет етуі, сонымен қатар қоғамдық жүйеде жоғары дәрежеде әлеуметтік белсенділік танытуы

күмәнді. Сәйкесінше, жас балдырғандарға адамгершілік пен борыштың, арлылық пен намыстың мәнін жете ұғындырудың маңызы зор.

Осымен байланысты ұлы ойшыл, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби адамның бойына кішіпейілділік, қайырымдылық, шешендік, қанағаттылық, жомарттық және т.б. ізгі қасиеттерді негіздеуде тәрбие мәселесіне зор мән берген. Бұл ретте ол «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз... Тәрбиелеу кезінде халықтар мен қалалықтарға білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі., сөйтіп, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», – деп тұжырым жасайды [2. 343 б]. Сонымен қатар, ұлы ойшылдың жас ұрпақты жеке тұлға етіп қалыптастыруда адамгершілік тәрбиесін негіз етіп алудың маңыздылығы турасындағы ой-пікірлерінің орны айрықша. Соған орай ұлы ойшыл: «Енді біз жақсы адамгершілік сапалар туралы, сондай-ақ, осылардың негізінде туатын және мораль саласында ең абзалы болып табылатын нәрсеге қарай ойымызды сілтейтін мінез-құлық нормалары туралы әңгімелегеніміз жөн», – дейді [3]. Сондай-ақ, әл-Фараби әр адамның қоғамның саяси-әлеуметтік жеке-дара тұлғасы болып қалыптасуы үшін екі әдісті – ерікті түрде және күштеу арқылы тәрбиелеуді ұштастыра қолдануды талап етеді. Яғни, ол: «Күштеу арқылы тәрбиелеу және ерікті түрде тәрбиелеу тәлім-тәрбие алушы адамдар болмысының мәніне байланысты, бұлар өзінің аумағы мен күшіне қарай дараланып отырады... Ерікті түрде тәрбиелеу өнері өте-мөте көп күшті керек етеді. Күштеп тәрбиелеу

өнері жөнінде де осыны айтуға болады, ал мұның мәнісі, басқасын былай қойғанда адамның өмірдегі арманы болып табылатын бақытқа жеткізерлік белгілі бір іс-әрекет жасау... деген сөз», – деп пайымдайды [2. 347 б].

Өз кезегінде әйгілі түрік ойшылы Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» шығармасында:

«Сәбиінде көкірекке түйгені
Өлгенінше санасында жүреді!
Ұяда не көрсе, соны іледі,

Сүтпен сіңген өле-өлгенше жүреді!» [4. 175 б], – деп, бала өмірінің алғашқы жылдарынан-ақ адамгершілік негізін қалыптастырып, өмір есігін енді ғана ашқан жас ұрпақты отбасында және қоғамдық ортада тәрбиелеуге айрықша мән беру қажеттігін тұжырымдайды. Міне, сонда әрбір бала ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ізгі қасиеттерді, ұлттық тәрбие тағылымдары мен әдеп ережелерін өз өміріне серік етіп өседі дейді. Ойшылдың бәйіттері «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» деген мақалмен үндес.

Халық тәрбиесі – отбасы тәрбиесінің негізгі бастауы. Өз кезегінде жас ұрпақ өкілдеріне отбасында тәрбие беруде ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәлім-тәрбиенің, халықтық педагогиканың маңызы орасан. Халықтық педагогиканың негізінде ұлттық сана-сезімді, ар-ожданды, ұлтжандылықты, отансүйгіштікті, қоғамдық жүйедегі ережелер мен ұстанымдарды, ұлттық рухты ұрпақ жадына тоқыту жүзеге асырылады. Осыған орай белгілі педагог-ғалым К.Оразбекова «Иман және инабат» еңбегінде: «Халық педагогикасының негізгі көздер мақсаты – бай тарихи тәжірибеге сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, отбасы, ауыл-аймақтың, елдің ар-намысын қорғауға тағы басқа ізгі қасиеттерге баулу, яғни, адамның белсенді бет-бағдарын қалыптастыру»

[5. 29 б], – деп тұжырым жасайды. Осылайша, халықтық педагогиканың тәлім-тәрбиелік негізі ретінде ата-ананы, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу, жағдайы төмен адамдарға қайыр қылу, әдептілік, парасаттылық, адалдық, шыншылдық, тектілік сияқты және т.б. қасиеттер кең байтақ өлкемізде ғасырлар бойы буыннан буынға жалғасын табуда. Сонымен бірге, ұлттық құндылықтар мен ұстанымдар жайлы отбасында қалыптасқан көзқарас пен көңіл-күй көп жағдайда баланың есінде өмір бойына сақталынады. Сондай-ақ, өсе келе оның мінез-құлқында көрініс тауып, өмірлік ұстанатын бағытына айналуы да мүмкін. Бұған қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі «Отан – қуат, отбасы – шуақ», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» және т.б. нақылдар дәлел.

Жеке тұлғаны қалыптастыру – объективті процесс. Ол әр адамның бала кезінен бастау алуы қажет. Баланың дамуы және жеке тұлға болып қалыптасу процесі отбасында негізделеді. Отбасында ата-анасы және өзге де отбасы мүшелері баланың тәлімді де тәрбиелі болып өсуіне ерекше назар аударатыны анық. Осы тұрғыдан алғанда баланың бойына жас кезінен ұлттық тәрбие мұраларын орнықтырудың маңызы өте зор. Себебі, бала жасынан қалыптасқан мінез, тәлім-тәрбие, қарым-қатынас қағидалары көбінесе есейгенде де сақталынады. Сондықтан әр адам өзінің ар-намысын, қадір-қасиетін жоғары ұстап, өзін-өзі тәрбиелей білуі керек. Өзін-өзі тәрбиелеуге әр адамның жақсы қасиет пен талғамға үйренуінің негізінде өз бойындағы бағалы ізгі қасиеттерін жетілдіруі жатады. Олай болса, «моральдың негізгі міндеті – адамның мінез-құлқын тәрбиелеу, осы арқылы олардың бойында адамгершілік, әдеп сақтау қатынастарын қалыптастыру, сөйтіп адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеу болып саналады» [5. 23 б]. Сөйтіп, адамның жеке тұлға



ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

ретінде қалыптасып, даму процесінде отбасының рөлі ерекше. Отбасында тұрмыстың белгілі жағдайлары жасалып, баланың мінез-құлқының негізі, сондай-ақ, оның еңбекке, қоғамдық-саяси ортаға, адамгершілік, идеялық-саяси және рухани құндылықтарға деген қарым-қатынасы дамып, жетіледі. Демек, адамның қоғамдық-саяси жүйеге еніп, қатынасқа түсуі отбасынан бастау алады.

Баланы оқыту мен қоғамдық жағынан тәрбиелеуде де отбасының рөлі орасан зор. Өйткені, жас ұрпақ өкілдерін терең білімді, жоғары саналы, биік адамгершілікті болашақ жеке тұлға ретінде қалыптастыруда отбасындағы берілген тәлім мен тәрбиенің маңызы ерекше. Отбасында ата-аналар балаларға өнегелі іс-әрекеттерімен үлгі көрсетумен қатар, оларды өз халқын, барлық адамзат дүниесін сүйуге, ана тілін, ұлттық және жалпыадамзаттық рәміздер мен құндылықтарды біліп, маңызын түсінуге, қазақстандықотаншылдыққа, мемлекеттік рәміздердің мәнін ұғынуға тәрбиелейді. Мұнымен қоса ата-аналар баласының санасы мен көзқарасын қалыптастыруға, бағыт-бағдары мен ұстанымдарын жетілдіруге атсалысады. Бұл ретте қазақ зиялысы М. Арын: «Грек ғұламаларының айтуына қарағанда, адамның белгілі бір ұлтқа, халыққа тән екендігін айқын сезіну үшін бес түрлі шартқа толық жауап беруі тиіс. Біріншіден, сол ұлттың тілін жақсы білуі қажет. Екіншіден, сол ұлттың дінін терең меңгергені жөн. Үшіншіден, сол ұлттың дәстүрін толық бойына сіңіруі тиіс. Төртіншіден, сол ұлттың тарихын бес саусағындай білгені абзал. Бесіншіден, сол ұлт мекендеген жердің ой-шұңқырын жақсы білуі парыз. Осындай бес сипаттаманы бойына дарытқан адам ғана сол ұлттың толық қанды өкілімін деуге құқылы дейді грек ойшылдары... Демек, өзіңді өзің білгің келсе, өз ұлтыңды тереңнен танығың келсе, онда жоғарыда

тізбелеген бес шартты, бес анықты жақсы білуің керек. Бұларды дұрыстап түсініп, парызға балап, баршамыз бүгешігесіне дейін білуге ұмтылсақ, оның өзі бір құдірет болар еді», – деген ұйғарым жасаған [6. 13, 14 б]. Білікті ғалым өз пайымдамасын одан әрі былайша түйіндеген: «Адам дүниені тануды, өмірді тануды, ең алдымен, өзінен бастауы керек... Бұлар туралы әңгімелеп отырғандағы мақсатымыз – ұлттық қасиеттерімізді осы бес сипат арқылы танып-білу. Тану дегеніміз аяқталатын процесс емес. Өзімізді өзіміз танығанда өзімізді таныту үшін тануымыз керек. Біздің жақсы жақтарымыз да бар, осал тұстарымыз да жеткілікті. Соның күшті жақтарын, яғни ұлттық қасиеттердің бүгінгі талаптарына сәйкес келетіндерін түгелдей іріктеп алып, соны байытып, дамытып, басқаларғатаратуарқылыөзіміздіңұлттық деңгейімізді көтере білу. Өзіміздің жақсы қасиеттерімізді басқаларға танытқан кезде жетіспей жататын тұстары болса, онда басқа ұлттардың тамаша қасиеттерін бойымызға сіңіру үшін де өзімізді тануымыз керек. Бұл – үлкен мақсат» [6. 54 б]. Міне, осылайша отбасында жас жеткіншектердің адами бет-бейнесін, адамгершілік қалпы мен жеке тұлғалық болмысын қалыптастыруға жан-жақты негіз салынады. Осы орайда өсіп келе жатқан жас ұрпақты қазақ қоғамындағы Майқы бидің «Түгел сөзі», Өз Жәнібек ханның «Әдет-ғұрыптары», Қасым ханның «қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы» мен Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сияқты мемлекет атынан заң дәрежесінде қолданылатын маңызды ережелерге сүйене отырып тәрбиелеудің маңызы айрықша. «Жеті жарғы» – бұл құқықтық, әдет-ғұрып ережелері жинақталған заңдар жүйесі. Онда қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымындағы басқару, билік, мүлік заңы, қылмыс заңы, елшілік, әскери, жұртшылық заңы, жер дауы, құн дауы

жайындағы қарым-қатынастар мәселелері қарастырылған. Яғни, «Жеті жарғы» – қазақ әдет-ғұрып заңдарының жинағы.

Қазақ қоғамында түбегейлі өзгерістерді жүзеге асырушы ірі реформатор – Тәуке хан (1680-1718 ж.ж.) болды. Ол «Халық кеңесі» мен «Билер кеңесін» тұрақты орган ретінде қалыптастырып, олардың мемлекеттік құрылымдағы рөлін арттырды. Сөйтіп, адам мен қоғамның ара қатынасының негізгі ұстанымдарын айқындады. Қазақ елінің ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан мемлекеттік билігінің даму тарихында, ұлттық тәрбиеге негізделген ел басқаруда билер институтының алатын орны ерекше. Билер институты – шынайы халықтық үлгіде құрылып, ежелден елдік әдет-ғұрыпқа негізделген дәстүрлі құқық нормаларын берік ұстанған тәуелсіз сот жүйесі. Би – халыққа сот төрелігін турашылдықпен жүзеге асыруда әділ билігімен танылған, соттық функцияны атқаратын қызметші. Қазақтардың дәстүрлі саяси өмірінде жеке тұлғаны күштеп басқару жүйелері, яғни, түрмелер мен азаптау орындарының, сондай-ақ, қатаң бақылауға негізделген мемлекеттік биліктің болмағаны белгілі. Қазақ қоғамында өлім жазасы өте сирек қолданылып, негізінен жазалау айып салу тұрғысында жүзеге асырылған. Жалпы көшпелі қазақ тіршілік әрекетінде басқа адамдарға қарағанда, қоршаған ортаға тәуелді болып келді. Сондықтан да бостандық, жеке бастың еркіндігі, өзіндік қадір-қасиетін жоғары ұстау сезімі оның табиғи тұрмыстық болмысы мен көзқарасында орныққан. Осылайша, Қазақ хандығының саяси құрылымында басқа ұлт аймақтарына қарағанда дала демократиясы қалыптасқан. Бұл жайт қазақ халқының қатал билік жүйелеріне тәуелсіздігінен, адамға жеке тұлға ретінде түсіністікпен қарым-қатынас жасаудан, жеке билікке бағынушылықтың болмауынан көрінеді. Бұған қоса қазақ

қоғамындағы кез келген қоғам мүшесінің билеуші топтың алдында өз ой-пікірін еркін білдіру құқығы баянды етілген. Мәселен, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қазақ нақылы осының дәлелі. Яғни, қазақтардың дәстүрге негізделген саяси өміріндегі билер соты өзіндік мәні бар, дәйекті әрі әділетті шешімдер қабылдаған институт болған.

Айта кетерлік маңызды жайт, бұрынғы билер бүгінгі мемлекеттік биліктің функциясын атқаруға қатысып, заң шығарушылық, билік айтып, ел басқару қызметінің барлық түрлеріне араласқан. Олар қазақ еліндегі түрлі ұлыстар мен ру-тайпаларды басқару мен оларды билеуде, ел мүддесі мен бірлігін қамтамасыз етуде көшелі іс, даналық ойларымен хан, сұлтандар мен бектерге түзу бағыт беріп отырған. Ұлттық идеологияны қалыптастыруда, ел басқаруда туындаған шиеленістерді ақыл-парасатпен шешуде, ұрпақ бойында ұлттық қасиеттерімізді егуде және халықты отаншылдық рухта тәрбиелеуде шешен-билердің зор маңызға ие болғандығы даусыз жайт. Билер ел басына қиыншылық туған кезеңдерде халыққа пана болып, қорғаушы әрі қолдаушы қызметін де абыроймен атқара білген. Бұған халық жадында сақталған «Елге бай құт емес, би – құт», «Қабырғадан қар жауса, атан менен нарға күш, Ел шетіне жау келсе, қабырғалы биге күш», «Би – хан біткеннің қазығы, бұқара жұрттың азығы» деген даналық сөздер дәлел. Сонымен, қазақ қоғамындағы билер институты – мемлекеттік мүдде үшін ежелгі антикалық дәуірден XX ғасырдың басына дейінгі аралықта мемлекеттік билік саласын және әділ сот жүйесін жүзеге асыру мен дамытуға өлшеусіз үлесін қосқан ірі тұлғалар болып табылады. Сондықтан ұрпағының қамын ойлаған ойшыл-даналардың, шешен-билердің өнегелі тәлім-тәрбиесін бала бойына дарытудың мәні зор.



ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

Демек, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлтымыздың бойындағы үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, адамдармен қарым-қатынас жасауда байыпты қылық, биязы мінез таныту сияқты ұлттық қасиеттеріміздің ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін өте маңызды. Өйткені, ұлттық дәстүрге деген саналы көзқарасы қалыптасқан, ар-

намысы берік жас ұрпақ қана кейін өзінің Отан алдындағы, халық алдындағы парызын адал орындап, адамзат бақыты мен ел игілігі үшін қызмет ететіні сөзсіз. Ал, біздің міндетіміз – отбасындағы әрбір баланың жадына сәби шағынан бастап ұлттық тәрбие негізін егу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 13-14б.
2. Әл-Фараби. Бақытқа жету жайында//Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. - 420 б.
3. Әл-Фараби. Бақыт жолын сілтеу//Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. - 17 б.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
5. Оразбекова К. Иман және инабат. – Алматы: Ана тілі, 1993. - 152 б.
6. Арын М. Бес анық (тәрбие туралы толғамдар). – Алматы: «Арыс» баспасы, 1996. -120 б.

Резюме

В статье рассматривается роль семьи в развитии национального воспитания.

Summary

The article discusses the role of families in the development of national education.



«Баланы бастан тәрбиелеу деген - баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру деген сөз. Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икем, бейнетіне берік болып өспек. Дұрыс тәрбиенің асылы - баланың жанымен, тәнімен керек деп танылған істерді бала табиғатының әуенімен істеу, сол дұрыс тәрбие болады»

Ахмет Байтұрсынұлы

С.С.Қоңырбаева –
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Жалпы педагогика кафедрасы, ҚазМемҚызПУ

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЛТТЫҚ МАЗМҰНДА, ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ҚҰРЫЛУЫ

Отбасы – құрамы өзара туысқандықпен байланысқан, өзара қарым-қатынас пен өзара көмекке моральдық жауапкершілікті және тұрмысы ортақ ерекше жақын топтың әлеуметтік бірлестігі. Қазіргідей білім мен ғылым, техника қарыштап дамыған заманда қазақ отбасының жан-жақты қызметін біз төмендегіше қарастырамыз:

- өмірге адам әкелу;
- тәрбиелеу және әлеуметтендіру;
- қарым-қатынастық және психологиялық реттеушілік;
- экономикалық және шаруашылық;
- әлеуметтік-мәртебелік;
- бос уақытты ұйымдастырушылық;
- жыныстық жақындық.

Отбасының бұл қызметтері бірі-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырады, өзара жете түсініседі.

Бала туу, өмірге адам әкелу – отбасының негізгі қызметі. Оны ешқандай мемлекеттік мекеме немесе басқа әлеуметтік институт таратқара алмайды. Адамның биологиялық мүмкіндігін іске асыру ерлі-зайыптыларға телінген басты міндет болмақ. Ол неке арқылы бекіп, отбасы жағдайында жүзеге асқанда ғана қалыпты жағдай саналмақ. Бұл үлкен жауапкершілікті, рухани қарым-қатынасты қажет етеді. Ерлі-зайыптылардың махаббатының жеміс беруі, өсіп-өркендеуі, өмірдің ата-ананың орнын басатын ұрпақпен жалғасуы және олардың саны әке мен шешенің қалауымен болатын іс. Бұл бір жағынан, саяси-демографиялық мәселе болғандықтан да ұлтжандылық пен адамгершілікті талап етеді.

Тәрбиелеу және әлеуметтендіру қызметінің басты міндеті – өмірге адам даярлау және бейімдеу. Бұл тек отбасындағы ата-ананың үлгі болуымен, үйретуімен шектелмейді. Сонымен қатар, білім алуға баулу арқылы да жүзеге асады. Бұл отбасы жағдайында баланың өмірге жан-жақты сапаларын қалыптастыру, дамыту, даярлануы болып табылады. Отбасында тәрбиелеу және әлеуметтендірудің өзіндік принциптері мен шарттары, талап-тәртіптері, әдістері мен тәсілдері бар.

Отбасының тәрбиелік әлеуеті – отбасының түрлеріне, құрылымына, салт-дәстүріне, ата-аналар беделіне қатысты ерекшеліктеріне сай, балаларды тәрбиелеудегі отбасының материалдық, ұлттық, психологиялық, педагогикалық, рухани, әсер етуші мүмкіндіктерінің жиынтығы.

Отбасы тәрбиесі – балалардың жеке ары мен абыройы сыйластық пен махаббатқа негіздеп, олардың қоғам және отбасы құндылықтарына сәйкес мүмкіндіктерін ескеріп, тұлғалық қалыптастыру мен қорғауға педагогикалық-психологиялық тұрғыда қолдауды қарастыратын отбасындағы үлкендер мен балалардың ортақ мүдделі әрекеті.

Отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері:

- Баланың барлық әрекеттеріне табиғи байланыс;
- Ықпал етудің ұзақтығы және үздіксіздігі;
- Балаға қатысты қоғамдық орындар мен білім ордаларының мақсат-мүддесіне қызығушылық;



ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

– Тәрбиелік ықпалдың қарама-қайшылықтары мен қайталанушылығы;
– Туысқандық сезім, махаббат, сенім, өзара жауапкершілік негізінде тіл табысудың етене жақындығы, табиғилығы, сан қырлылығы;

– Ортақ сырды сыртқа шашпау;

– Мамандығы, іскерлігі және түрлі қызығушылығы бар әр жастағы адамдармен тіл табысып, өзара ықпалдас болу;

– Ықпал жасауға өзара бағыттылық.

Отбасы тәрбиесіне теріс ықпал етуші факторлар:

– Материалдық құндылықтарға басымдылық беру;

– Ата-аналардың рухани жұтандығы;

– Ата-аналық сезімнің жетіспеуі;

– Әміршілдік немесе шектен тыс босандық;

– Қалыпты психологиялық ахуалдың болмауы;

– Діни ағымдар мен партиялардың ықпалына көзсіз берілушілік;

– Үлкендердің құқық бұзушылық әрекеттері;

– Отбасындағы үлкендердің педагогикалық-психологиялық білімдерінің болмауы.

Отбасындағы тәрбиенің мазмұны тұлға мәдениетінің негізін қалыптастыратын компоненттер жинағынан тұрады:

– ұлттық мәдениет;

– өмірде өзін-өзі тану мәдениеті;

– зияткерлік;

– адамгершілікті;

– эстетикалық;

– тұлғаның дене және еңбек мәдениеті;

– жынысаралық қатынас мәдениеті.

Отбасы тәрбиесінің ұстанымдары:

– мақсатқа құрылуы;

– мәдениетке басымдылық танытуы;

– ізгілікті адамгершілік;

– баланың өмірін және оның талап-тілектерін тәрбиемен байланыстыру;

отбасы тәрбиесінің қоғамдық тәрбиемен байланыстылығы және бірлігі;

– баланың тұлғалық дамуының ерекшеліктері мен мүмкіндіктерінің ескерілуі;

– тәрбие талаптары мен ұстындарының бірлігі;

– отбасындағы әрекет пен тәрбиелік өзара қарым-қатынасқа баланы қатыстыру.

Отбасындағы тәрбие тікелей ата-ана басшылығымен жүзеге аспақ. Ата-ана беделінің болуы – басты талап. Ата-ана беделі – тәрбиеленушілер мен тәрбиешілердің бірін-бірі сыйлап, сенім білдіруі, талап-тілектері мен еркіне бағынуы арасындағы өзара қалыпты қарым-қатынас. Отбасындағы әлеуметтендіру мүмкіндіктерін жүзеге асыруда ата-ана беделінің шынайылығы, үлкендік күш көрсетуден ада болуы, педагогикалық жоғары талап болмақ. Алайда, ата-аналар тарапынан демократиялықпен қатар бақылаушылық қарым-қатынас отбасындағы тәрбиеде безбеннің екі басындай тең болуы тиіс.

Мұғалімдер тарапынан отбасы тәрбиесіне педагогикалық ықпал – әлеуметтік-педагогикалық, ақпараттық, әдістемелік көмек. Оқушыларды отбасылық өмірге даярлаудың басты компоненттері: тәрбиелеу, оқыту мен білім беру болғандықтан, ата-аналарды ұрпақ тәрбиесіне даярлауда педагогикалық-әдістемелік жағынан көмек көрсету – басты қажеттіліктердің бірі болмақ.

Отбасы өз қызметін ер мен әйелдің әлеуметтік деңгейі, білімі және өмір сүрген ортасына сай атқарады. Отбасы әлеуметтік ортасына сай бірнеше түрге бөлінеді: ауыл қазақтарының отбасы, қала қазақтарының отбасы және жұмысшы отбасы, зиялы отбасы, космополит (шала қазақ) отбасылар.

Ауыл қазақтары отбасының әлеуметтік орташағын болғандығынан да барлық ауыл

адамдары алдында өз міндетін сезінетін (таныс болғандықтан кездескен ауыл адамдарына сәлемдесу, жәрдемдесу, есеп беру т.б.) тұлға даярлау мүмкіндігі жоғары. Ауылдық отбасыларда жасөспірімдерді әлеуметтік ортада бейімдеу және сынауға жағдай жасалған. Оған отбасы мүшелері, ата-әже, әулет мүшелері, көрші-қолаң, ауыл ақсақалдары атсалыса алады.

Қала қазақтарының отбасы үшін ұрпақ тәрбиесіне мектеп пен қоршаған орта ғана ықпал ете алады. Қалалық отбасылардың балаларын жан-жақты тәрбиелеуіне, қабілеті мен бейімділігін шыңдауына мүмкіндік баршылық. Әйтсе де болашақ отбасылық өмірге даярлау мәселесін отбасы мен мектеп қана қарастырады және баланың өзі қалаған ортасында дамыту да ескерілуі керек. Көп жағдайда қала қазақтарының отбасылары үшін басты қиыншылық: бала ата-ана мен сынып жетекшісі назарынан басқаға аса маңызды емес.

Сонымен қатар, жұмысшы отбасында тәрбиеленген баланың да әлеуметтік ерекшеліктері болуы мүмкін. Себебі, ата-ананың араласатын ортасы да кейде балаларға ықпалды болады. Балалардың жас ерекшелік психологиясына сай, әдіс-тәсілдерді оңтайлы қарастырылу жолға қойылмауы мүмкін. Сырласу, ақылмен көмектесуге де дұрыс бағыт педагогикалық-психологиялық тұрғыда болуы керек.

Зиялы отбасында баланы тәрбиелеу мен өмірге бейімдеудің қолға алынуы саналы түрде жауапкершілікті қарастырады. Ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтар биік мәдениет аясына топтастырылуы, зиялы ата-ананың өздері үлгі болуы, қоршаған ортаның мәдениеті ойластырылуы қажет.

Космополит (шала қазақ) отбасылар ХХІ ғасырда қазақтың көлемді пайызын құрап тұр. Елбасымыз 2007 жылы

9 сәуірде теледидардан тілшілерге берген сұхбатында: “9 миллион қазақтың 4 жарым миллионы – өз ана тілінде оқып-жаза, сөйлей білмейтіндер” деді. Қазақ тілінде сөйлей білмеген жанның, қазақтың этнотәрбиесі мен болашақтың ұлттық мұратын, тіпті ұлт мүддесін терең сезіне, түсіне қояды деу – артықшылық. Бұл отбасыларға қазақ мәдениетінен гөрі, орыстың немесе батыстың өмір салтын үлгі етеді. Космополит отбасылардың ішінде аралас некедегілер мен азаматтық некеде тұратындар да кіреді. Космополит отбасылардың пайда болуына еліміздің басынан кешкен тарихи кезеңдер мен нарықтық-экономикалық өзгерістер тікелей ықпал етті деп айтуымызға негіз бар.


«Отбасы – шағын мемлекет» болғандықтан да уақыттың және қоғамның әсерінен ол үздіксіз дамиды, өзгерістерге ұшырайды. Өмірлік құндылықтары да заман өзгерісіне сай өзгереді. Ал, ұлттың ерекшелігін сақтап, келбетін айшықтайтын этномәдени құндылықтар ұмытылмауы, дәріптелуі тиіс.

Жаһандану жағдайында қазақ отбасының ұлттың қалпы мен салтын сақтай отырып дамуына педагогикалық тұрғыдан ықпал етудің қажеттілігі дәлелдеуге мұқтаж емес.

Қазақ қауымының әлеуметтік ұйымының бастапқы ұясы патриархалды отбасының бастау алатын ата-бабалары немесе әулеті болса, олардан құралатын ру-тайпа одан бірнеше есе үлкен болған. Қазақ халқының арасында рулық салт-сананың сақталып келгенін олардың әр түрлі туыскандық қарым-қатынастарынан көре аламыз. Ең алдымен, жеті аталық ұстанымға негізделген бұл жол қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, этнопедагогикалық, этноәлеуметтік ұлттық рухани тұтастығын қамтамасыз етіп отырған.



ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ



1-сурет. Ұлттық рухани тұтастық пен этноәлеуметтік қарым-қатынастардың байланысы

Ғалым К.Қожахметова «қазақ отбасындағы этноәлеуметтік рөлдер» ұғымын ендірген. Этнопедагогикадағы бұл тұғырдың біздің тақырыбымыз тұрғысынан маңызы ерекше. Халқымыздың сан ғасырлар қалыптасып, тарих талқысынан өткен, салт пен әдет-ғұрыпаясында өрбіп, тәрбиешенберінде дәм-итын, заман талабымен жаңғырғанымен, қалпын сақтайтын тамаша дәстүрлері бар. Солардың негізгісі – “үш жұрт”. “Үш жұрт” – ұғымы туысқандықты сақтайтын этноәлеуметтік тұтастық. “Жігіттің үш жұрты” болып патриархалды түсінікке сай айтылғанымен, мейлі ер, мейлі әйел болсын, отау тігіп отбасын құрғаннан бастап, туысқандық қарым-қатынасты үш жұрты арқылы өрбітеді.

Этноәлеуметтік рөлдер “үш жұрт” аясында өз қызметін жан-жақты өрістетеді. Халқымызда “Ағайын жұрт – күншіл, қайын жұрт – міншіл, нағашы жұрт – сыншыл” деген сөз бар. Бұл, бір жағынан әлеуметтік-психологиялық сипаттама болғанымен, әлеуметтік-педагогикалық жағынан үш жұрттың адамды тәрбиелеудегі ұстанатын қағидасын көрсетеді. Демек, қазақтың жігіті немесе қызы үш жұрттың жағу үшін үш түрлі ұстанымға сай әлеуметтенуі тиіс. “Күншіл”, “міншіл”, “сыншыл” ұстаным – адамды шыңдайтын аса өткір талаптар. Мысалы, отбасындағы

ерлі-зайыптылардың «Үш жұрты» дербес қарастырғанда – алтау, тұтас қарастырғанда – төртеу. Халқымыздың «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» деуі, ұлттың әр істе бірлікте, тұтастықта ғана жетістікке жететініне жасалған тұжырым болса керек.

Жаһандануға бет бұрған қалпымызда ұлттық ерекшелігімізге негіз болып табылатын ұлттық құндылықтарымызды сақтау және ұлттық ұрпақ тәрбиесі мәселесінің маңыздылығы айқын. Біздің зерттеуімізге өзек болғалы отырған «ұлттық құндылық» ұғымы тек бүгінгі күннің мәселесі деуге болмайды. Адамзат тарихында адами құндылықтар өмірдің мәні мен мағынасы, маңызы болды. Бұл ғылым ретінде зерттеліп, зерделеніп, тамырын тереңге жібергендігіне тарихи деректер дәлел бола алады.

Құндылықтар туралы алғашқы түсінік антикалық заманда өмір сүрген Сократтан бастау алады. Сократ «игілік» деген ұғымды жеке-дара қарастырып, оған ерекше мән беруінің өзі құндылықты болмысқа жақындатқаны. Платон үшін құндылық – өмір сүру. Аристотель үшін құндылық – адамның даналығы, яғни қандай да болсын, құнды нәрсені таба білуі. Софистер үшін құндылық – «Адамның өмірді бағалауы».

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

1-кесте. Құндылықтардың мәні

ҚҰНДЫЛЫҚ	
Сократ	игілік
Платон	өмір сүру
Аристотель	адамның даналығы, яғни қандай да болсын, құнды нәрсені таба білуі
Соғылық	Адамның өмірді бағалауы
Гегель, Кант, Ницше, Кассирер	Адам алдына қойған мақсатына жету жолында өмір сүру негізін құрайтын «мәнділік», «еркіндік», «игілік», «жақсылық» сияқты ұғыммен байланыстырды
Н.Д.Никандров	Құндылықтар өмірде халықтың менталитетінде қалыптасқан ережелерді есепке алады. Құндылықтардың өзгеруі тәрбие мақсатының өзгеруіне әсер етеді

Осылайша, бастауын Сократтан алатын «құндылық» ұғымы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, дербес ғылыми атауға ие. Адамзат құндылығының негізін құрайтын және оны зерттейтін ғылым саласын аксиология дейді. Аксиология («axia» грекше «құндылық», «логос» ілім, ғылым) ғылымының ең басты ерекшелігі, оның философиялық сипаты басым келеді. Өйткені, ақиқат шындықты іздейді. Аксиологияның ғылым ретінде дамуына үлес қосқан философтар (Гегель, Кант, Ницше, Кассирер т.б.) мәдениеттің ішкі құрылымынан жалпыадамзаттық құндылық арқылы адам алдына қойған мақсатына жету жолында өмір сүру негізін құрайтын «мәнділік», «еркіндік», «игілік», «жақсылық» сияқты құндылықтарға ұмтылу қажет екенін атап көрсетті.

Ресейлік ғалым Н.Д.Никандров «Құндылықтар – тәрбие мақсатының негізі» деген мақаласында «құндылықтар өмірде халықтың менталитетінде қалыптасқан ережелерді есепке алады. Құндылықтардың өзгеруі тәрбие мақсатының өзгеруіне әсер етеді» деген. Шындығында, тәрбие мен құндылықтар тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты.

Сондықтан да халықтың ділі осы негізде қалыптасады. Ұлттық тәрбиені айтқанда ұлттық құндылықтарды тілге тиек етеміз. Ал, ұлттық құндылықтар жөнінде айтар болсақ, тәрбиемен қорытындылаймыз. Бұл егіз ұғым тәрізді. Себебі, құндылықтың құнын ұғындыруда тәрбие құралын айналып өте алмаймыз. Демек, бұл қазақ халқының ұрпағын тәрбиелеуге негіз болатын ұлттық мәдениеттің тірегі. Бұл жөнінде ұғымның ғылыми тұрғыда ашылған анықтамаларына да сүйенеміз.

Ұлттық құндылықтар – ұлттың өзіндік ерекшелігі, ұлттық мәдениеттің өзгешелігі, ұлттық тілдің байлығы, ұлттық нақыш, ұлттық салт-дәстүрлер т.с.с. деген мағыналы түсінік беріліп, біздің жоғарыдағы ойымызды нақтылай түседі.

Ұлттық құндылықтар – қауіпсіздігі сақталған және үдерісті дамыған қоғам мен мемлекеттің, тұлғаның сұраныстарын қанағаттандырушы нәрсе немесе құбылыс және оның қасиеттері, олай болса, жаһандану заманында қазақ елінің дербес қалпын көрсететін тұлғалар тәрбиелеуіміздің қажеттігі айқындала түспек.

Демек, ұлттық құндылық белгілі бір

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

ұлтқа ғана тән, сол ұлттың дүниетанымы мен тәрбиесіне, жаратылысы мен мінезіне негіз болатын қасиеттерді құраушы дүниелер деп тұжырымдай келе, ұлттық құндылық – ерекшелік, абырой, мақтаныш туғызатын, ұлттық мәдениет пен ұлттық

мінездің іргетасы деген түбірлі ойға табан тірейміз.

Олай болса, қазақ халқының ұлттық құндылықтары нені құрайды, қалай жіктеледі деген сұраққа төмендегіше кестемен жауап береміз.

2-кесте Ұлттық құндылықтардың құрамы

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР					
Тіл	Діл	Дін	Өнер	Тарих	Отан
байланыс, қарым- қатынас, ана тілі.	салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым- тыйым, мораль	Аллаһ, Пайғамбар, Құран, хадис, парыз, сүннет, обал, сауап, жұмақ	музыка, пешендік, кескіндеу, сәулет, бейнелеу, қолданбалы қол өнері: ұсталық, шеберлік, ісмерлік	тарихи кезеңдер, тарихи тұлғалар, тарихи орындар, тарихи оқиғалар, заңдар	туған жер, өскен ел, атамекен, атажұрт, ауыл, жер-су

Жалпы, ұлттық құндылықтардың жалпыадамзаттық құндылықтардан шығатынын ескерсек, әр ұлттың тілі мен діні, ділі, өнері мен тарихы, орналасқан жері, Отаны деген ұғымдар арқылы мазмұны

ашыла түспек. Ұлттық құндылықтарды мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне орай, жіктеп төмендегіше қарастырдық.

Жалпыадамзаттық құндылықтар		
өмір, жер, ана, әке, ұрпақ, отбасы, отан, бейбітшілік, теңдік, бостандық, тәрбие, білім, махаббат, достық, дін, өнер, жауапкершілік, адалдық, сенім, ерлік, азаматтық, сыйластық, түсіністік, мейірбандық т.б.		
Ұлттық құндылықтар		
Әлеуметтік-мәдени	Рухани-адамгершілік	Мәдени-мұралық
ұлттық әдеп, қарым-қатынас құралдары, тұрмыстық қажеттілік бұйымдары	менталитет, сенім, этнопсихология, этнопедагогика	өнер туындылары, жәдігерлер, ұлттық тұлғалар еңбектері, өлкелік жер байлығы

Отбасында ата-ана арқылы берілетін тәрбиенің басты мақсаты – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, өз тегін жалғастыратын лайықты ұрпақ тәрбиелеу. Бұл мәреге жету үшін отбасындағы тәрбие мынадай міндеттерді шешуі керек:

– баланың тағдырына, физиологиялық өсіп-жетілуіне, денсаулығына жағдай және қамқорлық жасау;

– бала тәрбиесіндегі барлық ұстанымдар мен тәрбие әдістерін, талап-тілектерді балаға деген махаббатты сезіндіруге лайықтап, реттеу;

– балаларының өзіндік бағасымен санаса отырып, қоғамның толыққанды мүшесі болуға даярлау;

– еңбексүйгіштікке баулу, баланы күнделікті үй шаруашылығындағы еңбекке дағдыландыру;

– отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл тауып түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету;

– білім алудың, мәдени мінез-құлықтың әдет-дағдыларын қалыптастыру;

– баланың икемділігін, қабілетін байқап, мамандық таңдауға бағыт беру, бағдарлау;

– әдебиетке, өнерге, мәдениетке, ғылымға құштарлығын (жас ерекшелігіне қарай әдеби кітаптармен, ойындармен қамтамасыз ету, театр, мұражай, көрме, галереяларға апару) тәрбиелеу;

– баланың ақылына, күшіне, біліміне сай берілген тапсырманы, талапты орындауын қадағалау, бақылау, тексеру, бағалау;

– тәртіпке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке, ойшылдыққа т.б. баулу;

– өзін-өзі тәрбиелеуге, дербестікке, шығармашылыққа баулу;

– отбасында баланың әлеуметтік рөлін білуге міндеттеу;

– баланы өз тегін жалғастыратын сабақтастыққа, болашақ жұбайлық өмірге тәрбиелеу.

Осы аталған міндеттерді қазақ отбасын-

да қалай жүзеге асырудың жүйесін жасауда бірізділік болмағанымен, ғалымдарымыз өздерінің зерттеу нысанасы тұрғысында қарастырып келеді. Әрине, қазақ отбасындағы өзіндік ұлттық тәрбиесінің ерекшелігі, ұстанатын қағидалары, сүйенетін тағылымдары бар.

Қазіргі заман ерекшеліктерін ескере отырып, бүгінгі қазақ отбасының ережесі:

1. балаға жақсы ат қою;
2. баланың тілін, ойын дамыту;
3. денсаулықты сақтауға көңіл бөлу;
4. отбасында балаға қатысты мерекелерді қалдырмай тойлау;
5. отбасылық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу;
6. баланың жынысына қарай тәрбие беру;
7. білім алуына мүмкіндік жасау;
8. жауапкершілік қалыптастыру;
9. дүниетанымын қалыптастыруға үйрету;
10. қабілетін шыңдап, дарындылығын дамыту;
11. баламен оңаша қалуды естен шығармау;
12. келеңсіздікті балаларға естіртпеу;
13. басқаларды үлгі ету;
14. туысқандық сыйластықты ұғындыру;
15. көршімен тату болуға үйрету;
16. баланың киіміне мән беру;
17. айтқанды тыңдауға, бағыну заңына үйрету;
18. үй шаруасының барлық түріне баулу;
19. қонақ күту, қонаққа бару;
20. ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрді отбасында қалыптастыру;
21. мамандық алуына көмектесу;
22. жұбайлық өмірге даярлау;
23. отбасында әлеуметтік рөл белгілеу;
24. қоғамда белсенді өмір сүруін үйрету;
25. ұлттық ұғымдарға сүйіспеншілікті үйрету.

Ережелердің мағынасы толығымен



ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

мазмұны ашылған нұсқасы «Отбасы: бала мен ата-ана» атты әдістемелік көмекші құралда берілген.

Ережелерді іске асырудағы әдіс-тәсілдер: тыңдау, үйрету, түсіндіру, пікір алысу, әңгімелесу, талқылау, талап қою, мадақтау, жазалау, мүмкіндік беру, қамқорлық жасау.

Аталған әдіс-тәсілдерді нақтырақ төмендегіше мазмұнда қарастырған жөн:

- баланың тілін ана тілінде шығарып, өз тілінде тәлім беру;

- бала тәрбиесіне қатысты газет-журналдарға жазылып, кітаптар пайдалану;

- балаларды қызықтыратын кітаптар сатып алу, бірге оқу, талдау;

- ауызекі айтылатын халық шығармашылығындағы өсиет әңгімелерді талдау;

- балаңыздың сұрағыңызға берген жауаптарын, уақытын белгілеп, жазып жүру;

- балаңызға махаббатыңыз бен мейіріміңізді сездіру, жанашырлықты ұғындыру;

- өз ісіңізбен үлгі болу, көрсету;

- баламен санасу, пікірін тыңдау, ақыл сұрау;

- баланың сырын жаймау, сенім қалыптастыру;

- орындалатын талаптар қою;

- үй шаруасына, қора-қопсы жұмыстарына араластыру;

- жиі мадақтау, ынталандыру, жігерлендіру;

- шектен шыққанда жазалау;

- сабағына көмектесу, көмек алу;

- деректі және көркем фильмдерді көріп, талдау т.б.

Қазіргі қазақ баласын осыдан 25-30 жыл бұрынғы балалармен мүлде салыстыра ал-

майсыз. Заман өзгерген соң, адам өзгеріп жатқандай болып көрінетін шығар. Алайда, қазіргі балалардың ерекшелігі туралы зерттеген ғалымдардың айтуынша, қазіргі балалардың 80-90 пайызы жаңа санамен туылуда. Бұларды ғылымда «индиго балалар» деп атайды. Мысалы, қазіргі балалар қазақ тілінде сөйлеуге, домбыра тартуға, ұлттық киім киюге сұраныстары жоғары. Демек, қазақ болуға ұялмайды. Қазіргі балалардың ерекшелігі туралы өз алдына дербес тақырыпта баяндама жасауға болады.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын жас ұрпақ бойына сіңіру, құрметтеуге тәрбиелеудің маңыздылығын сезіну – педагогикалық парыз. Қазіргі кезде тәуелсіз еліміздің ертеңі қазақ халқының ұрпағының білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді жан-жақты қабілетті, ұлтының болмысы мен сипатына сай, мәдениетіне құрметі жоғары ұрпақ баға жетпес қазынамен тең. Бүгінгі таңда педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі – оқушыны жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүниетанымы терең, көзқарасының кеңістігі кең, рухани бай, ұлттық құндылық қасиеттерді жете түсінетін ұрпақ тәрбиелеу.

Мұндағы басты мақсат – тәуелсіз еліміздің алдыңғы қатарлы, дамыған өркениетті елдермен терезесі тең болуы үшін, қазақ елінің мәдениетін, тілін, өнерін, ғылымы мен экономикасын, елі мен жерінің байлығын ұлттық құндылық деңгейіне көтере білетін тәрбиелі ұрпақты өмірге дайындау.

Резюме

В данной статье автор указывает направления семейного воспитания с точки зрения национальных традиций.

Summary

In this article, the author points out the direction of family education in terms of national traditions.

Ж.Дәдебаев –
филология ғылымдарының докторы, профессор,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің филология факультетінің
Әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы
кафедрасының меңгерушісі

ҚАЗАҚ СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ІЛКІ ӨРНЕКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МӘНІ

Қазақ сөз өнерінің қалыптасу, даму мәселелері қазақ көркем сөзі туралы ғылым аясында едәуір зерттелді, бірқатар еңбектерде монографиялық деңгейде арнайы қарастырылды. Алайда, қазақ шешендік өнерінің, жалпы түркі халықтарының шешендік өнерінің көне бастау көзі, туу, шығу тарихының ежелгі тегі, оны жасаушылардың байырғы өкілдерінің елдік, елдің егемендігі, мемлекеттік тәуелсіздігі туралы идеялары Орта Азия мен Қазақстанның ғылыми танымында бүгінге дейін тара-зыға түспеген, пайымдау пәні болып көрмеген қалпында қалып отыр. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының шешендік өнерінің туу тарихын, оны жасаушылардың байырғы өкілдерінің өмірі мен өнегесін зерттеудің мұншалық кешеуілдеуі оның ғылыми мәселе ретіндегі қажеттілігінің, мәдени-әлеуметтік маңыздылығының төмендігінен емес, ұлттық мәдениеттің түп тамырын зерттеуге, оған терең бойлауға еркін жол ашпаған одақтық саясаттың салқынымен байланысты. Ел жаңарып, ел билеу тәртібі өзгеріп, ұлттық мемлекет ұлттық егемендігін алған шақта, қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен өнерінің, оның ішінде шешендік өнерінің шығу көздерін, қалыптасу, даму арналарын әлемдік өркениетпен өзектес, Шығыс пен Батыс мәдениетінің өзара байланысы аясында пайымдаудың ғылыми маңызы өлшеусіз зор. Бұл ретте, Орта Азия мен Қазақстан жерін ежелден мекендеген скифтердің

батысқа ауып, Қара теңіздің солтүстік өңіріне барып қоныс тепкен бір ұлысынан шыққан ғұлама Анахарсисің шешендік сөздері айрықша бағалы. Оның сөздері бүгінде көне дәуір авторларының грек, латын тілдерінде жазылған, одан орыс тіліне аударылған еңбектері арқылы белгілі болғанымен, олардан Скиф даласының тыныс-лебі есіп тұрады. Ал, скифтердің Орта Азия мен Қазақстан халықтарының, олардың ішінде қазақ халқының да қалыптасу процесінде үлкен орны бар [1. 22 б.] ұлыстардың бірі болғанын ескергенде, скиф Анахарсисің шешендік толғамдары мен қанатты сөздерінің қазақ сөз өнеріне қатысы туралы ғылыми мәселе бой көтеріп шыға келеді.

Анахарсис Скиф даласынан Эллада еліне біздің заманымызға дейінгі 594 жылы келеді [2. 95-96 б.]. Оның шыққан ортасы, өмірі туралы алғашқы деректер Геродоттың «Тарихында» жазылған. «Ариапифаның сенімді кісісі, тыңшы Тимнен естуім бойынша, – деп жазады Геродот, – Анахарсис әке жағынан Скиф патшасы Идантирстің ағасы болып келеді. Сапаргапифтен – Лик, Ликтен – Гнур, одан Анахарсис туған» [3. 76 б.]. Геродоттың мәліметіне қарағанда, Анахарсисің Эллада еліне барып, мемлекет ісіне, даналыққа үйренуі Скиф патшасының тікелей тапсырмасы бойынша болған іс. Анахарсис туралы көне дәуірдің Геродоттан кейінгі ғұламалары да ой айтқан. Олардың жалпы саны жетпіске жуықтайды [4. 3-13 б.].



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Олардың ішінде Эфор, Страбон, Диоген, Плутарх, Платон секілді телегей-теңіз білім иелері бар. Аталған ғұламалар Анахарсисти көне дәуірдің атақты данышпаны, сөз майталманы деп көрсетеді. Әсіресе, оның Солонмен достығы кең көлемде баяндалған, көне грек сөзшеңі, атақты мысалшы Эзоппен бір дастархан басында бір табақтан дәм татып, тіпті, бірге шарап ішкені де хатқа түскен. Эфор Анахарсистиң текті ортада туып, өскенін, әлемдегі атағы жер жарған жеті данышпанның бірі болғанын айта отырып, оның екі тісті якорь, ұста көрігін ойлап тауып, оларды алғаш жасап шығарғанын айтса, Страбон оның өз елінің кішіпейілділік, қарапайымдылық, әділдік сияқты жақсы қасиеттерін бойына терең сіңіргендіктен, эллиндер ортасында үлкен құрметке иеленіп, даңққа бөленгенін жазады [5. §8]. Диоген Лаэртский Анахарсис туралы жазбаларында оны Скиф елінің патшасы Гнурдың ұлы деп, шешесінің элладалық грек қызы екендігін көрсетеді. Анахарсис өз Отанында тамаша тәрбие алып, ана тілінде сөздің майын тамызып сөйлейтін сөз шебері деңгейіне көтеріледі. Сонымен бірге, ол шешесінің үйретуімен грек тілінде жап-жақсы сөйлей білген [2. 95-97 б.]. Анахарсистиң ата-анасы жайында, өзінің жастайынан екі тілде сөйлеп өскені, Солонмен бірге жүріп, бірге тұрғандығы туралы Платон да осындай пікірде болған [6. 63 б.].

Диоген Лаэртский «Атақты философтардың өмірі, ілімі және сөздері туралы» деп аталатын еңбегінде көне грек философтарының данышпандар туралы пікірін талдай келіп, Пифагордың данышпан мен данышпандық жайындағы ойларына үлкен мән береді. Пифагордың айтуы бойынша, данышпан болу оңай нәрсе емес, данышпан болу құдайдың ғана қолынан келмек, данышпандық та тек соның болмысына ғана лайықты. Диоген Пифагордың осы пікірін сараптай отырып, өзінше тұжырым жасайды. Құдай болмағанмен, құдай берген қасиеттің арқасында даныш-

пан қатарында саналған көне заманның жеті ойшылының ішінде скиф Анахарсисти алғашқылардың бірі ретінде атайды [2. 95-96 б.]. Ал, Лидия патшасы Крез Анахарсисти өз айналасындағы данышпандардың ең ұлысы деп білген екен [7. §2-5]. Шешен сөздің байырғы көсемдерінің бірі М.Т. Цицерон да Анахарсистиң ақыл-ойын, ғылым мен білімге, өнерге деген көзқарасын өте жоғары бағалаған [8].

Анахарсистану саласында еңбектеніп жүрген ғалымдардың болжауынша, Анахарсис скиф және эллин халықтарының өмір-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, кәсібі туралы 800-ден астам шешендік сөз, толғау қалдырған [2. 95 б.]. Сондай-ақ, антикалық дәуір әдебиеті нұсқаларында оның түрлі жағдайда, түрлі тақырыпта жазған 10 хаты сақталған [9. 109 б.; 10. 131 б.]. Дала данышпанының аталған еңбектері Евразияның бірқатар ғалымдарының назарына ілігіп, тиісті бағытта қарастырылды, сарапқа салынды. И.В. Куклина, М.И. Ростовцев, А.М. Хазанов, А.И. Доватур, М.В. Агбунов сияқты ғалымдар Анахарсистиң өмірі мен шығармашылық мұрасын тарих, мәдениеттану ғылымдары тұрғысынан пайымдағанына қарамастан, олардың ізденістері мен қол жеткен нәтижелері дала данышпанының өмірін, ортасын, көзқарасын, танымын танудағы елеулі ғылыми табыстар еді. Академик Ғ.Есімнің, белгілі философ, профессор А.Қасабековтің, әдебиеттанушы Т.Жұртбаевтың ойлары Қазақстан ғылымының анахарсистану саласындағы жаңа серпіні болды.

Ел аузында сақталған аңыз мәліметтері, халықтық таным қазақ шешендік өнерінің түпкі негізін, қайнар-бастауын ноғайлы дәуірінде өмір сүрген Майқы биден таратады. Бұл пікірдің бірден-бір басты негізі – халық жадында ғасырлар бойы сақталып, бүгінгі күнге жеткен «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген қанатты сөз. Халық танымында хатталып қалған бұл ұғымды бүгінде сөз өнері туралы

ғылым да жоққа шығармайды. Алайда, қазақ шешендік өнерінің қайнар-бастауын, оны жасаушылардың байырғы өкілдерін анықтау барысында, Майқы биден арғы заманға көз салып, біздің заманымызға дейінгі VI ғасырда жасаған скиф ханзадасы Анахарсисің сөз өрнегіне, өмірі мен өнеріне көңіл аудармайтын болсақ, онда бұл қазақ шешендік өнерінің тарихы үшін де, оның байырғы өкілдерінің рухани мұрасы алдында да үлкен айып болар еді.

Қазақтың белгілі билері мен шешендері секілді Анахарсис те сөздің қадір-қасиетін ондағы ой-пікірдің қадір-қасиетімен өлшеген. Данышпанның танымында сөз өз бетімен тұрып жақсы да, жаман да бола алмайды, ой, ойдың жүйесі жаман болса, оны жеткізіп тұрған сөз де жақсы емес, егер сөз жүйесіндегі ой жақсы болса, онда сөздің өзі де жақсы. Сұлу айтылған сөздің мәні мен мағынасы таяз болса, бұл ақылдың, ойдың мешеулілігінің белгісі, ал сөздің мәні мен мағынасы терең келіп, оның айтылу реті бұзылып жатса, бұл – шешеннің сөйлеу өнеріне тән кемшілік.

Берілген ойлардың қазақ билері мен шешендерінің ойларынан ешқандай бөтендігі жоқ, тіпті скиф ханзадасының сөз сөйлеу, сөз саптау мәнері де қазақ билері мен шешендерінің сөз жұптау машығымен үндес келіп жатады. Көне дәуір ғұламаларының еңбектерінде Анахарсисің бірқатар шешендік сөздері сақталған. Солардың бәрінде де оның шешендік сөздерінің қазақ шешендік өнеріне қатысы анық көзге түсіп, көңілге қонып тұрады.

Лукиан Самосатский Анахарсис туралы жазған еңбектерінде оны Солонның досы, пікірлесі қатарында танытады. Ойларын екі данышпанның алма-кезек пікір алмасқан диалогы тәртібіне бағындыра баяндай отырып, Лукиан эллиндер мен скифтердің салт-дәстүрі жайында мол мағлұмат береді. Әңгіме үстінде Солон Анахарсисің афиналықтардың салты мен дәстүріне, заңы мен мемлекет құрылысына,

адамгершілік әлеміне өте үлкен мән беріп, солардың бәрін білуге, үйренуге қатты ықылас қойғанын нағыз ерге, ойлы азаматқа тән қасиет деп бағалайды. Өзінің осы орайдағы ойларын ол Анахарсиске былай жеткізеді: «Осындай ізгі қасиеттерің үшін барлық афиналықтар саған алғыс айтуға әзір. Өйткені, сен мені қандай да бір пайдалы іске үйретсең немесе маған қандай да бір жақсы үлгі көрсетсең, онда біздің еліміз бен мемлекетімізге сенің үлкен пайда әкелгенің. Бұл жақсылығыңды мен елден жасырып қала алмаймын, қайта мұны қазір-ақ көпшілікке жария етем. Мінбеге көтеріліп, былай деп айтатын боламын: «Афиналықтар, мен сендер үшін әділетті заң жасадым, оны өздерің үшін де, мемлекет үшін де өте пайдалы деп есептеймін. Ал мына жат елдік азамат, Анахарсис скиф бола тұра ақылға бай, әрі дана. Ол менің көзімді ашып, ойымды байытты, көптеген пікірлерімді басқаша байымдауға көмектесті, толып жатқан кеңес беріп, білім мен пайдалы іске үйретті. Сондықтан да бұл азаматты ел үшін де, мемлекет үшін де құтты, қайырлы деп санап, оның мүсінін мыстан құйып, ең бір құрметті жерге халық қалаулыларымен қатар қойындар!» [11. 194 б.].

Солонның бұл сөзінде шындық, тек қана шындық жатыр. Солон Анахарсисстен Скиф даласының әдеті мен салтына, дәстүріне, тарихына қатысты мол мағлұмат алады, Анахарсис Солоннан афиналықтардың өмірі, мемлекет құрылысы, заңы туралы көп нәрсеге үйренеді. Солон мен Анахарсис арасындағы мұндай өзара түсіністік, сый-құрмет олардың арасын жақындастыра түседі. Солон афиналық данышпандардың бас қосқан сейіл-серуенінен Анахарсисі қалдырмауды дағдыға айналдырады.

Солон мен Анахарсис арасындағы достық қарым-қатынастың кейбір қырлары Диодор Сицилийскийдің еңбектерінде де кең көрініс тапқан. Ол Крез патшаның қабылдауында болып, онымен әңгіме-дүкен құру құрметіне ие болған төрт



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

данышпанның қатарында Анахарсистің, Солонның орнын ерекше бөліп көрсетеді. Диодордың «Кітапхана» деп аталатын еңбегінде Крез патшаның алдында болған әңгіменің ұзын-ырғасы берілген. Әңгіме жүйесінде Анахарсистің Крез патшаға айтқан сөздерінің ойлылығы, ойларының мәнділігі мен әсерлілігі, айқындығы мен дәлелділігі бірден көзге ұрып, көңілді баурап алады. Бір ғажабы, соның бәрі қазақ шешендік өнеріне тән басты поэтикалық-логикалық жүйе табиғатымен мейлінше тектес, туыстас.

Анахарсистің ойлау жүйесі мен сөйлеу әдебі дала мәдениетінің өлшемдеріне негізделген. Туған жері мен туған еліне қатысты көлеңкелі мағынада айтылған сөздерді ол жаны ауырып, жүрегі сыздап қабылдап, қайтарар жауабын тебірене, тербеле отырып айтады. Оның: «Менің сорым – Отаным, ал сен – Отаныңның сорысың», – деп афиналық біреуге айтқан сөзінен туған жерін, туған елін жанындай сүйген, ал сол елі мен жерінің мәдени-әлеуметтік жағынан артта екендігін сезіп, білгенде, жаны күйген кісінің күйзелісті күйі, Отаны үшін жаны ауырған жайы белгілі болады. Анахарсистің даналық сөздерінің болмыс-бітімі мен қазақтың белгілі шешендері мен билерінің сөздері арасындағы туыстық пен тектестіктің айқындығы сонша, оларды бір-бірінен даралайтын ерекше белгілерді табудың өзі қиын.

Анахарсистің әлеуметтік-этикалық көзқарастарын аңғартатын бірқатар ойлардың желісі оның хаттарында сақталған. «Афиналықтарға» хатында ол өзінің грекше жатық сөйлей алмайтынына эллиндіктердің күле қарайтынына көңілі толмайтынын айта келіп, былай деп жазады: «Мен афиналықтардың ортасында сөйлеген сөзімде қате жіберсем, скифтердің ортасында сөйлегенде, афиналықтар қате жібереді. Кісі кісіден сөйлеген сөзімен дараланбайды, сөзімен даңқын да шығармайды, бір тілде сөйлейтін эллиндердің де бір-бірінен айырмашылықтары бар секілді,

кісі бір-бірінен ойымен ерекшеленеді. Спартиат аттика тілінде таза сөйлей білмейді, бірақ оның ісі қандай даңқ пен мадаққа да лайықты. Скифтер істің мәнін жете түсіндірген сөздердің қандайын да мансұқ етпейді, ал діттеген жеріне жетпеген, көздеген нысанасына дарымаған, ойды жеткізуге жарамсыз, ойсыз, мәнсіз лақап сөзді мақтамайды. Егер, сөз мағыналы айтылып, мағыналы іске ұласатын болса, онда ол жаман бола алмайды. Скифтер мағынасыз сөзді ғана бос сөз деп біледі».

«Медокке» хатында Анахарсис қызғаншақтық пен қорқақтық туралы ойларын афиналықтар мен скифтердің тұрмыс-салтына байланыстырып баяндайды. «Қызғаншақтық пен қорқақтық оңбағандықтың басты көрінісі, – дейді ол. – Өйткені, қызғаншақтық дос-жаран мен өзге жұрттың артықшылығын көре алмаудан туатын дертке ұласады, ал қорқыныш бос сөзден үміт күттіретін бейшаралыққа ұшыратады. Скифтер мұндай адамдарды ұнатпайды, өзгенің артықшылығына сүйсініп, өзі де соған, сондай болуға ұмтылады. Ал қызғаныш, жек көру және басқа осындай оңбаған қылықтарды орталарынан жауды қуғандай айдап шығады».

Анахарсис екі хатында да скифтердің сөз, қызғаныш, қорқақтық туралы ұғым-түсініктерін барынша әділетті, орынды деп бағалап, оны эллиндердің түсінігіне белгілі дәрежеде қарсы қояды, сөз туралы эллиндердің ұғымынан скифтердің ұғымы әлдеқайда биік тұрғаны жайындағы пікіріне эмоциялық бай мазмұн дарытып сөйлейді.

Анахарсис «Аннонға», «Патша баласына», «Крезге» сияқты хаттарында байлықты, қамсыз тіршілікті мансұқ етеді. Өзі эллин жеріндегі жағдайы, тұрмыс-тіршілігі туралы жазғанда, қара жерді төсек, табан терісін етік, шекпенін көрпе етіп жүргенін, тамағы сүт пен ірімшік, отқа қақталған ет, ал сусыны қара су екенін көрсетеді. Мұндай тіршілік кешуінің сырын ол патша баласына жолдаған ха-

тында былай баяндайды: «Сенде флейта мен әмиян болса, менде садақ пен жебе. Сондықтан, өзінен-өзі көрініп тұрғандай, сен – құлсың, ал мен – еріктімін. Сенде дұшпан көп, ал менде оның біреуі де жоқ. Егер күміс теңгелеріңді лақтырып тастап, садақ пен қорамсақ асынатын болсаң, сен де азат азамат боласың» [9. 110 б.].

Анахарсис, осылайша, адамның жанының еркіндігін оның дүние-мүліктен, байлықтан азат болуымен тығыз байланыстырады. Әмиянын ақшаға толтырған адамның ойы мен сезімінде, ісі мен әрекетінде, тіпті сөзінде де құлдық, кіріптарлық таңбасы болатыны, қолындағы дүние-мүліктен, байлықтан оның жаны ешқашан бостандық ала алмайтыны жайында ой толғайды. Қол астында мың сан қызметшісі, қалтасында мың сан теңгесі бар, төрт құбыласы түгел кісінің де дүниеден, байлықтан бостан бола алмайтыны туралы ойды баса айта отырып, мұндай құлдыққа ойдың, ақылдың еркіндігін, жанның азаттығын қарсы қояды, әрі скифтердің ешнәрсеге, ешкімге тәуелсіз тұрмыс-тіршілігін, кәсібін адамның еркіндігінің, бас бостандығының, жан азаттығының басты шарты, кепілі бейнесінде зор сүйіспеншілікпен, ыстық ықыласпен еске алады.

Анахарсистің сөздері түгелдей ақиқатқа, ой мен сезімнің тазалығына, ізгілікке негізделеді. Ғұламаның ақиқат ой мен сезім тазалығына байланысты ізгілік туралы ұғымдары мен түсініктері өзара сабақтаса, байланыса келе, адам жаны, ар тазалығы туралы таным тұтастығына ұласады. Ол жан тәуелсіздігі, ой мен сезім азаттығы жоқ жерде ар-ождан тазалығы да болмайтындығын аңғартады. Өмірде адамның азат жанының ұлылығымен теңесе алатын ешқандай құдірет-күш жоқ, сондықтан адам жанының азаттығына қызмет ететін құбылыстардың бәрі де маңызды, ал тұрмыстың қалған қызықтары мен қуаныштарында баян болмайды – Анахарсистің сөздерінің асыл арқауы

осындай ойдан тартылған.

Дала данышпаны өз еліне, туған жеріне деген құрметін «Крезге» хатында барша жұртқа ғибрат болатындай түрде жинақтайды. Хатта ол өз көзімен көрген бір оқиғаны баяндай отырып, одан үлкен ой түйіндейді. Болған оқиғаның қысқаша мазмұны мынадай: Скиф жеріндегі ең үлкен өзендердің бірі Истра бойымен жүзіп келе жатқан көпестердің кемесі қисапсыз мол тиелген дүние-мүлік салмағынан шөгіп, қайырлап қалады. Қайырға отырып қалған кемені орнынан жылжыта алмай, амалы таусылған көпестер жағаға шығып, бет-бетімен кетуге мәжбүр болады. Көпестердің жағдайын көріп білген қарақшылар кемеге келіп, ондағы дүние-мүлікті тией бастайды. Дүниеге көзі тоймаған қарақшылар қайықтарына тиеген балық, зат, мүлік салмағының мөлшерден асып кеткенін байқамай қалады. Ақырында қарақшылық жолмен табылған қисапсыз мол дүниенің ауыр салмағы қарақшыларды қайықмайығымен өзен түбіне тартып кетеді. Ал, жүктен босаған кеме бауырын қайырдан көтеріп, өзен айдынына шығып, жүзіп кете барады. Бұл оқиға бай біткеннің бәрінің басынан өтуі мүмкін. Скифтер үшін мұндай қауіп жоқ. Олардың бәрі де жер еміп күн көреді. Жер ана қандай ризықты өз еркімен берсе, олар соны алады, не нәрсені бермей, қойнында жасырып қалса, оған тиіспейді. Мал өсіріп, оны жыртқыш хайуандардан қорғай жүріп, скифтер тамаққа сүт пен ірімшік алады. Қару-жарақты да олар біреуге қарсы пайдалану үшін емес, қажет болған жағдайда өздерін өзгелердің қысастығынан қорғау үшін асынады... [9. 110 б.].

Толғау түрінде жазылған бұл хатты шешендік ғибрат сөздің елдік туралы теңдесі жоқ тамаша үлгісі деген дұрыс. Ойын ойнап емес, ойлап, ойланып толғай отырып, Анахарсис скифтердің өмірдің мәні, байлық туралы қалыптасқан дәстүрлі елдік, халықтық ұғым-түсініктерін асқақтата дәріптейді. Мұндай сөздерден



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Анахарсистің туған Отанына, туған дала-сына деген сүйіспеншілігі мен сағынышы сағымдай бұлдырап, шетсіз, шексіз, таза болмысымен мөлдіреп тұрып алады.

Көне заманның ұлы ғұламаларының бірі Плутарх Анахарсистің даналық толғамдарында эллиндердің тұрмыс-салтын сынап қана қоймай, олардың тіршілігі мен кәсібіндегі бірқатар дағдылы істер мен әдеттерді сүйсіне мақтағанын көрсетеді. Анахарсистің сондай сүйініп, әрі таңғалып айтқан сөздерінің бірі эллиндердің ағаштан көмір алу кәсібіне байланысты. Эллиндердің далада ағаш жағып, оның шоғынан көмір жасағанын, көмірді үйге әкеліп отын ретінде пайдаланғанын көргенде, Анахарсис: «Эллиндердің бір ғажап жері – олар отынның түтінін далада қалдырып, отың үйге әкеледі» [12. 106 б.], – деп айтқан екен. Скиф даласында туып-өскен Анахарсис үшін эллиндердің мұнысы таңғажайып, тамаша іс, асқан тапқырлық болып көрінсе керек. Эллиндердің көп қылығына сын көзімен қарағанмен, дала ғұламасы олардың жақсылығын жасырмай, ашық айтып, сүйінішін де ірікпей білдіріп отырған.

Эллиндер елінде Анахарсис ұлы данышпандармен бірге толып жатқан пікірталасқа ой жарыстырған, ақыл салыстырған әңгімелерге қатысқан. Анахарсис қатысқан осындай әңгімелердің бірін Плутарх «Жеті данышпанның сауығы» деген атпен баяндаған.

Жеті данышпанның сауық-сайраны үстінде әңгіме желісі бірнеше рет ауысады. Әңгіме бағыты патшаның атақ-даңқы мен абыройын асыратын қасиеттер жайына ойысқанда, жеті данышпанның әрқайсысы бір-бірден пікір айтады.

Анахарсистің сөзі қалған алты данышпанның ешқайсысының да сөзінен кем түсіп жатқан жоқ, қайта өзінен басқа алты дананың алты ауыз сөзіне ажар беріп, терең мағына дарытып тұр. Шынында да, билеген жұртының ішіндегі жалғыз ақылды адам патшаның өзі ғана болса, онда

оның атақ-даңқы мен абыройын, ақыл-парасатын кім танып, кім бағаламақшы...

Мемлекет, әділетті мемлекет туралы пікір жарысында да Анахарсистің ойы ерекше дараланады.

Анахарсис бұл жерде де кісілік, адамгершілік тұрғысының биіктігімен көзге түседі. Ізгілік туралы ұғымы да салдарлы. Өзегін зұлымдық жайлаған мемлекетте әділеттің болмайтыны жайындағы пікірдің әлеуметтік, философиялық мәні өте терең. Ал ізгілікті әділетті мемлекеттің негізі деп тану данышпанның өмір сүрген дәуірінің әлеуметтік, философиялық ойы мен ойлау деңгейі үшін бұлттан шыққан күндей әсерлі, жарығы да, қызуы да аса күшті көзқарастың көрінісі еді.

Көне дәуір авторларының еңбектерінде сақталған сөздеріне қарағанда, Анахарсис даналық деңгейінде сөз сөйлеп, сол биікте ой ойлап тұрса да, өте әсершіл, сезімтал болғанға ұқсайды. Әсіресе, ол өзінің шыққан тегіне, еліне қатысты айтылған көлденең сөздерге қайтарған жауабында қатты ширыққан күй аңғартады. Оның Крез патшаға жауап ретінде айтылған жоғарыдағы сөзінде психологиялық ахуал, эмоциялық мазмұн барынша анық көрініс тапқан. Бұл ерекшелік Анахарсис пен грек мысалшысы Эзоп арасындағы әңгімеде жаңа бір қырынан ашылады.

Анахарсистің сөзінен оның жан шындығы, сезім бұлқынысы аңғарылуымен бірге, скифтердің күн туралы ұғым-түсінігі, сол арқылы олардың дүниетанымының ерекшелігі де көзге көрініп, көңілге жарығын түсіреді. Бір ғажабы, Анахарсис өзінің күн туралы ұғымымен де қазақ халқының байырғы дүниетанымына, дәстүрлі мәдениетіне жақын тұр. Анахарсиспен қатар пікір айтып отырған данышпандардың сөздерінде де ойлылық, тапқырлық, даналық іздері сайрап тұрғанында сөз жоқ. Бірақ, олар айтқан пікірлер мазмұн, мағына аясы, жалпылық, жинақтаушылық деңгейі жағынан Анахарсистің пікірінің мағыналық аясына

енетіні, Анахарсистің пікірімен бүтіннің бөлшегі дәрежесіндегі қатынаста тұрғаны аңғарылады.

Данышпандардың ортасында пікір жарыстыруға қатысып, мұндай терең, белгілі бір қасиеті бойынша әріптестерінен озық, кең ой толғау Скиф ғұламасының даналық биік тұлғасын даралай түседі. Оның шарап ішу жөні, жан мен тәннің құдайға қатысы туралы айтқан ойлары ажарлы, айшықты түрімен, өткірлігімен, қазіргі қазақ сөзіндей ұғымға жеңілдігімен, әрі көп мағыналылығымен ерекшеленеді.

Дала данышпанының аузынан шыққан бір қанатты сөз оның өз мүсініне қашалып жазылған екен. Онда: «Тіліңе, құлқыңа, нәпсіңе ие бол» [2. 96 б.], – дейді ол. Анахарсистің өзін қазақ қылу қиын екені рас. Ал мына сөзін қазақтың сөзі емес деп дәлелдеу одан да қиын. Онда қазақ халқының ұлттық рухани құндылықтарының ілкі өрнектері бар.

Анахарсис әр сөзін шын жүректен толғаған. Ол ойын қозғамаған, сезімін тербемеген құбылыстар жайындағы әңгімелерге араласпаған. Ғұламаның шешендік сөздері мен даналық ойлары оның жанын толқытқан шындықтан туып, айтпауға болмайтын, тіл қатпаудың мүмкіншілігі мүлде қалмаған шақтарда айтылған.

Скиф данышпанының сөздері мен толғаулары өзінің ішкі жүйесі жағынан да, сыртқы ажар-көркі жағынан да мейлінше келісті. Оларда ой тереңдігі сезім шынайылығымен, сезім тазалығы ой алғырлығымен тығыз байланысты. Ғұламаның өзі мен сөзін байырғы ата жұртына алып ұшып келген қос қанат – оның осындай ойы мен осындай сезімі, жан шуағы. Ойды ойнатып, сезімді мөлдіретіп толғауда қазақ сөз өнерінің ертеден келе жатқан ескі нұсқаларының, солардың ішінде шешендік сөз үлгілерінің де өз ерекшеліктері бар. Сондай ерекшеліктерден түзілген мәнер мен машық Анахарсистің сөйлеу, сөз толғау өнерінің өз өрнегіндей,

асыл өзегіндей жарқырап, көз қарықтырып тұрады. Мұндай тектес құбылыстар қазақ шешендік өнерінің байырғы өкілдерінің қатарында қазақ даласынан Кіші Азия даласына ауып барған скиф ұлыстарының ортасынан шыққан Анахарсистің де өз орны барын көрсетеді. Қазақ шешендік өнерінің түп төркінін, шығу тарихын, сондай-ақ қазақ шешендік өнерін жасаушылардың байырғы өкілдерінің ел мен елдік, мемлекеттік, тәуелсіздік туралы ұстанымдарының болмыс-бітімін анықтау ісінде Анахарсистің шешендік сөздері мен толғамдарының маңызы мен мәні жоғары. Сондықтан, қазақ сөз өнерінің түп төркіні, ежелгі тарихы жайлы сөз бастағанда, Отанға деген сүйіспеншілік, ұлттық идеямыздың ілкі бастаулары туралы ой қозғағанда, Анахарсистің шешендік өнерін айналып өтуге болмайды.

Анахарсис өлер алдында мына сөздерді айтқан екен деседі: «Қызыл тілімнің арқасында жат елден аман кетіп едім, отаныма келіп көре алмаушылардың қызғанышынан мерт болдым» [6]. Бір ауыз сөз. Сол бір ауыз сөзде өкініш пен күйініш тұнып тұр. Өз халқының, елінің игілігіне жұмсамақ оймен Элладаға барып білім алып, өнер үйреніп, ақырында сол елдің атақты жеті данышпанының бірі дәрежесіне жеткен, сөйтіп, атақ пен даңққа бөленген дала перзентінің соңғы сөзін тебіреніссіз қабылдау мүмкін емес.

Анахарсистің трагедиялық өлімінің себебін Геродот скифтердің әдет-ғұрпымен, салт дәстүрімен байланыстырады. Геродоттың баяндауына қарағанда, Анахарсис Эллада елінде оқып, білім алып, мемлекет ісіне үйреніп, еліне қайтады. Еліне келе жатқан жолында Анахарсис Кизик деген ауыл адамдарының Құдай-Ана құрметіне құрбандық шалып, дүрілдетіп той жасап, ас беріп жатқанының үстінен шығады. Той рәсімінен Анахарсис те тыс қалмайды: Құдай-Анаға құлшылық білдіре тұрып, егер отанына аман-есен жетер болса, Құдай-Анаға арнап құрбандық



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

шалып, дәл осындай қараңғы күнді жарық қылғандай, тамаша той жасайтыны туралы іштей уәде етеді.

Скифияға келген соң, қалың орманды Гилей алқабында Анахарсис Құдай-Анаға берген уәдесін орындауға кіріседі. Анахарсисің Құдай-Анаға көрсеткен құрметі аясында жасаған істерін, ғұрып-тәртіптеріне сай атқарған қызметтерін скифтердің біреуі көреді де, көргенін сол қалпында скиф патшасы Савлийге жеткізеді. Савлий болып жатқан жайды өз көзімен көрмек үшін, Гилей орманына келеді. Анахарсисің Құдайға құрмет жасап, онымен тілдескендей күйде тұрғанын көргенде, Савлий қатты шошынады. Патша үрейленген күйде садағына оқ салады. Еліне, жеріне аман-есен жеткені үшін

құдайына құлшылық етіп тұрған Анахарсис, осылайша, ойда жоқта өзінің туған бауырының қолынан атылған оқтан өлім табады.

Анахарсис туған Отанына жат жердің салтын алып келгені үшін емес, өзінің соңғы сөзінде айтылғандай, көре алмаушылардың қызғанышы, күншілдігі салдарынан мерт болады [13. 176-177 б.]. Тірісінде туған Отанын жалындап сүйіп, оның қараңғылығына жаны күйіп арланған, күншілдікке, қызғанышқа, байлық пен билікке қарсы жалпыадамзатқа үлгі болғандай ұстаным ұсынған, нешеме қанатты сөздер айтқан сөз атасы жарық дүниеден біздің заманымызға дейінгі VI ғасырдың соңында осылай өтеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985.
2. Диоген Лаэртский. О жизни, учениях и изречениях знаменитных философов. – М., 1979.
3. Геродот. История в девяти книгах//Перевод и примеч. Г.А.Стратановского. – Л., 1972. – IV кн.
4. Кукулина И.В. Анахарсис//Вестник древней истории. – 1971. Вып.3.
5. Страбон. География. – Л., 1964. – Гл. 3.
6. Платон. Сочинения: В 3-х томах. – Т.2. – М., 1968.
7. Латышев В.В. Известия древних писателей греческих и латинских о Скифии и Кавказе. – Т. 1-2. – СПб., 1893-1906. – Кн. IX, гл. 26.
8. Цицерон М.Т. Три трактата об ораторском искусстве. – М., 1972.
9. Агбунов М.В. Путешествие в загадочную Скифию. – М., 1989.
10. Нахов И.М. Книжечная литература. – М., 1981.
11. Лукиан. Сочинения. – Т. 2. – Философия. Быт. – М., 1920.
12. Плутарх. Застольные беседы. – Л., 1990.
13. Хазанов А.М. Социальная история скифов. Основные проблемы развития древних кочевников евразийских степей. – М., 1975.

Резюме

В статье рассмотрены древние образцы искусства слова казахского народа. Осмыслены значения, смысл и художественное своеобразие ораторской речи Анахарсиса, отношения его литературного наследия к истокам казахской литературы.

Summary

In the article the ancient samples of art - words of the Kazakh people are considered. Values, sense and an art originality of oratorical speech of Anaharsisa, the relation of its literary heritage to sources of the Kazakh literature are comprehended.

Әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан халқына қадірлі, еліне сыйлы болған, ұлт жазушысы, оқырманының мағынасы терең, жанына жақын туындыларымен жадымызда мәңгілікке сақталып қалған Баққожа Мұқайдың бұл жалған өмірден озғанына да үш жылдан асты...

Ж.А.Сейсенбаева –
*филология ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Жаңартпа технологиялар және
білім беру мазмұнын ҒЗИ оқу үдерісін жетілдіру
бөлімінің басшысы*

Б.МҰҚАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Қазақ әдебиетіне өзіндік сара жолымен қолтаңбасын қалдырған абзал азаматтардың бірі де бірегейі Баққожа Мұқай десек артық айтқандық емес. Нағыз өр тұлғалы, зерек ойлы, шын мәнінде талантты, талапты, шыншыл, өте білімді, алғыр, табанды, адамгершілік қасиеттерге бай, аса беделді ұлт жазушысы ретінде оқырман жүрегіне өзінің халық жанына жақын туындыларымен, адамгершілік қасиеттерімен мәңгі есте қалары сөзсіз.

Мен Баққожа Мұқайдың туындыларын жас кезімнен қызығып оқитынмын. Ол кісінің адам жанына жақын, психологиялық тұрғыда өз кезеңіндегі оқиғалар тізбегімен қиюластыра жазылған шығармалары мені ерекше баулап алған болатын. Магистратураны аяқтап, ғылым жолына аяқ басуға бел байлап, өзімнің ғылыми жетекшім филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнол-Ғабден Бисенғали ағайыма барған кезімде, ол кісі маған бірден «Баққожа Мұқайдың шығармашылығын зерттеуге қалайсың?» деп ұсыныс жасағанда, мен бірден қуана келістім. Жазушының шығармаларын бұрын оқырман немесе жай әдебиетші ретінде оқып шыққан мен, енді ол туындыларға енді ғылыми зерттеу жұмысының объектісі ретінде қарай бастадым. Мен өзім зерттеп оқыған туындыларым арқылы автордың таным-түсінігін ол

кісімен таныспай тұрып-ақ білгендей болдым. Себебі, жазушының өмірдегі болып жатқан, жанына әсер еткен құбылыстарға өзіндік көзқарасын, ой-тұжырымын туындылары арқылы жеткізетінін түсіндім. Осы тұрғыда Кеңес кезеңіндегі қазақ халқының жай-күйін көріп, жан-тәнімен түсіне отырып, өзіндік үн қоса білген шығармалары туралы айтып өткім келеді. Ең алдымен, қолыма 1989 жылы “Өмірзая” деген атпен драмалық туынды болып жарияланып, 1992 жылы сахна төріне қойылған туынды, 1998 жылы роман болып өңделген, 2000 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын иеленген «Өмірзая» романын қолыма алдым. Бұл туындыны жазудағы авторлық нысана – Кеңес үкіметінің сыңаржақ саясатының қазақ халқының ұлттық болмысы мен қоғамдық құрылысына тигізген ауыр зардаптарын суреттеуге бағытталған. Автор тарихтың ақтаңдақ беттерін ашып, жетпіс жыл бойы үстемдік еткен Ресей үкіметінің жымсық саясатын жүзеге асырушылардың тұлғасын бейнелеген “Өмірзая” романында өмір қиындығына шыныққан рухани қуаты берік, моральдық сапасы жоғары азаматтар бейнесін жасалған.

Романның тағы бір ерекшелігі ретінде байқағаным, жақсылық табиғи түрде шешуге тырысқан жазушы өмір



ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА

шындығын нанымды суреттегендігінде еді. «Өмірзая» романы бостандық жолындағы биік идея, күрделі ақиқатқа құрылғандықтан, оқырман ықыласына бірден бөленді. Шығарманың тағы бір ерекше тартымдылығы – әдебиетке қызғылықты характер қосуында. Жең ұшынан жалғасқан сыбайластықтың өрмекшінің ұясындай торланып алған тобырлық әрекеттері Мұса Байларов пен Жақия Тайлақұлы секілді “мықтылардың” келбеті арқылы бейнеленсе, ғалым Алдияр Ақпанұлы бейнесі арқылы шындықты жеткізуге талпынған характерлер сомдады. Бұл бейнеде адам баласына тән жақсы қасиеттің бәрі адалдық пен білімділік, төзімділік секілді қасиеттерді анық көруге болады. Олардың бойынан адам баласына тән жақсы қасиеттің бәрін – адалдық пен білімділік, төзімділік секілді қасиеттерді анық көруге болады.

Шығарманың оқиғасы трагедияға құрылған. Аяғанның адал жары Әсемнің асқынған ауру әсерінен қаза табуы, Хадишаның көзсіз махаббаттың қырсығына шалынып, жетімдіктің азабын еселеп тартуы, Аяған үшін інілік қызмет атқарып жүрген Асылханның саяси қастандықтың құрбаны болуы, Аяған мен Әсемнің бүлдіршіндері – Олжас, Елжас, Бибілердің балалық бал дәурендерінің өкінішпен өтуі, т.т. кімді де болса ойландырмай қоймайды. Аяған кеңестік үкіметтің өз дегенін істетпей қоймайтынына анық көзі жетіп тұрса да, қасқайып қарсы тұрды. Ақыры, оны майыстыра алмасын білген “мықтылар” өлтіріп тынады. Осы шығармадағы адамгершілік идеялар адамзаттық ізгіліктер ұстанымның биіктігін айқын көрсетеді.

Шығарманы ғылыми зерттеу бағытында бірнеше оқып шықтым. Оқыған сайын романның көркемдігі мен кейіпкерлері өзі өмір сүріп отырған кезеңнің тұлғаларын суреткер шынайылықпен суреттей білгендігіне тәнті болдым. Қоғамдық ой-сананың жинақталған көрінісі ретінде

әдебиетті айтар болсақ, аталмыш романның арқалаған жүгінің қаншалықты деңгейде оны ашып, танытқанын оқырман саралайды.

Осыдан кейін әңгімелерін, повестерін, публицистикалық мақалаларын ғылыми тұрғыда сараптап қарап шықтым. Шығармаларымен танысып, ғылыми жұмысымды аяқтап қалуға таянғанда автормен танысуға бел будым. Шығармаларын оқып, зерттеп жүргеніме біраз уақыт өтсе де, ол кісімен танысуға қатты жүрексінетінмін. Ғылыми жұмысымды біраз жөнге келтіргеннен кейін, «Парасат» журналының адресін тауып, түстен кейін ол кісінің жұмыс орнына бардым. Ол кісінің адамды баурап алар әдеби туындылары арқылы жақын танытындай сезінетінмін. Кездесу барысында ол кісінің әдебиет жанашыры екендігіне де көз жеткіздім. Осыдан кейін ол кісі менің әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті филология факультетінде өткізген ғылыми семинарыма да арнайы келіп, шығармаларын студенттер мен мұғалімдер арасында өткізген пікір-сайысқа қатысып, өзіндік пікірімен бөлісті. Студент жастардың, мұғалімдердің, жалпы әдеби ортада шығармаларына деген қызығушылықтың зор екендігіне жалпы, бүгіндегі мына ақпараттық технологияның дамып тұрған заманында әдеби шығармаға деген сұраныстың мол екендігін байқаған жазушы марқайып қалған болатын. Осыдан кейін Баққожа ағамен жаз айындағы филология ғылымдарының кандидаттығын қорғау кезеңінде кездестім. Ол кісінің алтын уақытын бөліп менің кандидаттығымды қорғауыма келгені мен үшін үлкен мәртебе болды. Осы екі кездесуде де менің көзімнің жеткендігі ол кісінің адами қасиетінің молдығы, қарапайымдылығы, кесек мінезі мен ойының да, бойының да бірдей үндескен нарлығы, алғырлығы, келісті тұлғасы мен кескін-келбеті, мейірбандылығы, парасаттылығы, кісілігі, қайсарлығы, жан

сұлулығы еді. Жазушы өзі өмір сүрген кезеңің әлеуметтік, психологиялық жай-күйіне үн қоса білген қаламгерлердің бірі. Адамгершіліктің асқақ көріністерін көбіне замана шындығынан шығарып суреттеуге мән бере отырып, сол арқылы халықтың ақыл-ойын, ішкі сезім дүниесінің мөлдірлігін қастерлеуге ұмтылған туындыларында адам жанына жақын көп сұрақтарға жауап тапқандай әсерде қалады. Оның шығармашылығының өн бойына замана үнінің қоғам мүддесімен тығыз байланысын байқауға болады.

Өмірден қандай құбылысты суреттемесін, Б.Мұқай адам өміріне, тіршілігіне, асыл мұраттарға байланыстыра бейнеледі, оны замана шындығынан шығара білді. Жазушы адамзаттың ғасырлар бойғы рухани, ар-ұждан, азаматтық күрестердің нәтижесін бүгінгі адам мен оның қат-қабат, күрделі әлемімен байланыстырды.

Әрбір халықтың ерекшелігі – оның рухани мәдениеттің сапа-дәрежесімен таразыланып, танылады. Рухани мәдениеттің ең елеулі саласы әдебиет екені ақиқат. Осы әдебиеттің дамуына, өсіп-өркендеуіне

өзіндік үлесін қосқан Б.Мұқай әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер. Ол тек талантты прозашы ғана емес, шебер драматург, белгілі публицист ретінде халықтың жадында сақталып қалары сөзсіз. Өмірін серуенге емес, керуенге теңеп, қазақ әдебиетінің игілікті дамуына бар күшін сала еңбек еткен абзал азаматымыздың арамыздан алыстап кеткені әрине, өкінішті! Бірақ, амал нешік! Әр дәуірде өзіндік қолтаңбаларымен бедерін қалдырған қазақ тарихындағы төрелік билерімен есте қалған Төле, Қазыбек, Әйтеке билер сынды тұлғаларымыз да, үш жүздің басын қосқан Абылай ханымыз да, қазағының ертеңін ойлап еңіреп кеткен Ахмет, Мағжан, Сәкен ағаларымыз да уақыт кеңістігінде тасаланып кете бергендері белгілі. Тағдыр шіркінге дауа бар ма?! Әдебиеттің проза саласындағы адам жанына жақын туындылары қалған Баққожа ағамыздың жатқан жері жайлы болып, артындағы ұрпағы аман болсын! Б.Мұқайдың рухы қазақ әдебиетінің классикалық тұрғыдан дамып, көркеюіне ықпалын тигізсін демекпін!

Summary

Статья посвящена прозаику казахской литературы Б.Мукайе, воспитательной роли его творчества.

Резюме

The article is devoted to the prose writer of Kazakh literature B. Mukaye, the educational role of his career.

Ж.Түрікпен-Ұлы –
п.ғ.к., Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және
PhD докторантура институты Психология-педагогикалық
мамандықтар кафедрасының профессоры

АКАДЕМИК ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ МӘңГІ ЕСІМДЕ (Естелік)

Әлі есімде. Өткен ғасырдың елу университетінің физика-математика
бірінші жылы Қазақ мемлекеттік факультетіне оқуға түстім. Соғыстан



ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА

кейінгі кез. Ел езілген еңсесін енді-енді көтеріп жатқан. Студенттерге жатахана жетіспейді. Туып-өскен жерім Алматыдан 70 шақырым қашықтықтағы Еңбекшіқазақ ауданының Шыбыл ауылы. Жатаханадан орын беретін кісі: «Біз алыс жақтардан келгендерді жатар орынмен қамтамасыз ете алмаудамыз. Сен осы облыстан екенсің ғой, бірдеме қылып күніңді көрерсің», – деді. Қалада тұратын туыстарымның жоғын қанша айтсам да құлақ аспады. Күнде соншалық қашықтықтағы ауылға барып-келіп оқу оңай ма. Ол кезде бүгінгідей ерсілі-қарсылы ағылып жатқан көліктер қайда. Өкпесі сырылдаған жалғыз автобустың жүргенінен тұрғаны көп. Оның үстіне қартайған әке-шешемнің түрі анау. Аз ғана зейнетақыларымен күн кешуде. Бірге оқитын студенттерге тез бауыр басып, алғашқы бір айда солардың жанында жатып жүрдім. Қанша дегенмен кереует екі адамға тарлық етеді етеді екен. Жоғарғы курста оқитын жерлесім бар еді. Сабақ арасында кездесіп қалдық. Жағдайыма қаныққан ол: «Жолмұқан, бұлай жүре берме. Университеттің ректоры Төлеген Тәжібаевқа бар. Жас кезінде қиыншылықты өте көп көрген жан деп естігенмін. Жағдайыңды айтсаң түсінер», – деді. Бұрын ректорды сыртынан көргенмін. Орта бойлы, дөңгелік жүзді, қою қасты, келбетті кісі. Алдына баруға жүрексініп, тағы біраз күнді өткіздім. Боз қырау түсіп, күздің салқыны күш айналған сайын әбіржіте бастады. Ақыры төзімім таусылып, нар тәуекелмен Совет және Ленин көшелерінің қиылысындағы ректоратқа қарай тарттым. Ескі Верныйдың тұрысында бұл үй гимназия болған деседі. Онда Жандосов пен Фрунзе оқыпты. Төлеген аға жылы шыраймен қабылдады. Өреки соққан жүрегімді басып, жағдайымды баяндадым. Ол зер салып тыңдады. Сабақ үлгеріміме көңіл қойды. Сосын қоңырқай үнмен: «Ел есін енді жиып жатыр. Қашан экономикамыз көтерілгенше, қиыншылықтар болады.

Бірақ бәріне де төзіп, бастаған істі аяқтау керек. Бәрімізде аспаннан осылай салбырап түсе салғанымыз жоқ. Небір ауыр кезеңдерді бастан өткіздік», – деп өз тағдыр талайын қысқаша хабардар етті. Тыңдап отырсам менің қиналғаным оның қасында түк те емес екен. Әжептәуір жігерленіп, рухтанып қалдым. Ол сөзінің соңында: «Оқимын деген жаннан көмегімді аянып қалмаспын, – деп өтінішіме бұрыштама жазды да: – Мынаны комендантқа бер», – деді. Ертеңіне жатақханаға орналастым. Төлеген ағаны содан кейін жиналыстарда көріп жүрдім. Сөзі қандай! Білімі қандай! Жүйе-жүйесімен айтып, тереңінен қозғағанда, құлақ құрышың қанады. Ауық-ауық жатақханаларды аралап, студенттердің жай-күйін біліп, жағдайларын жасайтын.

Бес жылдан соң университетті ойдағыдай бітірдім. Қарағандының пединститутына оқытушы етіп жіберді. Сонда доцент Сәлкен Балаубаевпен таныстым. Алпысты алқымдап қалған ол педагогика және психология кафедрасын басқарады екен. Тағдыры күрделі жан. Ташкендегі Орта Азия мемлекеттік университетінің алғашқы түлектерінің бірі. Алматыдағы Қазақ педагогика институтында декан болған. Сол кездегі педагогика ғылымы бойынша әр баланың тумысынан өз ерекшеліктері мен қарым-қабілеттерін дөп басып танып, жасөспірімдерді өз бейімдеріне қарай тәрбиелеу керек. Бұл кісі сол салада көп еңбектеніпті. Ал кеңес идеологиясын ұстанғандардың бұл ғылымға көзқарастары кереғар келді. Отызыншы жылдарда-ақ олар мұны буржуазиялық ғылым, марксизм-ленинизм қағидаларына мүлдем жат деп байбалам салған: «Адам тумысынан бәрі бірдей. Тек болашақта кім болып шығатындары мектептен алған біліміне, тәлім-тәрбиесіне байланысты», – дейтін. Бұған Балаубаев та басқы бағытынан қайтпай, өзінің ғылыми тұжырымдарын дәлелдеп жанталасса керек. Ақыры отыз жетінің зобалаңында

сол ғылыми көзқарасы өзіне пәле болып жабысыпты. Буржуазиялық ғылымды дәріптеуші деген жаламен итжеккенге айдалады. Бір жолы оңаша сәтте мен одан осы мәселе жөнінен суыртпақтап сыр тарттым. Ол сол бойда ішіндегісін ағылтегіл ақтара салған жоқ. Қыртысы көп маңдайын жиырып, ілкім сәт үнсіз отырып, іркіле сөйледі.

– Е-е, шырағым, – деді күрсініп. – Біздің қазақта күншілдік деген жазылмайтын әлеуметтік ауру бар емес пе? Үстімнен үш адам мені бұрыңғыны көксейтін ғалым деп жоғарыға арыз жазыпты. Ту сыртымнан біреулер солай тас атады деп ойлаппын ба? Айтысармыз, пікір таластырармыз, сөйтіп жүріп, түбі бір мәмілеге келерміз деуші едім. Қателесіппін. Бар зұлымдығын іштеріне бүккен жау болып шықты.

– Олардың кім екендерін білесіз бе?

– Білемін. Жер басып жүр ғой. Кейде Алматыдағы үлкен ғылыми жиындарда сырттарынан көріп те қаламын.

– Кімдер екенін ашып айтпайсыз ба?

– Қайтесің шырағым ... Мен олардың аттарын аузыма алуға жиренемін. Сен естімей-ақ қой. Ер жеткен ұл-қыздарынан ұят. Тек итжеккенде босқа өткен жиырма жыл уақытты айтсайшы. Қазір жастық шағыңдағыдай қайрат қайда? Қаншама ғылыми еңбектер жазылмай қалды. Соған өкінемін. – Ол әлдене есіне түскендей маған жалт қарап: – Жолмұқан, сенің ойлау жүйең қазақша екен. Сөзің өте жатық. Психология ғылымында өзіндей тілді жетік білетін ұлттық мамандар өте аз. Бұл – адамның жан дүниесін тану ғылымы. Қазақ халқының ерекшелік болмыстары енді-енді зерттелініп жатыр. Бізде физиктер мен математиктер саны біршама өсті ғой. Сен осы психология ғылымын қолға алсаң қайтеді? ҚазМУ-дың ректоры, психолог Төлеген Тәжібаевпен өзім таныстырар едім. Құдай қазақтың бағына берген жігіт қой ол. Ондай ғалыммен дүниені төңкеруге болады, – деді.

– Ойланып көрейін, Сәке, – дедім мен.

Балаубаевтың ұсынған бірнеше кітаптарын оқып шықтым. Уақыт тауып, дәрістерін тыңдадым. Барған сайын психологияға қызығушылығым артты. Шынында да менің қолайыма келетін, жаныма жақын ғылым секілді. Арада біраз уақыт өткен соң мен ол кісінің ұсынысымен келістім. Сәлкен аға мені Төлеген Тәжібаевқа алып барды. Төлеген аға күлімсіреген көздерінен ұшқын шашып: «Сәлке, сіздің шәкірт таңдауынан қателеспейтініңізді білемін», – деді.

Сынақтарды ойдағыдай тапсырып, аспирантураға қабылдандым. Ғылыми жетекші Төлеген Тәжібаев «Балаларды еңбекке тәрбиелеудің психологиялық негіздері» деген тақырыпты бекітіп берді. Сол кезде қоғамда мектептерді өндіріспен байланыстырып, сабақпен ұштастыра жүргізу қызу өріс алған. Өкінішке орай, бұл тақырыпты қорғаудың сәті келіп түспеді. Аспирантураның екінші курсын бітірерде Төлеген аға кенеттен қайтыс болды. Мен ғылыми жетекшісіз қалдым. Содан аспирантураны тастауыма тура келді. Жоғары білім министрлігіне қызметке ауыстым. Оған сол кездегі министр ардақты азамат, талантты ғалым, ұйымдастыру қабілеті ерен күшті Біләлов Қали аға қол ұшын берді.

Академик Төлеген Тәжібаев – күрделі тұлға. Ол өмірден өткен соң көп жылдар бойына атаусыз қалды. Тіптен ұмыт бола бастады. Артына қалдырған мұралары шаң басып жатты. Ал, ол ұмытуға болмайтын, кейінгі жастарға өнеге тұтатын жан еді. Осыдан қырық жыл бұрын профессор Құбығұл Жарықбаев екеуіміз оның өмірін, ғылыми еңбектерін жинастырдық. Жұмыстарын кітап етіп шығардық. 2002 жылы менің «Академик Төлеген Тәжібаев» деген үлкен кітабым жарық көрді.

Төлеген Тәжібаев 1910 жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Арысауданының Сүткент ауылында туылған. Ол жеті жасқа толғанда ата-анасы мен өзінен үлкен бауырлары аштық пен жұқпалы аурудан



ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА

қайтыс болады. Ал Төлеген босқан жұртқа ілесіп, Арыс қаласына жетеді. Көше жиегінде бұратылып хал үстінде жатқан баланы теміржол бойында істейтін Иван Кабанов көріп, жаны ашығаннан үйіне көтеріп алып келеді. Кеберсіген таңдайына қайнатылған күріштің суын тамызып, есін жиғызады. Бертінде Кабановтың үлкен қызы Клавдиямен кездескенімізде ол туралы талай қызықты жайға қанықтық. «Біз азып-тозған баладан қазақшалап атын және кімнің баласы екенін сұрадық. Ол өзін Төлегенмін, тесіле қарап тұрып, Тәжібайдың баласы екенін, тұл жетім қалғанын айтты. Күйеуге шыққан әпкесі барын, бірақ одан бейхабар екенін тағы ескертті. Бала өте зерек, айтқаныңды тез қағып алады. Орыс тілін де лезде меңгерді. Әкеме қолқанат болды. Әкем 1917 жылғы төңкеріске дейін жол бойының байланыс саласында істеген. Оған ұры-қары, қарақшылардан қорғануға қару берілген еді. Қалаға бірде қызылдар, бірде ақтар кіріп, тұрғындардың есін шығарып жатқан аласапыран шақ. Бір күні үйге түсі суық кісілер баса-көктей келіп, қару-жарақ іздеп, тінти бастады. Бәрімізді ішкі бөлмеге қамап жатқанда Төлеген сыртқа шығып бара жатты. Оның түр-түсі бізге ұқсамайтын болған соң ба, жоқ әлде көрші үйдің баласы деп қалды ма, едіреген аналар оған аса мән бермеді. Бөлмелерді ақтарып, ештеңе таппаған соң шатырға көтеріліп, астан-кестенін шығарып жатқанда, әкем: «Пистолетімді сонда тыққан едім. Енді бәрі де бітті. Мені жазалайды», – деді шарасыз сыңаймен ұнжырғасы түсіп. Үрейіміз ұшып, біз тұқырамыз. Аналар қайтып келді. Елірген мұрттысы қабаған иттей әкеме төніп: «Қаруыңды жасырып, бізге қарсы тұратын болсаң...» деп кіжініп, сұқ саусағын безенді. Олар үйден шығып кеткенде ғана бәріміз демімізді бір-ақ алдық. Әкемнің өңі қашып, тұла бойы қара терге шомыпты. Таңданып тұрып: «Оңай жерге-ақ қойған секілді едім. Иттер қалай таба алмады, ә?» деді бізге аңтарыла қарап.

Сол кезде сырттан еңтігіп Төлеген кірді. Аналар үй ішін тінтіп жатқанда, шатырға шығып, пистолетті алыстау бір жерге көміп тастапты. Шынашақтай баладан мұндай істі кім күткен? Әкем оны жерден көтеріп, құшағына қысты. «Сен мені бір өлімнен құтқардың, балам», – деп бетінен сүйді. Содан кейін біз оны тіптен де жақсы көріп кеттік. Оның музыкалық әуестігі де күшті еді. Аз уақыттың ішінде бірнеше аспаптарда ойнауды үйреніп алды. Әкем оның алғырлығына, зеректігіне сүйсініп: «Төлегенді оқыту керек. Одан үлкен азамат шығады» дейтін. Арыста жетім балалар үйі ашылғанда Төлегенді соған тапсырды. Ол жексенбі сайын үйге келіп, бізбен бірге болатын. Кейін үлкен қызметкер болғанда ай сайын бізге өз қалтасынан мың сом салып тұрушы еді...».

Ол балалар үйінде озат оқушы атанды. Ұстаздары Шымкенттегі педтехникумға жіберген. Оның директоры «Алаш» партиясының мүшесі, жазушы Жүсіпбек Аймауытов психология пәнінен сабақ береді. Кейіндеу Тәжібаевтың: «Менің болашақ мамандығым сол педтехникум қабырғасында жүргенде-ақ анықталды» дегеніне қарағанда оған Аймауытовтың ерекше ықпалы болған секілді. Педтехникумды үздік бітірген оны сонда оқытушылық жұмысқа қалдырған да сол асыл ағамыз.

1931 жылы Өлкелік комсомол комитеті оған Мәскеудің Н.К.Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясына оқуға жолдама береді. Бір жылдан соң бұл оқу орны Ленинградқа ауыстырылады. Студенттік шақтарын бірге өткізген М.Бутин мен Г.Чадияровтың «Жерлестер ай сайын кездесіп, мәдени шаралар өткізетінбіз. Төлеген сонда бауырмалдығымен, ұйымдастырғыш қабілетімен ерекшеленіп, құрметімізге бөленді. Өзі оқитын академияда комсомол комитетінің хатшысы болып, қоғамдық өмірге белсене араласты. Сол жағынан да ол біз үшін мақтаныш еді», – дегендері

оның жастық шағының жалындап өткенін танытса керек.

Академияны өте жақсы тәмамдаған Төлегенді ұстаздары аспирантураға алып қалады. Ол үш жылда психолог А.В.Веденовтың жетекшілігімен орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинскийдің тамаша психолог болғанын дәлелдеп, диссертация қорғағанда, белгілі ғалым, профессор Ш.Ганелин мен Б.Ананьев зерттеу жұмысын өте жоғары бағалап, ғылымға қосылған зор жаңалық депті. Веденов осы қалада ғылыми жұмыстарын жалғастыруды ұсынғанда ол: «Жоқ мұнда қала алмаймын. Ұстазыма берген уәдем бар. Қазақстанға барып, халқыма қызмет етуім керек», – дейді. Ол содан аз ғана уақыт бұрын «халық жауы» атанып, өлім жазасына кесілген ұстазы Аймауытовқа берген уәдесіне осылай тұрып, 1938 жылы елге оралды. Алматының Абай атындағы педагогикалық институтына доцент болып орналасқан. Сол кезде институт аса қиын жағдайды бастан кешіп жатты. Өткен жылдардағы зобалаңнан маңдай алды оқытушылардың біразы жаладан атылып, біразы Сібірге айдалып, мамандар жетіспеді. Төлеген мұнда педагогика және психология кафедрасын меңгеріп қана қойған жоқ, институттағы ғылыми жұмыстар жөніндегі директордың орынбасары қызметін қоса атқарды. Коммунистік партияға мүше болып қабылданды. Республикалық «Халық мұғалімі» журналына жиі-жиі мақалалар жариялап, онда психология ғылымының теориялық көкейкесті мәселелері, оның классикалық тарихы және дамуы мен қалыптасуы жөнінде жан-жақты талдау жасап, қазақ психологиясының іргетасын қалауға үлес қосты.

Атақты психолог Л.С.Выготский: «Ең бірінші ана тілін білу керек. Сол арқылы басқа да шет тілдерін игерген ләзім. Егер де баланы әуелі өз ана тілінен емес, басқа жат тілдердің бірінде оқытатын болсақ, онда ұрпақ мәңгірт болып қалады», – дегенін

Тәжібаев түбегейлі қолдады. Оқу-тәрбие жұмыстарын ұлттық ерекшеліктермен ұштастыра жүргізді. Дәрістерін қазақ жастарына қазақша, орыс тілдерге орысша оқыды. Елде орыстандыру саясаты өріс алып тұрғанда, оның бұл ісі қоғам ағысына қарсы жүзумен бірдей еді. Ол ұлтының жастары үшін соған тәуекел етті. Төлегеннің өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі жеті жасында тұл жетім атанып, орыстардың отбасында өсіп, Ресейдің жоғарғы оқу орындарында тәрбие алса да, ана тілін өте жетік білетінен анық көрінуші еді. Қазір арамызда әке-шешесінің қамқорлығында өссе де, қағынан жиренген, ана тілінен мақұрым қаншама оқытушылар жүр.

Үкімет басшылары алғыр жасты пединститутта көп ұстамады. Екі жылдан соң ақ оны мемлекеттік қызметтерге тартты. 1940 жылы отыз жастағы Төлегенді Қазақстанның Оқу Ағарту Халық Комиссарының бірінші орынбасары, келер жылы Оқу Ағарту Комиссары етіп тағайындады. Тағы бір жылды артқа тастап, Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасырлығына көтерілді. Ал 1944 жылдың тамызында оған Қазақ республикасының Сыртқы істер Халық Комиссариатын құрып, жұмысын жолға қою тапсырылды. Жаңа Халқымды ұйымдастыру барысында, сол кездегі СССР Сыртқы істер Халық Комиссары Молотовпен танысып, талай түйінді мәселелерді бірге шешті, Молотов оның ақыл-парасатына тәнті болып, ерекше дарындылығын жоғары бағалады. Ол Ленинградта оқып жүргенде-ақ, ағылшын тілін үйреніп, еркін сөйлегені белгілі.

Ұлы Отан Соғысынан кейін 1947 жылы төрт ұлы держава: СССР, АҚШ, Ұлыбритания, Франция талқандалған Германия тағдырын талқыға салғанда, Совет үкіметі атынан эксперт-кеңесші болып Подстамға барған Төлеген Тәжібаев сөз сөйлеп, маңызды пікірлер айтқан екен. Санаулы жылдардың ішінде Сыртқы істер министрлігін аяғынан тік тұрғызып,



ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА

қалыптастырған соң, оған 1948 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры қызметін қоса атқаруды жүктейді. Оның үстіне педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болып, оқытушылық жұмыстарымен де айналысады. 1945 жылдың басында Төлеген Тәжібаевты Қазақстан ҒА-сы академик етіп сайлайды. Сол жылдың қазан айында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары және Мәдинет министрі қызметтерін етәғайындады. 1955 жылдан 1958 жылға дейін дипломатиялық қызметке ауыстырылып, БҰҰ-да Советтер Одағы делегациясы басшысының орынбасары ретінде халықаралық мәселелерді шешуге атсалысқан болатын. Ондағы дамушы Азия, Африка және Латын Америкасы елдері жөніндегі комитетті басқарып, 1956-57 жылдары Нью-Йорктегі үлкен мінберден төрт баяндама жасағаны белгілі. Содан кейінгі бес жылда Үндістандағы Советтер Одағы елшісінің кеңесшісі болды. 1961 жылы елге оралған соң, өз қалауымен ұстаздық қызметін жалғастырып, ұлттық психология ғылымын дамытуға үлесін қосты.

Тәжібаевтың жоғарыдағы өмір белестеріне қарап, басына бақ қонған жан дерсің. Ол рас. Басқа мемлекеттік қызметтерін былай қойғанда, мұхиттың арғы жағысындағы Америкаға барып, БҰҰ-да Советтер Одағы атынан сөз сөйлеп, оның бір үлкен комитетін басқару сол кезде одан басқа қай қазақтың пешенесіне жазылыпты. Бұл бүкіл ұлтымыз үшін абырой, мақтаныш емес пе? Алайда оның елдегі өмір жолының кейбір кезеңдері күреспен өткенінен, тағдарының талай рет тәлкекке түскенін көзі көргендер болмаса былайғы жұрт біле бермейді. Білікті ұстаздың қаламынан бірнеше монографиялар, жүзге жуық ғылыми мақалалар жарық көрді. Сол жылдары Тәжібаевтың ғылыми еңбектерінің бір шоғыры, халқымыздың ардақты ғұлама перзенттері Шоқан, Абай, Ыбырайдың психологиялық және

педагогикалық көзқарастарын зерттеуге арналды. Солардың бірі абайтанудың соңы соқпағы «Абайдың философиялық, педагогикалық, психологиялық көзқарастары» деп аталынады.

Тәжібаев осы тақырыпта докторлық диссертациясын қорғамақшы да болған. Бұған пікірін жазған М.Әуезов: «Бұл Абай шығармаларын психологиялық тұрғыдан тануда тың ой-пікірлерге негізделген өте құнды еңбек» деген екен. Өкінішке орай, Тәжібаевқа осы тақырыпта қорғаудың сәті түспеді. Абайдың үстем тап өкілі деушілердің айқай-шуы көбейіп, Әуезовтың өзін қуғынға ұшыратты.

Орыстандыру саясаты күшейіп тұрған сол бір кездерде психология пәнінен ұлттық тілде кітап жазып, баспадан шығару мүмкін емес еді. Бұл пән туралы еңбектер жоғары жақтың қатаң қадағалауында болатын. Сондықтан да Тәжібаев еңбектерін орыс тілінде жазды. Бірақ филология факультетіне дәрісті ана тілінде оқыды. Дәріс оқып тұрғанда бір ауыз орысша сөз қоспайтын еді.

Тәжібаевтың жұмыс істеу тәсілі де өзгеше еді. Кафедраның, ректораттың, ғылыми кеңестің отырыстары мен мәжілістерінде жұрттың бәрі сөйлеп болмай, пікірін ашып айтпайтын. Және өзгелерді мұқият тыңдап отырған тәкаппар пішінінен, іштей кімді мақұлдайтынын сезу мүмкін емес. Қандай да бір кереғар пікірлер айтылып жатқанда, тосынан киіп кетпей, шыдамдылық, сабырлылық танытатын. Ол университетке ең білікті ғалымдарды жинап, олардың бастарына қиыншылық туған шақта жанын салып қорғады. Сол кезде тарихшы Ермұхан Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты кітабы ғалымдар арасында кереғар пікірлер тудырған да еді. 1949 жылы 28 ақпанда СССР Жоғарғы білім министрлігі бұйрығымен Бекмахановтың буржуазиялық-ұлтшылдық концепциясын әшкерелегенде, университет ректоры Төлеген Тәжібаев: «СССР Білім

министрі Бекмахановты жөнсіз кінәлаған» – деп, оның әділ, әрі асқан білімдар ғалым екенін дәлелдеп жауап жазған. Алайда іс мұнымен бітпеді. Келесі жылдың 26-шы желтоқсанында «Правда» газетіне «За марксистско-лениское освещение вопросов истории Казахстана» деген көлемді мақала жарияланып, онда Е.Бекмахановтың Кеңесары Қасымов ханның феодалдық-монархиялық реакцияшыл көтерілісін ғылыми тұрғыдан бағалауда саяси қателіктер жібергені сөз болды. 1951 жылы 10-шы сәуірде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті (ҚКПОК) сол мақаланы талқылап, газет Бекмахановтың қатесін дұрыс ашқан деп тапты.

Қазақстан К(б)П ОК-нің Пленумында Қазақ университетінің ректоры Т.Тәжібаев буржуазиялық-ұлтшыл бағытты дәріптеуші деп жарияланған Бекмахановты қорғап, оны айыптаушыларға құр босқа дәйексіз байбалам сала бергеннен гөрі, аталмыш кітабын ғылыми тұрғыдан талдап, сергек қарауға шақырды. Сол үшін ОК оған қатаң сөгіс жариялайды. Бекмахановты жақтаушы ғалымдар: Ысмайылов, Жұмалиев, Мұхамеджанов, Сүлейменов, Кеңесбаев, Жұбанов қуғын-сүргінге ұшырап, зардап шекті. Сәтбаев пен Әуезов амалсыз Мәскеуге ауысып, жан сауғалады. Ал, Тәжібаевты бұл зобалаңнан қорғап қалған Молотов еді.

Тәжібаевқа шабуыл мұнымен тынған жоқ. 1952 жылы 22 қарашада «Правда» газетіне Марковтың (В казахском университете зажимают критику) атты сын мақаласы жарық көрді. Автор мақаласында ҚК(б)п ОК шешімдеріне арқа сүйей отырып, Тәжібаевты университетке іскерлігі мен саяси сапасы жағынан жарамсыз мамандарды және туған-туыстарын, жақындарын жинап алған деп айыптаған болатын. Марковтың мұнысы қып-қызыл өтірік еді. Тәжібаев университетке қай жағынан да күшті, лайықты мамандарды жинады. Ал жақындарына келетін болсақ, сол кезде педагогика және психология ка-

федрасында бірге істеген оқытушы Рашида Хабибуллаевна Хисматулина: «Жалғыз апасы Қарақыз Оңтүстік Қазақстан облысының Сарығаш ауданында тұрады. Жасы ұлғайған қарапайым колхозшы. Баласы Ерлік ол кезде мектепте еді. Биофакта әйелі Әзиза Шамұхамедқызының інісі оқитыны рас. Бірақ ол университетке Тәжібаев ректор болып келгенге дейін түскен. Оқуды бітірісімен партия шешімдерін қолдап, ауылға аттанда Әзиза апай педагогика ғылымдарының кандидаты. Ол ұзақ науқастан тәуір болған кезде мен: «Төлеген Тәжібайұлы, Әзиза апайды бәлкім біздің кафедраға қызметке алатын шығарсыз?», – деп сұрадым. Ол ілкім сәт үнсіз тұрды да: «Жоқ, Рашида ханым. Олай істеуге болмайды. Дене тәрбиесі институтында бір бос орын бар деп естіп едім. Кафедра меңгерушісі менің шәкіртім екен. Онымен сіз сөйлесуге қалай қарайсыз?» – деді. Мен мақұл көрдім. Әзиза апай сол институттан зейнетке шықты. Ұстазым доцент Блюменфельд пен оқытушы Рубиновадан дәріс алған студенттер қатарында космополит атанғаным анық. Университетті «өте жақсы» бітіргендердің дипломдарын Тәжібаев өз қолынан таратты. Алдына бармағанда ол: «Ал, Рашида ханым, аналардың айтуынша мен марксизмнен ауытқыппын, сен космополит атандың. Екеуміз университеттің «жақсы» атын солай шығардық. Енді не істемекшісіз? – деді. Мен Мәскеудегі әлем әдебиеттері институтының аспирантурасына тәуекел етейін деп тұрғанымды жасырмадым. Ол ойланып отырды да аспирантураға осында қалуымды өтініп, ғылыми жетекші өзі болатынын айтқанда, таңданғаннан жағамды ұстадым. Мұндай батыл қадамға Тәжібаевтан басқа кімнің жүрегі дауалар еді?».

Тәжібаев қолына алған қай іске де батыл кірісетін. Ол ректорлық қызметке тағайындалғанға дейін университетте ұлттық мамандар санының басқалармен салыстырғандағы үлесі

ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА

айтуға да тұрмайтын. Сондай-ақ, қазақ студенттерінің саны да мүлдем аз еді. Өзі басқарған бес жыл ішінде ұлттық мамандар санын өзгелермен теңестіріп, қазақ студенттерінің санын жоғары көтерді. Олар қайта-қайта арызданып жүріп ақыры 1953 жылы ректорлық қызметінен босаттырды.

Оның бес жыл өмірі Үндістандағы Совет елшілігінде өтті. Жат жерде де ол ғылымнан қол үзген жоқ. Мерзімдік басылымдарға ағылшын тілінде мақалаларын жариялап, үнді ғалымдары мен қоғам қайраткеріне тез танылды. Қолы жұмыстан қалт еткен шақта, фотосуретке түсірумен де айналысты. Үндістаннан оралған соң біраз айлар жұмыссыз жүріп қалған болатын. Осыдан бес-алты жыл бұрын Михаил Есеналиев: «Қонаев Тәжібаевқа Үндістаннан келгенде, жұмыс бермей қойды», – деп жүрді. Бос сөз. Қонаев пен Тәжібаев өмірде бірін-бірі өте сыйлап өткен жандар. Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды» кітабын оқығандардың көздері оған анық жетері хақ. Төлеген ағаның жұмыссыз жүрген кезінде маған былай дегені бар еді: «Жолмұхан, мемлекеттік қызметтерден бас тартып отырмын. Енді жасым ұлғайған шақта қалған өмірімді ғылымға арнасам ба деймін. Ұлттық психология ғылымын жолға қою үшін әлі қаншама жұмыстар істеуіміз керек».

Ардақты ұстаз 1961 жылы Қазақ университетінің педагогика және психология кафедрасына қайта меңгеруші болды. Сол жылы ол лауазымы жоғары қызметке де шақырылды. Бірақ ОК-ке «Тәжібаев докторлық диссертациясын қорғамаған деген қитұрқы пыш-пыш сөздер жетіпті. Академикке докторлық атақ мансап емес еді. Оның үстіне мемлекеттік қызметтен саналы түрде бас тартып жүрген. Сонда да әлгі сөз намысын қамшылады ма! 1962 жылдың желтоқсанында Ленинград пединститутының ғылыми кеңесінде «XXI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда халық ағарту ісі, мектеп пен

педагогикалық ой-пікірдің дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады».

«Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көре білу және соған сүйене отырып, оның одан да жақсы болуына көмектесу» – Төлеген Тәжібаев ұстанымы. Басқалардың өзіне деген көзқарасы қандай тұрғыда болса да, көмек беруден тартынбайтын. Бұл екінші бірінің қолынан келе бермейтін ізгі қасиет. Оқытушы Рашида Хисматуллинаның әлі жарияланбаған естелігінен мына бір жайды келтіре кеткен асылық етпес. «Кезінде ғылыми атақ атауларына Тәжібаевтың көп көмегі тиген екі кісіні білетінмін. Олар бұл кезде Саратовтан келген психолог И.С.Стычинский жөнінде лайықсыз сөз қозғап, оны қолданған, Тәжібаевтың үстінен арыз жазып газетке мақала ұйымдастырған. Бұл жәйт Төкеңе ауыр болды. Бір жолы кафедраға бас сұқсам, Тәжібаев жалғыз отыр екен. Қолында әлгі екеуінің ғылыми мақаласы жарияланған басылым. Ол менен оқыдың ба деп сұрады. Мен мақалаға жирене қарап, басымды изедім. Сол кезде Тәжібаев қатқылдау үнмен; «Мұның тәп-тәуір еңбегін мойындағыңыз келмейді, ә... Мен Үндістанда жүргенде олар жақсы көретіндерін айтып, хат жазған еді», – деді. «Сіз соған сенесіз бе?» – деп жүзіне тура қарадым. Ол жымыды да қойды. Мен: «Сіз үшін олар жақсы жандар екен. Ықыластары да ерекше жандар сияқты. Ал неге кафедраңызға қызметке шақырмайсыз?» – дедім өршеленіп. Ол маған барлай көз тастап: «Рашида ханым, мен біздің адамдарды жазған ғылыми еңбектеріне қарап сыйлағаныңызды жөн дер едім», – деді. Мен жұлып алғандай: «Олардың адамгершілікке жат істерін елемей ме?... Кешіріңіз, мен олай ете алмаймын», – дедім. Тәжібаев басын шайқап: «Амал қанша... Өкінішті...», – деді. Тәжібаев көп ұзамай, сол екеуінің пәтер алуларына да көмектесті. Ал ол кезде пәтер алу деген өте қиын еді. Иә, жамандыққа жақсылық

ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА

қалған ба, әлі күнге Арықбай ағамыз не айтса да дұрыс па, бұрыс па деп ой жүгіртіп жатпаймыз, оның сөзіне жүгінеміз. Әрине, ол қашанда жөн әңгіме айтады ғой. Жалпы, Арықбай ағамыз да кейінгі ұрпақтың өзінен орнықты ой, ағалық мінез күтетінін сезінетін болар, қашанда кейінгі жастарға бай өмірлік тәжірибесінен ақыл-кеңесін айтып, жөн-жоба көрсетуден шаршаған емес. Сол ойлардың бәрі де көкейімізге қонатыны ғой, біз оның әр ісін өзімізге үлгі-өнеге тұтып өстік. Осы жерде сәл шегініс жасап, бір жәйтті айта кетсем, Қазақстан ғылымына бүгінде сүбелі үлес қосып жүрген ғалымдардың біразы, нақтылап айтсам 15 ғылым докторы, 50-ден астам ғылым кандидаттары біздің Қастек ауылының түлектері екен. Солардың ішінен заң ғылымына түрен салған А.Ағыбаев болатын. Түрен салған деген сөзді де жайдан-жай айтып отырғанымыз жоқ. Оны өзімізге өнеге тұтқан бір топ інілері біз де осы саланы таңдадық.

Өзімізге белгілі, сонау өткен ғасырдың 60-жылдары ауыл баласы негізінен екі-үш оқудың ғана атын білетін. Оның бірі – мал дәрігерлік, екіншісі – ауылшаруашылық, үшіншісі – мұғалімдік оқу еді. Сол жылдарғы жастардың бәрі дерлік осы мамандықтарды таңдайтын. Ал Арықбай ағамыз болса, осы қалыпты жәйттен ауытқып, заң саласын неге таңдады? Оны қайдан білді дегенге келсек, бұл сұрақтың тек тамыры – осы Қастек ауылының тумасы, кезінде Варшава университетін бітірген, Қазақ АССР-інің алғашқы прокуроры болған Қанай Боранбаев ағамызға барып тіреледі. Иә, Алматыдағы мемлекеттік университеттің заң факультетіне оқуға Арекең де бірден түсе салған жоқ. Ол төрт жыл шопан болып, бұл оқуға әбден зарығып барып түсті. Әрине, басқа оқуға барса, мектеп бітірген жылы-ақ оның студент атанатынына еш күмән жоқ еді. Бірақ, ол бар ниетімен Қанай ағамыз сияқты заңгер болуды қалады. Ол кезде университетте сабақ тек орыс тілінде жүретін. Ауыл-

да тірі орысты көрмей өскен Арықбай бұл тілдің қиындығын да өзінің алғырлығы арқасында жеңіп шықты. Сөйтіп, бүкіл университеттің мақтанышына айналып, Лениндік стипендиат атанды.

Осындай белсенділігінің арқасында ол университет бітіргеннен кейін, бірден Философия және құқық институтына жұмысқа орналасты. Бұл ғылыми ортада да ол өзінің ізденгіш өрен екенін көрсете білді. Сөйтіп, 1970 жылы Мәскеудегі Мемлекет және құқық институтының аспирантурасына жолдамамен оқуға аттанды. Араға 3 жыл салып, кандидаттық диссертациясын қорғаған Арекең енді ғылыми ізденісін тәжірибемен ұштастыруды ойлап, Алматы облыстық сотының мүшесі болып, табаны күректей 5 жыл бойы осы жұмысты атқарды.

Әйтсе де, білімге, ғылымға деген құштарлық оны өз тылсымына қарай тарта берді. Сөйтіп, ол 1978-1981 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінің құқық және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының аға оқытушысы болды. Ал 1981-1990 жылдар аралығында Қыздар педагогикалық институтында дәріс берсе, ел тәуелсіздігін алған шақтан бастап, Қазақ ұлттық университетінде еңбек етіп келеді.

Әрине, осы жылдар арасында ол ғылыми ізденісін де індете жүрді. Сөйтіп, 1997 жылы «Лауазымды тұлғалардың қызмет жөніндегі қылмыстары үшін жауаптылықтың теориялық проблемалары» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады.

Иә, бүгінде А.Ағыбаев – қылмыстық құқық және криминология ғылымы саласындағы ірі мамандардың бірі. Ол Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінің жобасын жасауға белсене қатысты. Жалпы көлемі 670 баспа табактан асатын 560-тан астам ғылыми еңбектің авторы, оның ішінде «Қазақстан Республикасының кодексіне түсіндірме», «Қазақстан Республикасындағы қызмет өкілдігіне қиянат жасағаны үшін

қылмыстық жауаптылық», «Лауазымды тұлғалардың қызмет жөніндегі қылмыстары үшін жауаптылық», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізудегі қылмыстық және криминологиялық шаралар», «Парақорлық үшін қылмыстық жауаптылық», «Қылмыстық ниет және оның қылмысты саралаудағы маңызы» сияқты монографиялардың және 5 оқу, 16 әдістемелік құралдардың, қазақша-орысша, орысша-қазақша заңтану сөздіктерінің, қылмыстық құқық және криминология пәні бойынша бірқатар оқу бағдарламаларының авторы.

Осы арада оның тәуелсіздіктің елең-алаңында жазған «Сот құжаттарының үлгілері» атты еңбегінің Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінде құжаттарды заң талабына сәйкес

әзірлеуді жүзеге асыруға қосылған сүбелі үлес болды десек, 1995 жылдан бері А.Ағыбаев Жоғарғы Сот жанындағы ғылыми консультативтік кеңестің мүшесі. Қазақстан Республикасындағы «Заңгерлер әділетті сайлау үшін» қоғамдық ұйымының басқарма мүшесі.

А.Ағыбаев заң саласына қатысты еңбектерімен қатар, Қарасай батыр, Сүйінбай, Жамбыл, Сұраншы, Сүттібай мен Нарбота би жөнінде де тарихи очерктер жазған адам. Және осы еңбектері үшін оған халықаралық Жамбыл Жабаев атындағы сыйлық берілсе, ерен еңбегі үшін А.Ағыбаевқа «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілгенін де айта кетсек дейміз.

Ә.Т.Шортан –
Ш.Уәлиханов атындағы №12 гимназияның оқу ісі меңгерушісі,
Алматы қаласы, Медеу ауданы

ЖАС БУЫН – БОЛАШАҚ ЕЛДІҢ ИЕСІ

Елдің болашағы деген кезде, ең алдымен, желкілдеп өсіп келе жатқан, мектеп партасында отырған бала – ертеңгі жігіт, ертеңгі бойжеткен елестейді. Олар ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, еліміздің экономикасын, ғылымын, мәдениетін одан әрі дамытушы, жалғастырушы. Тіршілік атаулы алдыңғы ұрпақ пен кейінгі ұрпақ арасындағы байланыс арқылы өрбиді. Ал, жаңа ұрпақ алдыңғы ұрпақтың жасағандарын қайталап қоймай, өзіндік жаңашылдықтарын жасауға тиіс. Иә, сол жас ұрпақ – болашақ елдің иесі болу үшін ұлттық тәрбиемен тәрбиеленуі қажет. Бір сөзбен айтқанда, ұлдар мен қыздар сана-

сынан ең бірінші кезекте имандылық пен әдептілік орын алатыны сөзсіз. Сол тәрбие бастауы бала ана құрсағында пайда болған күннен басталады. Сондықтан, балаға берер тәрбие негізі – халық педагогикасының құрамды бөлігі, арқауы ауыз әдебиеті мен халықтың салт-дәстүрлері, ырымдар мен тыйымдар. Балаларды жер мен суды, өсімдіктерді, құстар мен жануарларды, аңдар мен жәндіктерді қорғауға оларға рақымшылық етуге, обал, сауап дегенді сезінуге тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесінің ежелден келе жатқан халықтық әдістерінің бірі – балаға ақыл, өсиет айту және сөз арқылы баланың көзін жеткізе отырып, сенімін арттыру. Бала кезінен ақыл, өсиет, өнеге естіп, көріп өскен бала жасөспірім шағында көптеген тәртіп бұзушылықтан өзін-өзі

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

сақтап қалары сөзсіз. «Адам мінезінің әр қилы болуы – тәрбиенің әр түрлі болуынан. Адам баласының ұрлық істеу, өтірік айту, кісі тонау, өлтіру, зорлыққа баруы тәрбиенің жетіспейтіндігінен».

Біздің балаларымыздың, болашақ ұрпағымыздың өзге ұлттың тәрбиесінен ерекше қасиеті – имандылығында екені белгілі. Ана құрсағында шайқалып, дүниеге көзін ашқан сәби әжесінің әлдиін, атасының ақылын тыңдап өскен бала өмірге мейірін төге отырып, еліне қамқор болып, жерін қадірлеп, қастерлеп, оны шексіз сүйіп, аянбай еңбек етіп, өзінің бойындағы қасиеттерінің бәрін соған арнайды, қорғайды. Ата-анасын, Отанын жоғары қойып, пір тұтқан адам нендей қиыншылық болсын қорғаудан қашпайды. Ата-бабаларымыз бұл Отанымызды біздерге оңайшылықпен қалдырып кетпеді. Олар жандарын қиып, қандарын төгіп жүріп келешек ұрпақ – біздердің қамымызды ойлап бақты. Әр ұрпақ өзінің тарихи шыққан тегінің, өскен ортасының, рухани түп тамырын білуге міндетті. Өйткені, өзінің өткенін білмеген, қоршаған ортасын танымаған адам басқалай жетілсе де, рухани түрде кемелдене алмайды. Сол үшін әрбір жеткіншек халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, өнерін ұғынып, ерлік, жауынгерлік тарихын біліп, хас батырлардың жанкешті қаһармандықтарын танып өссе, бұл оның өзгермейтін өмірлік ұстанымы болып қалыптасады. Өйткені, еліміздің әрбір парасатты жасы, ең алдымен, өз халқының өткенін білуі қажет. Сонда ғана жас буынның бүгінгі баянды, келешегі айқын болмақ. Сол жас буынның болашақ иесі болатынын бүгінгі партада отырған кезден қалыптастыру үшін, жан-жақты жұмыстар жүргізілуде. Атап айтса, 1-ші сыныптан бастап «Өзің-өзі тану», «Тарих тағылымы» пәндері таңдау сағаттарынан алынып, аптасына 1 рет өткізіліп отырады. Осы аталған пәндер арқылы және күнделікті жоспарлы, арнайы, тақырыптық пәндер арқылы

оқушыларда оқу-тәрбие үрдісі қалыптасып отырады. Сонымен бірге, аптаның әр сейсенбі күні арнайы тәрбие сағаттары әр түрлі тақырыпта жан-жақты дайындықта өткізіліп отырады. Жалпы айтқанда, оқыта отырып тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып оқытамыз. Солай бола тұрса да, кейбір келеңсіз жағдайларға күнделікті өмірде куә болып жатамыз. Атап айтсақ, 4-5 сағат мектепте оқушыны ұлттық тілімізде тақылдатып жіберсек, есіктен шыға ата-анамыз өзінің жүйрік тілін шұбарлап мәз болып кетіп бара жатады. Сонда күні бойғы үйреткен әдемі сөздер мен мейірімді тәрбие қайда қалды? Оған мән беріп жатқан ата-ана жоқ. Жалпы, ұлттық салт-дәстүрді жас ұрпақ бойына жанұядан қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп отырмаса, тәрбие негізі дұрыс қалыптаспайды. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың», – дегендей ертеңгі өмір жолыңның қандай болатыны отбасында алған тәлім-тәрбиеге байланысты. Бар жүкті мұғалім бойына артып қойсақ, одан дұрыс нәтиже болмайды. Мұғалім бағыт береді, ата-ана оны ары қарай дамытады. Дамытқаны сол, үйге берілген тапсырмаларды дұрыс орындатудан басталады. Сабақтан тыс уақытта қосымша көркем әдебиеттер оқып, шығарма жазып, суреттер салып, сол суреттер бойынша әңгімелер құрастырып отырса, бала ойы дамып, тілі жаттығып, келе-келе суретші, ақын, жазушы болары сөзсіз. Үйге берілген тапсырмалар дұрыс орындалмаса, өз бетімен ізденушілік болмаса, оқушы ойы ешқашанда дамымайды. Оны үйден бақылап, бағыт беретін, әрине, ата-ана. Сондықтан, жас ұрпақ алдында ата-ана жауапкершілігі өте зор. Кейбір ата-аналар балаларын мектепке берер алдында үлкен дайындықтан өткізеді. Ол дайындық қандай тілді мектепке баратынын анық шешкен күннен басталады. Мектепке келгеннен кейін арнайы мамандарға дайындатады. Өзі де ізденіп, біршама жұмыстар орындайды. Сонда ғана тілге бай, өз ұлтын сүйетін жас буын өсіп жетіледі. Өз

ұлтының ана тілін, дінін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тарихын бойына дарытып, ғұмырына қолдана білсе, жас ұрпақ бойында Отанына, халқына, топырағына деген ұлтжандылық сезім тұнып, ұлттық қадір-қасиеті артып жатса, одан асқан тәрбиелі жан болмас еді.

Заман талабына сай жас ұрпақтарды тәрбиелеу, оқытып, алған білімін жан-жақты дамыту, талғамдарына арттыру, өмірге көзқарастарын дұрыс қалыптастырып, адамгершілік қасиеттерін ояту, ұлттық салт-дәстүрді негізге алу, ана құрсағынан, балабақшадан, мектептен қалыптасатыны сөз болғандықтан әр ортаның балаға тигізер ықпалы зор екенін түсіне білсек.

Атап айтқанда, баланың тілі алғаш шыға бастағанда-ақ, ұлттық тәрбие негіздерін ерінбей ұғындырсақ. Ол ұғым анасының әсем үнінен қалыптасқан әлди әні. Анасының жұмсақ үнін естіп өскен бала жүрегі де мейірімге толы болары сөзсіз. Мейірімге толы деген бала еш уақытта оғаш қылықтар көрсетпей, кешірімді, қанағатшыл, рахымшыл, намысты, өзін де, өзгені де қорғай алатын адам болары анық.

Ал, өмірге жаңа көзін ашқан балаға зейін қоймай, көңіл бөлмей қойса, ол бала өзімен өзі, еш дамымай, қозғалмай, селқос болып өседі. Сондықтан, бала алдында жауапкершіліктің мол екенін әрбір ата-ана сезінуі тиіс. Сезінгені сол балаға үнемі көңіл бөліп, әсіресе, тілі шығып, сөйлеуге дайындала бастағанда айналасындағы белгісіз дүниелерді білгісі келіп, сұрайды. Сол кезде дұрыс, толық жауап беріңіз. Егер зекіп, дұрыс жауап бермесеңіз, келешекте бала ашушаң, қорқақ, ойын толық жеткізе алмайтын адам болып шығады.

Ұлттық салт-дәстүр де сол кезден бастап қалыптасуы керек. Ол тіл тазалығын сақтап, дұрыс сөйлеуден, көпшілікпен тіл табысудан басталады. Тіл тазалығы деген өз ұлтының тілін үйрену. Үйренген тілі бойынша ойын дамытып, өзгеге айта білу. Мысалы, оқып, айтып берген ертегіні, көрген фильмдерін айта білуі т.б. Мектеп табалдырығында талап өзгеше. Оқушы білімінің сапалы болуы сабақ жүйесіне, әр пәннің ішкі мүмкіндігіне, оларды ұлттық дәстүрмен ұштастыра білуге, оқушыларды шығармашылықпен жұмыс орындатып, біліктерін іскерлікпен дамытуға байланысты. Қазіргі таңда, пән мұғалімдері алдындатұрған ең басты міндет – оқушыларды өз пәндеріне ынталандыра білу, сол арқылы әр тақырыпты ұлттық деңгейде жете түсіндіру. Оқушының сабаққа ынтасын қалыптастыру тек қызықты өткізілген сабақ нәтижесінде болмақ. Іс жүзінде сабақты қызықты, тартымды өткізу мұғалімнің білімділігін, қабілеттілігін, тапқырлығын, дарындылығын қажет етеді. Ұлттық тәрбиені қалыптастыру сабақ үстінде ұлттық ойын түрлерін қолдану арқылы қалыптасады. Тиімді ұйымдастырылған ұлттық ойындар оқушының сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыруда, шығармашылық қабілетті дамытуда, ұлттық тәрбиенің қалыптасуына өте тиімді.

Сондықтан мектепте, сыныпта, сыныптан тыс жерлерде жүргізілетін, жан-жақты ұйымдастырылған жұмыстар ұлттық тәрбиенің негізгі көзі болып табылмақ. Заман талабы бізден ұстаздардың ұлылығын, ата-аналардың ақылын, үлкендердің үлгі-өнегесін сұрайды.

Резюме

В статье поднимается проблема воспитания учеников младших классов и рассматриваются пути по улучшению воспитательного процесса.

Summary

The article raises the problem of education of primary school students and discusses ways to improve the educational process.



СТУДЕНТТЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДС

Студент жастардың бүгінгі тәлім-тәрбиесі мен ертеңгі болашағы ерекше мәнге ие. Қазіргі толассыз тасқындаған ақпараттар, қоғамдағы күрделі өзгерістер мен даму қарқыны ағымында өмір сүріп жатқан жастарды тәрбиелеу өзекті мәселе. Тәрбие адам қоғамына ғана тән, тарихи мәңгілік категория. Тәрбие дегеніміз – жеке адамның қалыптасуы, дамуы және жетілуі. Сондықтан тәрбие адам қалыптасуында шешуші фактор болып табылады. Тек тәрбиелі адам ғана жоғарғы мәдениетті, адамгершілігі биік, парасатты қасиеттерімен дараланатындығы белгілі.

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасын» және «Қазақстанда білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру нәтижесіне бағдарланған, бәсекеге қабілетті сапалы білім алу мен саналы, әрі білікті маман қалыптасуына жағдайлар жасалуда; үздіксіз білім беру жүйесін әлемдік стандарттар талаптарына сай дамытуды көздейді. Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беруді дамытудың қазіргі үрдістері қазақстандық қоғам өмірінің барлық саласында болып жатқан түбегейлі қайта құрылулармен байланысты.

Үздіксіз кәсіптік білім беру мәселелерін іргелі зерттеу соңғы уақытта түрлі білім беру жүйесінің әлемдік интеграциясы шеңберінде үлкен маңызға ие болуда. Әлемдік академиялық кеңістіктегі үздіксіз кәсіптік білім беру үдерістері еңбек нарығындағы әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайлармен ұштас объективті, субъективті факторларға, білім беру жүйесіндегі мемлекеттік тапсырыстарды қалыптастыру аспектілерімен,

сондай-ақ, қоғамның білім беру жүйесінің жаңа моделін енгізуге деген талаптармен байланысты.

Мемлекеттік талаптар мен сұраныстарында айқындалған міндеттерді жүзеге асыру, сапалы білім беру арқылы жоғары білікті мамандарды қалыптастыру, оның ішінде қоғамның сұранысына қажетті кәсіби мамандарды дайындап, білім мен ғылымды интеграциялау арқылы кәсіптік білім сапасын жетілдіру мәселелеріне қол жеткізу, еліміздегі білім беру жүйесін дүниежүзілік озық тәжірибеге сай реформалауды талап етіп отыр.

Бүгінгі ЖОО-дағы тәрбие үрдісіндегі инновациялық үрдістің мақсаты – студенттерді өмірге әзірлеу барысында жүргізілетін тәрбие жұмыстарының нәтижесінде олардың жеке басының дамуын қамтамасыз ету. Тәрбие мақсатына орай оны жүзеге асыру жолдары белгіленіп, тәрбиелік іс-әрекеттердің мазмұны анықталады, тәрбиені, тәрбиелік шараларды ұйымдастырудың нақтылы мәселелері мен әдістері қарастырылады. Тәрбие – қоғамдық құбылыс, онсыз қоғам өмірі ілгері дамуы мүмкін емес, дамымайды. Бүгінгі студент – ертеңгі маман, қазіргі ғылыми-техникалық прогресс талаптарына сай еңбек ететін, өзіне де өзгеге де пайдасы тиетін адам болып қалыптасуы тәрбиедегі қоғамның басты талаптарының біріне айналуға. Бүгінгі ҚР-дағы білім мен тәрбие берудің негізгі мақсаты – Қазақстанның егемендігін қамтамасыз ету, оны бүкіл дүниежүзі мойындап, онымен тең қарым-қатынас жасау, патриотизм, Отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру, саяси бостандықты қамтамасыз ететін нарықтық іргетас қалаудың нәтижесінде экономикалық бостандыққа қол жеткізу.

Осылардың барлығын жан-жақты дамыған, білімді қолынан іс келетін тұлғалар жүзеге асырады.

Тәрбиеге тікелей қатысы бар адамдар тәрбиенің мәнін, міндеттері мен мақсатын жете түсіне білу қажет. Осыған байланысты тәрбиеге қойылатын басты міндеттер: студенттердің дүниеге ғылыми көзқарасын дұрыс қалыптастыру; жеке адамның анатомиялық, физиологиялық және психикалық дербес қабілеттерін жан-жақты дамытып, эстетикалық талғамы мен сезімдерін, экономикалық мәдениетін, құқықтық білімін, салауаттылықты қоғам талаптарына сай тәрбиелеу. Тәрбие үрдісінің нәтижелілігі мен табыстылығына дұрыс мақсат қоя білу. Мақсат қоя отырып, адам өзінің ішкі белсенділігі, ұмтылысы арқылы өзін жетілдіреді, дамытады, қалыптастырады, ал бұған арқау болатын нәрсе өзін-өзі тәрбиелеу, өз бетінше білім алу, өзін-өзі дамыту.

ЖОО-ының мақсаты – студенттерді жан-жақты, жарасымды етіп дамыту, олардың жоғарғы адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру, өмірге, кәсіби еңбекке әзірлеу, нарықтық қатынаста, кәсіби бәсекелестікте өзін-өзі көрсете білуге баулу. Бұл мақсаттар мынандай кешенді міндеттерді қарастыруды талап етеді: дүниетанымы кең, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған адамның ниетін қалыптастыру; еңбек, таным, қоғам, отбасы, уақытты пайдалана білу секілді әлеуметтік функцияларды дұрыс қабылдап, пайдалана білуге әзірлеу, таңдаған кәсібінің қыры мен сырын терең меңгеру; өз тағдырын өзі шешуге мүмкіншілік жасау, жастардың өзін-өзі тәрбиелеуіне, өз бетімен білім алуына мүмкіндік жасау.

Бүгінгі күнгі әдіснамалық және дүниетанымдық мәдениеті жоғары, шығармашылық жағынан белсенді, өзінің кәсіби әрекетіне икемділік пен қабілеттік таныта алатын маман дайындау міндеті тұр. Аталған міндетті шешудің бір

жолы студенттерге дайын ғана білімді беріп қоймай, студенттерді теориялық көзқарастарын негіздеуге, пәндік, тәжірибелік тәсілдер мен іскерліктерді игеруге баулу керек. Қоғамдық дамудағы жаңа технологиялардың, жаңа заңдар мен парадигмалардың өзгеруі адамдарды жаңа өмір сүру жағдайларына бейімделуге мәжбүр етеді. Бұған үздіксіз білім беру жүйесі мен оның әрбір буынынсыз, тұлғаның жеке мүмкіндіктерін толық пайдалану, дамыту жүзеге асырылмайынша қол жеткізу мүмкін емес. ҚР-дағы жоғарғы білім беру жүйесінде студенттердің тұлғалық дербес қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етуге жағдай туғызатын әлемдік тенденцияларға назар аударылуда. Студенттердің жеке тұлға болып қалыптасуы, олардың бір-бірімен ынтымақтастықпен қарым-қатынас жасауы, өзгермелі құбылыстарға тез бейімделіп жол табулары, дұрыс шешім қабылдай алуы сияқты қасиеттерге баулуға басым бағыт беріледі.

ЖОО-ы ісінің даму жағдайын айқындайтын басты бағдар – оқытушы мен студенттің қарым-қатынасын жетілдіру. Студентті оқытушымен бірдей жауапты субъект ретінде қабылдау оқу үрдісіне енгізудегі жаңалық болып отыр. Яғни, оқу-тәрбие үрдісін жаңаша ұйымдастырудың және жетілдірудің теориясы мен практикасындағы танымдық, құрылымдық-функционалдық әдісіне, жүйелі қарау ұстанымдарына және жананы синтездеуге баса көңіл бөлініп отыр. Мысалы, жаңаны синтездеудің талаптары қазіргі оқу үлгісіндегі әйгілі іс-әрекеттің үшеуіне де өзгеріс енгізуді қажет етіп отыр: олар студенттердің интеллектуалды-танымдық (дүниені және өзін-өзі тануы), эмоционалдық (құндылықтар), олардың жасалынуын көңілмен ұғыну, практикалық (шынайы дүниені білдірудің, оны өзгерту мен қайта жасаудың жолдары) іс-әрекеттері. Заман талаптарына сай білімді де білікті маман-



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

дар даярлаудың сапасын жақсартумен қатар, болашақ таңдаған мамандықтарына кәсіби шеберліктерін арттыруға жағдайлар жасаумен байланысты жүргізілетін шараларды мойындаймыз. Дегенмен, болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру тек білімін оқтын-оқтын жетілдірумен ғана шектелмей, студенттердің мәдени деңгейін, белсенділігін, әрекетшілділігін және ізденімпаздылығын көтеруге бағытталуы қажет.

Болашақ бүгіннен басталады десек, адамның жарқын болашағы оның өз өмірін «әсемдік заңы» бойынша ұйымдастыруына байланысты болмақ. Студент жастарға сұлулық, әсемдік жайлы тәрбие беру – идеологиялық жұмыстың маңызды саласы десек, артық етпесі сөзсіз. Жастарды жақсы қасиеттердің барлық түрін дұрыс ұғынуға, қабылдай білуге, бағалауға, өмірдің және еңбектің алуан түрлі саласына «әсемдік» элементтерін енгізе білуге үйретеді, ұсқынсыздық пен парықсыздыққа қарсы күресуге қабілетін шыңдайды. Тұлғаны барлық жағынан жетілдіру оның шығармашылық қабілеттері мен дарындылығын дамыту, оны нағыз еңбекқор ретінде, адамгершілік парасаты мол, мәдениеті қалыптасқан

адам ретінде тәрбиелеуді көздейді. Жастар студенттік өмірлерінде тек белгілі бір ғана бағытта шектелмей, әдемілікті, сұлулықты сезінуі, өнердің құпия сырын үйренуі, осы бағытта ой-өрісін кеңейтіп, жан-жақты тәрбие алуы тиіс. Ол үшін жоғары мектеп студент жастарымыздың сұлулық әлемінен сусындап, көркемдік танымдарының қалыптасуына жан-жақты әсер ете отырып, толыққанды дамуына толық мүмкіндіктерді жасауы тиіс. Бүгінгі студент – ертеңгі білікті, білімді, жан-жақты қалыптасқан мәдениетті, білгір маман.

Сондықтан, жалпыадамзаттық құндылықтар болып саналатын адамгершілік мұраларды, рухани ағартушылық қасиеттерді бүгінгі жастардың меншігіне айналдыру, ата-бабаларымыздың дәстүрі мен тәжірибелерін үйрету. Студенттердің қоршаған ортасына, адамдарға және бір-біріне тек қана қайырылымдылық пен сүйіспеншілік, махаббат пен мейірімділік, ізгілік пен адалдылық, адамилық пен имандылық, сыпайылық пен сыйластық сияқты асыл қасиеттерді бойларына дарыту, қалыптастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстандағы үздіксіз кәсіби білім берудің мәселелері мен перспективалары//Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Астана, 2009.
2. Абдуллина Г.К. Жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды кәсіби даярлау мәселелері//«Білім және ғылым: Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығының тәжірибесі мен болашағы». Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Семей-Қазақстан, 2008, 8-9 б.
3. Жұмағұлова Қ.Ә., Оспанова Б.А. Болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін дамытуға бағытталған инновациялық мәселелер//Білім, 2008, № 3. - 39-40 б.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы воспитания студентов. Раскрыты методы и принципы инновационного процесса в воспитательной деятельности.

Summary

In the article are examined problems of education of students. Methods and principles of innovative process are exposed in an educate activity.

С.Н.Жиенбаева –
педагогика ғылымдарының докторы, доцент,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЭТНОПЕДАГОГИКА МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да, әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы калыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды.

Кеңесзаманындағы білім беру жүйесінің элеуметтік мәселелерді шешуде, халықты жаппай сауаттандыруда атқарған қызметін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, ол жүйе қазақ ұлтының мүддесін толық шеше алмағаны анық. Оның дәлелі, қазақ балабақшаларының санының аздығы, ана тілінің қолданыс өрісінің шектеулігі болып табылады. Сондықтан, әрбір ұлттың ұлт болып қалыптасуы мен дамуына жағдайдың жасалуы – халқымыздың ертеден аңсап келген, қазірде баянды болып отырған Егемендігіміз бен Тәуелсіздігімізге тікелей байланысты екендігін баса айтқан орынды. Мұның өзі Қазақстанның педагогика ғылымында жаңа сипаттағы қазақ балабақшаларының ұлттық мазмұнының даму бағыттарын зерделей отырып, бір жүйеге келтіру мәселесінің өзектілігін айқындайды.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан қазақтың көптеген зиялы оқымыстылары жеке басқа табынудың құрбаны болды, қудалауға

түсті. Мұның өзі ұлт мәдениетінің өсуін үлкен тежелуге әкеліп соқтырды. Халық педагогикасы жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізуге шек қойылды. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, өмірге енгізу санадағы ескінің сарқыншағы деп бағаланды. Халықтық дәстүрлер өзінің қоғамдық мәнін жойып, отбасылық мәнге ғана ие болды. Оның өзі бертін келе, мектепке дейінгі кезеңнен мектеп, жоғары оқу орындарының тәрбие жұмыстарының негіздеріне кірді.

Педагогикалық процестің ұлттық мазмұны білім және тәрбие мазмұнына ұлттық сипат беру арқылы ашылады. Қазақтың ұлттық құндылықтары туралы түсініктері мен білімдері қалыптасқан; жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсінігі бар; өз отбасы шежіресін жүргізудің алғашқы іскерліктері бар; өз тегін, тегінің тарихын біледі.

Қазақстанның өз алдына егемендік алғанынан бері болып жатқан өзгерістері білім беру саласын да айналып өткен жоқ. Оның бір көрінісі, жалпы орта білім беру жүйесінде білім беру мекемелерінің жаңа типтерінің пайда болуы екендігі анық. Білім берудің қалыптасқан жүйесін өзгеріске түсіру оның мәні мен маңызын анықтап, оны ғылыми тұрғыда зерделеу және полиэтникалық ортаға лайықтап бейімдеу қажеттігін тудырды. Себебі, бірнеше мәдениет тоғысында өмір сүріп жатқан қазақстандықтар үшін ең басты құндылық – татулық, өзара сыйластық, осы ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, әр халық өзінің ұлттық болмысын сақтауға құқылы.

Қазақ халқының ұлттық болмысын сақтап дамытуда білім мен тәрбиенің



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

ордасы болып саналатын қазақ балабақшаларының рөлі өте жоғары. Балабақшалар ұлттық сипат алмаса, ұлттық мәдениет пен ұлттық тәрбиенің болуы мүмкін емес. Жаһандану аясында ұлт ретінде жойылып кетуге соқтыруы мүмкін рухани мәңгүрттіктен сақтану, оның алдын алу шаралары жаңа заманнан бастау алып отыр және бұл мәселенің оң шешімінің табылуының бір жолы педагогикалық процеске этнопедагогиканың, педагогикалық инновацияның ене бастауынан көрінеді. Дегенмен, Қазақстанның мектепке дейінгі педагогика ғылымында жаңа сипаттағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ұлттық мазмұны өз дәрежесінде қалыптаспай отырғанын мойындау керек. Белгілі қазақстандық ғалым Т.Бурбаев Қазақстанда ғылым мен білім батыстық үлгіде дамып отырғаны сөзсіз нәрсе екендігін айтады.

Елбасы Н.Назарбаев: «Біз демократия мен нарықтық экономиканы принципті түрде жақтаймыз. Алайда, әр қоғамның өзіндік ерекшеліктері бар, ол қалайда ескерілуге тиіс, қайталанбас этномәдениетке, діни, тарихи қасиеттерге ие. Ал, енді кімде-кім мұны түсінбесе, кімде-кім етжақындық және рухани тұрғыда өз халқының мәдени кейпінде болмаса, онда ол өз тамырын ғана жоғалтып қоймайды, сонымен бірге одан кез келген басқа мәдениет теріс айналады. Бұл тура мағынасындағы да, оның агрессияшыл көрінісі тұрғысындағы да мәңгүрттікке бастайтын тура жол», – деп, біздің қоғам үшін аса көкейкесті мәселені көтереді. Сондықтан, бүкіл әлем халықтары өміріне жаһандану үрдісі тұтастай еніп келе жатқан бүгінгі күнде өз тәуелсіздігін кеше ғана алған Қазақстан үшін Елбасы ескертіп отырғандай, өз келбетінен айырылып қалмау мәселесі – өзекті де өткір мәселе.

Қазақ халқы «Бала тәрбиесі бесіктен» деп бекер айтпаған. Ата-бабаларымыз сәби шыр етіп дүниеге келген күннен бастап, оның тәрбиесі мен мінез-құлқының дұрыс

калыптасуына айрықша мән бергені белгілі. Бұл мәселе қазіргі заманда да маңызын жойған жоқ. Біз мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің әріп танымаса да, ойы жан-жақты жетілгенін қалаймыз. Балабақшада тәрбиеленген балалар оқуға тез бейімделеді. Мұны кез келген бірінші сыныптың сабағына қатысып, көз жеткізуге болады. Балабақшаға барған бала мен бармаған баланың ойлау қабілеті екі басқа. Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленген бала алғыр, білімге құштар болып келеді. Ал, отбасында өскен бала жасқаншақтау, өз ойын ашық айта бермейтіні белгілі. Меніңше, баланың үлкен өмірге қадам басуында балабақшаның орны маңызды. Мектепке дейінгі мекемелер уақытында салынса, көптеген бүлдіршіндер балабақша есігін ашатын болады. Жалпы, мектепке дейінгі мекемелерді қалыптастырудың әлеуметтік-экономикалық маңызы зор. Өйткені, бүгінде көптеген ата-ана жұмыс істеудің орнына бала бағып, үйде отыр. Қазақ этнопедагогикасын мектепке дейінгі оқу-тәрбие жұмыстарына енгізуге байланысты ғалымдарымыз өз зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ж.Т.Сарыбекова қазақ халық педагогикасының дәстүрлі қыздар тәрбиесі түрлерін мектепке дейінгі ұйымдарда пайдалану арқылы қыз баланың ұлттық келбетін мектепке дейінгі кезеңнен бастау керектігін айта келе, мектепке дейінгі ұйымда қыз баланың ұлттық келбетін қалыптастырудың үш кезеңін көрсетеді: тәрбиешілермен жұмыс, ата-аналармен жұмыс, қыз балалармен жұмыс. Қазақ этнопедагогикасы негізінде мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие мен білім беруде Ф.Н.Жұмабекова сәндік-колданбалы өнер негізінде балалардың көркемдік талғамын қалыптастырудың теориялық және әдістемелік мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыра отырып, қазақ халқының қол өнерінің бала тәрбиесіне ықпалын дәйекті дәлелдеген. Ш.С.Сапарбаева балабақшаның ересек тобындағы балаларды қазақтың

тұрмыс-салт дәстүрлері арқылы еңбекке баулудың тиімді жолдарын әдістемелік жағынан ашып көрсетсе, Р.М.Сыздық ауызша есептердің мазмұны қазақ халқының әр дәуірлеріндегі тұрмыстық жағдайлар мен аң аулау, кәсіпшілік істерімен байланысты екендігін ғылыми еңбектерінде атап көрсетті.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде қазақ этнопедагогикасы мазмұнын төмендегідей бес бағытта қарастырдық:

- қазақ балалар фольклоры;
- салт-дәстүрлер;
- ұлттық ойындар;
- ұлттық өнер;
- этноэкология;

Ұлттық мінез-құлық – халықтың тарихи тәжірибесінде қалыптасқан дағды және әдеттер жиынтығы. Намыс, абырой, шындық, әдеп сақтау, ар, ұят, ұлттық мінез жайында Ә.Табылдиев еңбектерінде саралап айта отырып, ұлттық ерекшеліктермен дәлелдеген. Қазақ этнопедагогикасы арқылы мектеп жасына дейінгі балалар жаман мен жақсыны ажыратуды үйренеді, адамды сыйлау, құрметтеу, сәлемдесу, үлкен кісінің алдынан өтпеу, орын беру сияқты адамгершілік құндылықтарды меңгере бастайды.


5-6 жастағы бала заттарды топтастыру қасиеттерін меңгере түседі. Мысалы, кеме, сандық, орындық, кереует, сырмақ, түскиіз т.б. үй жиһаздарына жатқызып, тақия, табақ, сақина сияқты басқа заттардан ажыратып, айыра алады. Балаға жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасау, қоршаған ортаны өзі танып-білуіне толық мүмкіндік беру, бала материалды өзі таңдап, өздігінен дербес әрекет етіп, өзінің жоспарымен жұмыс жасауға жағдай туғызып отыру керек. Педагог балаларға қазақ этнопедагогикасының материалдарын өздігінен таңдауға және онымен танысуға уақыт беріп, оны қалай қолдануы жайында көрсетіп, түсіндіріп отырса, балалар қабылдау негізінде ой елегінен өткізіп,

қорытынды жасай білуге үйренеді.


Ғалымдардың зерттеуі бойынша баланың ырықты зейінін қалыптастыру үшін зейіндерін бір мақсатқа аударып, шоғырландыра білу керек. Ол үшін екі заттың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуда 3-4 жастағы балаларға 2-6 түрді айырмашылығы бар сурет ұсынылса, 5-6 жастағы түрлі айырмашылығы бар суреттер ұсынылады. Сонымен бірге, көп заттардың арасынан ұқсас екі затты табу, түстері немесе көлемді заттарды табу, дыбыстық белгілер арқылы, қимыл арқылы тапсырмаларды баяу, орташа, жылдам түрде орындау сияқты бала ырықты зейінді жетілдіре түседі. Мысалы, «Бірдей екі табақты тап», «Қандай суреттің сыңары жоқ?», «Қуыршақтың көлеңкесі қайсы?», «Төлдердің анасын табуына көмектес», «Бірдей ою-өрнегі бар тақияларды тап» т.б. ойындық-тапсырмалар балалардың ырықты зейіндерін дамытуға септігін тигізумен бірге, дүниетанымдарын кеңейте түседі. Мысалы, ұлттық ойын ойнар алдында балалардың зейінін аудару мақсатында ойынға шақыру жырын қолдану, бала зейінін шоғырландыра түседі. Мектеп жасына дейінгі балалар ойнайтын «Ақ сандық, көк сандық» ойыны барысында ойын үстінде айтылатын өлең мәтініне назар аудару, мәтін аяқталысымен орындарынан тез тұрып кету, қарсыласын арқалай жөнелу сияқты әрекеттер зейінді неғұрлым тез аударуды талап етумен бірге, ұшқыр ойды да талап етеді. Сондай-ақ, «Түйе, түйе, түйелер» қызықтамасындағы кейіпкерлердің үздіксіз іс-әрекеті – түйеге жер жусанын, қой қошақанын, қонақ қамшысын, қыз орамалын, ағаш жапырағын, сиыр сүтін сыйлауы және сүтті көбелек, жапалақ, сауысқан келіп сарқып ішіп кетуі балалардың зейінін бірден аударып, кейіпкерлердің әділдік пен әділетсіздіктің қылықтарын байқауға мүмкіндік береді.



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ



Сурет 3. Ұлттық ойындар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі бағыты



Сурет 4. Өнер негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастырудың бағыты

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ



Сурет 1. Салт-дәстүрлер негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балаларға құбылыстарға, жан-жануарларға, табиғат арналған шығармалар қысқа да, ықшам, әлеміне негізделген шығармалар баланың тілі жеңіл, сөзі ойнақы түрде жазылып, дүниетанымын қалыптастыруға әсері мол. белгілі бір сюжетке негізделе құрылады. Біз қазақ балалар фольклорын 3 топқа бөліп Көбінесе, қоршаған ортадағы заттар мен талдадық.




Сурет 2. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі қазақ фольклоры

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Халық тұрмысындағы жас ұрпаққа этноэкологиялық тәлім-тәрбие беру көрінісі ұлттық салт-дәстүрлермен, діни-нанымдық тарихи оқиғалармен және жергілікті жердің жөн-жосықтарымен тығыз байланыста қалыптасады. Халық этнопедагогикалық идеялары тек табиғи күштер мен аспан денелерін тануда қалыптасқан этноастрологиялық, этноклиматологиялық құбылыстармен байланысқан теориялық

негіздерін танып қана қоймай, өмір сүру үрдісінде аталмыш дүниелерді ұрпақ санасына сіңіру мақсатында өзіндік әдіс-тәсілдерін жетілдіріп отырады. Халық ұғымындағы «көкті жұлма», «құстың ұясын бұзба», «аққуды атпа», «құмырсқаның ұясын бұзба» т.б. табиғатты қорғауға байланысты айтылған ұғымдар бала дүниетанымын қалыптастыруға әсері мол.



Сурет 5 - Этноэкология негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастырудың бағыты.

Сонымен, қазақ этнопедагогикасы негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мазмұны қазақ балалар фольклоры, салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар, ұлттық өнер, этноэкология бағытында жас

ерекшеліктеріне сәйкес жүйелеу, бұрын тәжірибеде қолданылмаған қазақ этнопедагогика материалдарын балабақшаның оқу-тәрбие үдерісіне енгізу баланың ұлттық болмысына ықпалын тигізді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1996. - 32 б.
2. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Чебоксары: Чувашское кн. изд. 1974. - 376 с.
3. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы, 1995. – 463 б.
4. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2003. - 280 б.
5. Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. - 317 с.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

- 6.Әбілова З. Этнопедагогика. – Алматы, 1997. - 265 б.
- 7.Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. - 352 б.
- 8.Табылды Ә. Этнопедагогикалық оқылымдар. – Алматы: Білім, 2005. - 312 б.
- 9.Белгібаева Г.Қ. Болашақ мамандарды мектеп жасына дейінгі балаларға халық ауыз әдебиеті арқылы патриоттық тәрбие беруге даярлау: пед. ғыл. канд. автореф: 13.00.01. – Қарағанды, 2006. - 29 б.
- 10.Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Астана: 2007. - 215 б.
- 11.Иманбеков Т. Қазақ балабақшасындағы оқу-тәрбие жұмысында ұлттық ойындарды пайдалану (5-7 жас) пед. ғыл. канд. автореф: 13.00.01. – Алматы, 1995. - 27 б.
- 12.Баймұратқызы Б. Тіл дамыту. – Алматы: «Кітапбаспасы», 2005. - 159 б.

Резюме

В данной статье автор пытается подобрать ключ к проблеме воспитания детей дошкольного возраста через педагогику казахского народа. Показывает некоторые пути решения.

Summary

In given to the article author attempts to select key to problem of education children preschool age across pedagogics Kazakh народа. Displays some road decision.

**Қ.М.Омаров –
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
«Түризм» кафедрасының меңгерушісі**

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ – ТӘРБИЕ ТҰҒЫРЫ

Исі қазақ жұртына етене енген қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелілік мүмкіншіліктері, ғасырлар бұрын бастау алып, осы күнге дейін жеткен жағдайы бар. Әр кезеңде қазақ ұлттың ойындары өз ерекшелігімен сипатталады. Сондай-ақ, олардың өмір сүрген географиялық ортасы мен әлеуметтік жағдайы да ұлттық ойындарынан көрініс береді. Әсіресе, Еуропа халықтары басқа әлеуметтік ортаға қарағанда, өркениетке ерте өткендіктен ұлттық негіздің алғашқы туындылары, өзінің әуелгі қажеттігін өтеуге дәрменсіз болып қалады. Соның салдарынан ұзақ ғасырларға созылған елеусіздік, олардың көпшілігінің ұмыт болуына әкеп соқтырды. Олардың ішінде тек спорттық

ойындар ғана ескірмей жаңа мазмұнға ие болып, бүгінде дүниежүзі халықтарына ортақтасып, ұштасып келеді. Соның өзінде де олардың жастарға берер үлгі-өнегесі, тәрбиесі бір де толастаған емес, әлі де өз дегенін орындайды.

Қазақ халқының ұлттық ойынына келсек, оның мән-мағынасы ерекше бөлек. Жиырмасыншы ғасырдың 30-шы жылдарының аяғы мен 40-шы жылдарында ол әлі де өзінің алғашқы маңызын жоймаған қалпында болды. 50-ші жылдардан бастап ауылда да, қалада да ірі өзгерістер пайда болды. Алдымен, колхоздарды ірілендіру науқаны жүргізіліп, артынан олардың көбі совхоздарға айналдырылды. Тың және тыңайған жерлерді



ҰЛТТЫҚ ОЙЫН

игеру миллиондаған басқа жұрттың қазақ жеріне қоныс аударуы, Орталықтан жүргізген орыстандыру саясаты қазақ халқын өз мекенінде азшылыққа айналдырды. Халақ өзінің тілдік тұтас кеңістігінен ғана айырылып қоймай, соның нәтижесінде әдет-ғұрыпынан, салт-санасынан, қалыптасқан дәстүрінен, ұлттық тұтастығынан да қол үзе бастады. Бұның негізгі себептерінің бірі – республикамыздағы қалыптасқан тарихи дәстүрдің бұзылуы жергілікті халықтың өзара іштей араласуының күрт өсуі, бұрынғы дәстүрлі ортамен кеңістіктің өзара байланысының бұзылуы, қалалар мен аумақты елді мекендердің, өндіріс орындарының көптеп пайда болуы, өркениетті өмір ағысына мықтап бет бұруы ұлттық ойындардың ұмытыла бастауының алғышарттарының бірі болды. Ескінің бәріне өткеннің қалдығы, көненің сарқыншағы деп қарау, сол кездегі саясат пен идеологияның өкімет пен коммунистік партия ұсынған, қолдаған жолы болды. Осының бәрі ең алдымен, жастарды қамтып, сол арқылы жүзеге асыру көзделді. Осының әсерінен жас ұрпақ ұлттық туындылардың бәріне жоғарыдан қарап, жатырқай бастады. Оның ақыры бүкіл ұлтқа тән, ғасырлар бойы қалыптасқан асыл мұралардың бәрінен қолданыстан ысырылып тасталып, жаңа төңкеріс туғызған орыстар арқылы Европалық мәдениетке бет бұрғызып, өзінің ата-бабасы жасаған мәдени мұраға өгей көзбен қарап, жат санады. Бірақ, халық санасына сіңген, ғасырлар қойнауынан бүкіл бір ұлттың жадында жатталып қалған мұраның бірден жоқ болып кетуі мүкін болмады. Ол көне көз, кәрі құлақ карттар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетті. Сол арқылы аз да болса, өз дегенін істеп жатты. Дей тұрсақ та, қазақ халқының құты болып келген ауылдағы тұтас қалпы, өзіндік мәдениеттің туып, бүкіл елге тарайтын тұрағының ыды-

рауы ұзақ уақыт ұлтқа тән қасиеттің өсіп-өнуіне, дамуына кері әсерін тигізді. Осының салдарынан ұлттық ойындардың көбі ұмыт болды. Мұның жағдайы бүгінде тіпті шиеленісіп, қайшылық одан әрі күрделене түсуде. Өз бетіне мемлекет құрып, ұлтқа тән дүниені қалпына келтіруге кедергінің бәрі жойылды деген кезде, енді нарық жағдайына кезікті. Ұлттық ойындардың негізгі ошағы ауылдың жағдайы нашарлап, күнкөріс қамымен бас сауғалап кетіп жатты. Бірақ, ұлттық ойынның бары, құрып кетуден аман қалғандары қағаз бетіне түсіріліп, елдің қолына берілді. Ол Кеңес одағы ыдырап, егемендігімізді жариялаған аз жылдардың ішінде іске асырылды. Сонымен, ұлттық мүддені, ұлттық әдет-ғұрыппен салт-сананы, халықтың қалыптасқан дәстүрін уағыздауға бүгінде кең жол ашылды. Жастарды жаңа жағдайларға байланысты ұлттық негізде тәрбиелеуде ұлттық ойындарды пайдалану мектептерде және мектептен тыс туристік іс-әрекеттерде кең өріс ала бастады.

Ұлт ойындарын туристік іс-әрекеттерде пайдалану, кез келген жорықтың мазмұнынашып, байытатүседі. Оқушыны ойлылық пен саналыққа жетелейді. Оқушы саналығы пән арқылы сабақта берілген материалды түсінуге, ерікті мағыналы қимылға меңзеп, оқушының салауаттылығын білімге, білуге деген қызығушылығын үстемелеп арттырады. Сондықтан, халқымыз “Тәні саудың дені сау” деген қанатты сөзді айта отырып, соны баланың бойына ұлттық ойындары арқылы сіңіруді көздеген. Солай бола тұрса да, бүгінгі егемендік алған елдің азаматтары, орта білім беретін мектептің оқушыларының, жан-жақты білім алып, әрі денсаулықтарының мықты болып, салауатты өмір салтын ұстанатын, өркениетті халықтар мен елдердің қатарына қосылуға сай білім алулары тиіс.

Қазақтың ұлттық ойындарының өзіндік ерекшелігін сезіне білетін, ол үшін мақтаныш сезімін оятатын, Отанын шын сүйе білетін дара тұлғаларды тәрбиелеу ісін ойдағыдай жүргізе алатын басты тұлға – мектеп-туризм нұсқаушысы (инструкторы). Олай болса, туризм нұсқаушысы өзі ұлттық ойындардың тәрбиелілік мақсаттарын жан-тәнімен ұғып, мектеп оқушысына жеткізуге мүдделі болуы керек. Сонымен бірге, ұлттық ойын қолданылатын жаяу жорықтарда, экскурсияда оқушылардың ойын талаптарын бұзбауы, жалпы тәртіптің сақталуы, ойынға қатысушылардың бәріне бірдей ортақ болуы тиіс. Осы талаптарды қатаң сақтай отырып, ойынның бос жүгіріс, ретсіз жүріс, айғай-шуға айналып, жорық жағдайындағы демалыстың көздеген мақсатына жетпей қалмауы үшін туризм нұсқаушысы оқушылардан ұлттық ойын тәртібінің орындалуын қатаң талап етуі керек. Сондықтан, осы талаптарды туризм нұсқаушысы орындап, жорық жағдайындағы ойын түрлері нәтижелі өтуі үшін, оны туристік іс-әрекеттердің (негізгі формасы жорық, экскурсия), жалпы тәрбие үрдісіндегі оқу-тәрбиелілік мақсатымен ұштастыра білу үшін, мына педагогикалық міндеттердің орындалуына шарт қойылады.

– Оқу жылының басында туризм нұсқаушысы, оқушылардың сыныптан тыс туристік іс-әрекеттерін ұйымдастыру, жоспарлау материалдарын мұқият зерттеп, ұлт ойындарын пайдалануға болатын тақырыптарды анықтап, қандай ұлттық ойындарды қолданатынын көрсетіп, оларды пән бірлестіктерінің отырысында қарап, басқа да пән мұғалімдерімен келісіп, күнтізбелік жоспарда белгіленуі шарт.

– Ұлт ойынын туристік іс-әрекеттердің барысында қолдану үшін, оны алдымен өзі жете білуі қажет. Өйткені, туристік нұсқаушы ойынның мазмұнын, ойнау

тәртібін, мақсатын білмесе, онда ол жорық барысының қай тұсында, қалай, қандай жағдайда, не үшін қолданатынын білмейді. Ондай жағдайда ұлт ойындарын жорықтарда пайдалану айтарлықтай тәрбиелілік нәтижеге жеткізбейді.

– Туризм нұсқаушысы әрбір ойынның оқушыға берер нәтижесін алдын-ала болжап, оны жорықтың қай кезеңінде қолдану қолайлы екенін анықтауы тиіс. Олай істеу көп күндік жорық кестесіне де байланысты болады. Өйткені, арнайы ойынның кезеңі жалпы жорық барысында, күндізгі демалыс сәттерінде, жорық жүру барысында, кешкі от қасында ұйымдастыру жоспарланғандықтан, ұлттық ойынның көп түрін үйрену және өткізу осы тұстарға сәйкестік жасайды.

– Туристік нұсқаушының алдын-ала ойынның берер тәрбиелік мүмкіншілігін танып-білерлік қабілетімен дағдысы болуы шарт. Өйтпеген жағдайда қолданылған ойын өз дегеніне жете бермейді.

– Туристік нұсқаушы оқушылардың жас ерекшеліктерін де есепке алуы керек. Оқу материалын жетілдіру үшін, демалыс күнгі жорық кезінде бастауыш сыныпқа арналған ойындар мен мектептің орта буын сыныптарына пайдаланатын ойындар бірдей болмайды. Сол секілді, мектептің жетінші-тоғызыншы сынып оқушыларының бағдарламалық материалына лайық ойын элементі де күрделене түсуі қажет.

– Туристік нұсқаушы ұлттық ойындарды пайдаланудың мөлшерін және уақытын, орнын, жорық барысының қай тұсында қолдануға болатынын алдын-ала ойластырғаны дұрыс.

– Туризм нұсқаушысы оқушылардың жорық жағдайында ойнауды не үшін қолданатынын, ойын тәртібін, оны қатаң сақтауды білуін талап етеді. Өйтпеген жағдайда жорықтың тәрбиелілік көздеген мақсатына жетпеуі мүмкін. Ойынға оқушылар ынта-жігерімен

Ж.Қ.Орынтаев –
заң ғылымдарының кандидаты, доцент,
Халықаралық қатынастар және құқықтану
факультетінің азаматтық құқық және азаматтық
іс жүргізу кафедрасының меңгерушісі,
Абай атындағы ҚазҰПУ

ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША ЖЕР ДАУЫН ШЕШУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әдет-ғұрып құқығы нормалары бойынша жер даулары атақты адамдардың немесе ақсүйектердің пайдасына шешіліп отырды. «Ол нормаларға байланысты бір жерге бір мезгілде көшіп келген ру басылары арасында дау туса: егер олардың біреуі сұлтан, екіншісі жай адам болса, онда даулы жер сұлтанға берілді; егер бір тұлға би, ал екіншісі руға танымал ақсақал болса, жер екіншісіне берілді; егер бір жағы би, екіншісі жай адам болса онда бидің пайдасына шешілді, ал егер де даулаушылардың екеуі де жай адамдар болса, онда қайсысының жасы үлкен соның пайдасына шешілді».

XVII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейін қазақ хандығында ішкі және сыртқы саяси жағдай дағдарыста болды.

XVIII ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ халқының тағдырында аса күрделі бетбұрыс оқиғалар орын алды. Біртұтас қазақ хандығы Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз атты қазақ хандықтарына бөлінді. Бытыраңқы мемлекетке жоңғарлар шапқыншылық жасап, қазақ халқының жарымына жуығы қырылды.

Ресеймен арада болған сауда қатынастары жабық көшпелі қатынастарды өзгертті, оларды тауар-ақша қатынастарына тартты; алдыңғы қатарлы экономиканың әсерінен жер өңдеу, шөп шабу шаруашылықтары дами бастады. Қазақстанның саяси құрылымында да бірқатар өзгерістер болды. XVIII ғасырда Кіші жүзде хандар патша үкіметі билігінің келісімімен сайлана бастады, ал

XIX ғасырдың басында Кіші жүзбен Орта жүзде хан билігі жойылды [3. 145 б].

Бірақ XVIII ғасырда және XIX ғасырдың алғашқы жартысында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өмірінде айтарлықтай өзгерістер бола қойған жоқ. Қазақстанның Ресейге қосылуының экономикалық нәтижелері XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырдың басында айқындала бастады.

Қазақстанның жер қатынастарын толығырақ ашуда қазақтың әдет-ғұрып нормаларының материалдары үлкен орын алады. Ол нормалар қоғамдағы жоғарғы үстем тап өкілдерінің құқықтық көзқарастарын көрсетеді. Оларда қоғамдағы үстем таптың рөлі берік орныққан және қоғамдық қатынастарды реттеудегі олардың алатын орны жақсы баяндалады. Қазақтардың қоғамдық құрылысына, соның ішінде құқықтық өміріне патша үкіметі қызығушылық таныта бастады. Себебі, Қазақстанды өз қоғамдасына айналдыру маңызды еді. XIX ғасырдың бірінші жартысында «Орынбор қырғыздарын басқару туралы ереженің» бекітілуінен (1844 жылы 14 шілдеде) Орынбор губерниясында қазақтың әдет-ғұрып құқығы бойынша материал жинау тапсырылды.

Қазақтың әдет-ғұрып құқығы бойынша жиналған материалдары қазақтың қоғамдық өмірі туралы сұрақтарды зерттеу үшін қажетті материалдар болып табылады.

Бұл қаралған кезеңдерде хандар мен сұлтандар жерге феодалдық меншік



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

құқығының басты иелері болып саналды. Ірі феодалдық жер иеліктерінде жерді бөлу солардың қолында болды. Қазақ феодалдық қоғамының басындағылар ұлыстарды басқара отырып, өздеріне қарасты рулардағы жер қатынастарын реттеді. Қазақ феодалдары, орыс деректемелерінде жер иелері ретінде танылды.

XV-XVIII ғасырлардағы жайылымдарды бөлудегі хандар мен сұлтандардың билігі XVIII ғасырда және XIX ғасырдың алғашқы жартысына дейін сақталып отырды. Мысалы, И.И.Крафтың айтуынша, XVIII ғасырдың екінші жартысының басында Абылай сұлтан тек өзіне тиесілі руды ғана басқарды [5. 78-79 бб]. Ол бүкіл орданың ханы болған кезде жағдай күрт өзгерді. Оның билігіне бүкіл орта Жүз сұлтандарының иеліктері кіре бастады. Қазақ дағдарысындағы жер қатынастарын реттеудегі ханның билігі туралы мысалды Тәуке ханның әрекеттерінен көруге болады. Тәуке хан өз бетінше «Рулар арасындағы жерлерді белгілеп, оларды пайдаланудың тәртібін бекітті». Әр орданы басқаратын басшыларды сайлады. Ұлы жүзге Төлені, Орта жүзге Қазыбекті және Кіші жүзге Айтықты. Олар өз иелегіндегі жерлерді бөлу қажет болған жағдайларда жерді пайдалану тәртіптерін қарап отырды.

Қазақтың хандары мен сұлтандарында жеке меншіктегі жер көп болғандығын дәлелдейтін деректер жеткілікті.

Абылай сұлтанның өзінің көшпелі ауылдары болғандығы жөнінде әдебиетте деректер бар. Мысалы, Абылайдың патша әкімшілігімен алысқан хаттарында өз иеліктерін «Менің жерлерім» деп көрсетеді. Абылайдың ұлы Уәли сұлтан 1780 жылы 24 шілдеде Ұлы Петр қамалының коменданты Сумароковқа жазған хатында: «Абылай хан үйінің қыстауы Көкшетау тауларының бойында орналасқан», – деп жазды.

Хандар мен сұлтандардың өз меншіктерінде көшпелі жерлер болғандығын дәлелдейтін факті ретінде,

көптеген шұрайлы жерлердің аттары олардың иелерінің атымен аталғандығынан да көруге болады. Мысалы, Көшен Туған (Шоқан Уәлихановтың бейіті орналасқан жер), жердің меншік иесінің атына байланысты Ералы Көшен деп аталады.

Ірі феодалдық жер иеліктері туралы деректер XIX ғасырдың бірінші жартысында жақсы байқалған. Бұл кезеңдегі ханмен сұлтандардың жер иеліктері дамыған жер қатынастары нысанындағы мұрагерлік феодалдық жерлер ретінде кездеседі. Бөкей ордасында да осындай кең дамыған феодалдық жер қатынастары кездеседі. Бұл орданың ханы Жәңгір өзіне жақын адамдармен бірге отырып, халыққа саяси үстемдікпен қоса жерге иелікті өз қолына алды. Өз хандығы жерінде ол тек саяси билікке территориясындағы барлық жер бөліктеріне, оның өзі 7 млн. десятинадан астам жерлерге жалғыз өзі билік жүргізді. 1830-1845 жылдар арасында жер бөліктеріне иелік беретін 1517 құжат таратып берді. Соның салдарынан 7 млн. десятина жердің 400570 мың десятинасы Бөкей ордасындағы 20 шақты семьяға таратылды, ал қалған ондаған мың шаруалар үлесіне 2,5 млн. десятина жер тиді [3. 145 б].

Феодалдар тобының қорына ірі жер меншіктерінің шоғырлануы орда жерлерін Жәңгір ханның өзі билегендігінің нәтижесі еді.

Өзіне сый көрсеткен және өзін мойындаған адамдарға үлкен жер бөліктерін беріп отырды, дәл осындай жеке басының шешімімен өзіне жақпай қалғандардан жерді алып қойып отырды. Жерді беру және оны алуды хан жазбаша бұйрық беру арқылы жүзеге асырды.

Жәңгір ханның жазбаша бұйрығы көшпенділерге жер бөліктерін пайдалануға құқық берді және шаруашылықта кең пайдалану үшін де негіз болды, сонымен қатар басқа да көшпенділермен арада туындайтын дау-таластан қорғау үшін де негіз болды.

Осындай деректерге сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады, жайылым жерлерге меншік екі негізгі бөліктен тұрады: а) ханның жеке жерлері, б) сұлтандар мен ру басыларына берілген жерлер. Ханның жайылым жерлерінің көлемі 400 мың десятинаға дейін болды, ал ордадағы әр шаңыраққа орта есеппен 176 десятина жер тиіп отырды, оның өзі өмір сүруге қиын, құмдауыт жерлерді қоса есептегенде.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Бөкей ордасында қалыптасқан жер қатынастары туралы жазбаша деректемелер мен архивтік материалдарды зерттеу сол кездегі жер қатынастарын феодалдық қоғамдық қатынастар деп есептеуге мүмкіндік береді. Жер иелену өзінің нысаны жағынан да, мазмұны жағынан да отырықшы елдердегідей өңделмелі жер ретінде емес, жайылымды жер ретінде пайдалану объектісі болып табылады.

Бұған дейін феодалдық биліктің басындағы хандар мен сұлтандар туралы айтсақ, ендігі жерде ру басшыларының қоғамдық жағдайы туралы айтамыз.

Ру басыларының құрамында басты орынды билер алды, орыс деректерінде олар «старшындар» деп аталды. Бұл топқа тархандар, байлар мен батырлар жатқызылды.

Билер тек рулардағы емес, сонымен қатар бүкіл феодалдық қоғамдағы ең көп топты құрады. Уәли Абылайханов сұлтандығының иелігіне барған патша әкімшілігі өкілінің баяндамасына сай қазақ феодалдығының басында әр сұлтанға 100 биден келеді деп көрсетілген.

Бұл кезеңдерде хан мен сұлтандардың мүдделеріне қарсы ру басылары өкілдерінің әсері күшейе түскен еді. Қазақстанның

феодалдық ұсақталуының себебінен және хандар мен сұлтандардың билігін бөліп алуға тырысқан билердің әрекеті салдарынан хан-сұлтандардың билігі едәуір төмендеді.

Сонымен хан мен сұлтандардың бұрынғы саяси мүмкіндігі кеміп, қазақ қоғамы өмірінде билердің маңызы мен салмағы арта түсті.

Жоғарыда айтылғандардан, біз ауыл шаруашылығы және қауымдардағы жер пайдалануды реттеу мүмкіндіктері кімдердің қолында болғанын айқын көре аламыз.

Қазақ хандары жердің меншік иесі ретінде саналып, өз хандықтары шегінде жайылым жерлерді анықтап отырды және ірі жер иеліктерінің шектерін анықтады.

Кейбір жер иеліктерінің ішіндегі көшу жолдарын анықтау сұлтандар мен билер тобының қолында болды. Ауыл қауымдастықтарының көшу жолдарын билер мен старшындар шешті немесе кеңестер мен съездерде шешіп отырды.

Бұл деректер қазақтардың көшіп-қонуының әдет-ғұрып құқықтық нормалармен реттеу жағдайында дамығандығын көрсетеді.

Көшпелі қазақ ауылдары үшін жердің рөлінің үлкенділігі қазақ халық мақал-мәтелдерінде анық көрсетілген. Қазақтар былай дейді: «Байлықтың атасы – еңбек, анасы – жер». Мұнда бірінші кезекте еңбек қойылады, еңбек арқылы адамдардың жерді игеруі туралы айтылады. Келесі бір қанатты тіркесте «Жері байдың, елі бай» делінген, мұнда да алғашқы жағдайдағыдай, көшпелілердің экономикалық тұрмыс деңгейі жайылымның құнарымен байланыстырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Валиханов Ч.В. Ногай // Собрание сочинений: В 5 т. – Алма-Ата: АН КазССР, 1961. – Т.1. – 777 с.
2. История государства и права Казахской ССР: Учебное пособие для юрид. фак-тов вузов/Л.В. Дюков, А.Н. Таукелев, Г.С. Сапарғалиев, К.А. Жиренчин. – Алма-Ата: Мектеп, 1982. – Ч.1. – 182 с.

пәні бойынша кәсіби мамандыққа даярлау бағытында қазіргі таңда да жеткілікті шешімін таппай жатуы, осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

Қоғамның рухани-адамгершілік тұрғыдан жандануы, ұлтымыздың ішкі әлеуеттік мүмкіндігі ұлттық мәдени дәстүрлерді, ұлттық өнерімізді зерделеп заман талабына қарай пайдалануға, болашақ жас маманға әлемдік көркем өнер мен мәдениет тарапынан этнопедагогикалық білім беруді нәтижелі ұштастыруды жүзеге асыруға байланысты, елбасы Н.Ә.Назарбаев “Қазақстан – 2030” стратегиясында: “Ұлт мәселесіне қатысты жалпы үрдісті танып-түсіну, сөз жоқ, қажет. Мұнсыз мемлекеттік дамудың жалпы логикасын болжау мүмкін емес”, – деп тұжырым айтқан [7]. Осыған байланысты еліміздің егемендігін өміршең етуде, өнерлі ұрпақ тәрбиесінде сабақтастықты сақтауда көптеген жұмыстар атқарылуда.

Халықтың өнерін, тәлім-тәрбиелік тәжірибелерін, өміршең идеяларын және өнегелі дәстүрлерін жоғары мектептің оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану арқылы жастарымыздың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруды жүзеге асыру бүгінгі күннің мақсаты. Халықтың рухани мәдениетінің мөлдір бастау бұлағынан жас кезден нәр алып өсу сан ғасырлық қалыптасу, даму тарихы бар қазақ этнопедагогикасы идеяларын ертерек бойға сіңіруге, ондағы жалпы адамдық құндылықтар мен әдемілікке құштарлықтарын арттырып, оны көре білуге үйретеді. Ұлттық тәрбие тағылымдары материалдарын халық даналығының сарқылмас қайнары ретінде жеке адамды қалыптастыру ісінде пайдаланудың қажеттілігін қазақ даласының ойшылдары (Қорқыт ата, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Яссауи, педагогтар мен ағартушылары (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев,

А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов т.б.) өз еңбектерінде дәлелді сипаттама бергені мәлім.

Қазіргі таңда жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру міндеті уақыт талабы екендігі және білім беруде басшылыққа алатын нормативтік құжаттар арқылы қолдау табуы заңдылық. Қазақстан Республикасы “Білім туралы” заңында: “...азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру”, – деп көрсетілген [1]. Аталған міндет білім беру жүйесінде халық дәстүрлерін, халықтық өнерін, дәстүрлі мәдениетін өнерлі жастарға зерделетуді және оларға баулуды меңзейді.

Қазақ бейнелеу өнеріндегі ерекшеліктің негізін құрайтын белгі – ол, ұлттық өнерге көзқарас пен ұлттық дәстүр. Қазақстан бейнелеу өнерінің рухани ерекшелігі мен кәсіби көркемдік өзгешеліктің қалыптасуы халықтың санасы мен ішкі сырының әрдайым қатынаста болуына байланысты.

Осының нәтижесінде, шамамен жүз жыл ішінде өзінің ерекшелігі, өзіндік ұлттық өнері, тілі, мәдениеті және идеясы бар ұлттық өнер мектептері құрылды. Ұлттық өнер – бұл мәдениет өзегі, бұл арқылы дүниетанымның негізі ұрпақтан-ұрпаққа қалып, ғасырдан-ғасырға дамып отырды.

Ерте заманда тәңір шындық сияқты ілімі сенім болған, бұл дүние танымдық көзқараста көк аспан, жер, су, тау, өзен, төбе, ағаш сияқты қасиетті де киелі заттарды құрметтеп, әспеттеген. Осы киелі дүниелерді әспеттеп құрметтеу, біздің ұлттық болмысымыз бен дүниетанымымызға негіз болу философиясын қалыптастырған [6].



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Өткенге көз салсақ, қай ғасырда да философтар, ойшылдар, педагогтар мен социологтар ұлттық өнердің пайда болу табиғатын ашуға аз көңіл бөлмеген. Атап айтқанда, олар жеке адамның өнерге, қоғамға, табиғатқа деген қатынасын қарастырды. Ал, бейнелеу өнері қоғамның, мәдениеттің, жалпы өнердің дамуына әсер ететін жандандырушы фактор, әрі өте қажетті көз болып табылады. Әр кездері қоғамда ұлттық өнер мен мәдениеттің дамуына байланысты адамдардың бейнелеу өнеріне деген оң көзқарасы артып отырды.

Өнертану ғылымы саласында “ұлттық өнер” бағытының тарихи ерекшеліктерінің қалыптасуының мәні зор. Мысалы, айналадағы ортаны танып-білудегі әсерін орта ғасырдағы Шығыс ойшылдары да зерттеп, дамыта отырып қалыптастырудың мәніне назар аударған. Олар: Әбу Насыр Ибн Мұхаммед әл-Фараби (870-950 ж.ж.), Әбуғали Ибн-Сина (980-1037 ж.) т.б. жастарды ұжымда тәрбиелеп, олардың білімге, өнерге қызығушылығын қалыптастырудың жолдарын қарастырды. Орта ғасырдың ойшылы әл-Фараби – дидактика, оқыту теориясы мен білім берудің психологиялық негізін қамтитын мәселелерге көңіл бөлді. Көрнекті философ Әбуғали Ибн-Сина жастарды тәрбиелеуде ақыл-ой, эстетикалық, адамгершілік тәрбиені тұтас пайдаланудың, оларды ұлттық өнер кәсібіне үйретудің маңыздылығын баса айтқан. Оның дидактикалық принциптері былайша құрылды: жастардың қабілеті мен бейімділігін ескере отырып оқытса, «...егер баланы ұжымда оқытса, ол онда зерікпей, қайта оқытып жатқан пәнге қызығушылығы пайда болып, басқалардан қалып кетпеуге тырысып, жарысқа түседі» деген болатын.

Қазақ халқының материалдық мәдениетіне, кәсібіне, ұлттық өнеріне қатысты деректерді ХІХ ғасырда жазылған

Ш.Уәлихановтың, А.И.Левшиннің, Ә.Диваевтың, Х.Қостанаевтың т.б. еңбектерінен кездестіреміз. Ш.Уәлихановтың эстетикалық көзқарасы қоғамдық-саяси және философиялық көзқарастармен тығыз байланысты болды. Өзінің зерттеу жұмыстарында ол қазақ халқы мен Орта Азия халықтарының тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық әдет-ғұрпына, салт-дәстүрлеріне баса көңіл бөледі. Сөйтіп, өз халқының ауызекі әдебиеті, әсемдік танымы, көзқарасы арқылы эстетикалық талғамын ашуға ұмтылады.

Сол секілді, қазақтың біртуар ағартушысы Ы.Алтынсарин халықтың көркем шығарма туындыларын өте жоғары бағалап, өнердегі және өмірдегі барлық әдемі нәрселердің құндылығын түсінуге тек қана білім берудің арқасында жетуімізге болады деп есептеген. Ы.Алтынсарин өзінің педагогикалық еңбектерінде, тек білімділікке ғана емес, мектеп мәдениетілікке де үндейді. Қазақ қыздарына арналған тұңғыш әйелдер сәнді қол өнері мектебінің ұйымдастыруы да Ы.Алтынсариннің қажырлы еңбегі болып табылады. Оның педагогикалық еңбектері эстетикалық көзқараспен тығыз байланысты. Ол: «Мектеп қазақ халқының арасында жаңаша мектеп мәдениетінде өмір сүрудің – жаңа әдет-ғұрып, тәртіп, тазалық, қолөнер мен өнердің үлгісі болуы қажет», – деп атап көрсетті. Абай Құнанбаевтың эстетикалық көзқарастарын көптеген қазақ ақын-жазушылары мен өнер зерттеушілері (М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Сильченко, А.Жұбанов, М.Қаратаев, З.Ахметов, Б.Ерзакович және т.б.) өздерінің еңбектерінде жан-жақты қарастырған. Абай өзінің педагогикалық идеялары мен эстетикалық, көркемдік тұрғысында тәрбиелеу ой-тұжырымдарын өрбіте келіп, 27-ші қара сөзіне былай деп атап айтады: «Сократ пен Аристотельдің пікірлері: «Әуелі көзді көрсін деп беріпті, егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің

көркінен қайтып ләззат алар едік... Құлақ болмаса қаңғыр, не дүңгір дауыс, жақсы үн, күй, ән – ешбірінен ләззат алмас едік». Осы ойды Абай қырық үшінші қара сөзінде ары қарай толықтырады. «Ол хабарлардың ұнамдысы – ұнамды қалыппен, ұнамсызы – ұнамсыз қалыппен, әрнешік өз суретімен көңілге түседі... Жан қуатыменен адам хасия қылған өнерлері де күнде тексерсең күнде асады. Көп заманнан тексермесең, тауып алған өнердің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдерден бір басқа адам боп кеткендігін білмей қаласың» – деп, Абай мұнда адамның көркемдік шығармашылығының негізінде эстетикалық сезімді жатқызады. Абай өзінің шығармаларында эстетикалық түсініктерге, әсемдік, сұлулық, талғам және т.б. эстетикалық категорияларға арнайы талдау жасамағанымен оның өлеңдерінде осы түсініктерді қамтитын мазмұнды шумақтар аз емес.

XX ғасырдың басындағы төңкерістен кейінгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі аралықта қазақ зерттеушілері тарапынан ұлттық өнерге байланысты тарихи-этнографиялық, өнертану, мәдениеттану тұрғысынан жазылған еңбектер де аз емес. Атап айтқанда, ғалымдар: Ә.Х.Марғұлан, Э.А.Масанов, И.В.Захарова, Р.Д.Ходжаева, Т.Бәсенов, С.Мұқанов, М.С.Мұқанов, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков, Ә.Тәжімұратов, Н.А.Оразбаева, Б.Сарыбаев, Д.Шоқпарұлы, Ж.Бабалықов, А.Сейдімбеков, О.Бейсенбекұлы, М.Нығмет, Б.Кәмалашұлы, А.Нәлібаев, Қ.Ахметжановтың т.б. еңбектерінен этностың рухани-материалдық мәдениетіне қатысты құнды деректерді кездестіруге болады. Дегенмен, солардың ішіндегі елеулісі Ә.Х.Марғұлан, М.С.Мұқанов, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, Ә.Тәжімұратов, Ө.Жәнібеков, Қ.С.Ахметжановтың еңбектері болып табылады. Қазақ халқының материалдық мәдениеті, өнері жөнінде

жазылған жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектерінде айтылған ой-пікірлер, деректер, қарастырылған мәселелер осы күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ.

Сондай-ақ, халықтық тәрбиелік мәндегі өнерге, білімге, иманжүзділікке баулитын мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін, аңыз-әңгімелерін, көркем сурет факультетінің студенттеріне әр сабақ жүргізу процесінде жеткізіп отыру – берілетін көркем пәндерден білімді жандандыра түседі.

Олай болса, студенттердің санасына ұлттық адамгершілік-имандылық қасиеттерді сіңіріп, ұлттық салт-дәстүрлерді, ұлттық өнерді сақтауға, әдет-ғұрыптарды күнделікті өмірде қолдануға баулып, үйрету үшін ЖОО-да жүргізетін әр пәндерде тиісті әдіс-тәсілдер пайдаланып, студенттердің ұлттық сезімдерін оятатын, көркемдік, ұлттық тәрбиесін жетілдіретін іс-шаралар әр кездері жандандырып, жүргізіліп отыруы қажет. Ол үшін ұл балаларды сәнді-қолданбалы өнері пәнінде жүргізілетін: металл, тері, ағаш өңдеу, тері илеу, өрім өру өнерлеріне баулу, ал қыздарды ұлттық киім тігу, сырмақ сыру, ою-өрнек ою, киіз басу, текемет тігу, кесте тігу өнерлеріне үйретіп, ісмерлікке баулуымыз қажет.

Әрине, бұл жұмысты жүзеге асыру үшін жаңашыл әдіс-тәсілдерді сабақ процесінде қолдануымыз қажет. Жаңашыл әдістер оқытушы мен студент арасындағы түсіністікті және араласа, бірегей белсенді жұмыс жасауды қажет етеді. Студенттер сабақ барысында тыңдаушы ғана емес, сабақ барысына белсене араласушы да болуы шарт.

Қазіргі көркем білім беру жүйесінде белсенді оқыту әдісі кеңінен пайдаланылады. Ол студенттің, бір жағынан, білімінің жоғары болуын, өз ойын еркін жеткізе білуін қажет етсе, екінші жағынан, ойлау қабілетінің ұшқырлығын, көркем шығармашылық мүмкіндігінің жоғарылығын, шешім қабылдау барысын-

да өз ойын үлгілей білуін қажет қылады. Міне, бұл жағдайлар студенттің өз білімін әр уақыт көтеріп, жетілдіріп отыруына

және өзінің кәсіптік деңгейінің жоғары болуын қадағалауға итермелейді деп ойлаймыз.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы: (2007 ж., шілде). Егемен Қазақстан газеті.

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана. 1 наурыз 2006 ж. Егемен Қазақстан.

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы. – Астана, 2003 ж.

4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі, – Алматы, 1995. - 352 б.

5. Байжігітов Б.К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері. – Алматы, 1998. -192 б.

6. Егемен Қазақстан газеті. “Қазақстан – 2030” Стратегиясы: өркендеудің өрелі өрісі, 29 қаңтар, 2010//пікір жазу.

В данной статье рассматриваются некоторые вопросы национального воспитания, а так же его роль и значение в обучении изобразительному искусству высшей школе.

This article discusses some of the issues of education, as well as its role and value in teaching fine arts high school.

Н.Кенжеғараев –
филология ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Абайтану» ғылыми-зерттеу
орталығының аға ғылыми қызметкері

ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҰЛТЫ
(профессор Мекемтас Мырзахметұлының «Қазақ қалай
орыстандырылды» еңбегі хақында)

Қазіргі қоғамдық ғылымдарда, идеология мен саясатта ұлттық, жаһандық және адамзаттық деген ұғым-түсініктердің, концепциялардың маңыздылығы арта түсуде. Себебі, қайбір мемлекет болмасын оның қазіргі таңдағы ұстанған даму үрдісі осы үш тұғырға соқпай өтпейді. Әлемдегі ең өткір тұрған мәселелердің негізгілері да осылар. Мемлекеттік даму страте-

гиясы қай бағытты ұстанса, қоғамдағы барлық базис пен қондырма сол арнада дамיתындығы белгілі. Демек, мемлекеттің ұстанған қағидатына қоғамдағы ғылым мен мәдениет, саясат пен идеология, экономика т.б. мойын бұрып, бой түзейтіні анық. Әлемдегі азуын айға білеген алпауыт мемлекеттер жаһандану үдерісін толық қолдап, оның кең қанат жайғанын қалайтыны, сол

жолға жанқиярлық жұмыстар атқарып жатқандығы мәлім. Қазіргі таңдағы белгілі саясаткерлер мен экономистердің сөзінен аңғаратынымыз, «суық соғыс», «қарулану жарысы» үдерістері жаңа арнаға ұласып, «энергетикалық соғыс» түрін алып, жаңа тартыстар мен шиеленістерге ауыздық болуда.

Біздің қоғамда ғылым мен мәдениет жаһанда болып отырған өзгерістерден, айтыс-тартыстардан тыс, томаға-тұйық өмір сүру керек деген көзқарастар бар. Ғылым өз саласы бойынша қоңырқай күй кешсе, әдебиет пен өнер де өз қазанында бұрқырап қайнай беру керек сынды көрінеді. Өкінішке орай, қазіргі әлемде ондай томаға-тұйықтық, мамыражай өмірге орын жоқ. Біз қаласақ та, қаламасақ та, әлем дамудың жаңа сатысына өтіп кетті. Ол мобильді коммуникация заманына қадам басты. Ы.Алтынсарин айтатын «Айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызды», – дегеннің нағыз шарықтаған кезеңіне келдік. Жер шары, ондағы адамзат қоғамы алақандағыдай болып қалды.

«Әлем азаматы», «шекарасыз әлем», «ұлтсыз әлем», «адамзаттық тұлға», «жер шарының азаматы» деген сынды тұжырымдар, модельдер ұсынылып, идеология жүргізіле бастады. Әсіресе, бұл саясат дамушы елдерге жүргізілуде. Қазақстан Кеңестік жүйеден санасы, ділі, діні әлсіреп шыққан, отаршылдық саясатқа жүйелі түрде ұшыратылған, мәңгүрттенген мемлекет болғандықтан, посткеңестік кезеңде жаһандану үдерісі етене енуде. Оған қазіргі мемлекетіміздің ұстанған ішкі және сыртқы саяси-экономикалық ұстанымы пәрмен беріп отыр.

Таза гуманистік-философиялық, моральдық тұрғыдан келер болсақ, «әлем азаматы», «адамзаттық тұлға» деген концепциялар жеме-жемге келгенде өте жақсы тұжырымдамалар [1]. Діни-этикалық тұрғыдан да адамның әр уақытта адам болып қалуы және Адам болуға ұмтылуы құптарлық іс. Түріміз ұлттық болғанымен,

мазмұнымыз адамзаттық болғаны абзал құндылық. Қазақ халқы болмысынан «адамзаттық тұлғаны» қалыптастыруға тырысатын, бейбітсүйгіш, адамсүйгіш, жат ұстанымдардан, нәсілшілдіктен ада халық. Ғасырлар бойына халықтың санасына сіңген дәстүрлі түркілік дүниетаным, ислам діні, сопылық ілім барлығы ұштасып, нағыз кемел, толық адамды қалыптастыруға, тәрбиелеуге тырысқан ел. Алайда жаһанданған алпауыт мемлекеттердің «адамзаттық» деген моделінің астарында, мүлдем басқа дүние жатқаны ақиқат. Европа мен Америка моральдық, гуманитарлық тұрғыдағы жетілген кемел тұлға концепциясынан гөрі, жаһандық экономика дегенге басты назар аударады. Соңғы кезеңдері Европа мен Америка Құрама Штаттары энергетикалық күйзелістерге ұшырап отырғандығы, болашақта да энергетикалық тапшылық тартатыны белгілі. Мұнай өнімдеріне тәуелділікті жою үшін, бұл елдер түрлі зымиян саясатқа баратыны анық. Әлемдегі қаншама елдердің отқа оранып, қанға бөгіп отырғаны да сол батыс елдерінің саясатының жемісі. Мұнайлы деп саналатын мұсылман елдерінде тоқтаусыз соғыстар мен нақақ қандар төгілудің себебі, мұнай көздерін қолды ету, баға саясатын қадағалау, пайда көзіне айналдырып, табыс табу. Тіпті, алпауыт Европа мен АҚШ-та мұнайлы мемлекеттерді бүгешүгесіне дейін зерттеп, осал тұсын дәл тауып, от үрлеп, кикілжің тудырып, оны үдетіп, жанжал, соғыс тудырумен арнайы шұғылданатын мекемелер бары да жасырын емес. Қазіргі таңда орын алып отырған осындай өрескел әрекеттерді көре отырып, бақайшағына дейін қаруланған бай мемлекеттердің адамзатта тыныштықтық орнасын, адам адамға дос, туыс, бауыр деген қағидаттардың желсөз екендігіне сенбеске амалын қалмайтындай.

Зерттеуші ретінде адамзаттық құндылықтар және ұлттық діл мәселесесіне келген кезде екі ұдай ойда



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

болатындығымыз жасырын емес. Жалған ұстанымдардан бойды аулақ салсақ (пред-рассудоктан), ұлт, саясат, мемлекет деген ұғымдардан жоғары шықсақ, түптеп келгенде, адамзаттық деңгейге жетпейміз бе? Әлемдегі адамдардың барлығының жаратылысы, болмысы бір емес пе деген ойлар туындайтыны шындық. Барлығымыз бір атаның баласы екенбіз, неге ұлт дегенді ұмытпасқа, шекара дегенді жоймасқа, әлем азаматы неге болмасқа деген пікірлер қылаң беретіні де бар. Жер бетінде тыныштық пен келісім болу үшін әрбір азамат – адамдығы жетілген тұлға, толық адам болуы керек, не осы толықтық жолына түсуі керек. Алайда, бұл субъективті, абстрактілі дүние. Әлемдік, адамзаттық деген дүниелерді жиі айтататын Батыс мемлекеттері шын қаласа неге сөздері мен істерінен жер мен көктей айырмашылық шығады. Қой терісін жамылған қасқыр тәрізді, тыныш жатқан елдерді қан қақсатады, зорлық жасап, үстемдік көрсетеді.

М.Мырзахметұлының «Қазақ қалай орыстандырылды» еңбегі тұңғыш рет 1993 жылы жарық көрген болатын. Кеңестік бұғаудан енді құтылып, Тәуелсіздік алған жас қазақ елінің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап беретін бұл еңбек – зиялы, ұлтшыл қауым арасында зор құрметке ие болып, сілкініс тудырды. Кеңестік құлдық саясаттың қоғамда сөбесі сөгілмей тұрған уақытта коммунистік шекпеннен шыққандар тосырқай қарағаны да жалған емес. Ұлттық принципті алдыңғы қатарға қоятын санасы сау азаматтар үшін тың дүние болып, санадағы дүмпу жасады. Алайда, мемлекеттік органдар күйреген экономиканы қалпына келтіреміз деп сол арнаға көбірек бет ұрып, ұлттық саясатқа келгенде бұқпантайлай берді. Мемлекеттік стратегияның темірқазығы болуы керек деген ойлар елеп-ескерілмей, тұжырым шығарылмай қалды. Зерттеудің негізгі бөлімі «Ел қалай орыстандырылды», «Жер қалай орыстандырылды», «Сана қалай орыстандырылды» деген тарауларға

бөлініп, тарихи құжаттар мен деректер арқылы Ресей империясының, одан кейінгі оның мұрагері саналған Кеңес өкіметінің түркі халықтарына, оның ішінде қазақ халқына жүргізген отаршылдық саясаты аяусыз әшкереленеді. Дегенмен, қазақ елі мен жері кешегі отаршылдық салқынынан, сол саясат қалыптастырған құлдық санадан айырыла алған жоқ. Ғалымның 2011 жылы бұл тақырыпқа қайта келуінің де сыры сонда болса керек. «Баяғы жар-тас – бір жарта», – демекші, жеткен жетістіктеріміз болғанымен, ұлттық сана, діл тұрғысында ілгері дамығандығымыз шамалы. М.Мырзахметұлының 1993 жылғы шыққан еңбегінің мемлекеттік саясатта ескерілмей қалғандығына бір дәлел, ғалым «Ел қалай орыстандырылды» тарауындағы миссионерлік қозғалыс туралы айтқандарын келтірсек болады [2]. Миссионерлік қозғалыстардың түпкі саясаты, оның салдары, нәтижесі толығымен дәлелді түрде беріледі. Тіпті, сол тұста үкімет «Дін туралы» Заңда, не еліміздің Ата Заңындағы дін туралы тармағында ескеріп, нәтиже шығару керек еді, олай етілмеді. 90-шы жылдары еліміз түрлі діндер мен секталардың жын ойнағына айналды. Нәтижесінде қаншама ойран болған тағдырлар, отбасылар, төгілген қандар, уланған саналар. Кейде Президент әкімшілігі, аппараты қоғамдық ой-пікірлерге байланысты айтылған ғалымдардың ұстанымдарын елеп-ескермейтін, олармен жұмыс жасамайтын сияқты пікір қалдырады. Ғалымның миссионерлер туралы тұжырымдарын ескергенде, еліміз мұндай зардап шегіп, іштей ірімес еді. Өкінішке орай, енді сол жіберілген кемшіліктердің зардаптарымен күресуге тура келіп отырған жағдайы бар.

Абайтанушы ғалым бұл отаршылдық саясатқа бірден келіп отырған жоқ, Абайдың Шығысқа қатынасын зерттеу арқылы дәстүрлі діндермен толық танысты, шығыс, батыс ойшылдарының, теологтарының еңбектерін оқыды. Ұлттық тұрғыдағы

електен өткізіп, ел ертеңі үшін пікірлерімен дабыл қағып, әлеумет талқысына салды. Ғалым М.Мырзахметұлының шығармашылығының басты ерекшелігі ғылымға да, қоғамдық ой-санаға да қатысты пікірлерін білдіргенде, ұлттық мүдде, ұлттық сана тұрғысынан пайымдайтындығы. Ол үшін ғалымды жазғырып жататындар да бар. Ғылыми тұжырым ұлттық деңгейден жоғары тұру керек, ғылым әлеуметтік мәселелер мен саясаттан жоғары болуы абзал деп санайтын «нағыз ғалымдардың» әрқашан шоқтығы биік, ауыздары майлы, жылы орынтақта. Ұлт мәселесіне, ел ертеңіне салмақты, самарқау көзқарастың орға жығып жатқан тұстары жоқ емес. Шындықты айтайықшы, Қазақ қоғамын кемел қоғам деп айта аламыз ба? Ел ішінде жан түршігерлік түрлі қылмыстар, азғындық, ата-баба дәстүрінен, дінінен безу, зорлық-зомбылық, жемқорлық, таныс-тамыршылдық, т.б. тізе берсең, ұшы-қиыры көрінбейтін түрлі пәлекеттердің салтанат құрып отырғандығы ақиқат. Бұл да болса, «дамыған», «адамзатшыл», «адамгершілікшіл», «ұстамды», «объективті» «ғылымның», «саясаттың» жемісі.

Ғалымның үнемі Абайға оралып, «толық адам» ілімін насихаттауы тектен-тек туып отырған дүние емес, Абайдай ұлтын сүю, Абайдай ұлтшыл болу, Абайдай адамзатты сүю, Абайдай адамзаттық тұлғаны тәрбиелеу ісінің өмірлік маңызды екендігін тоқып, әлемдік деңгейдегі ойшылдың адамзат баласына ортақ идея көтергендігін талдап зерттеп, әлемнің құлағына жеткізуге тырысуы – ұлтшылдық қана ма? Жоқ әрине, М.Мырзахметұлы тек сыңаршақ ұлтшыл ғалым ғана емес, нағыз адамзаттық деңгейде Абайша ой толғайтын тұлға. Жарты әлемді қан қақсатқан, талай ұлттар мен ұлыстардың тамырына балта шапқан Ресей империясының зұлым саясаты тарихта болған іс, ғалымның мақсаты соны ашып айтып, айқын дәлелдеу болды. Жалған, жасырын дүние емес, тұтас бір

ортаң қолдай қауқарлы ұлтты жоюға сәлақ қалмады ма? Қаншама көтерілістерден, жазалаулардан, түрмеден, аштықтан, соғыстан, репрессиядан жаны қиылған бауырың аз ба сенің қазақ? Жоқ, біз қазір оны еске алғымыз да келмейді. Бізді бүгін мен болашақ қана алаңдатады. Тарихтан сабақ алмай қандай болашақтың болатынын қайталап жату ағаттық шығар. Тарихқа көз жіберсек, тек Ресей ғана емес, алпауыт мемлекеттердің бәрі даму тарихында басқа қаншама мемлекеттерді қан қақсатқан мемлекеттер. Адамгершілік идея бір басқа да, өмір, саясат бір басқа болып тұр. Идеядағы адамгершілік, идеядағы адамзаттық бірлік, адамзаттық тұлға, шекарасыз әлем, әлем азаматы – жақсы адамдардың жақсы ойлары болып қана қалатындай. Өмірден мұның нағыз керісін көреміз. Қарамағындағы ұлттар мен республикаларды шырқыратып отырған Ресей, мұнайлы араб-ислам мемлекеттерін қанға бөктіріп отырған Европа мен АҚШ, тіпті, күні бүгін тағы да соғыс ошақтары пайда болып отыр.

Сондықтан да, ғалым М.Мырзахметұлы саясат мәселесіне де адамгершілік биіктен ой жүгіртеді. Әбден азап тартқан ұлтының өткені мен бүгінінің биігінен қарайды. Ресей мен Батыстан әлемге бейбітшілік келетін болса, жер беті ұжмаққа айналар еді. Соғыс отын шашып отырған осы мемлекеттер ғой. Ресей мен Батыс мемлекеттерінің саясаты, философиясы байлыққа, пайдаға, билікке, күшке құрылған. Ғылыми-техникалық процесс бір бөлек, сол жетістікті, зұлымдық бағытта пайдаланып, пайда табудың, бір мемлекетті бағындырудың құралына айналдыру әрекеттері еш толастар емес. Әлемді, адамзатты бейбітшілікке, татулыққа, мейірімділікке бастайтын шынайы жол – мұсылман-түркі даналары қалыптастырған [3], Абай жетілдірген «толық адам» жолы екендігін көз жеткізе айтып, барша адамзаттың назарына ұсынады.



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Алла тағала адамзаттың бәрін бір ұлт қылып, бір тілде сөйлейтін қылып жаратпағандықтан, қай тілде сөйлейсің, қай ұлттың өкілісің, қай мемлекеттің азаматысың – сол позицияны ұстап тұру да қазіргі заманда қиынға соғып отыр. Мүмкін, болып жатқан және болашақта болуы ықтимал табиғаттағы, санадағы каттақлизмдер адамзат санасын мүлдем басқа арнаға бұрар. Ал, ол күнге дейін қазіргі өмір сүріп отырған форма сақталады. Қазақстан мемлекетіне де алпауыттар тарапынан сыртқы және ішкі іріткілер жасалуы әбден мүмкін. Идеологиялық экспанцияға әзірге қауқар көрсете алмаудамыз. Болашақ бұлыңғыр. Адамзаттық тұрғыда дамуымыздың түрі – ұлттық болғанымен, мазмұны – адамзаттық болатындығын ескерсек, ғылым мен мәдениетімізде де, саясатымыз бен экономикамызда қорытынды шығаратын дүниелеріміз жоқ емес. Мекемтас Мырзахметұлының соңғы шыққан «Қазақ қалай орыстандырылды» еңбегінде түрік халықтарының интеграциясына көп көңіл бөледі, түрік халықтарының интеграциялануының бірден-бір құралылатын әліпбиіне көшу мәселесіне тоқталады, ұлттық санамыздың оянуына кедергі болып отырған мемлекеттік тіл, аралас мектептер жайына арнайы талдайды. Аралас мектептердің ендірілу тарихына, саясатына талдау жүргізіп, қазіргі қоғамда тыйым салынуын көтеруі ұлт тағдырына алаңдаушылықтан туған дүниелер.

Ұлттық сана тұрғысынан осал түсіп жатқанымызды терең білгендіктен ғалым қазақтың жанды да ең өткір мәселелерін баса айтуға көңіл бөледі. Жаһанданып жатқан дүниедегі аласапыран арпалыста ойшыл қабылдаған соңғы шешімі – ұлттық позиция. Ұлтымызды сақтау арқылы ғана біз бармыз, ұлттығымызды сақтау арқылы ғана біз адамзаттық асқар ойдың заңғар биігіне көтеріле аламыз. Мекемтас Мырзахметұлының қорытқан тұжырымдамасы, ұсынар кредосы – «Ұлтым бар жерде мен бармын, ұлтым жоқ жерде мен жоқпын», – деген қағидаға тірелетіндей. Ғалымның ұлтшылдығы адамзаттық деңгейден келген, адамзат тарихын зерттеп, қорытып барып келген шынайы ұлтшылдық. Шынайы ұлтшылдық өз бойына адамзаттық идеяларды, толық адам ілімін де сіңіреді.

«Мұнан да талай бұрын сөз айтқанмын», – демекші ғалым бұл тақырыпты түлетіп, қайта соғып, қайта кітап етіп жариялауындағы да мақсат, ел басында елдің тұтқасын ұстап отырған құзіретті мекемелер, жекелеген қызметкерлер айтылған мәселелерден ой түйіп, ұлт пен мемлекет болашағы үшін алда іске асырылатын стратегиялардың жүзеге асуын армандаудан туса керек. Ғалым ойлары діттеген жерлеріне жетіп, саналарды сілкінітіп, дұрыс шешімдер қабылдануына септік болар деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Мадиев Х.Р.* Созидательное поведение Человека Планеты Земля. – Астана, 2011.
2. *Мырзахметұлы М.* Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Penton Hill, 2011.
3. *Мутаххари М.* Совершенный человек в исламе. – Санкт-Петербург: Петербургское Востоковедение, 2008.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы процесса глобализации и его влияния в самоидентификации казахского народа.

Summary

This article discusses the problems of globalizatsii and its influence in the identity of the Kazakh people.

Б.Бекенова –
живопись кафедрасының аға оқытушысы,
Абай атындағы ҚазҰПУ

ЖАСТАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ХАЛЫҚ ДӘСТҮРІНІҢ ОРНЫ

Егемендігімізді алып, тәуелсіз мемлекетке айналған кезде мәдениетіміздің шынайы, рухани қазыналарынашып көрсетуге негіз қаланды. Сандаған ғасырлар бұрын қазақ жерінде түркі тектес халықтардың ортақ мәдениеттің ошағы болған қалалары, ата-бабаларымыз жасаған әдебиеті мен мәдениеті, философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан ой мен жазба мұраларымыздың болғандығы дәлелденді. Білім, ғылым, мәдениет саласындағы осы ақтаңдақтардың бетін ашып, көне мәдениетімізге тереңірек үңілу, өткен уақыттың рухани мұрасын саралау, талдау, оны бүгінгі ұрпақтың рухани жемісіне, қажеттілігіне айналдыру мәселесі қазіргі уақыттың талабы.

Біздің халқымыз – әсемшіл халық, рухани мәдениет жасауды басты міндеттердің бірі деп санайтын халық. Сол үшін де жаңа өмірдің жарқын сипатын, сұлу сымбатын, жаңа қоғамның моральдық қасиетін уағыздауымыз керек. «Әлеуметтік, шаруашылық тіршілігіне сай қазақ руларының әр кезде өзіндік мәдениеті болған. Бұл заңды да. Өйткені, тарихта ешқандай мәдениеті болмайтын, түрлі өнер, мәдени, әдеби шығарма жасамайтын адам қоғамы, ру-тайпалары мен халық болған емес. Тарих, археология ғылымдарының бүгінгі табыстары ертедегі қазақ рулары мекендеген жерлерде әр түрлі қалалар, басқа да мәдениет ошақтары болғандығын дәлелдеп отыр» [1. 5 б]. Қазақтар ағаштан түйін түйіп, ер шауып, уық кесіп, шаңырақ жасады. Киіз басып, алуан өрнекті кілемдер, алашалар тоқыған. Бармағынан бал тамған шеберлер ернеуі жұқа шара, алтын білезік, сақина,

балдақ, алқа, шолпы соқты. Ұсталар ел қорғаны – батырларға сауыт-сайман, оқ өтпейтін дулыға, шашақты найза, алмас қылыш, шоқпар жасаған. Осы әр түрлі бұйымдарды оқушыларға жақынырақ таныстыру үшін, оларды мұражайларға немесе шеберханаларға апарып таныстырған жөн. Бұйымдардың қандай заттардан жасалатынын, оны не үшін қолданғандығын толығымен мұғалім түсіндіргені дұрыс. Кітаптардан көргеннен гөрі өз көзімен көріп, қолмен ұстағаны балаға үлкен әсер қалдырады.

Қазақ арасына кең тараған өлең-жыр, толғау, ән мен күй және зергерлік, сәулеттік өнері қазақ халқының көркемдік талғамының жоғары болғанын, өмірдің асқақ мұраттарына сәйкес әсемдік әлеміне үнемі ұмтылып отырғандығын дәлелдейді. «Сонау ерте кезеңдердегі көркем сөз тіркестері, мақалды, мәтелді сөз өрнегі, ру таңбалары, жазу-сызулар, сөздіктерде ұшырасатын өлеңдер, аңыздар халқымыздың бейнелі ойға, шешендік өнерге көне заманда-ақ шебер болғанын көрсетеді» [1. 4 б]. Осы тұрғыдан қарасақ, қазақ халқының өнерге бай, ой-өрісі кең, суреткерлік қабілеті мол, эстетикалық сезімінің жетілгенін аңғара аламыз.

Ерте кезден-ақ бізде өнердің үш түрі: поэзия, музыка, қол өнері кеңінен өріс алған. Ғасырлар бойы әсемдікті өнер арқылы бейнелеп, шынайы асылдарын елге тарта білген халық жырдағы әуезділік пен үнділікті, музыкадағы нәзіктік пен ойлылықты, қол өнердегі жарастық пен көріктілікті негізгі сипат деп бағалаған.

Қазақ халқының көне заманнан бергі өнертану жолын, эстетикалық ойла-

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

рын, табиғат пен қоғамдық құбылысқа қатысын, әсемдік жайлы көзқарасын қалай білуге болады десек, ең алдымен, өнердің көне соқпақ іздерін тау үңгіріндегі суреттер мен өрнектер, тастағы таңба жазулар, жерден қазылып табылған көне бұйымдарды айтамыз. Қазақстан жері тарихи ескерткіштерге өте бай. Мұнда материалдық мәдениеттің көне белгілері, архитектуралық ескерткіштер, тастан қашалған мүсіндер, құлпы тастар айрықша көп.

Ерте ғасырда сақтармен бірге үйсіндер, қаңлы тайпалары қатар өмір сүрді. Олар Хорезм, Сырдария өңірін жайлады. Бұл тайпалардың мәдениетінде темірден, ағаштан жасалған түрлі бұйымдар болды. Қарапайым тоқу станоктарын жасап шығарып, үйге тұтынатын кілем, алаша, киіз жасай бастады. Мыстан, қоладан, алтыннан жасалған бұйымдардың беттеріне аңдардың суреттерін салумен бірге, өсімдікке ұқсас оюлар жасады. 1939 жылы Қарғалы өзенінің бойынан қос өркешті түйенің және таутекенің мүсіндері табылды. Осы бұйымдардың алтыннан жасалған бөліктерінде аңның, құстың, адамның бейнелері, өсімдік суреттері кездеседі. Сол оюлардың кейбір түрлерінің кейінгі уақыттағы қазақ халқының ою-өрнектеріне көп ұқсастығы бар. Көбінесе, оларда тылсым табиғат күштері, жыртқыш аңның іздері мен мүйіздері бейнеленген. Осындағы ою-өрнектің үлгілері эстетикалық ұғым туғызады. Жарасымды дөңгелек оюлар мен ширатылған сызықтар өзара сәнді жалғасып, қызылды-жасылды бояумен астасып көмкеріліп тұрады. Әрбір өрнектің түрлі пішіні, сан алуан бояуы бар. Егер де терең үңіліп, ою-өрнектің көне тарихына қарасақ, халықтың қарапайым өнерінің де эстетикалық терең сыры бар екенін байқаймыз.

Ғасырлар бойы халық туғызған мәдениет, өнер, салт-сана қоғамдық құбылысқасай өсіп, жетіліп отыратындығы анық. Әрбір қоғамдық сатыда өнердің

барлық саласы бірдей қалыптасып жетілмесе де, кей түрлері айрықша дамып, халықтың ізгі тілектері мен мұраттарын бейнелеп отырады.

Қазақ халқының тұрмысынан қай өнердің болсын ізгі соқпағын көру қиын емес. Тас қашап, ағаш жону, темір қақтап өрнек салу, тас қалап үй соғу, ертеден етене өнерге айналған. Шеберлер сол тастан аңдардың, адамдардың мүсінін жасады, киіз үйдің басқұр, бауларын ою-өрнектермен безендірді.

Қазақ тілінде өнер сөзінің мағынасы кең, ол әдеби тілде көп қолданылады. Қазақтар өнердің қоғамдағы орнын, күнделікті тұрмысқа қажеттігін, адам өміріне ықпалын жақсы білген. Және өнерді бірінен-бірі бөліп ажыратпаған. Атқа шабу, кілем тоқу, күміспен қаптау, ер шабу, ән салу, күй шерту, ою ою, жыр жырлау және т.б. өнер деп санаған. «Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болу керек» деген сөздің мағынасы өнердің көп қырлы екендігін байқатады. Халық өнерлі адамдарды – ұста, шебер, ақын, жырау, сал-серілерді қатты құрметтеген. Отбасында да әкелері немесе аталары өз өнерлерін балаларына үйретіп, олардың өзіндей мерген, аңшы, құсбегі, қолөнер шебері, әнші, күйші ақын етіп тәрбиелеуге көп көңіл бөлген. Ата өнерін баласының қууы, оны мирас етуі ежелгі ел дәстүрі болған.

Қазақ ауылында бала тәрбиесіне бүкіл ауылдың үлкендері болып, әсіресе қарттары араласқан. Олар өз ауылдастарының балалары мен өскелең жастарының мінез-құлықтарында өрескел кемшіліктерін байқап қалса, тыйып тастап, ақыл айтып отыру дәстүрі де орын алған. Сондықтан да үлкенді сыйлау – біздің халқымыздың ежелгі дәстүрі. Бұл дәстүр бойынша жастар үлкеннің алдын кесіп өтпеуге, сыпайы болуға, үлкенмен сөз жарыстырмауға, тіпті үлкендердің алдында қатты күлмеуге тиіс. Осындай ата дәстүрімізді бүгінгі жастар жадында сақтап, жалғастыра білуі қажет. Ата дәстүр бойынша әрбір ұрпақ, олардың

жақсы қасиеттерін, өсиет-өнегелерін өзіне үлгі тұтып, өзінен кейінгі келе жатқан жас ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелейді.

Адамның эстетикалық мәдениеті – оның жалпы мәдениетінің жарқын бір көрсеткіші. Бұнда туған, өскен ортаға, табиғат құбылыстарына, алған білімге, тәлім-тәрбиеге, қоғамда атқаратын қызметке, тұрмыс жағдайына және тағы басқа толып жатқан себеп, факторларға байланысты қалыптасады.

Қазіргі қоғамды жаңарту жағдайында жастарымызда батыстың жағымсыз үлгілеріне еліктеушілік, өз халқының тарихын, мәдениетін әлі де жетік білмеушілік басым. Соның негізінде талғамсыздық пен тұрпайылыққа жастарымыздың бой алдыруы, сырт бейнесі, жүріс-тұрысы, киім кию үлгісі көзге тіпті оғаш көрінеді. Осыған орай, қандай мемлекеттің болса да бейнесі мен келешегі жастарға байланысты болмақ. Жастар болғанда да талантты жастар, себебі ұлттық тәлім-тәрбие алмаған жастың ұлттық рухы болмайды.

Хангелді немересі Райымбек он алты жасқа толғанда Төле биге сәлем беріп, батасын алуға барады. Қонақ болған Райымбек аттанар алдында дана қартқа мынадай сауалдар қойыпты:

Жер деген немене?

Ел деген немене?

Жер сәні деген немене?

Ел сәні деген немене?

Сонда Төле би:

Жер дегенің – тіршілік,

Ел дегенің – қара халқың.

Жер сәні – ұшқан құс пен жүгірген аңы, аққан суы, жайқалған шалғыны, ну орманы.

Ел сәні – өркендеп өскен ұл мен қызы, – деген жауабынан, жастар тәрбиесінің қоғамның қай кезеңінде болса да үлкен маңызға ие болғанын көреміз [2].

Біз келешекте қуатты мемлекет, зиялы қауым құрамыз десек, жастарды инабаттылыққа, мәдениеттілікке

тәрбиелеуді үнемі қолға алуымыз керек. Ал, ол тәрбиенің негізі – «Ата-баба жолы» (Араб жазбаларында (ибн Хаукал, Әбу-Фарас, әл-Мұқаддаси, Әбу Дулаф т.б.) ата-бабаларымыздың әдет-ғұрып заңдары: «Төрелік», «Ереже», «Жарлық», «Ата-баба жолы», «Жол-жоба», «Жол-жора» деп аталған), ұлттық салт-дәстүрлері мен ұлттық қасиеттері болуға тиіс [3]. Осы талап-тілектерді орындаудың ең бір пәрменді құралы ретінде – оқу-тәрбие жұмыстарында халықтың қымбат рухани-мәдени қазынасын пайдалану, қаншама уақыт өтсе де тот баспайтын бабалар өсиетіне сүйену. Өйткені, алға қарай аяқ басқанда, өткеннен нұр алмай, рухани азық алмай болашаққа қадам басу мүмкін емес. Адам өмірінің гүлденіп, адам табиғатының әбден көркейетін шағы – оның жастық кезеңі. Барлық жастарға эстетикалық тәрбие берумен қатар, эстетикалық талғамын қалыптастыру мен мәдениетін көтеру қаншалықты игі міндет болса, соншалықты қиын әрі күрделі міндет. Оның орындалуы бір күннің немесе бір жылдың жұмысы емес [4]. Сондықтан да, адамзат мәдениетінің өткендегі жақсы дәстүріне сүйене отырып, жаңа заман шындығын шынайы бейнелеу жөнінде еркін ізденіс, батыл жаңалықтар табуға толық мүмкіндік туғызу бүгінгі қоғамның өзекті мәселесіне айналу қажеттігі туындап отыр.

Қорыта айтқанда, бұрынғы өткен бабалардың мәдени-рухани мұрасындағы олардың өсиеті мен өнегесін дұрыс пайдаланып, ұлттық мәдениет пен рухани мұраны жастарымыздың қажетіне жаратқанда ғана салауатты өмір сүріп, жалпыадамзаттық өркениет дәрежесіне көтерілуге мүмкіншілік пайда болады. Жастардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру мәселесі мемлекеттік саясатқа айналуы қажет. Болашағымыздың жарқындығына қатысты бұл мәселе рухани өміріміздің өзегі болуы тиіс.

өмірінің кезеңдік көрініс, нақтылы қалпын ұдайы арқау етті. Ол өмірінде өзі көзі көрген тарихи ағыстың шымырлап, тереңінде жатқан шындықтарын көтере жазуға, әсіресе, кейінгі кезеңдегі шығармаларында елеулі бетбұрыс жасады. Мына өмірбаяндық әңгімеде сол үлкен дүниелерге ішкі дайындықтың ізі анық көрінеді.

«Мен есімді білер-білмес кезімде жерімізді переселенец алып, алпыс үйлі Елібай Жауырдан көшеді. Спас заводының шығыс жағында он жеті километр «Көкталжарық» деген жерге келіп орналасады (1907 жылдары). Ата мекенінен айрылған елдің зары, жермен қоштасқандары, келімсектермен тұрған ел арасындағы ұрыс-жанжал, кісі өлімдері менің көңіліме өлмейтін ғажап суреттер қалдырып кетті. Қазір жазып жүрген «Көз көрген» атты көлемді еңбегіме сол оқиғалардың қайсы бірін пайдаландым» [1. 6 б].

Қаламгер осы ғұмырбаяндық әңгіме-очеркінде шығармашылық сыр жазу өнерінің міндеті мен мерейі туралы ақтарылып сөйлейді. Өзінің шығармашылық зертханасы, қаламгерлік ұстанымы, шығарма және заман, шығарма және адам мәселелерін жанын ақтарып отырып ашылып айтады. Қазақ әдебиетінің өткені мен бүгіні, келешегі туралы тұтас бір көркемдік бағыт, бағдарларды айқындай отырып, өзіне де, өзгеге де міндет артып, жауапкершілік жүктеп сыр төгеді.

Шығармашылық ғұмырдың тынымсыз толғаныс, үздіксіз ізденісі, бейнетті еңбегі ұлтының рухани тоғаюына бағышталған, ел тарихын, халық тағдырын көркем шежіреге көшірген Ғабиден Мұстафиндей қаламгер нені айтса да, қалай айтса да тауысып, түгендеп айтатынын осы әңгіме-очеркінде тағы да мойындатады. Оның өз шығармаларының қалай, не себепті жазылғанын баяндауында

жазуға деген соншалықты құштарлық, шығармашылық стихиясы айқын.

Туған халқының тұтас бір дәуіріндегі тарихи тағдырын кезең-кезеңімен көркемдік әлемге ұластырған сөз ұстасы өзінің ешқашан тыншымаған, толастамаған қаламгерлік мұрат бағытындағы жазушылық еңбегін ұлтына бағыштаған.

Ғабиден Мұстафиндей ұлтының жарты ғасырлық тағдырын тұтас қамтып, көркемдік өрісте көрсетіп кетуге табандылықпен кірісіп, тапжылмай жазып өткен дарын сирек.

Ғабиден Мұстафин әдебиетке өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары келді. Бұл уақыт ел ішінде саяси науқаншылдық бірінен соң бірі үдей түсіп, халық жаңа өмірді құру жолындағы қажырлы еңбекпен шыңдала түскен; ұлт тағдырында таңдау жол туып, кім қалай жүрерін білмей адасқан, білеміз деп елді соңына ерткен оқыған, көргенді азаматтар өзара арбасқан уақыт еді. Ғабиден Мұстафинтүрліжікшілдіккетүсеқоймаса, ана сүтімен, ата тәрбиесімен дарыған кісілік бөлекше қасиеттердің көп септігі тиген. Өз өмірін, қалыптасқан ортасын, жазуға әуестене бастаған шағын, кімнен не үйреніп, қалай жазуға ден қойғанын, өмірдің ұзақ жолында тек қаламгерлік мұратына қарай жүргенін жазушы «Жол үстіндегі сыр» эссесінде кең толғап, заман, дәуір ақиқаты, қоғамдық сілкіністер ауқымындағы қаламгер тағдыры, адам концепциясы тұрғысында толғанады.

Ел ішін екі бөліп, алатайдай бүліндіре келген «тапшылдық» сырттан ғана таңылған саясат болмайтын, сол жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегіндегі әріден келе жатқан әлеуметтік теңсіздіктің шиеленісе түскен шағында бітеу жарадай жарылған тарихи құбылыс болатын.

Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешуде» 1916 жылы оқиғасы тіптен аша, айыра түскен, қысылтаяң күн туғанда құлқыны

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

білініп қалған үстемдіктің түпсіз терең ордың екі жағында әлеуметтік екі жіктің ымыраға келмес, бітіспес табиғатын көреді. «Тап», – деп туған Сәбит Мұқанов та тарихи негізді қоғамдық формацияның ақиқат заңдылықтарына сүйенген.

Ғабиден Мұстафин өзінің ата-тегін, әкесінің би болған, бай болған ағаларын, Мұстафаның дін ұстанған, қажыға барған иманды адам екендігін айтудан жасқанбаған. Кішкенеде атастырған қыз әкесі де алпауыт бай. Осы құбылыстар далаға дүбірі жеткен жаңа бағыттың жолымен жүрем деген, жүрегі жақсыға ынтық жас Ғабиденнің де алдынан талай мәрте шыққан.

Ғабиден Мұстафин жас күнде таңдаған бағытымен жүрді. Ұлтының рухани тарихына өз жолын қалдырды. Бетінен тайған жоқ. Қаламгерлік бақытын тапты.

Атастырып қойған қызын Әубәкір бай қоңторғай тіршіліктегі Мұстафаның ұлына бергісі келмей, сырғақтатып жүріп алады да, 1919 жылы қызылдар келгенде келісім беріп, Ғабиденге қайыната болып шыға келеді. Сол тұстағы жуандық, барлық пен билік, кеудені басқан теңсіздік Ғабиденнің жүрегіне қайтпаған кек болып қатқан.

«Әубәкір 1919 жылы, дәл қызылдар келер алдында қызын амалсыздан берді. Бір жылдан кейін қызы өліп қалды. Менің ішімдегі кек өлмеді, өрши берді. Ауылға лау келсе, салық түссе, бай Әубәкір кедейлерге өзімен бірге тартқызды. Іштен тына келіп, мен бір күні жарылдым. Бірақ, елде тұрып айтысуға Әубәкір бой бермейтін болған соң, 1925 жылы Қазақстанның астанасы Қызылордаға біржолата кеттім. Жеке бастың қамынан, ұсақ-түйектен туған осы айтыс Қызылордаға келген соң нағыз таптық жолға түсті.

Таптық жолға түскенмен, жауым жапырыла қалған жоқ. Ауылда ол кезде байшыл, рушыл, феодалшыл ықпал басым. Халықтың қаптал көпшілігі сауатсыз.

Азғантай оқымыстылар ала: бірі Советті қолдаса, бірі байды қолдайды. Жалшы, кедейге езуші жауын қолмен көрсетіп тұрсаң да жауласса қоймайды...» [1. 10 б].

Жазушы көп жыл өткен соң, сол жиырмамыншы жылдардың саяси негізін, уақыттың шындығын мейлінше ақиқатпен, болғанды бояламай, болғанша айтуында уақыттың күрделі шындығын, кей тұстың ұранды, ұр да жық мінезін, соның барлығының түп-төркінін, шығу негізін, қоғамдық-тарихи ахуалдың аумалы-төкпелі табиғатын көтере отырып ой қозғайды. Өзінің тап күресінде кеңес жағында жүре тұра, талай мәрте нақақтан күйгенін де кезеңнің мінезінен туындата отырып ой түйеді.

«Қызылордаға келісімен коммунист – Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқановтар тобына қосылдым. Қазақтың ауылы ғана емес, аз ғана оқымыстыларының, жазушыларының арасы да быт-шыт екен. Сейфуллин бастаған топ жазушылар ұйымын құрды (РАП). Елеулі еңбегім болмаса да, сол ұйымға мүше болып едім. Мұхтар Әуезов, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сияқты ірі жазушыларды, коммунист, басшылық қызметте жүрген Ғаббас Тоғжанов сияқты сыншыларды бұл ұйым сыртқа тепті. Олардың өзі де енуге ентелей қойған жоқ. Сөйтіп, ауылдағы тап тартысынан келе сала орталықтағы әдебиет тартысына араластым» [1. 11 б].

Жазушы ұзамай, ірі байлардың кәмпескесі өтіп, ұжымдастыру шарасы өрістеп, РАП жойылғанын айта келіп, өз өмірінің нақтылы бір ұстаныммен өтіп келе жатқанын айқындай түсетін бір сырдың ұзын-ырғасын құлаққағыс ете кетеді.

«Оңға, солға тартқан жазушылар бәрі бір ұйымға бас қосты. Әдебиеттегі таптық күрестер, тап жойылған соң енді топтық күрестерге айналды. Мен бұл топтық күрестерден аулақ тұрдым.

Салт-сана, саясат майданына мен өз қатарымнан кейіндеу келгем, әкем тәрізді қақ-соқпен жұмысым болмай, момын болып өстім» [1. 11 б].

Жазушы өз заманындағы әсіре белсенділік, асыра сілтеуді қолайсыз көргенін айтады. Әкесінің діни тәрбиесі, имандылық, ізгілік жолы, адамгершілік өнегесі жазушыға алмағайып заман, аласапыран уақыттарда айнытпас, адастырмас темірқазық болған.

Өмірдің жайымен жүрген жандарды да түртпектеп отырар қиын мінезі де бар ғой. Жас Ғабиден де қиянатқа қимайтындай қылықты, мінезді азамат болып өскенімен, достан да, дос еместен де сатқындық көріп, жан-дүниесін мұз қарыған сәттер болды. Бірте-бірте өмір даналығы есейтіп, ел ағасы жасқа жеткен кезде жазушы жаны адамның келеңсіз әрекеттеріне әлі де қынжылып, жаман әдеттен әлі де бой тартып, жиырыла, айыптай айтады.

«Партия қатарына 1940 жылы ғана енгем. Оған дейін «Хажының баласы», «Сейткемеловтің күйеуі» деп қудалаудан көз ашқаным жоқ. Партияға енген соң да, 1953 жылға дейін «домалақ» арыздарға жауап берумен келдім. Қызғанарлық бағым, мансабым не кесірлі мінез-қылығым жоқ. Маған неге өшігеді?! – деп таңданатын едім, өшігетіндер жат адамдар деуші едім. Жат еместердің, тіпті достарымның ішінен талай пейілі нашарлар табылды, кейде жақсы дегенім жаман, жаман дегенім жақсы болып шықты, табынған адамдарымнан тайыздық байқалды... Соның бәрі дүниеге сын көзімен қарауды, онша алысты көре алмасам да, аяқ астын көрсетерлік қолға бір шырақ ұстауды үйретті. Адам әрқилы күнелтеді, әрқилы із қалдырады артына. Күнелтуде, із қалдыруда мен жазушы еңбегінен артықты тілемедім, іздемедім» [1. 12 б].

Жазушы осы толғанысында қаламгер

мұраты дейтін қастерлі ұғымды ғұмыр бойы жоғары көтеріп келе жатқан жаратылыс табиғатын ағынан ақтарылып айтады.

Осында, бұл шындық емес дегізер ойға орын қалдырмайтын айғайлаған ақиқат бар. Жазушы Ғабиден Мұстафин дәл осылай толғанып, ой өрбітуге өзінің тұтас шығармашылық ғұмыр өнегесі арқылы қақылы. Халқының сөз өнері бесігінде тербеген, ой маржанын төгіп, ірі, іргелі әдебиетті қалыптастыруға тұтас ғұмырын бағыштаған Ғабиден Мұстафин айтар сөз тек осы мазмұнда айтылмақ.

Қазақтың маңдайына біткен сөз дүлдүлінің бірі, сырбаз, таза жанды, талапшыл жазушы халқының жүрегінде кесек жаратылысымен, кеуделі тұлғасымен қалды. Қолына қалам алып, сөз қуам деген ұрпағын ұлағаты бөлек, қайталанбас қаламгер өмірдің көбі кетіп, азы қалғандай кезеңде де жазу өнері туралы қызу құштарлық, ортаймаған құмарлықпен ой төгеді.

«Жазушы еңбегі – қиын, жауапты, ең ардақты еңбек. Ғылымда даңғыл жол болмаса, көркем әдебиетте де даңғыл жол жоқ. Мен біраз жасадым, біраз еңбек еттім, қаламым әбден төселгендей болды. Сонда да әрбір жаңа шығарма тұсында бастықпаған тайдай бұлтақтай беремін, шарық ұрып іздене беремін. Ойларымды, жазғанымды сан рет өшіріп, сан електен өткізіп барып жарамды дегенімді ғана қалдырамын. Сол жарамдымды жазып отырғанда күлемін, қуанамын, қайғырамын, жылаймын. Жазғаның өзіне осылай әсер етпесе, басқаға мүлде әсер етпесе керек.

... Әгәр жазушының басына қарама-қарсы осы екі қажет орнамаса, жазушы шығарма үстінде өзін халық ойшысы, мемлекет қайраткері деп, шығармасы біткен соң бұлардың тек атқосшысымын деп сезінбесе, ондай жазушыны нағыз жазушы деу қиын» [1. 13 б].

Қаламгер тұтас ғұмырын жазу өнеріне әдебиетінің белгілі бір дәуірдегі көркемдік бұрды да, соның сүрлеу, соқпағынан өлшемінде Ғабиден Мұстафиннің өтті. Дара, даңғыл жолын тапты. Қазақ шығармашылық өрісі кең, ұзақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Мұстафин* *Ғ.* Жиырма бес. – Алматы: Жазушы, 1970. – 312 б.

Резюме

В статье рассматривается биография и писательская деятельность Габидена Мустафина на основе его творческих размышлений.

Summary

The article deals with the biography and literary activity of Gabiden Mustafin on the base of his creative thinking.



**Адамның ең асылы –
Қиянатсыз ақ бейіл.
Ең зиянкес, жасығы –
Тайғақ мінез, екі тіл.**

Шәкәрім Құдайбердіұлы

ГЕРОИКО-ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ СРЕДСТВАМИ КРАЕВЕДЧЕСКОЙ РАБОТЫ

В новой истории нашей страны, в условиях мирового финансового кризиса, актуальной становится проблема патриотического воспитания молодежи. В начале 90-х годов XX века советский патриотизм и социалистическая гордость постепенно утратили ведущую роль в обществе.

Наше общество нуждается в новых общенациональных ориентирах и новых ценностях, понимания новых подходов и коррекции в постановке всей системы работы по воспитанию патриотизма. Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев отметил: «Наше молодое государство вырастет и возмужает, наши дети и внуки вырастут вместе с ним. Они будут патриотами своей мирной, процветающей, быстрорастущей страны, известной и уважаемой во всем мире». [1; 2]

С учетом современных условий разработана Государственная программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан сначала на 2006-2008 годы и потом на 2009-2011.

Нам предстоит самим поработать и внедрить свой опыт воспитания казахстанского патриотизма. Акценты патриотического воспитания в мире тоже расставляются по-разному. США – пропаганда американского образа жизни, поощрение индивидуализма и предпринимательства. В Европе – это обучение правам человека. Она выступает очагом идей коллективной защиты и совместного выживания центром Европейской науки и цивилизации. Если возьмем страны исламского мира, во главу патриотического воспитания становится религиозная приверженность религиозно-государственное просвещение, обрядный фанатизм и соответствующий этому - об-

раз жизни.

Нам же нужно «Выработать у граждан сознание принадлежности к единому Отечеству, воспитывать у них чувства патриотического долга, прививать им непримиримость к национализму, шовинизму, сепаратизму. «Мы должны развивать у всех граждан чувства патриотизма и любви к своей стране. Старая, некогда прочная связь между народом и государством ослабла, а новая – между личными и государственными интересами – еще не сформирована, такая задача поставлена Президентом страны в Программе «Казахстан – 2030». [1. 3 с]

Безусловно, в настоящее время проблема казахстанского патриотизма разрабатывается нашими обществоведами недостаточно. Слабо освещают эту проблему и средства массовой информации. В виде нововведения предлагается краеведческая работа, как одна из форм героико-патриотического воспитания. Известный русский мыслитель XX в И.А.Ильин утверждал: «Человек находит Родину не просто инстинктом, но инстинктивно укоренным духом и награждает её любовью» [5.198 с]. А это означает, что вопрос о Родине разрешается в порядке самопознания и добровольного избрания». Родина без нас обойтись может, мы же без нее ничто. эту великую истину, на которую обращал внимание В.А.Сухомлинский, должен понимать и чувствовать каждый ребенок. Любой школьник, интересующийся краеведением, может выбрать себе занятие по душе. Различают следующие направления краеведческой работы: географическое, художественное, историческое, литературное, экологическое. Географическое



ҰЛТТЫҚ НАМЫС

краеведение изучает климатические особенности местности лесные и стенные массивы, холмы, овраги, отдельные деревья, курганы, фрагменты ландшафта и морских акваторий, стенные курганы, отдельные горы и барханы, почвы, животный мир, ручьи и родники. Объектом художественного краеведческого поиска могут стать скульптуры, архитектура, художественные ремесла, устное народное творчество, музыкальный фольклор, резьба по дереву, искусство танца. Для краеведов историков является история города, поселков, отдельных зданий, выдающихся личностей, предприятий школ, социальных процессов и явлений, население.


Целью литературного краеведения является выявлению двух зависимостей как тот или иной город (аул) формировал личность того или иного патриота, героя и выше сказанное подтверждают слова В.Закруткина «Любовь к Родине. Незабываемая любовь к месту, где ты впервые увидел солнце и склоненную над тобой голову матери, и услышал слова отца, и повторил их, познавая красоту родного языка! Чью душу не тревожила это светлая чистая, неподкупная любовь Мы предлагаем основные средства краеведческой работы.



Например: Внеурочная краеведческая работа по героико-патриотическому воспитанию проводимая в г. Кокчетаве, где организованы поисковые экспедиции, туризм выполняет свою основную конституционную обязанность, выступая защитником прав свобод граждан, а вместе с тем является силой, реализующей предупредительную, надзорную и принуждающую функции власти, служащей интересам граждан, результатом серьезной краеведческой работы, которая используется в героико-патриотическом воспитании повышаем действенность системы контроля над выполнением законодательных и нормативных актов, программ, направленных на усиление борьбы с преступностью УВД города является инициатором и разработчиком принимаемых в областном центре комплексных программ по профилактике правонарушений, обеспечивающий общественную и личную безопасность.

Поисковые экспедиции проводимые в городах Казахстана. дают материалы. которые напоминают нам о подвигах героев и их передают в городские, республиканские в областные краеведческие музеи. Отсюда вытекает важность краеведческой работы с обучающейся молодежью, как средство приобщения их к национальной культуре, как средства героико-патриотического воспитания. В дальнейшем желательно работать по следующим направлениям:

- выдающиеся ученые нашего края
- рождение и история нашего города
- столицы нашей Родины, история
- школы, факультета
- история отдельного предприятия
- население нашего города
- наши казахстанцы в Великой Отечественной войне
- наш город в Великой Отечественной войне и т.д.



Вопрос об эффективности героико-патриотического воспитания напрямую связан с вопросом о его необходимости. Такие структуры общества, добровольные спортивные общества, военно-патриотические и отделы по молодежной политике, общественные организации и объединения, с точки зрения большей части опрошиваемых, имеют огромный спрос на данное направление воспитания.

Значение познавательного интереса

обучающихся выходит далеко за рамки учебного процесса.

Интерес является связующим звеном обучения, умственного развития и воспитания личности. Благодаря интересу школьников как к знаниям, так и к самому процессу их приобретения становятся движущей силой развития интеллекта и важным фактором воспитания всесторонне развитой личности.

Интерес является движущей силой развития личности в целом, превращения по-



ҰЛТТЫҚ НАМЫС

лучаемых знаний не просто в «усвоенную информацию», а в глубоко личный духовный багаж человека.

Интерес содействует формированию волевых качеств личности, а также укреплению активной, творческой жизненной позиции.

Психологическая наука накопила определенный опыт формирования у школьников устойчивого познавательного интереса, не учитывая которой в настоящее время нельзя.

Что же такое интерес? Какова его психологическая и педагогическая природа? История психологической и педагогической мысли содержит разные подходы к этому вопросу. Одни ученые связывают интерес в основном с умственной деятельностью, с осознанием, пониманием и работой воображения, которое поддерживает и усиливает интерес.

Сторонники данного направления отождествляют интерес к учебе чувством удовольствия и радости, которое доставляют человеку работа и творчество.

Интерес к изучению своего края и радость познания по их мнению необходимы, чтобы обучающиеся чувствовали себя счастливыми, что является важной задачей и образования, и воспитания.

Исследователи, придерживающиеся другого направления, связывают интерес с волевой стороной личности, считая, что интерес является стимулом к действию, к преодолению трудностей. Они утверждают, что не следует увлекать, а тем более развлекать ученика, так как народная мудрость гласит «корень учения горек».

По их утверждению, учебный труд должен строиться не на интересе, а на чувстве долга, ответственности, дисциплинированности. Увлекательное обучение не способствует развитию воли, а школьник должен развивать волю и настойчивость. Но учителя-практики знают: достаточно ли сказать ученикам, какими они должны быть, как должны относиться к учебе,

чтоб именно такими и стали и так стали делать.

Поэтому учителям рассчитывать на сознательное отношение школьников к учебным занятиям, сложному учебному труду было бы опрометчивым.

Интерес к процессу обучения влияет на все психические процессы и функции; особенно велика связь интереса с вниманием, в первую очередь с произвольным вниманием.

Кто интересуется предметом, внимание бывает длительным и глубоким. Огромно влияние интереса на память: интересное запоминается легко, быстро и прочно; неинтересное укладывается в памяти с большим трудом, легко забывается. Интерес способствует значительному повышению работоспособности.

Как показал эксперимент: при котором возникает и развивается интерес и любовь к учению, изучаемому предмету.

Следующие:

1. Вовлечение ученика в процесс самостоятельного поиска и «открытия» новых знаний, решение задач проблемного характера.

2. Учебный труд интересен тогда, когда он разнообразен. Однообразные способы действия быстро вызывают скуку.

3. Для появления интереса к изучаемому предмету необходимо понимание нужности, важности, целесообразности изучения данного предмета в целом и отдельных его разделов, тем.

4. Чем больше новый материал связан с усвоенными ранее знаниями тем он интереснее для обучающихся. Связь изучаемого с интересами уже существовавшими ранее, тоже способствует возникновению интереса к новому материалу.

5. Обучение должно быть трудным, но посильным. Легкий или слишком трудный материал не вызывает интереса.

6. Чем чаще проверяется и оценивается работа школьников (в том числе ими

самими, взаимопроверками, обучающими устройствами, учителем), тем интереснее им работать.

7. Яркость, эмоциональность учебного материала, взволнованность самого учителя с огромной силой воздействуют на учащихся, на их отношение к предмету.

Краеведческий подход в методике обучения предполагает, с одной стороны, усвоение учащимися в процессе изучения родного языка жизненного опыта казахского народа, его культуры, национальных традиций, религии, с другой стороны, формирование нравственно-этических ценностей и духовно-эстетическое воздействие на мысли, чувства, поведение, поступки обучаемых. Такой подход предусматривает соединение языка и культуры в процессе формирования коммуникативной и краеведческой компетенции обучающихся, обогащение их словарного запаса определённой лексикой, словами с культурным компонентом, искусствоведческими терминами, развитие связной речи, создание предпосылок общения в социально-культурной сфере.

Реализация краеведческого подхода предполагает использование базовых компонентов краеведческой направленности, которые в последние годы все чаще встречаются в методике преподавания казахского языка. Это например, такие термины и понятия, как краеведческий фон урока, краеведческий текст, искусствоведческий текст и другие. Краеведческий компонент в нашем понимании, сугубо национальный специфический образ культуры народа, воплощенный в слове.

При этом основой достигнутого нравственного духовного согласия стала многовековая толерантность и открытая для инновации культура казахского народа. Она послужила тем консолидирующим ядром вокруг которого наступает, но не растворяется культурное многообразие всех казахстанцев. Таким образом, в статье рассмотрено направление героико-патриотического воспитания, краеведческая работа, связь с работой музеев, исторических мест, где все больше при изучении раскрывается национальная культура, национальный колорит казахского народа.

ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Назарбаев Н.А. Стратегия развития Казахстана 2030. – Алматы, 2001.
2. Материалы научно-практической конференции «Основные приоритеты модернизации общества в свете послания Президента Республики Казахстана Н.Назарбаева народу Казахстана», «Через кризис к обновлению и развитию». 29 мая 2009 г.
3. Сеннок Д.С. «Духовно-патриотическое воспитание старшеклассников в процессе туристской краеведческой работы». К.п.н. – М, 2002, с. 134.
4. Русаков Л.Ф. «Сельский музей как средство патриотического воспитания детей», к.п.н. – М, 2004, с. 1954.
5. Савинова Л.Ю. «Педагогические условия воспитания отношения к Родине», к.п.н. СПб 2003 г.с. 198.
6. Бисенбаева А.А. Патриотического воспитания казахском историческом эпосе. (Материалы международной научной педагогической конференции). – Алматы, 2004.
7. Турызжанова Р.К. Проблемы формирования духовно-нравственной системе образования, азиатских стран (на примере Казахстана, Японии, Южной Кореи) Казахстанская правда.

Резюме

Мақалада өлкетану, мұражай жұмысының қаһармандық-патриоттық тәрбие бағыттары



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

қарастырылған. Осы жолда тарихи жерлерді танып білу арқылы қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен колориті толығымен ашылып көрсетілген.

Summary

In this paper we consider one of the directions of the heroic and patriotic upbringing of Local work connection with the work of museums. Historic sites where the study revealed more and more the national culture of the national color of the Kazakh people.

XX

XX

Г.Б.Мейірбекова –
Халықаралық қатынастар және құқықтану
факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу
кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЗША СОТТЫҚ ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ДАМУЫ

*Батырдың атын жау шығарады,
Шешеннің атын дау шығарады.*

Шешендік – ұлы өнер. Оны игеру, оған ие болу оңай іс емес. Сондықтан да шешендерге артылар жауапкершілік пен қойылатын талап та үлкен. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» шешенге төмендегідей анықтама берілген:

1. Тілмар, тапқыр.

2. Ресми жиындарда шығып сөйлеуші (оратор) [1. 55 б]. Шешендік өнерді «тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің шыңы» деп бағалай отырып, ғалым М.Балақаев: «Шешендік – дарындылық. Ол тілі ғана емес, ойы да жүйрік кісілерге, тілдік сезімі күшті адамдарға тән қасиет», – деп бағалайды [2. 34 б].

Егер Рим ораторларында белгілі бір ережені, қағиданы есте ұстау қабілеті болса, қазақ шешендерінде тіл мен ойдың тоғысқан жүйріктігі, табиғи тапқырлық фэлсафасы, табан астынан суырыпсалуды, қысқалығы, нұсқаулығы басым келетіндей еді. Дала демосфендерінде арнайы аудитория, сенат алаңы болған жоқ-ты. Көктөбенің басында күнде жиын демекші,

қазақтың кең даласының өзі ұланғайыр ұлы аудиторияның өзі еді.

Жалпы, ауызша шешендік сөйлеу өнері – өмірдің сәулесі, қоғамдық құбылыстардың айнасы іспетті нәрсе.

Қоғамда болып жатқан неше алуан өзгеріс, жаңалық атаулының бәрі осы шешендік сөйлеу өнерінен орын тебеді де, содан соң халық мұрасына айналады.

Қазақ халқының басынан өткен тарихи дәуірлер ізі әрдайым тілімізде сақталып, бізге жетіп отырған. Әсіресе, билердің ауызша соттық шешендік сөздерінің көптеп табылуы зерттеушілерді осындай ойға жетелейді.

Шешен бір уақытта өзімен өзі немесе бір адаммен сөйлесіп тұрғандай сыр аңғартады. Бұл әдіс әр шешеннің өз тәсіліне, оралымына байланысты жай. Сөзі кезінде салмақтап, кезінде жеңілденіп ойната білу, ойлата білу қас ісмердің қолынан келмек. Қазақ халқында шешендіктің арнайы мектебі, оқулығы, ұстаздары болған жоқ, қазақ шешендері мен билерінің

сөздері нағыз табиғи таланттан туған туынды құбылыс еді. Сондай-ақ, билердің шешендік сөздері жазбаша түрде айтылып, жазылып отырылған жоқ, оны қазақ халқы көкірегінде сақтап, келер ұрпаққа бере, тарата білді.

Соттық шешендік сөйлеу өнері осы халықтың тілімен, шешендік негізінде пайда болды. Өйткені, қазақ халқының тілі сұлу, қонымды да тілімді тіл. Осы тіл арқылы кестеленіп өрнектелген, өшпейтін, өлмейтін ғажайыптар туындап, асыл мұра сарқылмас алтын сандық – шешендік сөздер ұрпақтан ұрпаққа жетіп отыр...

Қазақ қоғамында би боламын деген адам жеке қасиеттерімен танылып қана қоймай, бірқатар сатылардан өтетінін С.З.Зиманов саралай келе, «Далада әділеттің ақ туын желбіретер биге табиғат берген қасиеттерден басқа шешендік, сөзуарлық, ақыл-парасат, қызыл тілде ешкімге дес бермеу және де «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», «Өз Тәукенің «Жеті жарғысында» көрініс тапқан «Дала заңының» негізгі қағидалары мен нормаларын жатқа білуі, өзіне дейінгі атақты билердің үлгілі сөзінен нәр алуы секілді талаптар қойылатынын айтады» [3. 32 б].

Тегінде «Жеті жарғы» заңы Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Өз Тәуке ханнан ғана басталмаған сияқты, негізінде Майқы би заманынан бастау алып, «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолымен» ұласып, бір хан, үш бидің тұсында іргеленіп, шаңырағын биік көтергенге ұқсайды. Төле бидің, сол сияқты Қазыбек, Әйтеке билердің кемеңгер ойшылдығы мен сұңғыла шешендігін дәлелдейтін мысалдарды жинастырып, кітап етіп шығарған әдебиетші ғалымдар көп. Атақты осы үш бидің ауызбіршілігі, бірін-бірі қадір тұтқан асыл достығы тарихтан тарихқа жетіп, олардың ұрпақтары бізге өнеге болуда. Билер тарихында аттары қатар аталатын осы үшеуін өз дәуірінде елін, жерін шапқыншы жаудан бірлесіп қорғаған

қолбасшы билер ретінде, халықтың бірлігі мен ынтымағын сақтауда өздері ісімен де, сөзімен де үлгі бола алған көсем билер ретінде, адамгершілік, парасаттылық келбетін өзара және өзгелермен болған сөз сайыстарында таныта алған ұлы билер ретінде, хандарға ата-баба намысын, дәстүр-салтын сақтаған заң шығартуда бір ауыздан келісілген ақыл-кеңес берген көреген билер ретінде дәріптеуге болады. Қазақ халқының бұл үш биі ел басына күн туған қысылтаяң кездерде, билер кеңесі кезінде де, ел жиналған айт, ас, той тұсында да, жер дауы, жесір дауы, құн дауы көтерілген жерлерде де бірге бас қосып, бірге шешісіп келген.

Өйткені «Қазақ шежіресі» атты кітапта Майқы бидің уақытындағы заң жобасы өлең түрінде беріліпті:

Барымта туралы

Біреудің малын алса барымталап,
Жұмысы тура болса барынша нақ.

Ыңғайымен тоқтам қып түзеткен жөн,
Жүйесі кім таласар табылса нақ.

Барымта алар бітім ала алмаған,
Келмес-ау деп ойланып залал маған.
Жалған болса себепсіз о да ұрлық,
Өз обалы өзіне арандаған.

Куәлік туралы

Халықта әрбір түрлі дау болады,
Шешпесе даудың арты жау болады.

Әр біреуі өз ісін тура, – дейді,
Таластан қалай адам сау қалады?!
Таразы сөзді өлшейтін шындық керек,
Кейбіреу дауға шебер нау болады.
Кезінде ушықтырмай шешпеген іс,
Үйіліп бара-бара тау болады.

Би керек осыларды шешетұғын,
Туралап әділ билік ететұғын.

Зұлымдыққа жол беріп кеңдік етсек,
Көзінің ноғаласы өсетұғын.

Зәр жұтқанын біле алмай, бал жұттым деп,

Құрсағын бара-бара тесе тұғын [4. 3 б].

Әділдік туын нық ұстаған билер, өз амал-әрекеттерін халық мүддесімен ұштастыра білді. Осының нәтижесінде



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

«сот билігі далалықтардың мемлекеттік өмірінің символы іспеттес еді және ондағы мемлекеттік биліктің жалпы көрінісі, оның қолданылуының және іске асуының ең қолайлы да ұтымды, жедел де арзан, тіпті әмбебап десе болғандай нысаны (құралы) еді. Сондықтан да, қоғамдағы мемлекеттік органдардың барлығы дерлік өз алдарында тұрған мақсат-міндеттерді шешуге және өз қызметтерін атқару барысында соны пайдалануға тырысатын немесе соған арқа сүйеп бағатын» [5. 99 б] еді.

Халық қамын ойлаған хандармен билердің терезесі тең болған. «Қарахалыққа хан ие, қара жерге халық ие, Хандығынды бер де, жерді ал, хандығынды қимасаң жерде нең бар!» деп билік шығарған билердің төрелігіне ханның өзі құлдық ұрған [6. 46 б].

Бір ауыз сөзге тоқтаған, «Сөз қадірін өз қадірім» деп түсінген елдікті сақтаған, ерлікті тудырған Өз Жәнібек, Өз Тәукеден, Абылайдан жеткен билік жүйесі, сондай-ақ, қазақ билерінің сөз сайысын «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін» деп сипаттаған поляк А.Янушкевич, даңқты дала Демосфендері мен Цицерондары деп таныған қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекенің атақ-даңқтары сол кезде шыққан, олардан қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Олар бүгінгі ұрпақ, біздерге өңделі, жаңара жетіп отыр, – дейді шешендікті зерттеген ғалым Б.Адамбаев.

Билер ешқандай атақ дәрежесіз, байлықсыз, бойларына біткен дарынды шешендік сөйлеу өнерлерімен билік айта отырып, қазақ даласына зыңдан, ешқандай түрме атауларын кіргізбеген.

Өздерінің билік-кесім-шешімдерімен, екі жақты татуластырып, бітімгершілік келісімге келтіріп отырған. Олардың бұл қасиеті ұрпақ тәрбиелеу қызметінде де ролі зор болған. Билердің осы қасиетінен үлгі-өнеге алсақ, бүгінгі таңда парықсыздық көріс алып, күннен-күнге, әсіресе жастар арасында қылмыс пен бұзақылық етек жайып

тұрған уақытта ауылдық жерлерде, аудан орталықтарында көнекөз, ауыл-аймаққа сөзі өтетін, беделді қарт ардагерлерімізден билер тобын ұйымдастырсақ жастарымызда жөн-жосығы жоқ, жаман әрекеттерге бармас па еді. Жастық қателіктерінен ерте бастан колониялар мен бас бостандығынан айыру мекемелеріне түспес еді. Сондықтан, өткен тарихымыздан сабақ алып, оны ұрпақ тәрбиесіне жұмылдырсақ, болашақта ұлағатты да парасатты ұрпақ қана емес, өшіп бара жатқан, қанымызда бар шешендік сөйлеу өнерімізді қалпына келтірер едік деген замандастарымыздың жанайқайына менде қосылар едім...

Бұл тек заңгерлердің ғана емес, бүкіл жоғарыда отырған игі жақсылардың да бірінші кезектегі көтерер мәселесі болу керек.

Оның үстіне осы кезге дейін бірде бір жоғарғы оқу орындарында сот, адвокат, прокурорлардың сот отырысында шешендік өнерін дамытатын пән де тиісті дәрежеде өтілмейді. Соттық риторика деген пән негізі теориялық пән емес, практикалық пән ретінде өтуілі керек. Негізі, заң факультеттерінің студенттеріне қазіргі кездегі кредиттік жүйе зиянын тигізбесе, пайдасы жоқ. Өйткені мектептен бастап, жоғарғы оқу орындарындағы сынақ, емтихандардың барлығы тест түрінде өтеді. Бұл олардың сөйлеу қабілетін ғана емес, ойлау қабілеттерін де жояды. Бара-бара бала жаттанды компьютер тәрізді бір ғана сөзді айта алады да, сөйлеуді ұмытады. Бұл дегеніміз өзіміздің ата-бабаларымыз сияқты болашақ ұрпақтарға қалдыратын шешендік өнер мен тәлім-тәрбиелік үлгі-өнегеден артымызда ешнәрсе қалдыра алмаймыз деген сөз. Яғни, тарихта тек жазушылар мен ақындардың ғана айтқандары мен аты қалады да, ал заңгерлердің «тек қана осындай заңгерлер болған» деген аттары ғана қалатын сияқты, егер қалса... Сондықтан бүкіл оқу орындарында кіргізілген кредиттік жүйе тек қана техникалық, медициналық, экономикалық

мамандар әзірлейтін оқу орындарына қажет болғанымен, заңгерлерге түк қажеті жоқ жүйе. Заңгерлерге сөйлеу, ойлау өнерлері ең басты керек те қажет нәрсе.

Сондықтан, ежелден келе жатқан ата-лы дәстүріміз – шешендік өнерді қайта қалпына келтіріп, оны жаңа талап, жаңа мақсат-мұратқа сай игілігімізге айналдырып, ұрпақ тәрбиелеу ісіне, болашақ мүддесіне пайдалану ләзім. Шешендік дау Б.Адамбаевтың айтқанындай, қазақ қауымының материалдық және рухани

даулы мәселелерін, қылмысты істерді шешетін ежелгі әдет заңы. Мұндай дауларда ұту үшін жүйрік ой, жүйелі сөздің маңызы зор болған.

Халқымыздың біртуар ұлдарының бірі, ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың сөзімен айтсақ: «Халық үшін жоғарыдан бекітілген заңдарға қарағанда өзіне таныс, өзімен бірге жасасып, соның ықпалымен өсіп, тәрбиеленіп келе жатқан заң қашанда жақсы, тиімді болатындығына ешбір күмән жоқ» [7. 152 б].

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі». – Алматы,1966. - 240 б.
- 2.*Балақаев М.* Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965. - 187 б.
- 3.*Зиманов С.З.* Қазақтың Ата Заңдары және оның бастаулары.//Қазақтың Ата Заңдары, I-том, А., 2005, - 35 б.
- 4.*Дәуітұлы С.* Төле би.//Жетісу, № 36, 03.09.1992. - 3 б.
- 5.*Кенжалиев З.* Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. – Алматы, 1997. - 240 б.
- 6.*Адамбаев Б.* Алтын сандық. – Алматы, 189. - 196 б.
- 7.*Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. – Алматы, 1985. - 560 б.

Резюме

В статье рассматривается роль и значение ораторского искусства речи будущих юристов Казахстана в суде, в период который долгое время развивался за счет наших предков Толе би, Казыбек би, Айтеке би.

Summary

The article considers the role and importance of oratory art and speeches of Kazakhstan next lawyers in court, in the period who a long time developed for account ours Tole bi, Aiteke bi, Kazbek bi.

**Ү.Қ.Олжабаева –
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

БАЛАҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ ҚАСИЕТ

Жылдағы оқу жылы мектеп оқушылары үшін өте жауапкершілігі мол, қиын да қызықты сәттермен басталды. Бастауыш мектептен кейінгі жоғары сынып оқушысы атанып, тек бір-ақ мұғалімнің қарамағында оқып келген оларға 15 пән жүретін бол-

са, 15 мұғалім оқытып, әр пәннің өзінің кабинеттеріне барып оқу және жоғарғы сынып оқушыларымен аралас жүру олар үшін үлкен жаңалық, әрі қызық болды. Бұл кезеңде олардың мінез-құлқы, барлық жағдайы өзгеріске ұшырайды десек бола-

ұлтты мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. Осы жағынан кез келген отбасы өзін қоғамның бір бөлігі деп түсінеді. Тәрбиедегі басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: “Әрбір адам ең алдымен, өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттық болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан, әрбір ұрпақ өз кезімен өткеннің тағдыры мен талаптарын, объективті факторлар ретінде ұсынып, солар қылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған бай тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-аналарының рухани мұрасын игере түсуі керек” екені айтылған. Қазіргі кезеңдегі саяси, экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы, тұрмыстағы күйзеліс, ұлтаралық қатынастардың шиеленісе түсуі, адамгершілік құндылықтардың құлдырауы, білімге, адал еңбекке деген ынтасының азаюы, отбасын құруға жауапкершілікпен белсенді қарамауы, зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің бел алуы т.б. мәселелері жастар тәрбиесіне жаңаша қарауды талап етіп отыр. Сонымен қатар, қазақ халқының әріден келе жатқан мәдениетін және білім, тәлім-тәрбие беру жүйесінің негіздерімен жан-жақты танысу бүгінгі күннің басты бағдары, талабы десек те болады.

Көне заманнан келе жатқан таным-түсінік, әдеп-тағылымдарын ұғыну, білу және өмірге үйлесімдерін қажетке жарату – жастардың туған халқына деген құрметінің артып және өнегенің рухани түлей түсуіне ықпал етеді. Былайша айтқанда, елінің тарихи өткен жолы мен бұраң бұлтарысы көп болмыс-білімін ұғыну халқына деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімінің қарқынды түрде жетіле түсуіне әсерлі ықпал етумен қатар, бұл нәтижелі сапаға айналады.

Қазақта “үйлену оңай, үй болу қиын” дегендей үйленіп, үй болу адам өмірінің ұмытылмас кезеңі. Оның да өзіндік қызығы мен қиындығы бар. Қазақ халқы қыз ұзатып, ұлын үйлендіріп келе жатқан, басқа халықтар сияқты думаншыл, сауықшыл халықтардың бірі. Ежелден бері қалыптасып келе жатқан дәстүр бойынша, қазақ халқында отау тігудің әр түрлі, рет-ретімен орындалатын салт-дәстүрлері өте көп. Отау тігу дәстүріне көрік беріп, қызықты әрі мағыналы ететін – салт-дәстүр. “Қызын қияға, ұлын ұяға” қондыру әке-шешенің ұл-қызына деген міндеті.

Қазақ табиғатында отбасы иелері балаларының алдында өздерінің тіршілік әрекетінде барлық адамгершілік қасиеттерін, үлгісін көрсете білген. Оның басты себебі, “ұлдың ұяты әкеде, қыздың ұяты шешеді” деп бағалағандықтан. Сондықтан, ата-ана балаларын тұрмыс пен салтқа бейімдеп, шеше көріп тон пішуге, әке көріп оқ жонуға баулитын болған. Осылайша ұрпақтың отбасы тәрбиесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Бұрынғы қазақ жастары тәрбиені мектеп пен медреседе оқып білмесе де қызы анадан, ұлы әкеден үлгі-өнеге алған.

Қазақ халқының тарихы дәстүрге өте бай. Отбасы үшін ежелден тән қасиетті балажандық, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенді құрметтеу, туыскандық кең байланыс, көршілермен және ұлты басқа халықтармен достық, ізгілік қатынастар осының бәрі қазақ халқының тұрмыс қалпына байланысты болған. Қазақ қыз-келіншектері мен ер азаматтарының бойында өзге халық өкілдерінің бойынан көрінетін дара қазақы болмысы жарқырай көрініп, жүрекке жылы әсер еткен. Әсемдік пен әдептілік үйлесімдік тапқан. Мәселен, ата-ана құқықтары қыз беріп, қыз алу, құда түсіп, құдалы болу, қазақ некесінің ерекшеліктері, қалың мал мәселесі, бата бұзу, ажырасу, бала асырау, әменгерлік, мирас пен мұра т.б. ежелгі отбасы дәстүрлері мен соған қатысты қағида ерекшеліктері



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

жайында мағлұматтардан қазақ халқының отбасына ерекше мән бергенін, шанырақ шайқалып, босаға босамауына назар салғанын көреміз.

Жас отаудың пайдасына асатын әдет-ғұрыптар келешегін, нәсілінің болашағын ескертуден туындап, халқымыздың ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойы желісін үзбей жалғасып келген. Ата-анамыз екі жасты үйлендірмес бұрын оларға мынадай шарт қояды: біріншіден, қалыңдықты жеті атадан асырып іздеу қажет. Бұл талаптың мәнін халқымыз былай түсіндіреді: “қандас туыс адамдар үйленсе дұрыс бала туылмайды, туыла қалғанның өзінде ғұмыры қысқа болады.” Екіншіден, ағайын-туысқан арасында әдепсіз, жағымсыз қылықтар етек алып, ынтымақ бұзылады. Осылайша атақты қазақтар қашанда өзінің баласына басқа бір рудан, тайпадан барып, өзінің теңіндей адамдардың қызын айттыруға тырысады. Айттыру, құда түсу ежелден келе жатқан дәстүр екенін жоғарыда сипаттадық. Алайда құда болудың бірнеше жолдары бар. Кейбір өмірдің ащысы мен тәттісін бірге өткізген адамдар достықтары артып, туыс болғысы келсе бала өмірге келмей жатып құдаласуға уәделеседі де “бел құда”, екі нәрестені бесікте жатқан кезінен айттырып “бесік құда” атанады. Қазіргі таңда көп қолданылатын құдалықтың бір түрі қыз бен жігіттің келісімімен ұл жағы сырға тағып, құда түседі. Қайтадан қыз алысып, қыз берісіп құдалықты жалғастыруды “сүйек жаңғырту” немесе “сүйек шатыс” деген. Бір кездері құдалы болған адамдар құдалықтарын ұзақ жалғастыру үшін қыз берісіп, қыз алысады. Бұрынғы замандағыдай қазіргі кезде қызды зорлап қосу жоқ. Бірақ, ата-аналары ақылдасып және екі жастың келісімі бойынша жасалатын салт. Қалай отау құрғанда да жаңа түскен келіннің екі жақты жақындататын дәнекерлік рөлі аз емес. Келін болып түскен қыздың жаңа жұрттағы қадірі оның ақылы мен адамгершілігінде, шаруа икемділігінде,

аналық қасиеттерінде және жарына деген мейір-махаббатында деуге болады. Әрине, бұл жастардың адамгершілік қасиеттеріне, алған тәрбиесіне, әдептілігіне байланысты.

Соңғы кезде қазақ халқының табиғатына тән, ана сүтімен сүйекке сіңген ізгі әдет-ғұрыптардантиқсқалыпбаражатқандаймыз. Өз ұлтының өткені мен болашағына бейжай қарайтын тәрбиеден тысқары қалған жастар аз емес. Ата-ананы сыйлау, үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізет білдіру, әдеп сақтаудан хабарсыз кей жастардың қылығы әркімнің-ақ намысына тиері сөзсіз. Кейінгі кезде қазақ әдетіне жат, өзін өсіріп, тәрбиелеген ата-анасына қарсы сөйлеп, шет ел жастарына еліктеп киім кию, шылым шегу “қалада оқып жатырмын” – деп, ата-анасының жиған-тергенінің ырызғысын шашып, өздері оқу емес, жын ойнақ ортасында жүрген қыз-жігіттер бізде аз емес. Басының қайда қалғанын білмей, баянсыз жар, бақытсыз ата-аналар болатындар осындайдан шығады. Қазіргі жастарды бұзатын теріс жолға түсіретін жәйттің бірі – дүниеқұмарлық. Жастарды жоғарыда айтылған салт-дәстүрге, әдет-ғұрыптарға тәрбиелеуде. Тәрбие, ең алдымен отбасынан, мектеп қабырғасында, содан соң ЖОО орында жүргізілу керек. Ұрпақ тәрбиесі қай заманда болса да күн тәртібінен түспеген. Оны жақсарту біз сияқты жас тәуелсіз мемлекет үшін тіпті қажет. Біздің қоғамның шақ иелері мемлекетіміздің нығайып, аға буын бастаған істерді алға апарушылар солар. Халық өнерін игеру – жастарды еңбек сүйгіштікке, әсемдікке бағыттап, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, жақсы әдет, дәстүрлерін жалғастыруға баулиды. Ұлттық тәжірибеміз отбасынан басталып, кейін де жалғасын тауып жатса, қазіргідей қазақ халқының қанында жоқ, ата-баба тәрбиесіне жат өзін жарық дүниеге әкелген анасын, әлпештеп өсірген асқар тауы әкесін қарттар үйіне өткізген, нашақорлық пен маскүнемдікке салынғандардың шаңырағы ортаға түспес

еді.

Атам заманнан жалғасып, ар-ұжданымызға ұялаған, қанымызға сіңген қастерлі қазақ салтын ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын мұра ретінде кейінгі ұрпаққа қалдыру – бәріміздің де борышымыз. Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата-бабамыз асыл сөздің кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой-санасын игі адамгершілікке жетелейді. Сондықтан, кең байтақ ата жұрттан ертеден жас буынға жалғасып келген ар-ұят сақтау, мейірімді, шарапатты болу салтанатын құрды. Ұнасымды қарым-қатынас жасай білу. Бұл адамзат баласының әу бастан өз өміріне серік етіп, ұғыныса, сыйласа, тіршілік құру сапарында алға ұстап келе жатқан әдеп салттарының ең көкейкестісі. Адамдар өздерінің арасында тату, кішіпейіл, өресі деңгейлес қатынастардың тату болғаны жөн екендігіне ежелден-ақ ден қойған.

Дәстүрге арқа сүйемегеннің көсегесі көгермейді деген атамыз. Яғни, отбасы ауыл-аймақ, көпшілік, қоғам болып адамдарды тәрбиелеу қазақ халқының өмірінен өзекті орын алған. Салт-санасы, әдет-ғұрпы, ойын-тойы осы мақсатты іске асыруға бейімделе жүргізілген. Ата-бабаларымыздың, даналарымыздың, ақын-жырауларымыздың ақыл-өсиеттері, ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған және халықтың ежелден келе жатқан салт-санасындағы, әдет-ғұрпындағы дәстүрлік тарих тағылымдарын өмірге үйлесімді

пайдалану – ұл мен қызға берілетін тәлімді жетілдірудің тиімді жолы болуымен қатар, олардың бойына инабаттылықты, мейірімділікті, бір-бірін сыйлау, құрметтеу, адамдық қасиеттерді дарытуға игі ықпал ететін және оның өмірге тез сіңіп, болашақ отбасының тұрақтанып, бала тәрбиесін жақсартып, адамдар арасындағы қарым-қатынас жарасымын көркейтіп, жауапкершілікті өркендетуге ықпал етеді. Мұның нәтижесі түрлі кінәраттарға тосқауыл жасап, дәрежеліктер мен қатыгездіктен тиылуға және әдептіліктің бойға даруына ынталандыратын тиімді тәсіл.

Сондықтан да, жастарды еліне, заманына сай тәрбиелеуде күш жігерімізді аямағанымыз дұрыс. Ол үшін мектеп-терге, ЖОО-да ұлттық тәрбиемізді, салт-дәстүрімізді үйрететін, оқытатын пәндер енгізіп, жастарға тәлім-тәрбие беру керек. Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін, ең алдымен, тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын жастардың санасына сіңіре білу басты міндетіміз болуы қажет. Тәрбиенің көзі – ата-бабамыздан қалған дана сөздер десек, біз сол насихаттың жүргізушісіміз. Бұған қоғам алдындағы үлкен міндет ретінде қараған жөн.

Резюме

В данной статье автор рассмотрел вопросы национального воспитания детей в казахской семье. Автор намерен более широко использовать национальные традиции и обычаи в воспитательном процессе.

Summary

In given article author have considered questions of national education of children in the Kazakh family. Author intend to use more widely national traditions and customs in educational process.



Д.Д.Нурелова,
К.Р.Токбасынова –
*Абай атындағы Қазақ Ұлттық
педагогикалық университетінің колледжі*

ЖАС ҰРПАҚҚА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Бала тәрбиесі басты байлығың,
Кешіксең көретінің қайғы-мұң
С.Кішібайұлы.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» – деп, ұлы ғұлама әл-Фараби айтқандай, бала тәрбиесі орасан маңызды да жауапты іс. Тәрбие үдерісі көбіне өзінің мақсатты сипатымен ерекшеленеді. Ол нақты ықпалдар бағыттарымен көрініп, соңғы мақсаттарының саналы сезінуімен анықталады, сонымен бірге өз ішіне көзделген мақсаттар мазмұнын және оларға қол жеткізудің құрал-жабдықтарын да қамтиды. Ал, тәрбие мақсаттары қандай да қауым белгілеген идеялық және құндылықтық ұстанымдар негізінде анықталады.

Егемендікке қол жеткізген Қазақстан Республикасының соңғы 16 жыл тарихи өмірінде болған түбегейлі өзгерістер қазақ санасында идеялық және құндылықты бағыттаудағы байланысты едәуір қиындықтар туғызды. Көпшілік адамдар ұстанған бұрынғы мұраттар тартымдылығын жоғалтты да, жаңа рухани бағыт-бағдарлар әлі де қалана қойған жоқ. Әлемдік педагогикалық теория мен тәжірибеде тәрбие үдерісі қандай да пайым матауында қалып, билік мінбелеріндегілердің көзқарастары мен сенімдерінің тәуелділігінде болмауы қажет екендігі жөніндегі пікір әлдеқашан ақ қалыптасқан. Тәрбие қоғам дамуында орасан рөл атқарады. Ол өз бастауын тұрақты, әрі ауыстыруға келмейтін

идеялар мен құндылықтардан алуы тиіс. Сондықтан да, бүкіл тәрбие жүйесінің негізгі сипатында ғасырлар бойы жинақталған және өмір тәжірибесінің сынынан сүрінбей өтіп келе жатқан гуманизм принциптері қабылдануы қажет.

Қазіргі Егеменді еліміздің болашағы, өзін таныған, түсінігі мол, ұлтың сүйетін, қоғамдық еңбегі мен кәсібі, дағдысы, іскерлік негіздері қалыптасқан рухани сау, табиғи мықты, жалпыадамдық және ұлттық мінез-құлық нормаларын іске асыра алатын, рухани жағынан жетілген жан-жақты ұрпақ тәрбиелеуге өз үлесін қосатын шәкірттер дайындау ұстаздар қауымы мен ата-аналардың жалпы міндеті.

Әрбір жанұяда бала саны көп болса, сол ұрпақты нашақорлықтан, маскүнемдіктен, мейірімсіздіктен, тас бауырлықтан, жатыпішер жалқаулықтан, теріс қылықтардан аулақ етіп тәрбиелеу әрбір ата-ананың басты міндеті екендігін естен шығармауымыз керек.

Бала болашағын ойлаған әрбір ата-ана тәрбие мәселесінде өз тәжірибесін, білген-түйген, ұстаған қағидасын уақытпен үйлестіре түзетіп өзгертіп, жаңартып отырған жөн.

Біздің қазіргі ұрпағымыз өзіміздің ұлттық өнеріміз бен салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, жалпы айтқанда, асыл қазынамызды түсінбей жатыр.

Соныңсалдарынанимандылық,ізгілік,

қайырымдылық деген ұғымдар ұмыт болып, адамгершілік қасиетінен айырылып, азғындап барады. Адамзат қоғамының дамуы оның әрбір мүшелерінің дамып, жетілу сапасына байланысты. Еліміздің өркендеп, адамдардың саналы болуы олардың рухани мәдениетіне тікелей байланысты деп айтуға болады.

Халқымыздың рухани бейнесін бір жағынан әдебиет, өнер, ғылым бейнелеп көрсетсе, екінші жағынан, мінез-құлық, ұлттық сезім, әдет-ғұрыптар және тағы басқалар бейнелейді. Ұлттық мінез-құлық ерекшеліктері адамдардың біріккен өмірі мен күресінде, әлеуметтік, табиғи-географиялық, материалдық мәдени жағдайының шарттарына лайықты қалыптасады. Соның әсерінен әрбір адамда ұлттық мінез-құлық, саналы тәртіп, болымды қылықтар, сезім көріністері, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары пайда болады.

Біздің халық момындықты, бойұсынушылықты, бейбітшілікті құрметтейді. Қазақтардың адам рухының мәңгілігіне сену саналы тәртібі мен мінез-құлқының қалыптасуының адамгершілікті негізі болып табылады.

Адамгершіліктің бір белгісі – имандылық. Ал сыйластық, жасы үлкенді сыйлау сақталған жерде отбасынан бастап, ауыл, елді мекенге дейін жиіркенішті қылықтарға орын жоқ. Сәлемдесу, үлкеннің сөзіне жөн-жосықсыз араласпау, кісінің алдынан кесе-көлденең өтпеу, көп алдында дарақыланып күлмеу, есінемеу сияқты қылықтарды жас ұрпақ санасына ақырындап сіңіру қажет.

Үлкенді сыйлаудың ең биік шыңы әке мен шешені сыйлау екені талассыз. Әке мен шешесін сыйламаған ұл мен қыз өзге адамды сыйлауы екіталай. Осы орайда, «Әкеге бағыну – тәңірге бағыну», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Шешесін көріп қызын ал», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» де-

ген бабаларымыздың өсиетін сабақ пен дәрістерде қолдансақ, ұтарымыз көп.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөліп, баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған. Сол себептен де, бала дүниеге келмей жатып «Құрсақ шашу» ұлттық дәстүрінен бастап, баланың әрбір даму кезеңіне ерекше мән беріп, атап отырған. Отбасылық әдеп ата-ана мен бала арасындағы сыйластық қатынас. Отбасылық әдеп бұзылса, баланың тәлім-тәрбиесіне нұқсан келеді. Ата-ана мен бала арасындағы ұнамды, мәдениетті қарым-қатынас үлкен әдептілікке әкеледі. Отбасында мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде Д.Р.Муталиева зерттей отырып, баланы адамгершілікке тәрбиелеу үлкендердің тәрбиеге қатысуына байланысты екендігін дәлелдейді [5. 150 б].

Әл-Фарабидің пікірі бойынша, адамның қалыптасуының тиімді құралы – тәрбие мен оқыту. Тәрбие мен оқыту үрдісінде шын бақытқа ұмтылушы жас ұрпақтарда адамгершілік және интеллектуалды сапалар қалыптасады. Адам бойындағы барлық адамгершілік қасиеттер жаттығулардың, әдет-дағдылардың нәтижесі деп қарайды. Дұрыс жүргізілген тәрбие адамда игілікті сапа қасиеттерді тәрбиелеуден басталады. Әл-Фарабидің ойы бойынша, жақсы мінез әр адамның табиғатында бар, бірақ, олар жүйелі тәрбие арқылы жүзеге асады. Ғұлама ғалым жағымды қасиеттерге адалдықты, мейірбандықты, жомарттықты, батылдықты, достықты жатқызып, адам бойындағы жағымды қасиеттерді қалыптастыруда арнайы педагогикалық іс-әрекеттің маңыздылығын айтады [1. 302-307 б.б.].

Қазақтың дүлдүл ақыны М.Жұмабаевтың артына қалдырған тәлім-тәрбиелік мұраларының негізгі тақырыптарының бірі де – бала тәрбиесі мен тұлға мәселесі. Осы мәселені



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

карастырғанда, ақын «Балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек. Жас бала – жас бір шыбық, жас күнінде қай түрде иіп тастасақ, есейгенде, сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың». Қазақ халқының «Баланы бастан» деген нақыл сөзінің мәнісі осында. «Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Баланы тәрбиелі қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселерді тез шеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел тұлға қылып шығару», – дейді [2. 98 б].

Қазақ халқының отбасында ұлттық тәрбие ана құрсағынан басталып, адамның өмір бойындағы және адамды дүниеден шығарып салумен аяқталатын әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер негізінде үздіксіз жүргізіліп, іс-әрекеттер мен қарым-қатынаста жүзеге асырылған. Осылайша, қазақ халқының отбасында ұлттық тәрбие дәстүрлері негізінде іске асырылып отырылған. Қазақ халқының отбасында ұлттық тәрбиенің негізі халықтық педагогика болған.

20 ғасырдың 30-жылдарында халықтық педагогика ғылымының дамуына ерекше және ұлттық тәрбие ілімін қалыптастыруға қазақ ағартушы-педагог қауымы айрықша өзүлестерін қосты. Атап айтқанда, А.Байтұрсынов, Т.Шонанов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев тағы басқа педагог-ғалымдарымыздың еңбектерінде бала тәрбиесіндегі салт-дәстүрлерге байланысты айтылған ой-пікірлері болашақ жастарға мол мұра болмақ. Мәселен, А.Байтұрсынов «Баланы бастан тәрбиелеу деген – баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру деген сөз. Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икем, бейнетіне берік болып өспек.

Дұрыс тәрбиенің асылы – баланың жанымен, тәнімен керек деп танылған істерді бала табиғатының әуенімен істеу, сол дұрыс тәрбие болады» деп ой толғайды.

Қазақ халқында ұлттық тәрбие басқа халықтардан өзгеше және ерекше болған. Осылайша, қазақ халқының бала тәрбиесіне деген ерекше көңіл бөлуі, балаға қамқорлығы туралы сөз етуге әбден болады.

Балаға ұлттық тәрбие үлгілерін отбасында беру қазақтар үшін ерте қолға алынып, әр буынның өзіне тән тәрбие құралдары ойластырылған.

Халқымыз баланы отбасының және өмірдің жалғасы мен болашағы деп санаған. Мәселен, отбасында баланың болуына және бала санының көп болуын тілеген. Оған халқымыздың мынадай мақал-мәтелдері дәлел бола алады: «Бала – болашақтың ертеңі, дана – дүниенің көркемі», «Бала тәрбиесін бесікке салардан баста, келін тәрбиесін есікке алардан баста», «Баланың күлкісі – ананың ажары, ана күлкісі – шаңырақтың базары», «Бала – азаматың, немере – қолқанатың» тағы басқа да бала тәрбиесіне қатысты даналық сөздері бар.

Ұлттық салт-дәстүр – әрбір қоғамның, ондағы әлеуметтік топтардың белгілі бір өмір сүру тәсілі. Бұл ұғым қоғамның, оның таптары мен топтарының өздеріне тән жұмыс, тұрмыс жағдайларына және мәдениетінің дамуы мен отбасындағы, сондай-ақ, тұрмыстағы қарым-қатынас ерекшеліктерін бейнелейді. Осы асыл мұра өмірде қолданылмаса, біртіндеп шетке ығысып, бара-бара ұмыт болып қала береді. Ал тіл, дін сақталмаса, ол халық ұлт ретінде жойылады. Сонымен тіл, дін бар жерде ел бар, ал ел бар жерде салт-дәстүр бар.

Баланы ұлттық салт-дәстүрлер төңірегінде тәрбиелеген. Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлерді атап кетер болсақ, олар: құрсақ тойы, шілдеhana,

сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, тұсау кесу және сүндетке отырғызу, тағы басқа дәстүрлер жүйелі түрде іске асып отырған [9. 73 б].

Тіліміз, дініміз, салтымыз қайта оралып жатқан кезде аға ұрпақтың бойынан берілген тәрбиелік дарынды жоғалтпай жалғастыру, оны адамдар мүддесіне жарату колледж оқушыларының болашақта адал азамат болуына ықпал етеді.

Ежелгі тәрбие құралы – халық ауыз әдебиеті нұсқаулары, халық қазынасы – ертегі, жұмбақ, мақал-мәтелдер, өлең, тақпақтар ауызша жатталып, атадан балаға мирас болып қалып, оның ой-сезімін дамытуға, тілін ширатуға

айналадағы қоғамдық өмір шындығын танытуға, тіршілік көзі еңбекке, белгілі бір кәсіпке баулуға үлкен үлес қосып келеді.

Қорыта келгенде, бүгінгі күндері ұлттық тәрбиеге ерекше мән берілуде. Бірақ, қалалы жерлерде отбасында орысша тәрбиеге бой алдырушылық – ұлттық тәрбиені, дәстүрді босаңсытып алғанымыздың салдары. Сондықтан тілді қастерлеу, ұлттық тәрбиемен суындату және осыларды күнделікті қажетімізге, өмірімізге жарату – елдің, өз отанын сүйетін әрбір азаматтың борышы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1972. - 302-307 б.б.
- 2.Абдрейімова А.П., Тастанова А.С. «Қазақ халқының салт-дәстүрлер және әдет-ғұрып мәдениеті». Педагогика мәселелері//№3-4, 2009 ж. – 133б.
- 3.Есекешова М. «Қазақ ағартушылары тәрбие туралы». Қазақстан мектебі//№11, 2008 ж. - 7-73б.б.
- 4.Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992 ж. - 98 б.
- 5.Тастанов А.Ж. «Тәрбие негізі тереңде жатыр»// «Білім беру жүйесін модернизациялаудың қазіргі әдістері» атты Ш.Шаяхметовтың 70 жылдығына арналған Республикалық ғылыми-практикалық конференция бағдарламасы, 2009ж., 3 сәуір, - 570-573 б.б.
- 6.Тастанова С.П.Халықтық педагогика негізінде балаға тәрбие беру. Педагогика мәселелері журналы //«Педпресс» баспаханасы №3-4. - 130-131 б.б., 2009 ж.
- 7.Түркіменбаева Қ. «Қазақтың салт-дәстүрін жандандырайық»// «Қазақстан мектебі»//№4-2002, - 43-44 б.б.
- 8.Сахитжанова С., «Тәрбие негізі тереңде жатыр»//Ақиқат журналы, №10, 2008 ж.
- 9.Муталиева Д.Р. «Влияние взаимоотношений старшего и среднего поколения в семье на воспитание дошкольников гуманного отношения к людям», Дисс. Канд. Пед.

Резюме

В этой статье дан анализ привития национального воспитания молодому подрастающему поколению.

Summary

In this clause the analysis of inculcation of national education to young growing up generation is given.



Л.С.Ахимбекова –
Қазақ Мемлекеттік Қыздар
Педагогикалық Университетінің оқытушысы

ӘЛ-ФАРАБИ ТРАКТАТТАРЫНДАҒЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дамыған және мықты қоғамның тірегі – білім. Адамзаттың болашағы ең алдымен, оның интеллектуалды, ақпараттық, адамгершілік прогресіне тікелей байланысты. Білімнің мазмұн-мағынасын анықтау және оған жіктеу жасау жөніндегі әл-Фараби ілімі орта ғасырдағы ғылыми ой-пікірдің ең маңызды жетістіктерінің бірі болды. Сөйтіп, ол білім салаларының дамуында және оларды жүйелеуде елеулі рөл атқарды. Ғылымда жіктеу жөніндегі әл-Фарабидің еңбегі XI-XII ғасырларда көне грек, латын тілдеріне аударылды, сөйтіп, Батыс Еуропа ғалымдары арасында жоғары бағаланды. Батыстың кейінгі зерттеушілері оның трактаттарын орта ғасырдағы ғылымның энциклопедиясы деп атады.

Әл-Фарабидің ғылыми-философиялық еңбектері оқу-тәрбие мәселелеріне арналған. Оның пікірінше оқу, білім алу, ғылыми адам болу адамгершілік және еңбек тәрбиесі мәселелерімен тығыз байланысты. Ол білім алу, оқу еңбегін пайдалы еңбекке жатқызады. Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенеді. Демек, ол қандай да болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыстары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деген қағиданы ұдайы басшылыққа алып отырды. Осы негізде алсақ, еңбек тәрбиесінің теориясын әл-Фараби «Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды» [1] деп тұжырымдады.

Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, бұл тұжырым студенттерге саналы тәртіп, сапалы білім беріп, пайдалы қоғамдық еңбекке баулу деген сөз.

Әл-Фараби тәрбиенің барлық мәселелерін логикамен, тәрбие мұратымен, білім алумен, үйренумен үлгілі тәжірибемен, оқумен байланыстырауағыздағанын білеміз. Ол өзі жазған «Ақыл мен түсінік» атты еңбегінде ақылдылық пен адамгершілік үлгілі тәрбиеге байланысты, оның негізгі таза еңбекте, еңбек өз кезегінде тәрбиенің негізінен туындайды деген еді. Тәрбие қоғамдық өмірдің жалпы және қажетті категориясы екенін біз тәрбие тағылымынан жақсы білеміз. Демек, жасөспірімдер мен аға буын арасындағы мирасқорлық тәрбие арқылы жүзеге асады. Дәлірек айтсақ, тәрбие жеке адамның адамгершілік, ақыл ойының дамуында, еңбекке баулуда басты рөл атқарады.

Әл-Фараби жас ұрпаққа және жеке адамдарға тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін, ұстаздық жасайтын адамдарды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша тәрбиеші адам – «мәңгі нұрдың қызметшісі» [2]. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған оттың көзі, – деген әл-Фараби.

Этика әл-Фараби мұрасының ішінде үлкен орын алады. Этиканы ол ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан, оның этика жөніндегі концепцияларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Жақсылық мазмұн-мағынаның бір бөлігі, сондықтан ол материяның өзінде бітіп қайнап жатыр.

Ал жамандық жақсылық сияқты емес, ол болмыс жоқ жерден пайда болған дейді. Ұлы ғалымның осынау этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Бірақ, жамандықты жақсылық жеңгенде ғана адам баласы ізгі мұратына жетеді деп қарайды. Әл-Фараби бұл салада жасаған қорытындысының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде, әл-Фарабидың гуманистік идеялары әлемге кең тараған. Ол ақыл ой мен білімнің биік мәнін, халықтар арасындағы туысқандық, достықтың принциптерін егіле жырлады, адамгершілік, мораль мәселесін діни тұрғыдан берілетін негіздеу екенін көрсетті.

Сондай-ақ, әл-Фарабидің педагогикалық жүйесінде тәрбие мен тәлім, білім мәселелері бір-бірімен органикалық, диалектикалық байланыста қарастырылды. Әл-Фараби де Аристотель сияқты адамды қоғамдық жан деп қарап, өзінің бүкіл педагогикалық, этикалық және басқа гуманитарлық көзқарастарында осы қағиданы басшылыққа алады. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында адамзаттың өзара бірлестік пен өзара көмекке зәрулігі туралы әл-Фараби былай деп жазады: «Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ол мұны өзі жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысы оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне, сондықтан да бір-біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік

дәрежесіне жете алады» [3].

Қоғамды кемелдендіру – бақытқа жетудің басты шарты болып табылады. Тек кемелденген қоғамда ғана адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жете алады. Әл-Фараби шартты түрде адамды бақытқа, кемелдікке жеткізуге тиісті негізгі құрал ретінде мінез-құлық, моральдық және ақыл-ой, интеллектуальдық тәрбиелерге шешуші мән береді. Ол былай дейді: «Біз жақсы мінез-құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде солардың арқасында міндетті түрде бақытқа жетеміз... Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз».

Әл-Фараби өзінің трактаттарында халықты, тұрғындарды мінез-құлықты, ақыл парасатты етіп тәрбиелеуде қайырымды қала, мемлекеттерге, олардың басшыларына үлкен орын береді. Ол былай деп жазды: «Тұрғындар бір-бірімен шынайы көмекке бірігіп, шынайы бақытқа жетуді көздеген қала қайырымды қала, халқы да қайырымды адамдар болды. Егер, дәл осылай бақытқа жету жолында барлық халық бір-біріне қалтқысыз көмектесетін болса, онда бүкіл дүние жүзі қайырымды мекен болар еді» [4].

Әл-Фарабидің пікірінше, халықтар достығы – ырыстың басы. Бұл – әл-Фарабидің адамзатты болашақ бақытқа жеткізу жөніндегі ең басты гуманистік принципі. Ғұламаның түпкі ойы, имандай сыры, міне, осы қағидада жатыр. Басқаша айтқанда, адамдар бақытқа жету жолында өзара көмек, достық, бейбітшілік қатынаста өмір сүруі тиіс. «Адамдар туралы айтсақ, – деп жазады ғұлама, – оларды қосатын, байланыстыратын дәнекер, тұтқа – адамгершілік болып табылады. Сондықтан, адамдар адамзат тегіне жататын болғандықтан, өзара бейбітшілік, татулық сақтауы лазым».

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілікті, ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Ондай идеяларды әл-Фараби сонау ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл-парасаттың жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтты, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын. Сол идеялар оның 140-тан астам трактаттарының арқауы болды.

Заман талабына сай білім беруде студенттерді қандай бағытта оқытып жатырмыз десек, әрине, бұл оқытушының іс-әрекетімен тығыз байланысты. «Не ексең, соны орасың» демекші, нені үйретсең, сол бағыттағы маманды көреміз. Студенттердің қызығуы арқылы танымдық белсенділігін қалыптастыруға болады. Осы кезде ұлы Абайдың мына бір сөздері еріксіз еске түседі. «Ғылым, білімді әуел бастан өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен, яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі ізденгендей болғанша... Шынында да, бала күнінде зорлықпен, алдаумен ғылымға үйір еткен соң, бара келе әр нәрсе адамзаттың қызығушылығын оятатындай іс-әрекет туғыза білуі қажет. Қашан бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, қызығушылықпен кірісе білсе, сонда ғана оның аты адам болады. Сонда ғана дүниені танитындығы рас» [5].

Әл-Фараби тәрбие процесінде «қатты әдіс» пен «жұмсақ әдіс» ұштастыруды талап етеді. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды. Қазіргі тәрбие процесі тұрғысынан қарағанда,

«қатты әдіс» деп отырғаны жазалау да, «жұмсақ әдіс» деп отырғаны мадақтау болса керек. Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін қолдану жолдарын дәлелдеп кеткен дана ғалым. «Ғылымдар тізбегі», «Ғылымдардың шығуы» атты еңбектерінде ол ғылымдарды үйрену, үйрету реттерін белгілейді.

Әл-Фарабидің пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Әл-Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғышарты етіп алды. «Тәрбиені неден бастау керек», «Философияны үйрету үшін алдын ала не білу керек» еңбектерінде ғылымды, оқу-ағартуды меңгеру, білім, тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны меңгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Осы негізде ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтады. «Ғылымдар тізбесі», «Ғылымдардың шығуы» еңбектерінде ғылымдарды үйрену реттерін белгілейді және тәрбиенің оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымын, үлгісін, болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім етіп қалдырды.

Сонымен, әл-Фараби туындыларының оның ішінде білім, тәрбие және еңбек тәрбиесі, адамгершілік, игілік туралы тағылымдарының маңызы әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Қайта оны тағылымдарының мазмұны қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында қайта түлеп, заман талабына сай жаңа көрініс алуда. Ол жаңа теориялық мазмұн алары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Машанов А. Әл Фараби. – Алматы, 1970. - 116.
2. Григорян С.Н. Великий мыслители Средней Азии. – Москва, 1958, с 12.
3. Әл-Фараби. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары». Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. - 318 б.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1986.

Резюме

Автор в статье показывает воспитательную роль наследия великого просветителя аль-Фараби.

Summary

The author of the article shows the role of educational heritage of the great educator of the al-Farabi.

Ж.Молдабеков –
философия ғылымдарының докторы,
аль-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң профессоры

ОЙ САЗЫ – КӨҢІЛ НАЗЫ

*Көз майын тауыстым деп күйінбестен,
Көңілмен оқып тоқтамды түйіндесең,
Қымбатты оқырман, ұлыққа ұйысаң,
Жетені жетілдіре сүйінбес пе ең?!*

Аталы сөз – естелік,
Айдарласаң ескеріп.

Адал ниет, бас иетін,
Құт әкелер қасиетің.

Байлығың – өнеріңде,
Білгеннің төлемінде.

Сөзін білген кісінің,
Сенімін ұқ ісінің.

Ойсыз пенде тозады,
Ояу көңіл озады.

Байлауы берік ұстаным –
Рух түзетер тұстарым.

Ақылды болсаң – құстайсың,
Ақымақ болсаң ұшпайсың.

Жамандама еліңді, шығар төрің,
Ластама жеріңді, кірер көрің.

Кісілікті көрген,
Кішілікке көнген.

Ел үмітін ақтаған,
Жігітті жұрт мақтаған.

Еңбек етсең терлеп, –
Көз – қырақ, ақыл – сергек.

Елдігін биік ұстаған,
Ерлікке еркін тұстаған.

Үмітті өнерге құштар,
Үлгілі әдебін ұштар.

Ибалыдан үйрен,
Имансыздан жирен.

Салтын сақтаған,
Қалпын сақтайды.

Тұғырың да, қыдырың да –
Туған жер.

Рухыңды үрлеп сөзіңді айт,
Мінез түрлеп, әдебің бақ.

Татулықтан айырылса азаматың,



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Ұсақ-түйекке көмілер парасатың.

Шындық тарат, сүйеніп тіл мен
жаққа,

Жалғандыққа ұрынбай өзің сақта.

Білмей қызынба,

Нілдей бұзылма.

Оқығанын қорытқан,

Озып келер жорықтан.

Ел түлетсе, ардақта.

Есте тұт, әр уақытта.

Кісіге тигіз қолғабыс,

Қасиеттіден тиер алғыс.

Бағытыңды дұрыс ұқ,

Діттегенді меже тұт.

Достық- көз бен құлағың,

Жүректе аққан бұлағың.

Өнегелі сөз тозбас,

Бітімге бірлік оңдас.

Саулықта – тәнің таза,

Тектікте – ұрпақ таза.

Ой қуатын құрақтаған,

Бой күшіне тұрақтаған.

Бос сөздің көп азабы,

Зар илетер мазағы.

Қанатты сөзге ұйыған,

Сауығып дерттен тыйылған.

Ұлағатты ұрпақ

Тұғырда тұрмақ.

Әділетпен жүрген,

Әдеп ісін терген.

Туған-тума аясы –

Жанашырлық саясы.

Ынсап-ұят баққан,

Қадір-қасиет тапқан.

Ел дейтін – жамағат,

Қазаққа қағанат.

Ұққанын өргендер,

Қия бетке өрмелер.

Елдікті биік ұстаған,

Зейін-зерде ұштаған.

Білімге салсаң тілекті,

Тазартар ол жүректі.

Елімен есейген еңселі,

Өрнектер өзін көш елі.

Ұйып тыңда – ел сөзін,

Ашылар – ойлы көзің.

Ел азғыны қағыстырар,

Естілері табыстырар.

Тірілт өзіңді, тарихты,

Елдікке жетер қалыпты.

Елдікке намыс жеккен кезек күтпес,

Ұлтжанды түзелер, мақсаты түптес.

Батыс: ойлаған іске батыл кіріс, –
дейді,

Шығыс: өзіңді ұстау – үлкен бір іс, –
дейді.

Сабырлықты сақтау,

Сенімділікті баптау.

Татулықпен біріккен,

Туыстықты тірілткен.

Сенім, бірлік, үміт – құт,

Өзіңе жол, киелік тұт.

Адамдық – ардың көзі,

Ақиқат – нардың сөзі.

Қадір тұтқан намысты,

Жұмылдырар шабысты.

Ізгілікті өз бойында түзеткен,

Инабаттың босағасын күзеткен.

Өзіне сүйіспеншіл,

Өрескелге міншіл.

Жел сөзге жерік,

Құйынға кетті еріп.

Адал болса бас ниет,

Құт әкелер қасиет.

Ибалы сауап құрар,

Иланған иманда тұрар.

Жалған айтып суыспа,

Жылыстарға жуыспа.

Дәм айдаса – қалмағын,

Дәстүр көзің жалғағын.

Жалықпағын жастығым,

Тер төксең шығар астығың.

Ел түлетсе – мадақта,

Тіреніш тұт әр уақытта.

Арманшыл – өсер елдің баласы,

Асқағы – сабақтастық арасы.

Тәрбиелесең жаныңды жастайыңнан,

Тамсаныс өнерлінің бастауынан.

Қастық қылған оңбас,

Өңінде таппас жолдас.

Қызбалықта таласқан,

Жөнді білмей адасқан.

Соқыр көңіл – ұрыншақ,

Жаман әдет- сұғанақ.

Өктемді іштардан без,

Өңделер ділмарды сез.

Астамшылықтан асқынған,

Тұншығар ілік тасқыннан.

Жаман әдет –

Өзіңе жендет.

Сертіне бұралқы,

Соғылар жалқы.

Аңдамай басқан аяғын,

Аямай соғар таяғын.

Құлқынға құлай берілген,

Түршігер іске жегілген.

Ұмтылмасаң қамданып,

Құл боларсың жалданып.

Кемшілік кімде жоқ,

Асқынса, өзіңе оқ.

Қаһарланып дүріккен,

Жылу таппас бүліктен.

Бірлік – күш-жігер түптер,

Түзеліп міндет жүктер.

Асқақ рух көсегені көгертер,

Албыртқа баба үнін іргелетер.

Әр нәрсені шалғаның,

Осалдықта қалғаның.

Жан-жағын баптап таранған,

Сақтанар ұсақ құрамнан.

Қалимаға келтірмек тіл,



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Тәубалық жолды біл.

Бос қолға бата жүрмес,
Бос жүрген келер күндес.

Қабілетсіз – басқа қатер,
Білімсіздік – елге қатер.

Ойнайсың – мін көтерсе,
Сыйлайсың – сын өтесе.

Жемқорың құзғындықты дарытар,
Жырындап ықыласты тарылтар.

Менмен қаратар,
Сұғын таратар.

Елу ғой елдің құлағы,
Діттеп нысана қуады.

Өтірікті ширатқан,
Ар-ұятты құрғатқан.

Ар-намыс – ықылас заты,
Ұрпаққа – әділ, ашық хаты.

Жаман әдетін тия ма,
Жақсы жолдасын қия ма?

Қыңыр ырыққа көнбес,
Құлық еңіспен жеңдес.


Көлденең көсілме,
Қисайып есірме.

Ес жимай егескен,
Кезігер кесірге.

Өзгелерді жамандау,
Жеңілдікті амалдау.
Іскерлікке талпыну,
Кәделікке жақындау.

Тазалық сән үшін,
Көзтартар тән үшін,
Тұрақты мән үшін,
Көркейер жан үшін.

Ақыл мен әдеп күшті,
Ардың сөгісі күшті.
Бойға қасиет ұялатпақ,
Азапта күйің күшті.



МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Нәрібаев К.Н. Бауыржан Момышұлының ұлттық тұлғасы.....	6
Ғаббасов С. Халық педагогикасының алуан түрлі тағылымдарымен ұштасып, уақыт тезімен шындалған дәстүр-салттардың тәрбиелік мәні.....	11
Бөлеев Қ. Қазақ мектептерінің оқушыларына ұлттық тәрбие берудің теориялық негіздері....	17
Қалиұлы С. Этностық жүйедегі ұлттық менталитетті қалыптастырудағы кемшіліктерді жоюдың жолдары.....	22
Керімов Л.К. Қазіргі ұлттық тәрбиенің ұстанар бағдары.....	26
Мұханғалиев Е. Тәлім-тәрбиені жаңғырту.....	34
Әуелгазина Т.Қ. Отбасы – ұлттық тәрбие өзегі.....	44
Қоңырбаева С.С. Отбасы тәрбиесі және оның қызметінің ұлттық мазмұнда, құндылықтар негізінде құрылуы.....	50
Дәдебаев Ж. Қазақ сөз өнерінің ілкі өрнектері және олардың тағылымдық мәні.....	58
Сейсенбаева Ж.А. Б.Мұқай және қазақ әдебиеті.....	66
Түрікпен-Ұлы Ж. Академик Төлеген Тәжібаев мәңгі есімде (естелік).....	68
Байбатыров С. Еңбек. Бәрін де жеңбек!.....	76
Шортан Ә.Т. Жас буын – болашақ елдің иесі.....	78
Абдуллина Ғ.К. Студенттерді тәрбиелеудегі инновациялық үрдіс.....	81
Жиенбаева С.Н. Мектеп жасына дейінгі балаларды этнопедагогика материалдар негізінде тәрбие берудің мүмкіндіктері.....	84
Омаров Қ.М. Қазақтың ұлттық ойындары – тәрбие тұғыры.....	90
Орынтаев Ж.Қ. Қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша жер дауын шешудің ерекшеліктері.....	94
Бакаев Р.С. Көркем сурет факультеті студенттерін ұлттық тұрғыда тәрбиелеудің маңызы....	97
Кенжеғараев Н. Жаһандану үдерісі және қазақ ұлты (профессор Мекемтас Мырзахметұлының «қазақ қалай орыстандырылды» еңбегі хақында)	101
Бекенова Б. Жастардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда халық дәстүрінің орны...106	
Валиханов Ш.А. Өнегелі өмір.....	109
Долженко Г.П. Героико-патриотическое воспитание средствами краеведческой работы.....	114
Мейірбекова Г.Б. Қазақстандағы ауызша соттық шешендік өнердің дамуы.....	119
Олжабаева Ү.Қ. Балаға ұлттық тәрбие беру бәрімізге ортақ қасиет.....	122
Шангереева Ш.Т. Қазіргі ұлттық тәрбиенің көрінісі.....	123
Нурелова Д.Д., Токбасынова К.Р. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің маңызы.....	127
Ахимбекова Л.С. Әл-фараби трактаттарындағы білім және тәрбие мәселелері.....	131
Молдабеков Ж. Ой сазы – көңіл назы.....	134



Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифтін өлшемі №12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті-2 см, асты-2 см, сол жағы-3 см, оң жағы-1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми-лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында екі тілде түйін беріледі (егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда түйін орыс және ағылшын тілдерінде, егер мақала орыс тілінде болса, онда түйін қазақ және ағылшын тілдерінде жазылады т.с.с.). Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Көшіріп басқан жағдайда, сілтеме жасау міндетті.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль-12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее- 2см, нижнее-2 см, слева-3 см, справа-1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на двух языках (если статья написана на казахском языке, то резюме должно быть написано на русском и английском, а если статья написана на русском языке, то резюме следует писать на казахском и английском). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанным требованиям, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы ҚазҰПУ
ИИН KZ178560000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН: 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о поставке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции. Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24-39 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің өндірістік-жарнама бөлімінің баспасы
Типография производственно-рекламного отдела КазНПУ имени Абая

Тікелей репродукциялық әдіспен басылады
Печатается методом прямого репродуцирования

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Сейсенбаева Жанар
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Сеитова Жанат
Беттеген/Верстка – Бердиева Айгуль Мурзабекқызы*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй, Жаңартпа технологиялар және
білім беру мазмұнын ҒЗИ, каб. 24-39.

Тел/факс: 8(727) 291-88-83, электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 27.06.2011ж.

Пішімі 60x84. Борлы қағаз. Басылым – офсет. Көлемі 15 б.т. 500 Дана. Тапсырыс №203